

ИСЛАМ ЖЕМЕНЕЙ

ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫ



Алматы – SDU
2014

УДК 195291
ББК 83.3 Қаз
Ж 19

Пікір жазғандар:
Ә. ДЕРБІСӘЛІ, ф.ғ.д., профессор;
М. МЫРЗАХМЕТ, ф.ғ.д., профессор

ЖЕМЕНЕЙ И.

Ж 19 **Түрік халықтарының әдебиет тарихы.** – Алматы: «Таңбалы» баспасы, 2014. – 128 бет.

ISBN 321-978-454-2

Қолдарыңыздағы еңбек, белгілі ғалым, профессор Ислам Жеменейдің сан жылдық ғылыми ізденісінің жемісі. Оқулықтар «Афрасиаб тарих қойнауынан сыр шертеді», «Түркінің Ежелгі дәуір әдебиеті маңызы мен зерттелуі», «Түркінің руна жазбалары», «Түркінің жаңа өрлеу кезеңіне кіріспе», «Жүсіп Баласағұн», «Қожа Аһмет Йәсауи», «Маһмұт Кашғари», «Атаи», «Лүтфи», «Сәкаки», «Жүніс Әмре», «Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр», «Әлішер Науаи», «Мырза Мұхаммед Хайдар Дулат» сынды тақырыптар арнайы зерделенген. Түрік халықтарының ежелгі әрі ортағасырдағы исламдық әдебиетінің әлем әдебиетіндегі орны айқындалған.

Кітап филологтар мен әдебиет тарихын зерттеушілерге, жас ізденушілер мен білімгерлерге, жалпы гуманитарлық сала мамандары мен көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК 195291
ББК 83.3 Қаз

ISBN 321-978-454-2

© Жеменей И., 2014
© «Таңбалы», 2014

Алғы сөз

Түрік халықтары әдебиеті тарихын оқу құралы ретінде дайындап бүгінгі оқытушы мен оқушыға ұсыну қажеттілігін ескере отырып, бұл еңбекті еліміздің тәуелсіздігі берген мүмкіндіктерге арқа сүйеп жаңаша тарихи деректер негізінде дайындалуына басты назар салдық. Дегенмен бұл алғашқы тәжірибе толықтай біздің де, сіздің де көздеген мақсаттарымызға қол жеткізе алмауы да мүмкін. Бірақ та жалпы оқырманды түркілік тарихи-мәдени және рухани тұтастығымен жақынырақ таныстыра алады. Сондай-ақ түрік халықтары әдебиеті тарихын екі дәуірге бөліп қарастырдық: біріншісі – ежелгі дәуір әдебиеті, екіншісі – ортағасырлық дәуір әдебиеті. Әдебиет тарихын екі дәуірге бөлгеніміз әр дәуірдегі әдеби шығармалардың тақырыптарындағы ұқсастық, үйлесім мен үндестігі негіз болды. Мәселен: Ежелгі дәуір әдебиетінің бастауын Қорқыт ата дастанының сюжетінің пайда болған гасыр мен Афрасиаб жоқтау поэмасының жырланған гасырын шамалап б.з.дейінгі VI–V гасырдан біздің заманғы VIII гасырды қамтиды. Бұл аралықтағы тарихи-мәдени ерекшелікке сай әдеби шығармалардың (ауызша немесе жазбаша) тақырыбы көбінесе: Елдік, Ерлік, Салт-дәстүр мен жоқтау сынды тақырыптарға шектеледі.

Бұл түркілердің өмір сүрген тарихи оқиғаларға сәйкес қажеттіліктен туындаған тақырыптар. Түркінің көшпенді, жауынгерлік дәуірінде аталған тақырыптар олардың болмыс-бітімін, тіршілік табиғатын бейнелейтін тақырыптар екендігін де көрсетеді. Өйткені атаған ежелгі дәуірде Ел болудағы шекара сызығы әр елді басқаратын хан мен қазанның ел сүюдегі түйсігі, парасаты мен батырлығына тікелей байланысты болды. Сондай-ақ Ел мен бірге Ер тұлғасы халық арасында ерекше назарда болған. Себебі халық Ел болып тұрақты бақытқа жету жолын ерлермен сабақтас екендігін тарихи тәжірибелерден сезіп, үйренді. Халықтың түйсігі ақындар шығармаларында көрініс тапты. Салт-дәстүр де Ел болу жолында жазылмаған дегенмен қоғамдағы әрбір азамат оның ережелерін орындауға міндеттелген «Ата заң» қызметін атқарды. Жоқтау – ауыз әдебиетінің маңызды бір тармағы болып халықтың салт-дәстүріне енген жанр болған. Әсіресе Елге тірек болған Ерге жоқтау айту халықтық сипат алып үрдіске айналған-ды. Оған дәлел – Афрасиабға арналған жоқтау жыры. Ол шамалап б.з.дейінгі VI–V ғасырдан біздің заманғы XI–XII ғасырға шейін ел ауызында өмір сүріп, Маһмұт Каиғари, Жүсіп Баласағұнның қаламына ілініп, хатталғаны ғажап құбылыс. Өйткені батырдың ғасырлар өтсе де ел жадында қалуы Ел тағдырына қаншалықты маңызды екендігін де көрсетеді.

Түрік халықтарының ежелгі дәуір әдебиетіндегі жырлар түркітану ғалымдар тарапынан жинақталып, жарияланып келеді. Олар:

- | | |
|----------------------|---------------------|
| 1. Жаратылыс дастаны | 8. Көктүрік дастаны |
| 2. Сақ дастандары | 9. Көкбөрі мәтіні |

- | | |
|-------------------------|----------------------|
| 3. Қорқыт дастаны | 10. Ергенекон мәтіні |
| 4. Алып Ер Тоңға мәтіні | 11. Ұйғыр дастандары |
| 5. Шу мәтіні | 12. Түрейиш дастаны |
| 6. Оғыз Қаған дастаны | 13. Көш дастаны |
| 7. Атилла дастаны | 14. Күлтегін жыры |

Түрік халықтарының ежелгі дәуір әдбиеті сол заманның тарихи ерекшелігінің жаңғырығы болып Елдік, Ерлік, Салт-дәстүр мен Жоқтау сынды тақырыптарға шектелсе, өзінен кейінгі ортағасырлық әдебиеті исламдық қағидасының негізінде жаңа өріске шын мәнінде адамзат өмірінің мәңгілік тақырыбына қадам басқан дәуірі. Онда ежелгі дәуір әдебиетінің тақырыптары жаңа түсінікте жаңа тақырыптармен толысады. Оның бір айқын мысалы: «Жан мен Сана берген Алланың атымен» бастау алған әдебиет.

Біз бұл кітапты жазуда негізінде екі қайнарға сүйендік. Бірі – түпнұсқалық жазба деректер, екіншісі- әйгілі түркітану ғалымдардың зерттеу жұмыстарын пайдаландық. Сонымен қатар көп жылдар жоғары оқу орындарында сабақ кестесі бойынша шәкірттерімізге түркі әдебиетін оқыған дәрістер, жазған мақалалар, ғылыми баяндамаларды жан-жақты сараптап, зерделей отырып, осы еңбекті жаздық. Дейтұрғанмен бұл оқулықты түрік халықтар әдебиетіне кіріспе іспеттес мұқиттан бір тамшы деп білеміз. Әрі тереңдей түсуіне жас буын аянбай еңбек етер деп сенеміз. Бұл еңбекте кемшілік жоқ емес, бар. Соны достық көңіл, ұлттық-мемлекеттік һәм түркілік мүддеге сай кемшілігін айттып жол көрсетіп жатсаңыз риза боламыз. Сондай-ақ артықшылықтарын айтып жатсаңыз шабыттанып әрі Алла бұйырса еңбектеніп, зерттеп,

*зерделеуімізді жалғастыра берерміз. Осылайша сізде
Тәуелсіз Еліміздің тәуелсіз танымына ат салыса ала-
сыз.*

I ТАРАУ

ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНА КІРІСПЕ

Дәуір – адамның қоғам һәм табиғатпен бетпе-бет келіп, белгілі бір заман кестесінде өзіндік ерекшеліктер тудырып, тұтасқан мерзімі. Әр дәуір белгілі заман шеңберіндегі бар шындықтардың картинасы. Әр заманның шындық атаулысы сол заманда дүниеге келген тарихи, саяси, экономикалық, қоғамдық, тұрмыстық және адам болмысындағы психологиялық толқындармен айшықталады. Әр дәуір іштегі өзгерістеріне сәйкес бірнеше кезеңді қамтиды.

Дәуір мен кезеңдер өмір тарихының болмыс-бітімімен белгіленсе, оның түйсігі болып әдебиет дүниеге келеді. Сол себептен әдебиет әрбір дәуір мен кезеңнің жаңғыры іспеттес. Сәбидің інгәлауы ананың бар болғанын жар салғандай әдеби туындылар тарих анасының бар болғанын әлемге хабарлайды. Әрбір әдеби шығарма заман аясында өз дәуірінің, өз кезеңінің айнасы. Сол үшін тарих ақиқатын барлық дәуірде, барлық кезеңдерде әдеби туындылардан іздеуге талпыныс бар.

Әдеби шығарма өз заманының жаңғырығы бола тұра, мазмұны адам болмысына тән күрделі. Сондықтан да әдебиет ешқашан заманға бағынбайды. Әдебиет заманның озаты болғаны үшін заманмен бірге үзеңгілес бола жүре ұдайы алға шығып тұрады. Адам баласын алдыңғы заманда күтеді. Әдеби шығармалардың ең үздігі «Құран». Оның авторы Алла. Адамзат болмысының өткенін, бүгінін, ертеңін илаһи санадан ұшқындап жатқан адами санасымен ұғына алатын мол мүмкіндікке ие. Сол үшін адамзат тіршілігі «Құраннан» бұрынғы және «Құраннан» кейінгі дәуірлерді қамтиды. Ал, «Құран» барлық дәуірді қамтитын туынды.

Құлашын кеңге жайған қос өзен Амудария мен Сырдария

атырабы Каспий теңізінен Алтайға дейінгі аралықта Тұран елі тағдыр қосқан қоңсы Иран елімен бірде тату, бірде қату болса да онымен бірге әлем өркениетіне елеулі үлес қосқанына ешкім күмән тудыра қоймайды. Екі елдің тарихи- мәдени қатынастары өлкеге ислам діні тарағанға дейін де жоғары қарқынмен жүріп жатқан-ды. Оған Тұран елі және Тұран патшасы туралы ежелгі «Эвеста» хәм біздің дәуіріміздің Х ғасырында дүниеге келген Әбілқасым Фирдаусидің «Шаһнамесінде» кеңінен сөз болғаны айқын айғақ бола алады. Ал ислам діні иран мен тұран жеріне кеңінен тараған соң дін олардың әр қайсысына халықтарының ынтымақ пен бірлігін қамтамасыз ете алатын негізгі факторға айналды. Сол себепті қазіргі уақытта Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттері Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан және Тәжікстан, Татарстан, Башқұртстан, Кавказдағы құмық, қарашай сынды ұлт-ұлыстар мен бүгінгі Қытайдың Шыңжаң (Шығыс Түркістан), Түркия мен Кипр (Түрік Республикасы) елдері, т. б. түрік халықтарының басым бөлігі мұсылман дінінің сүнни мәзһабы, имам Ханифа фикһын ұстанып келе жатқандығы кездейсоқтық емес. Себебі- түрік халықтарының ғасырлар бойы Ислам дінінің рухани маңызын біліп, саяси бірлігіне, ұлттық болмысына керек екенін сезіп, өз елдерінде діни бірлікті орнықтыруға ұшан-теңіз күш жұмсап Ислам дінін рухани тірекке айналдырды. Яғни, соның нәтижесінде түрік халықтары Ислам жолын жалғастыруды күнделікті тіршілігіне, саяси-қоғамдық өміріне енгізіп, ұрпақтан ұрпаққа табыс етуді дәстүр етіп ұстанды.

Саяси билік дінді идеологияның бір мықты тармағы ретінде қоғам өміріне аса зор рөлі бар екенін жақсы біледі. Сол үшін түркі әдебиетінің ежелгі дәуір шығармалары Ислам діні енген соң жаңаша діни қағидаға сәйкес өңделіп, жырланды. Соның бірі-Қорқыт дастаны. Сол үшін сюжетінің шығу заманына қарап *«Қорқыт ата» дастанын түркі әдебиетінің бастау қайнары* деуге айқын негіз бар.

Біріншіден – дастан: Мейірімді және Қайырымды

Алланың атымен,-деп басталғаннан кейін «*نيربم غيپ دمحم*» «*شيب ريبن لبيي*» «*اتأ دوقروق ادنويوب تاياب نيخاي انيناماز*» (Мұхаммед пайғамбар заманына жақын Баят бойында Қорқыт ата делінген бір кісі бар еді), – деп жалғастырады. Дәл осы сөйлем дастан Ислам дінінен бұрынғы заманға тән екендігін байқатады.

Екіншіден – 1815 жылы Берлин кітапханасының қолжазба нұсқасы бойынша тұңғыш рет Ч.Ф.Фун Денис дастанның «төбе көз» тарауын неміс тіліне аударып, оны Гомердің Одисе эпосымен салыстыра отырып талдау жасады. Денис өз қорытындысында: «Гомер Одисе эпосындағы бір көзді дию дастанын жырлауда Қорқыт ата дастанынан көшірген, ең болмаса Қорқыт ата дастанының мазмұнынан хабардар болған. Өйткені төбе көз басқа диюларға хәм Гомердің диюына барлық жағынан ұқсас бірақ оғыз диюы гректен алынбаған бәлкім грек диюы көшірме», – дейді. Неміс ғалымының пайымдауы Қорқыт ата туындысының жырлану тарихы б.з.д. VII ғасырды төңіректейді. Себебі Гомер сол ғасырларда өмір сүрген. Сондай-ақ, дастанның сюжетіне қарап кітап түркінің ежелгі дәуірінің дүниетанымы, салт-дәстүрінен сыр шертетінін байқауға болады. Сондықтан болар Юнеско 1998 жылы ресми түрде Қорқыт ата дастанының шығуына 2000 жыл болғанын атап өтті. Алайда Қорқыт ата дастанының жырлану тарихы әлі де болса зерттеліп, зерделенуге тиіс.

Екінші қатарда б.з.д. VI–V ғасырдағы Афрасиаб (Алып Ер Тоңа) жоқтау жыры тұр. Бұл орайда өкініштісі біріншіден – Афрасиаб жоқтауы туралы ғалымдардың көзқарасы біраз қайшылықтарға жол ашып отыр. Бұл жайтпен кітапты оқу барысында түркітану ғалымдардың түркі әдебиеті тарихының ежелгі дәуіріне қатысты көзқарастары бөлімінде тереңірек танысуға болады. Қорқыт ата дастаны мен Афрасиаб жоқтауын әдебиетіміздің бастаулары деп есепке алсақ ағаттық болмас.

Исламияттан бұрынғы түрік дастандарының жалпы атауы төмендегідей:

- | | |
|--------------------------------|-----------------------------|
| 1. Жаратылыс дастаны | 8. Көктүрік дастаны |
| 2. Сақ дастандары | 9. <i>Көкбөрі мәтіні</i> |
| 3. <i>Қорқыт дастаны</i> | 10. <i>Ергенекон мәтіні</i> |
| 4. <i>Алып Ер Тоңға мәтіні</i> | 11. Ұйғыр дастандары |
| 5. <i>Шу мәтіні</i> | 12. <i>Түрейіш дастаны</i> |
| 6. Оғыз Қаған дастаны | 13. <i>Көш дастаны</i> |
| 7. Атилла дастаны | 14. <i>Күлтегін жыры</i> |

Жоғарыда аталған дастандар пайда болған өз заманынан кейінгі ғасырларда ауыздан ауызға өтіп, хатқа түскен. Мәселен: Ергенекон тулары XIV ғасыр басында Рашидеддин Фәзлolla Һәмадани «Жамеһ-ат-Тауарих» кітабында былай деп: «Беделді адамдардан сенімді әңгімелер бар: өзге қауымдар моғол қауымдарын жеңіп, оларды соншалықты қырғынға ұшыратқандықтан екі ер мен екі әйелден артық қалмаған. Ол екі шаңырақ жаудан қорыққан үшін қашып, бір жайсыз мекенге барған, оның төңірегі таулар мен тоғайлар болған, барлық жағынан тек бір тар жол, тайғақ кешуі болған, одан қиындық пен тауқымет тартып әрең өтуге болатын. Ол таулардың арасында жасыл, шүйгінді бір жазық бартұғын. Ол мекеннің аты Ергенекон болған. Қонның мағынасы таудың белі, қырқасы болса Ергене құзары деген, яғни таудың асу бермес қырқасы», – деген.

Түрік халықтарының б.з.д. бұрынғы ғасырлардан VIII ғасырға дейінгі ежелгі дәуірден бірсыпыра ауыз әдебиеті үлгілері аңыз-әпсана дастандары ретінде біздің заманымызға жеткен.

Түйіндеп айтқанда: Ежелгі түркілердің арғы ата-тегі саналатын сақтардың батырлық жырлары арасындағы мазмұн, түр, стиль бірлігі көркемдік дәстүр жалғастығы тұрғысынан ғылыми негізде дәлелденді. Сол себепті б.з.д. дәуірлерде шығарылған «Алып Ер Тоңға», «Шу» батыр, «Атилла», «Көк бөрі» және «Ергенекон» дастандары бүгінгі қазақ әдебиетінің қайнар-бастаулары болып табылады. Сондай-ақ аталған қаһармандық дастандар өзінен кейінгі тарихи кезеңдердегі – Түркі қағандығы тұсындағы сегізінші ғасырдың әдеби жәдігері Күлтегін жырларына үлгі болды. Сондықтан

Түрік қағандығы тұсындағы жазба әдебиет өзінен бұрынғы сақтар мен ғұндардың ауыз әдебиеті үлгілерімен генезистік, типологиялық, дәстүрлік үндестікте дамыды.

Түркінің Ежелгі дәуір әдебиеті: маңызы мен зерттелуі (*түркітану ғалымдардың пікірі бойынша*)

Қыраубаева А.: Түркінің Ежелгі дәуір әдебиеті түркі халықтарына ортақ мұра екендігі қазіргі таңда баршаға мәлім. «... ерте дәуірге жататын кейбір жазба деректер мен көне ескерткіштер, әдеби еңбектер қазіргі Орта Азия мен Қазақстан елдеріне ортақ мұра болып танылады. Орта Азия мен Қазақстан халықтары бұл сияқты көне мұра деректерін бірдей меншіктеніп меңгеруге тең праволы.» Тәуелсіздік таңы атып әдебиет тарихымызды кеңінен, тереңірек зерттеуге мүмкіндік алған осы шақта бар күшімізді салып еңбек етпесек тарихымызға да халқымызға да опасыздық жасаған боламыз. Кеңестік дәуір кезінде талай зиялыларымыз айдалып, азап шеккендеріне қарамастан тарихымызды, әдебиет тарихымызды тереңге апруға тырысты. «Кешегі кеңестік идеология бұл халықтардың түбі бір түріктер екендігін ұмыттыруға тырысты. Олардың тамырын тереңге жайған түбегейлі мәдениеті бар елдер екенін жадынан шығарып жіберу жолында әртүрлі айла-амалдарға барды. Көне мәдениетімізді зерттеуге тыйым салды. «Таптық идея жоқ» деген сылтаумен бұрынғыны оқытпай, тек кеңесті мадақтаған дүниелерді жаттатумен болды. Көне әдебиетіміздің жалпыхалықтық, адамзаттық құндылықтарды көтеретін өлмес мұраларын жоққа шығарды. Оны көтерген ғалымдардың өзін де жоқ қылды. Осындай қарсылыққа қарамастан, қазақ зиялылары ұлттық мұраларды жаңғырту мұратын бір сәтте ұмытпады, тек қолайлы сәттерін іздеумен болды».

Тәжібаев Ә.: Аталарымызды тереңінен танысақ тұғырымыз да мықты болмақ. Атасын танымайтын халықтың аяғына нық басып тұруы мүмкін емес. «Қазақ халқы- дүниенің төрт бұрышын мекендеген адамзат баласының ең озық

өркениетке жеткен ұрпақтарымен терезесі тең, телегейдей тарихы бар, тебіренер мәдениеті бар ел. Қазақ мәдениетінің тарихы біздің жыл санауымыздың арғы жағынан бастау алады. Қазақтың ілкі ата-бабалары- түркітер, ғұндар, сақтар.»

Бердібай Р.: Ежелгі дәуір әдебиеті қадым түркі халықтарына ортақ дей отырып біз өзіміздің зерттеуімізде Түркиядағы әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеулеріне үңіліп бізде білінбей жатқан деректер болса зерделеп, зерттеуге тырыстық. Мұхаң көзін жұмғанша еліміздің әдебиет ғылымын іргелендіруге аз еңбек сіңірген жоқ. Ол өзі өсірген жас ғалымдармен бірлесе отырып, қазақ әдебиетінің көне замандармен туысатын терең тамырларын табуға тырысты. Біз енді сонау орхон жазуларымен жеткен эпикалық сарындардан бүгінгі лебізімізді танитын болдық. Біз бүгін бүкіл түркі тілдес туысқан елдердің ортақ қазынасынан өз үлесімізді алып, оны ғылыми және тарихи тұрғыдан дәлелдейтін дәрежеге жеттік. «Түрік халықтарының әдебиетіндегі ортақ сарындарды білу, зерттеу, насихаттау түрлі озбыр күштердің зорлығы нәтижесінде бір бірімен байланысы үзіліп қалған, түбі бір туыс елдердің мәдени, рухани дәстүрінің қайта жандануына септеседі. Мұндай игі ұмтылыстар түрік халықтары мәдениетінің, әдебиетінің, фольклорының тарихын жасауға берік негіз қалайды».

Түрік әдебиетін (Түркия) М.Ф. Көпрілі үш дәуірге бөледі:

1. Исламға дейінгі түрік әдебиеті
2. Исламнан кейінгі түрік әдебиеті
3. Батыстың әсерімен дамыған түрік әдебиеті.

Ali Öztürk: Түрік атауы жайындағы пікір: Түрік атауы б.з.д. 12 ғасырдан бері бір ғана халықтың атауы ретінде қолданылып келеді. Алғашында қытайша деректерде «Тик» деп айтылған түрік атауы кейін «Тарғыта», «Юрка», «Тиркае» сияқты атаулармен тарих сахнасынан өз орнын алған. Тауратта да Нұқ пайғамбардың немерелерінен бірінің аты да Түрік деп аталған. Түрік көп ел кезгеннен соң «Қасиетті көл» деп аталатын Ыстық көлдің етегіне барып өз отауын тігеді.

Nihal Atsız: Түркі халқының даму, көбею тарихы қалай

болған? Түркі халқы тарих басталғаннан бері өмір сүріп келе жатқан халық. Түркі халқы әрі көбейген әрі өте кең географиялық кеңістікке шашыраған. Түркілерді тар қалыпқа салып, таяз ойлау дұрыс емес. Бұл халық тарих сахнасында маңызды міндеттері атқара отырып, өзінің мәдениетін де батынша дамытқан.

Nihat Sami Banarlı: Түрік әдебиеті қай жерде пайда болды? Түрік әдебиетінің алғашқы шығармалары Орта Азия жерінде пайда болған. Бұл әдебиет баста өте бай дастандар әдебиетімен басталады. Бұл дастандардан түркі халқының наным-сенім, ой-сана және қаһармандық оқиғаларын білуге болады.

Abdulkadir İnan: Көне түркі дастандарды зерттеу мүмкін бе? Қазіргі таңда алғашқы дастандарды зерттеу өте қиын. Өйткені олар туралы мағлұматтарды түркі тілдеріндегі деректерден табу мүмкін емес, осы уақытқа дейін оларды шет елдік деректерден немесе қазіргі таңда оқылуы өте қиын деректерден оқып білудеміз.

Sabri Eyigün: Түркі халықтарының көшпенділік ерекшеліктері туралы: Түркі халықтарының көшпенді болып өмір сүруі олардың шығармаларына да әсер еткен. Көшпенді халық әрқашан да жаңалыққа ашық, еш нәрсеге байланып қалмайды. Отырықшы халықтарға қарағанда кеңінен ойлай алады. Осы көшпенділік өмірдің дастандардың қалыптасуындағы маңызы жәйлі Марзеви былай дейді: «Түркілер еркін халық, оларға өз өздері жетеді. Ешкімнің оларға үкім жүргізулеріне жол бермейді».

B. Ögel: Мемлекет туралы түркілік түсінік не? Әлемге әмір жүргізу пікірі Түркі мемлекеттерінің негізін қалайтын негізгі қағида. Ескі түркілердің ойы бойынша әлемдегі адамдардың бәрі түркі мемлекетінің халқы, түркі қағаны болса әлем әмршісі еді. Құқық тарихында осындай мемлекет түсінігіне «Universal мемлекет», осындай пікірге де «Universalismus» дейді. Барлық түркі қауымдарында осы түсініктің бар екендігін әсіресе дастандар арқылы көруге болады.

Зеки Уәлиди Тоған: Түрік тарихының ең ескі кезеңдері туралы рауаяттар тікелей дастан болып жазылған.

Жеменей И.: Ежелгі дәуір әдебиеті туралы әлі де болса кеңінен зерттеулер жасалып, тарихи деректерге жүгіне отырып, көбірек мағлұмат жиналуы керек деп ойлаймын. «Өйткені, тарих әдебиетті тудырады. Ал, әдебиет болса тарихтың рухы іспеттес. Сол себепті тарих арқылы халықтар өздерінің түп- тамырын тануға мүмкіндік алады. Ал әдебиет арқылы өзінің тарихи рухына көз жүгірте алады. Сондықтан да тарих пен әдебиетті бір бірінен бөле жара қарастыруға болмайды».

Melek Erdem: Әлемде түгел дерлік халықтардың дүние мен адамның жаратылысы туралы дастандары бар. Осы дастандардың ұлттық дастан болып қалыптасуы да осы өзгешелікте. Көптеген халықтардың жаратылыс дастандарында бірнеше тәңір болса, түріктердің жаратылыс дастандарында «тек тәңір» түсінігі орын алған. Соғыстар әрдайым ұлы мақсаттар үшін жасалып, «күн», «ай» сияқты түсініктер өз орындарын тауып, контекстте «сәуле» мотивы өте маңызды болып табылады. Түріктердің дастандары басқа халықтардың дастандарына қарағанда шындыққа жақын.

Ali Öztürk: Түркі мемлекеттері келімді кетімді, ал түрік ұлты мен халық даналығы мәңгілік жасайды.

Түрік әдебиетіндегі дастандар, әсіресе тарихи дәуірлерде өмірге келген дастандарда халықтардың дастандарынан өзгешелеу. Мысал үшін түрік дастандарында жеке бастың қамы жоқ. Негізінен қоғамның қамы бірінші орында тұрады. Жалпы ұлтқа тән емес мотивтерді, көзқарастарды көру мүмкін емес. Алып қаһармандар әрдайым ұлы мұраттарды жүзеге асыру үшін күреседі. Бұл ұлы мұраттар тәуелсіздікті қорғау, ұлттық әдет ғұрыптарды жүзеге асыру, әлемге әмірін жүргізу. Илаһи күштер де түрік дастанында басқаша көрініс тапқан. Жаратушы күш түрік дастанында қаһарманды өрге жетелесе, басқа ұлттардың дастандарында бұл керісінше болған. Олардың тәңірлері тіпті жеке басының қамы үшін қаһарманмен күресіп те жатады. Түрік дастандарында

әйелге деген көзқарас та бөлегірек. Әйелдер түрік дастандарында алыптардың ақылгөй жолдасы сияқты. Әйелдер ішкі қақтығыстарға немесе бөлінушілікке себеп болмайды).

Sadık Tural: Дастандарда экономикалық мәселелерге байланысты пайда болған жағдайлар да болады. Экономикалық жағдай табиғи оқиғалармен тікелей байланысты болған. Су тасқыны, ашаршылық, жер сілкінісі, сусыздық сияқты табиғи апаттар ұлттың біріншіден экономикалық кейін рухани жағдайына әсер етеді де дастанның қалыптасуында негізгі мотив болып шыға келеді. «Көш дастаны» осындай жағдайдан келіп туған дастан. Осы табиғи оқиғалар ұлттың жүрегіне жара салып, уақыт өте келе ұлттық ерекшеліктермен бірге дастанға айналады

Геродот: «Сақтар б.з.б. 653–625 жылдары арасында ең мықты мемлекет еді. Бұл кезде Азияға әмірлерін жүргізіп, Ираннан өтіп Мысырдың қақпаларына дейін барған. Шығыста Қытайға, Батыста Туна жазығына дейін созылып жатқан кең өлкеге қағандықтарын құрған. Сақтар Азияға үкім жүргізіп тұрған кезде басшылары Модова болған».

Mengi M.: Түрік тарихындағы ең ескі дастан алғашқы түркі мемлекеті болып есептелетін сақтар дәуірінен қалған Алып Ер Тоңға және Шу дастандары болып есептеледі. Алып Ер Тоңға Иса пайғамбардан бұрынғы дәуірдегі түрік иран соғыстарында ерлігімен есте қалған қаһарман. Бұл соғыс туралы жазған ирандық атакты ақын Фирдауси Алып Ер Тоңғаны Афрасияб деген атпен атайды.

Öztürk A.: «Геродоттың сақтардың көсемі ретінде көрсеткен Модова Иран деректерінде Афрасиаб ретінде берілген. Б.з.б. 653–625 жылдар аралығында парсы тарихы мен дастандарында жырланған соғыстар Иран–Тұран соғысы деп аталады. Парсы деректерінде Тұран патшасы-Афрасиаб деп аталады. Ал Қашғарлы Маһмұт пен Жүсіп Баласағұн Афрасиабтың Алып Ер Тоңға екендігін айтады».

Келімбетов Н.: «Алып Ер Тоңға – аты аңызға айналған тарихи тұлға, Тұран елінің билеушісі, сақтар әскерінің қолбасшысы, ержүрек батыры. Дастанда оны елдің көреген

көсемі ретінде де бейнелейді».

Togan Zeki Velidi: Біздің заманымызға дейін келіп жеткен тарихи деректер оның «ажун бегі» яғни әлем императоры болғандығын көрсетеді. Алып Ер Тоңға б.з.д. VII ғасырда Түрік–Иран соғысында талай жеңіске жетіп, атағы жер жарған, Сақтар оның арқасында тарихтағы алтын дәуірін кешкен. Иран патшасы Кейхұсрау оны айламен өлтіргеннен кейін Сақтар өздерінің ескі күштерін жоғалта бастаған. Соған қарамастан б.з.д. IV ғасырға дейін өздерінің биліктерін жалғастырғандығы туралы Қытай және Иран деректерінен көруге болады.

Келімбетов Н.: «Бір қызығы-парсы елінің ұлы шайыры Әбілқасым Фирдауси осы Алып Ер Тоңға дастанын толық күйінде оқыған сияқты. Ол өзінің әлемге мәшһүр «Шаһнамасында» Тұран елінің патшасы, әскери қолбасшы, даңқты батыры Алып Ер Тоңға жайында әфсана –аңыздарды, тарихи деректерді, мақтау өлеңдері мен жоқтау жырлығын аса дарынды сөз зергеріне ғана тән шеберлікпен пайдалана білгені көрініп-ақ тұр».

Z. Velidi Togan: Маһмұт Қашғари осы дастанның жоқтау бөлімін атақты «Диуан Лұғат түрік» атты шығармасында жазған. Шу дастаны болса осы дастанның қаһарманы Шудың б.з.б. IV ғасырда өмір сүрген Сақтардың көсемі екендігі туралы ойлар басымырақ. Дастан оғыздар мен түрікмендердің шығу тегін айтқаннан кейін Македониялы Ескендірдің Азияға жорығын және түріктермен соғысуға батылы бармай бір түнде түріктерге қалай жеңіліп қалғандықтары туралы айтылады.

Көктүрік алфавитімен жазылған алғашқы шығармалар VI ғасырда жазылған. Осы жазумен жазылған көптеген тастар күнімізге дейін жеткен. Осы жазулардың ең маңыздысы 731 жылы қайтыс болған Күлтегін мен 734 жылы қайтыс болған Білге Қағанқа арнап жазылған құлпытастар болып табылады. Ал мағынасы жағынан ең маңыздысы болса Білге қағанның түрік халқына айтқан жолдауы.

Түрік дастандарды:

1. Исламиеттен бұрынғы түрік дастандары.
2. Исламиеттен кейінгі түрік дастандары деп екі топқа бөлуге болады.

Nihat Sami Banarlı: Исламиеттен бұрынғы дастандардағы мағлұматтарға қарағанда алғашқы үлкен түрік мемлекеттері ретінде Ғұн, Сақ және Ұйғыр мемлекеттерін көреміз. Бұл мемлекеттер б.з.д. XII ғасырдан бастап б.з IX ғасырдың соңына дейін Орта Азиядағы түріктердің тағдыры мен билігіне ие болды.

Mengi M.: Түрік әдебиетінің Исламиеттен бұрынғы кезеңінің екінші жартысы Ұйғыр кезеңі болып табылады. Бұл кезеңге байланысты мағлұматтар өте көп. Бұл мәтіндердің көбі Қытайша, Санскритше, Тохарша, Согдша және Тибетшеден аударылған діни мәтіндер. VIII ғасырда Мани және Будда діндерінің әсерімен шығармалар дүниеге әкелген ұйғырлардың әдеби шығармаларында будда дінінің әсері молырақ. Ұйғырша шығармалар арасында әдеби шығармалар ретінде діни, молальдық әңгімелер өте көп.

Түрік дастандары Түрік қоғамының өткен кезеңде басынан кешкендерін жырлайды. Бірақ исламиеттен бұрынғы түрік дастандары толық жинақ ретінде біздің заманымызға жетпеген. Бұлардың қысқаша мазмұнын немесе белгілі бір бөлімдерін басқа деректерден табамыз. Мысал үшін парсы және араб деректерін алып қарайтын болсақ Фердаусидың «Шаһнамасында», Жувейнинің «Тарихы жаһангошасында», Решидеддиннің «Жами-эт тауарихында» түрік дастандарына байланысты кейбір мағлұматтарды көруге болады. Сонымен бірге Орхұн жазуларында Алып Ер тоңға дастанының қаһарманы Алып Ер тоңға туралы жазылған.

Н.С. Банарлы: бір халықтың дастан тудыра білуі үшін сол халықтың тарихында мынадай шарттар болуы керек:

- 1 – Халық аңыз тудыратындай ең көне кезеңдерде өмір сүруі керек.
- 2 – Сол халықтың тарихында ұмытылмастай тарихи оқиғалар, үлкен соғыстар, ұлы көштер, басқыншылықтар,

жаулап алулар, жаңа жерді мекен ету сияқты халықтың өмірі мен ой санасынан ғасырлыр бойы шықпайтындай оқиғалар болуы керек.

Исламиеттен бұрынғы түрік дастандары төмендегідей болып бөлінеді:

- | | |
|----------------------------------|------------------------------|
| 1. Жаратылыс дастаны | 5. Көктүрік дастаны |
| 2. Сақ дастандары | 5.1. <i>Көкбөрі мәтіні</i> |
| 2.1. <i>Алып Ер Тоңға мәтіні</i> | 5.1. <i>Ергенекон мәтіні</i> |
| 2.2. <i>Шу мәтіні</i> | 6. Ұйғыр дастандары |
| 3. Оғыз Қаған дастаны | 6.1. <i>Түрейиш дастаны</i> |
| 4. Атилла дастаны | 6.1. <i>Көш дастаны</i> |

Жаратылыс дастаны

Аңыздың қысқаша мағнасы: Әлі еш нәрсе жоқ кезде Қайра ханмен ұшаң теңіз су ғана болатын. Ең ұлы тәңір, адамзаттың алғашқы атасы Тәңір Қайра хан көңілсіз отыр еді. Осы кезде суда бір толқын пайда болды да Ақ ана деген әйел бейнесі «жарат» дейді де жоқ болып кетеді (**G. Umay**).

Осыдан кейін Қайра хан адамды жаратады. Өзінің жаратушысымен бірге ұшып жүрген адам өзгешелік іздейді де алғаш рет Қайра ханнан биігірек ұшуға талпынады. Мұны сезіп қойған жаратушы оның ұшу қабілетін алып қояды. Осылайша суға гүмп ете түскен адам тәңірден көмек сұрайды. Адамды құтқарған тәңір дүниені жаратуды ойлайды. Адамды топырақ алып келу үшін теңіздің түбіне жұмсайды. Адам теңіз түбінен топырақ алып жатып тағы да тәңірдің сөзінен шығып, бір уыс топырақты аузына тығып қояды. Тәңір топыраққа «үлкей» деп әмір бергенде адамның аузындағы топырақ та үлкейе бастайды. Тәңір түкір деп әмір бермегенде адам топыраққа тұншығып қалған болар еді (**Nihat Sami Banarlı**).

Оларды өз беттерімен тастайды, ал Ерлігі болса жер астында қараңғы бір жерде өмір сүруге мәжбүрлейді. Ал өзі болса көктің 17 қабатына шығып, сол жерден өзіне әдемі

мекен жаратады да адамдарды басқару ісін бір періштеге міндеттейді. Ерлігі тәңірдің мекенін көргеннен кейін өзіне де осындай мекен жаратып беруі үшін тәңірге жалбарынады. Тәңір де оған адамдардікінен әдемірек көкте мекен жаратып береді. Ерлігі пен оның арбауындағылардың бұл жерде жасаған жамандықтары Қайра ханды қатты ашуландырады да ол Ерлігінің мекенін жермен бір қылады. Осы жерден қирап шашылғандардан биік биік таулар мен балта шаппас ормандар пайда болады.

M. Necati Sepetçioğlu: Көріп отырғандарыңыздай мұнда тек тәңірге деген сенім, тәңірге табынушылар мен шайтанға табынушылар бар. Осылайша түріктер ескі заманда ақ жақсылық пен жамандықтың қайнар көзін тапқандай. Ұшан теңіз судың бар болуы, жер бетінің жаратылуы, таулар мен ормандардың жаратылуына да өздерінше түсінік берген.

Әлемдегі жаратылыс дастандары бір-біріне ұқсас келеді. Түгел дерлік жаратылыс дастандарына тән кейбір ерекшеліктер бар:

- 1) Ешнәрсе жаратылмаған кезең негізге алынады
- 2) Бос кеңістік бар
- 3) Бос кеңістікте тек қана су бар
- 4) Кейін қара жер көріне бастайды
- 5) Кейін адам және оның маңайындағылар пайда бола бастайды
- 6) Міндетті түрде жамандық пен жақсылық туралы мәселе болады.

Нәтижеде осы дастан арқылы түріктердің маңайындағы барлық нәрсеге көңіл бөлгендіктерін, әлем қалай және неге пайда болды деген сұрақты өздеріне сұрағандықтарын және осы сұрақтарға таңғажайып жауаптар тапқандарын көреміз. Түріктердің сенімдерінің утопиялық емес әуел бастан нық жерде тұрғандығын да осыдан аңғарамыз.

Nihat Sami Banarlı: Тәңір бастапқыда әлемді түзу қылып жаратуды ойласа да адам аузындағы дымқыл топырақты түкіріп жібергенде төмпешіктер мен батпақ жерлер пайда болады.

Қатты ашуланған Қайра хан оны өзінің сәулелі әлемінен қуып жібереді. Шайтан оған Ерліг деп ат қояды. Кейін жерден тоғыз бұтағы бар ағаш шығарады да әр бұтақтың астынан бөлек-бөлек адамдарды жаратып әлемдегі тоғыз түрлі нәсілдің аталарын жаратқан болады. Бұл адамдар жақсы адамдар еді. Ерліг оларды қызғанады да тәңірден оларды маған бер деп сұрайды. Оның бұл өтінішіне Қайра хан разы болмайды, Ерліг адамдарды жамандыққа арбай бастайды. Кейбіреулері Ерлігтің арбауына көнеді, Тәңір болса оларға қатты қатуланады.

Nihat Sami Banarlı: Түрік халқының әлемнің жаратылуы туралы ой-пікірі, түсінігі, жаңалығы, наным-сенімдері туралы Орта Азиядағы түріктер арасында кең тараған жаратылыс туралы ертегілер түрік дастандары арасында маңызды бастау болып табылады.

Kazım Yetis: Радлов тарапынан Алтай түріктері арасынан жиналып алынған бұл дастандар әлемнің жаратылуы туралы түріктердің наным-сенімін білдіреді.

Nihat Sami Banarlı: Алғашқы кезде адамдар әр түрлі табиғи құбылыстардан я қорқатын, я қайран қалатын. Ешбір табиғи құбылыстың себебі білінбеген осы кезеңдерде әрбір құбылыс маңызды еді және міндетті түрде жаратушыны еске түсіретіндей сырлы мағынасы бар еді.

Harun Güngör: Түріктер алғашқы кезден бастап ұлы және абстракттілі Тәңір пікіріне барған болатын. Бастапқы кезде оны көкте деп ойлайтын. Мәңгілік қасиеті бар Түрік тәңірі ұлттық ерекшеліктермен бірге ғаламдық ерекшеліктерімен де дараланады

Жаратылыс дастанында да түркі мифологиясы, түркілердің ой-санасы, наным сенімі туралы маңызды мағлұматтар бар.

Nihat Sami Banarlı: Жаратылыс туралы аңызда тек Тәңірге деген нанымды да көруге болады. Сонымен бірге шаман дінінің наным-сенімдерінің іздерін де көруге болады.

Қорқыт ата дастаны түркі әдебиетінің бастауы

Түркі өркениеті әлем өркениетіне үлес қосқан һәм үлес қосып келе жатқан біртұтас рухани кеңістік. Өйткені қазіргі түрік, қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, татар, башқұрт, ұйғыр тағы басқа тармақтары тұтастай бір тамырдан суындап түрлі арнаға бет алып бара жатқан бір бұлақ. Оған дәлел ғасырлар өтсе де бір-бірінің тілі бір, діні бір, ділі бір халықтар. Әсіресе қазақ халқы әлем елдері арасында территориясы тоғызыншы орынды иеленіп тұрса да Атыраудан Алтайға, Оңтүстіктен солтүстігіне шейін диалектісіз бір-біріне ұғынықты бір тілмен сөйлейді, бір дінді ұстанады. Тіпті Қазақстан республикасынан тыс, шет елдерде тұратын қазақтар да ішкі яки сыртқы демей-ақ бір тілде сөйлеуі де бір дінде болуы да кездейсоқтық оқиға емес, бұл адам баласын ойландыратын ғажайып құбылыс. Сондай-ақ түрік халықтарының ежелгі дастандары да ортақ рухани қазына екендігін әлемнің түркітану ғалымдары дәлелдеп, мойындап қойған.

Ежелгі түркі дастандарын: 1. **Жаратылыс дастаны;** 2. **Сақ дастандары;** 3. *Алып Ер Тоңға мәтіні;* 4. *Шу мәтіні;* 5. **Оғыз Қаған дастаны;** 6. **Атилла дастаны;** 7. **Көктүрік дастан;** 8. *Көкбөрі мәтін;* 9. *Ергенекон мәтін;* 10. **Ұйғыр дастандар;** 12. *Түрейіш дастаны;* 13. *Көш дастаны көп аталады. Бұлардың зерттеліп, зерделенуі түркі ғалымдар тарапынан кешеуілдеп басталды. Дегенмен түріктекес халықтар XX-шы ғасыр аясында өздерінің мәдени-рухани, тарихи-саяси тарихына зерттеуге жақсы бір бағытқа бет бұрды. Қазақ елінде Қорқыт ата дастаны да кешірек зерттеу нысанасына алынды. Бірақта «ештен кеш жақсы»,-деген қазақ даналығы.*

Қорқыт ата дастанының шығу тарихына 2000 жыл толғанына орайластырып Әзірбайжан Республикасы 1999 жылында ЮНЕСКО ұйымының мақұлдап, қолдауының арқасында тойлады. (ЮНЕСКО халықаралық мәдени ұйым ретінде өзіне мүше болған елдердің ірі әрі маңызды тари-

хи оқиғалар мен асқан ойшыл дарын тұлғаларын әлем жұртшылығына танытып, дәріптеу үшін 1956 жылынан бастап оларды мүдделі елдердің дәйекті ұсынысы бойынша мақұлдап, халықаралық дәрежеде тойлануын қолдайды.) Түркі халқының рухани қазынасына иелік етіп Әзірбайжан бауырларымыз тойлаған. Өйткені Қорқыт ата қазақ халқы мен басқада түрік халықтар арасында ортақ қазына екендігін қазақтың түркітанушы кемеңгер ғалымы Әуелбек Қоңыратбаев терең зерттеулерінің қортындысы ретінде: «Қорқыт жырлары Орта Азия, Кавказ, Қазақстан тайпаларына ортақ. Сол елдердің қай-қайсысы болса да бұл жырларды өз эпосының арғы тегі деп атауға құқылы», - деп жазып, түрік халықтарының тармырлас ел екендігін меңзеген.

«Қорқыт» барлық түркі халықтарының ортақ тұлғасы болғандықтан әзірбайжан халқы «Dədə Qorqud» десе, Түркияда «Dede Korkut», түрікмендер мен қазақтар «Gorkut-ata», «Қорқыт ата», – деп атайды. Қорқыттың атауы қолжазба нұсқасында «Gorkut-ata», – деп жазылған. Сол себепті «ата» сөзі Қорқыт дастаны Орта Азия түркілерінің арасынан анау Кавказ түркілеріне жеткенде «Дәдә» атауына ие болған. Демек Қорқыт абыздың «ата» деген атауы түркілерге дастанның да ортақ екенін анықтап берген. Өйткені Қазақ жерінде бүгінгі уақытқа дейін «ата» лақабы мәдениеті мен әдебиетінде аталып келеді. Мәселен Қазығұттағы Исмайыл ата, Маңғыстаудағы Шопан ата, Бекет ата, Сыр бойындағы Қорқыт атамен тұтасып түркілердің түпкі төл мәдениетінің бір екенін бейнелеп тұр.

Ал, шын мәнінде Қорқыт ата дастанының шығуына 2000 жылдан да аса уақыт болғанына біз сенеміз. Қорқыт дастаны ауызша түрі б.з. дейінгі ғасырларда жырланса да ғалымдардың пайымдауынша XIV–XV жаңаша өңдеумен дүниеге келіп, XVI ғасырда хатқа түскен. Бірақ түркінің ежелгі дәуір тарихының сюжеті шығарманың мазмұнынан анық көрініс тапқан. Сондықтан туындыда түркінің Ислам дінінен бұрынғы ежелгі дәуір сюжеті мен ортағасырлық Ислам дәуірінің тақырыптары бір-бірімен ұштасқан. Сол

себептен Қорқыт ата дастанын түркі әдебиетінің бастау қайнарларының бірі деуге айқын негіздер бар.

Біріншіден – дастан: Мейірімді және Қайырымды Алланың атымен, – деп басталғаннан кейін ««نيربمغ يې دمحم»» «شېك ريې نلېيىء اتا دوقروق ادنويوب تاياب نيخاي انيناماز ىدي راو» (Мұххед пайғамбар заманына жақын Баят бойында Қорқыт ата делінген бір кісі бар еді), – деп жалғастырады. Дәл осы сөйлем Қорқыт ата дастаны Ислам дінінен бұрынырақ жырланғанын анықтап беріп отыр.

Екіншіден – 1815 жылы Берлин кітапханасының қолжазба нұсқасы бойынша тұңғыш рет Ч.Ф. Фун Денис дастанның «төбе көз» тарауын неміс тіліне аударып, оны Гомердің Одиссе эпосымен салыстыра отырып талдау жасады. Денис өз қортындысында: «Гомер Одиссе эпосындағы бір көзді дию дастанын жырлауда Қорқыт ата дастанынан көшірген, ең болмаса Қорқыт ата дастанының мазмұнынан хабардар болған. Өйткені төбе көз басқа диюларға хәм Гомердің диюсына барлық жағынан ұқсас бірақ оғыз диюсы гректен алынбаған бәлкім грек диюсы көшірме», – деп айтқан. Неміс ғалымының пайымдауы Қорқыт ата туындысының жырлану тарихы б.з.д. VII ғасырды төңіректтейді. Себебі Гомер сол ғасырларда өмір сүрген. Сондай-ақ дастанның сюжетіне қарап кітап түркінің ежелгі дәуірінің дүниетанымы, салт-дәстүрінен сыр шертетінін байқауға болады.

Үшіншіден – түрік ғалымы Аһмет Кабаклы «Түрік әдебиеті», – атты төрт томдық бағалы еңбегінде Қорқыт Ата туралы тұжырым жасаған. Онда: «Соншама көп қоғамдық міндеттер атқарып жүрген Қорқыт ата, Исламияттан бұрын түріктер арасында өмір кешкен және әр бір түрік тайпасында басқа есіммен аталып келген шайырларға ұқсайды. Тоғыздар Шаман, Алтай Түріктері Кам, Жақұттар Ойын, Қырғыздар Бақсы, Оғыздар Озан атаған ежелгі шайырлар әрі шешен, хәм тақуа, сондай-ақ дін басы болуларымен қатар сәуегейлік, сазгерлік, ақындық сияқты түрлі өнердің де иесі болған. Халық олардан қорқатын әрі сыйлайтын, өйткені «Тәңірі» мен олардың арасында байланыстар, жақын қатынастар

болғанына сенетін.

Төртіншіден – академик Ә. Марғұлан түрік ғалымы Орхан Шайық Көкбайдың еңбегіне сүйене отырып қортынды жасағаны бір айғақ бола алады. Онда: «Қорқыт әңгімесін жақсы зерттеген Орхан-Шайық араб, парсы түркі тілдерінен көп жаңа мәліметтер тапқан. Сол мәліметтер бойынша Қорқыт әфанасын ең ерте заманда Сыр бойын қоныстап отырған Оғыз бен Қыпшақтар шығарған. Олардың ескі аңыздарда Сыр бойын қоныстанған тайпалар (Үйсін, Қаңлы), алып ерлер (Бамсы-Алпамыс, Қазанбек, Басат, Екрек, Секрек) аталады.», – деп жазғаны көп сырдың құпиясын ашады.

Бесіншіден – Түркияның әйгілі түркітанушы ғалымы Мұхаммед Фуад Көпірлі көптеген ортағасырлық еңбектерді зерттей келе Қорқыт әңгімеі Исламнан бұрын болғандығы туралы пікір білдірген. Ол: «Қорқыт дастандарының жиынтығы Исламнан бұрын тамыр тартқандығы байқалады. Бұл дастандар ғасырлар бойы ауызша құлақтан құлаққа жетіп ең соңында хатқа түсіп, жазба дерекке айналған», – деп айтқаны жайдан жай емес. Бұл қортынды ортағасырлық тарихи кезең мен сол заманда жазылған деректермен тікелей байланысты болғаны үшін әңгімені күрделендірмей келесі зерттеуге қалдырамыз.

Қорқыт ата хикаяларында өмір кешкен Оғыздар, ендігі жерде мұсылман қауымдар. Тек қана Шаман аталарының, Озандарды киелі санаған нанымдары, бұлардың арасында жылжып бара жатыр. Қорқыт ата, сонымен бірге бір Ислам көсемі кейпінде Шамандықтан келген (Киелі шайыр) типінің жалғасы және Анадолының жеңісіне басшылық еткен әулие-шайыр, алып-ерен типінің де әдебиетімізде бастау болмақта...», – деп жазған. Сондықтан болар Юнеско 1998 жылы ресми түрде Қорқыт ата дастанының шығуына 2000 жыл болғанын бекіткен уақыттан да әрірек ойланып, Қорқыт ата дастанының жырлану тарихы әліде болса зерттеліп, зерделенуге тиіс.

Қорқыт ата туралы ортағасырлық белгілі кейбір кітаптар

жазған сондай-ақ алты мекенде Қорқыт атаның мазары көрсетілгеніне қарап тарихта болған кісі десекте аты аңыз-әпсанаға ұласып, түрленіп, түркі тарихы мен әдебиетінде ұлтың қажеттігіне орай әр дәуірде құбылып бастапқы шынайы бейнесінен алыстап кете берген.

Қорқыт ата кітабының ең көне қолжазба нұсқасы Германиядағы Дрезден кітапханасының кітапшы қызметкері Fleischer (Флешер) кітапхананың кітаптарының тізімін дайындау барысында көптеген қолжазба нұсқалардың арасынан тұңғыш рет Қорқыт ата кітабының атын тіркеуге алды. Бұл нұсқаның атауы «Оғыздар тайпасының тіліндегі Қорқыт ата кітабы» екен, 154 бетте жазылған. Жазушының аты, кітаптың жазылған тарихы туралы ештеңе мәлімет жоқ. тек қана османлы халифасы Аһмет паша кітапханасына Х-шы хижри ғасырының тапсырылған деп жазылған үшін Fleischer шығарманы сол дәуірдің туындысы деп есепке алған. Бірақта Аһмет кітапханасындағы Қорқыт ата кітабы туралы еш бір ғалым сөз қозғаған емес. Дрезден нұсқасын тұңғыш рет немістің шығыстанушы ғалымы Н.Ф.Вон Диц (Н.Ф. Von Dies) (1811–1815) жылдары қолжазбаның түпнұсқасын негізге ала отырып Берлин кітапханасына жаңа нұсқасын дайындады. Сонымен бірге шығармаға талдау жасап, қолжазбаның «төбекөз» дастанын неміс тіліне тәржімалап 1815 жылы жариялады. Н.Ф.Вон Дицтің (Н.Ф. Von Dies) еңбегі қорқыт дастаны әлем әдебиетіне жол тартуына бастау болды.

Қорқыт ата кітабының Германиялық нұсқасы бір алғы сөз және он екі дастаннан құралған. Германиялық нұсқада дауысты дыбыстарды дұрыс оқуылуын қамтамасыз ететінде әрекет таңбалары қойылмаған. Сол себепті оны оқып дұрыс транскрипция жасау үшін өте мұқият болуды қажет етеді. Бұл нұсқаның алғы сөзінде аңызға айналған Қорқыт атаның тұлғалық табиғаты туралы біршама әңгіме айтылған, әрі Қорқыт атаның ел арасында оның атымен кең тараған даналық сөздерінен үлгі-өнеге ретінде келтірген. Әрине ондай даналық сөздері қазірге заманда да ата сөздері һәм мақал-мәтел күйінде халық арасында қолданылып келеді.

Он екі дастанның әр бірінде әр бір тайпасының ер немесе әйелзатынан шыққан қаһраандарының батылық хикаясы яки оқиғасын баян етеді. Сондықтан әр бір дастан аталған қаһраанның атымен аталады. Дандандардың аяқталу бөлімі бір-біріне ұқсас болып келеді. Әр бірінде дантандағы қаһраман кейіпкері өлең жолдарымен мадақталады және ата-анаға қайыр дұғасы оқылып, пайғамбарды еске алу жолдары өрнектеліп, жырау не елдің үлкен ақсақалы яғни Қорқыт ата тарапынан оқылған соң дастан аяқталады. Он екі дастанның топтамасынан сегіз дастан соғыстар бейнесі, екі дастан ғашықтық сарында, екі дастанының оқиғалары да аңыз-эпсана мазмұнымен өрбиді.

Германия нұсқасының он екі дастанының жеке-жеке тақырыптар бойынша атаулары:

1. Дирсеханұлы Бұғаш хан (жан) туралы жыр,
2. Салур Қазанның (Сауыр Қазан) ауылын жау шапқаны туралы жыр,
3. Байбөре баласы Бәмсі-Байрақ туралы жыр,
4. Қазан бектің баласы Ораз бектің жауға қалай тұтқын болғаны туралы жыр,
5. Тоқа баласы ержүрек Домул туралы жыр,
6. Оғыз қаңлы баласы Қан-төрәлі жайындағы жыр,
7. Қазылық Қожеұлы Иегенек жыры, (102),
8. Төбекөзді өлтірген Бәсат жыры (108),
9. Бекілұлы Әмранның жыры (119),
10. Ұшан Қожеұлы Секрек жыры (128),
11. Салур Қазанның тұтқын болғаны және оның ұлы Ораз оны шығарған жайындағы жыры (137),
12. Сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы бас көтеруі және Байрақтың қалай өлгені жайлы жыр (147).

Дастандар өлең әрі қара сөз арқылы айтылып, жырланады. Жалпы кітапта екі жүз бәйіт (төрт жүз жол) өлең жолдары бар. Өлеңдер кітаптың үштен бірін құрайды, қалған үштен екісі қара сөздермен баяндалады. Кітаптың тілдік ерекшелігіне қарағанда барлық дастандардағы қолданылатын сөздер түркі сөздері, тек қана тұтастай алғанда үш жүз елу араб сөзі, жүз

отыз алты парсы сөзі кітапқа енген екен.

Қорқыт ата дастанының тағы бір қолжазба нұсқасын 1950 жылы италияндық ғалым Этторе Росси Ватикан кітапханасынан тауып алды. Бұл нұсқада да кітаптың аты, жазылған жылы жазылмаған. Ватикан нұсқасы германдық нұсқаға қарағанда біраз ескеу көрінеді, әрі бұл нұсқаның ерекшелігі жазу барысында әріптерге дауысты дыбыстарды анықтайтын бегілер қойылған. Сондай-ақ бұл нұсқаның дастандары алты санмен шектелген.

Ватикан нұсқасының алты дастанының жеке-жеке тақырыптар бойынша атаулары:

1. Дирсеханұлы Бұғаш хан (жан) туралы жыр,
2. Салур Қазанның (Сауыр Қазан) ауылын жау шапқаны туралы жыр,
3. Байбөре баласы Бәмсі-Байрақ туралы жыр,
4. Қазан бектің баласы Ораз бектің жауға қалай тұтқын болғаны туралы жыр,
5. Қазылық Қожеұлы Иегенек жыры, (102),
6. Сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы бас көтеруі және Байрақтың қалай өлгені жайлы жыр. (147)

Неміс ғалымы Дицтің (H.F.Von Dies) еңбегі Қорқыт жырын әлем жұртына таныстырған соң бір ғасырдан аса уақыт өткеннен кейін Түркияда 1916 жылы түрік ғалымы Рәфхәт Қорқыт кітабын жарыққа шығарды. Дәл сол кітап 1936 жылы Әзірбайжан ғалымы Араслы тарапынан Баку қаласында жарияланды. Дицтен кейін М. П. Хутсма, И. Хаин, Ф. Бабингер сияқты неміс ғалымдары Қорқыттану ғылымын жалғастырды.

Орыс ғалымдары да қорқыттануға атсалысты. Атап айтқанда: В. Бартольд (1869–1930), Александр Григорьевич Туманский (23.09.1861–01.01.1920), Виктор Максимович Жирмунский (21.07.1891–31.01.1971), Кеңес одағының түріктестес ғалымы Әбубакир Диваев (06.31.1855–05.02.1933) сынды ғалымдарды тілге тиек ете аламыз. Әсіресе В. Бартольдтың жасаған зерттеулері қазақ хәм түркі мәдениетін терең тануға үлкен үлес қосқанын ерекше атауға

лайық. Дйезден кейін тағы бір неміс ғалымы Theodor Noldeko 1895 жылы кітапты түгелдей қайта қарап, жаңа аударма жасауға кірісті. Бірақ қарымы жетпей жұмысты аяқтамай тоқтатты. Нолдеконың аяқсыз қалған тәржімасын В. Бартольд 1894–1910 жылдары қолға алып, төрт дастанның мәтінін, орыс тіліндегі аудармасымен сол кездегі мәдени-әдеби басылымдарда жариялады. Кейін кітаптың толық мәтінін 1922–1925 жылдар арасында орысшалап аударды. Бірақ өзінің көзі тірісінде жарық көрмей, өлімінен кейін аудармасы түгелдей 1950 жылы Һәмид Араслының табанды еңбегінің арқасында Бакуда жарыққа шықты. Бартольдтың орыс тіліндегі аудармасы «книга моего деда Коркута», -деген атпен 1962 жылында Мәскеу қаласында баспадан шықты. Оның бұл еңбегі кейінгі жылдары Қорқыттану зерттеулеріне негіз болды. (В. Бартольд араб, парсы, түркі тілдерін жақсы білген үлкен шығыстанушы ғалым екенін тиісті ғалымдар толық мойындайды. Бірақ ол түріктестес ғалымдар қатарында бірденгейде бой көрсете алмайды. Мәселен оның Бакуда жарық көрген аудармасында қате аударған 365 сөзіне түсінік берген дейді ғалым Ә. Қоңыратбаев. Бұндай қателіктер В. Бартольд еңбегінің биік шыңын төмендетпейді. Тек қана әр бір зерттеулер кейінгі зерттеулерде толығып, жаңарып тұруға тиіс екенін ұмытпау керек).

Түркияда Мұғалым Рәфһәт, Мүһәrrәм Ергін, Орхан Шайық Көкбай сынды ғалымдар Қорқыттану ғылымына елеулі еңбек етіп, зор үлес қосты. Мәселен Мүһәrrәм Ергін Дрезден, Берлин және Ватикан кітапханаларындағы қолжазба нұсқаларын бір-бірімен салыстырып зерттеді. Нәтижесінде Дрезден нұсқасы ең көне қолжазба деп қорыта келе Ватикан нұсқасы одан кейін жазылғанын айтты. Сондай-ақ Орхан Шайық Көкбай мың беттік «Дәде Қорқыт кітабы», – атты зерттеу мен зерделеу еңбегін 1973 жылы жарыққа шығарды. Аталған кітаптың 152 беті дастандардың негізгі мәтіні, 200 беті жер-су аттары мен термин сөздердің индексіне арналса 670 беті жыр-дастандардың талдаулар мен қортындыларына арналған. Орхан Шайық зерттеулерін

академик Әлкей Марғұлан өз зерттеулерінде жақсы бағалап, оны пайдаланып келген.

Француз ғалымдары да Қорқыт аңызы Қазақ даласымен тығыз байланысты екендігін терең зерттеп, халықтың тіршілігі, салт-дәстүрі, қоғамдық қарым-қатынасы, билік жүйесі туралы көптеген маңызды нәтижелерге қол жеткізген. Олардың бір сыпырасын атап айтқанда: Пауыл Пеллио, Е. Блоше, П. Ру.

Иран Ислам Республикасының ғалымдары да Қорқыт ата дастанын зерттеп, зерделеуден қалыс қалған жоқ. Ғалымдарының арасынан үздіксіз кезең-кезеңімен Қорқыт кітабын зерттеп түрлі басылымдарда таныстырып келген доктор Мұхаммедзада Сыдиқты атауға болады. Ол Қорқыт кітабын таныстыру мақсатында зерттеу мақалаларын 1347 һижри шәмси(1969 милади) жылында «Өнер және қоғам» атты апталық басылымда, 1349 (1971) жылы «Вәһид» атты айлық әдеби басылымында, 1355 (1977) жылы «Өзірбайжанның әдебиет пен фольклорының төңірегі» атты зерттеу жұмысын «Жеті мақала»атты жинақ кітабында, 1361 (1982) жылында «Жаңа жол» атты маусымдық басылымында жариялады. Ал, Қорқыт ата кітабын жоғары сәнсапамен ғалым Мұхаммедәли Фәрзане тарапынан аса үлкен қажырлықпен 1358 (1980) жылында баспадан шықты.

Қазақ ғалымдары Шоқан Уәлиханов (1835–10.04.1865), Әлкей Марғұлан (10.05.1904), Әуелбек Қоңыратбаев (10.09.1905–27.01.1986), Рахманқұл Бердібайдың (02.12.1927–04.04.2012) еңбектерін қорқыттану жолында терең ой мен таным айдыны екенін айта аламыз. Олардың қалдырған жазбалары кез келген ізденуші мен ғалымдарға Қорқыт жырын зерттеуде шамшырақ бола алады. Мәселен Ә.Қоңыратбаев Бакуда жарық көрген В. Бартольд аудармасын қазақ тіліне тәржімалады, ой тұжырым жасады. академик Ә. Марғұлан Қорқыт шығамасы жайында тамаша пікір айтқан. Ол: «Егер кейінірек шыққан «деде Қорқыт кітабын» былай қоя тұрсақ, ескі дәуірдегі (VII–VIII ғ.ғ.) Қорқыт туралы айтылатын қария сөздерді, ғажайып афсаналарды сақтап

келген бір ғана қазақ пен түрікмендер екен», – деп Қорқыт түркі дүниесінің ежелден бүгінгі дейінгі байланысының көпірі екендігін білдіреді. Ол Қорқыт әпсанасы шығыстан батысқа қарай созылып жатқан мәңгі жыр.

Қорқыт кітабының он екі дастанын түркі елінің жауынгерлік, батырлық жырлары деп білген жөн. Онда қайырымдық мақсат, адамдық қасиеттер суреттеледі. Дастандар қаһрамандық сюжетке бай болса да онда кектену, қастандық жасау көрініс таппайды. Жырлар дін, сұлулық, көркем мінезді дәріптейді. Сондай-ақ түріктер арасында патриоттық, қонақжайлылық, ана мен бала махаббаты, әйелді құрметтеу, әйелдердің жауынгерлік бейнесі, жаудан безу, намысын қорғау, ерлік пен адамгершілік насихатталады. Сол себепті шығарма түркілердің мәңгі еліне арналған шығарма ретінде мәңгі тарихта қала бермек.

Афрасиабтың (Алып Ер Тоңа) тарихи тұлғасы

Түркі халықтарының тарихы, мәдениеті археологиялық, фольклорлық дүниелер мен жазба шығармалар арқылы зерттеліп келе жатыр. Осы мақсатта жазба деректердің бірі, Иранның көне жәдігері Зәрдөшт (Зоротуштра) дінінің «Авеста» атты кітабы болып табылады. Ғылыми зерттеулердің қорытындысына қарағанда аталған кітаптың түрлі тараулары бірнеше ғасыр аясында жазылыпты. Көне дәуірде шығарманың жалпы көлемі 815 бөлім, жиырма бір кітаптан тұрады екен. Бірақ оның тек қана алты бөлімі қазіргі заманға жеткен. Олар: Гаһан, Иэсна (Гаттар тағы басқа діни өлеңдерден тұрады), Иәшттер, Вәндидад, Виспорд, шағын Авеста. Алты бөлімнің ретіне көре Гаһан бөлімі авестаның ең көне жазбасы болған. Ал Гаһанның бір бөлігі Зәрдөштқа аян болып, оның ауызымен жырға айналған.

Авестаның жазылуын заман өлшеміне салғанда ол үш кезеңде жазылыпты. Авестаның алғашқы көне бөлімінің мазмұны Зәрдөшттің өмір сүрген заманынан бұрынырақ шамамен 2800 жыл бұрынғы уақытқа сәйкес келеді. Бірақ

Зәрдөшт өлгеннен кейін хатқа түскені байқалады. Бұл бөлім хатқа түсіп жатқан кезде оның көне мазмұнына жаңа ой-пікірлер қосылып, Авестаның бастапқы мазмұнында біраз өзгерістер болғанын байқатады. «Авестаның» екінші Иэсна бөлімінің гаттар тарауы Зәрдөшттің тәңірлік (минуи) әндеріне арналған. Бұл бөлімнің мазмұны Гаһан бөлімінен кейін жырланған болса да, оның жазылуы Гаһан бөлімінен бұрынырақ хатқа түскені үшін Авестаның ең көне бөлімі болып саналады. Авестаның үшінші бөлімі алдыңғы екі бөлімнен кейінірек жазылып жаңа Авеста болып табылады. Оның құрамына: Иэсна, жаңа Иәшттер, Виспорд, Вәндидад және шағын Әвеста енеді. Дегенмен бұл жаңа бөлімдердің ой-пікірлері көне жазбалардан алынған болса да, оның мазмұндары бір-бірімен қатты араласып кеткені үшін көне және жаңа мазмұндарды бір-бірінен ажырату мүмкін емес. Бірақ Әвестаның тілін екі диалектіге бөліп қарауға болады. Біріншісі Зәрдөшттің өз сөзі, ол Гаһан диалектісі. Екіншісі Авестаның Гаһаннан өзге бөлімдері жазылған жаңа диалектісі деп аталады.

Түйіндеп айтқанда «Авеста» кітабы б.з. дейінгі VI–V ғасырларда жазылған ежелгі Иран халқының киелі кітабы болып есептеледі. Сондықтан қазіргі заманның өзінде Иранның әйгілі тарихи шаһары Исфаһанда Зәрдөштті пайғамбар деп оның дінін ұстанғандардың ғибадатханасы һәм отханаларының есігі өз табынушыларына ашық тұр. Онда зәрдөшттер күнделікті ғибадаттарын орындап, Мұғтары (дінбасылары) діни уағыздар айтып, Зәрдөшт дінін түсіндіріп, насихаттап жатады.

«Авестаның» мазмұны жақсылықтың құдайы – Әһурамәза және жамандықтың жаршысы – Әһримән, жаннат-тозақ, адамзаттың бұл әлемде атқаратын міндеттері туралы, сондай-ақ, ұлттық дастандарды қамтиды. «Авестаның» сөзі негізінде «Әуиэснак» сөзінен шыққан, орнықты, берік ірге деген мағнадағы сөз. Ол мағна берік аят, орнықты шарият деген мағнаны да меңзейді. Ғалымдардың пікірінше тағы бір мағынасын білім, таным деп көрсеткен. Сондай-ақ «Авеста»

сөзі үнділердің ең көне діни кітабының есімі «веда» сөзімен түбірлес болып келеді. Сондықтан «Авеста» кітабы «Білім кітабы» немесе «Даналық кітабы» деніледі. Тәбәри және одан бұрынғы араб тарихшылары өздері жазып қалдырған тарихнамаларында «Авеста» сөзін «Истақ», «Әфсқақ» түрінде тіркелген. Парсы дәри тілінде «эвеста, эста, вэст, эст» түрлерімен хатқа түскен. Өйткені ежелгі «Әуиэснак» сөзінің «данак, тэванак» жұрнақтары парсы дәри тілінде алынып тасталады. Оның дұрыс айтылуы ғалымдардың пайымдауынша «Әвиэсна» болу керек. Бірақ ақындар сөздің қисынын келтіру үшін оны қысқартып жырларына «Әвеста» түрінде келтірген. Соның салдарынан «Әвеста» сөзі кеңінен қолданылып кетті.

«Авестаның» жазылу графикасы «Базэнд» деп аталады. Оның тарихи түбіріне көз жүгірткенде «зэнд-azanti» түбірінен алынған рапорт, тәржіма мағнадағы сөз болғаны айтылады. Әвеста кітабы алғаш рет пәһлеви дәуірінде «зэнд» тіліне тәржіма болған екен. Ал «Базэнд»сөзі «Пат зэнд» сөзінің қысқартылған түрі, қайта рапорт беру, қайталап тәржімалау мағыналарды білдіреді. Зәрдөшттердің діни рауаяттарына қарағанда: «Мысыр тағында отырған римдік Ескендір сорлы кезбе, дінсіз, оңбаған, жаман іс пен сөздің иесі әһримәннің бұйрығымен иран еліне шабуыл жасап Әвеста мен Зәнді алып өртеді. Тәнсер Мазандаран патшасына жазған хатында Ескендір Иран астанасы Естәхр қаласын жаулап алған соң он екі мың сиыр терісінде жазылған әвеста жазбаларын алып, оның ішіндегі медитцина, астрономия, философия сынды ғылыми мәтіндерін грек тіліне аудартып грек еліне жіберді. Ал, түпнұсқалық жазбаларын өртеуге бұйырды». Бұл оқиғаға қарап Ескендір Филиппұлы: Македония (291–323) батыс өркениеті өкілі ретінде адамзат өркениетіне орны толмас жамандық жасаған.

Ескендір Филиппұлынан кейін Әшк династиясының патшасы Вәлхш (51–78) әвеста мәтіндерін жан-жақтан жинақтап, оны қайта құрастырып, ежелгі дінді жаңартты. Вәлхш патша Белаш есімімен аталады. Әшк династиясында бұндай атау-

мен бес патша болған. Сол үшін ғалымдар арасында Әвеста кітабын қайта жинап, құрастырған қайсысы екендігінде түрлі көзқарас бар. Мәселен Дар Месттер I-Вәлхш патшаға тоқтайды. Өйткені ол діндар адам болған дейді. Ал басқа ғалымдар оның ішінде Артор Кристәнсэн оны III-Вәлхш (148–191) деп болжайды. Тарихи деректерге қарағанда I-Вәлхш біздің заманымыздың 51–78 жылдар аралығында билік құрған. Оның патшалық еткен дәуірден пәһлеви графикасымен таңбаланған теңгелер табылғанына қарап ғалымдар сол кезеңде Ескендір әулеттерінің билігі тоқтатылып, Грек графикасының орнына пәһлеви жазуы қолданыла бастады дейді. Сол себептенде Әвеста кітабыда сол дәуірдің еншісі болу ықтималы өте жоғары болып тұр. Сондықтан қазіргі қолда бар әвеста кітабының нұсқасы Әшк пен Сасани династиясының патшалық еткен дәуірде әр жерде қалған мәтіндері мен ел есінде қалған әңгімелері жинақталғаны анық. «Авеста» кітабының жинақталып, ретке келуі соңғы рет һижри жылнамасы бойынша 5–6 ғасырларда (шамамен 11–12 милади ғ.ғ.) іске асып қазіргі заманғы нұсқасын құрады. Зерттеуші ғалымдар Сасани династиясы дәуірінен 345700 сөзден тұратын 21 кітап жинақталғанын айтады. Бірақ тарих өткелінен аман қалып мұра болып қалғаны 83000 сөзден тұрады. Бұл Әвеста жайында авестатанушы ғалымдардың парсы тіліндегі қортындысы болып табылады. Иран елінде Әвеста кітабын пәһлеви тілінен қазіргі парсы дәри тіліне аударып, түсінік жазған Паризи Бастани мен Жәлел Достха зерттеушілердің орны ерекше екенін айту керек.

Түрік халықтарының өмір сүріп, салтанат құрған ежелгі аумағын «Тұран» деп атап жазған да осы «Авеста». Сол дәуірдегі Тұранды басқарып, иран еліне жорық жасаған, Иранды жеңіп сонда билік еткен Тұран патшасы Афрасиаб есімімен де аталғанын кітаптан кездесеміз. Мәселен, «Әвестаның» мәтіндерінде Афрасиаб (2 рет), тұрандық Афрасиаб (1 рет), жауыз Афрасиаб (1 рет), тұрандық жауыз Афрасиаб (4 рет), аса қайратты Афрасиаб (5 рет) жазылған.

Афрасиаб есімі иран тілінің үш кезеңінде бірінші мыңжылдықта – эвеста тілі, екінші мыңжылдығында – пәхлеви тілі, X ғасырдан басталатын үшінші кезеңінде парсы дәри тілі түрлі фонетикалық ерекшелігімен жазылып жүрді. Мәселен, «Авеста» кітабында Франграсиан (Frangrasyan), Пәһлеви жазбаларында Фрасиак, Фрасиаб деп жазылса, Әбілқасым Фирдауси (940–1030) «Шаһнамесінде» Афрасиаб түрінде жазылғанын көреміз. Афрасиаб сөзінің лексикалық мағынасын ғалым Юсти: «Үрей тудыратын адам» деп берген. Ирандықтар Тұран патшасын ең мықты палуан әрі ұлы қолбасшы кейпінде тани отырып, оны Афрасиаб атымен атаған өздері болған.

Афрасиаб тұлғасы иран тарихының аңыз бен ақиқатқа негізделіп жазылған жазбаларында ежелгі кезеңінен аталып келеді. Мәселен, Афрасиаб Тұран әскерінің ұлы сардары болып, Иран патшасы Мәнучерді әкесі Тұрдың кегін алу мақсатында кескілескен шайқаста күйретіп шегініс жасауға мәжбүр етеді. Кейін Мәнучердің ұлы Наузәрді тағынан тайдырып, оны бірнеше соғыста жеңіліске ұшыратып, өлімінен соң Иран тағына 12 жыл отырады.

Рауаяттарға қарағанда жүз қырық жыл ғұмыр кешкен Афрасиаб Иран патшасы Кейқауыс және оның ұлы Кейхұсрау дәуірінде де Иран-Тұран елдерінің тарихи оқиғаларының дәл ортасында басты кейіпкерлердің бірі болып өзіндік орнын байқатады.

Әбілқасым Фирдауси (941–1030) «Шаһнаме» дастанын жырлаған да Иран елінің Пәһлеви тілінен мұра болып қалған көптеген жазбаларын пайдаланды. Солардың қатарында Афрасиаб туралы да жеткілікті деректер болған. Сол себепті Фирдауси жырының иран еліне қарсы шабуылдар жасаған ең мықты кейіпкері ретінде Афрасиаб тұлғасын тандаған. Иран-Тұран тіркестерінде Тұранның мәртебелі патшасы, ұлы қолбасшы бейнесінде Афрасиабты көреміз. Сондықтан 981–982 жылдар шамасында жырланған «Шаһнаме» түрік халықтары үшін терең зерттелуге тиіс өте маңызды шығарма екенін айта аламыз.

Афрасиаб жайында «Авеста», «Шаһнаме» туындыларынан және басқа парсы, түркі тілінде жазылған көптеген деректерде хатқа түскенін ескерсек, Афрасиабтың тарихта айтарлықтай айрықша орны бар тұлға екенін сезу қиын емес. X–XI ғасыр Иран мен Түрік халықтары үшін ұлттық болмысқа бет бұрудағы аса маңызды кезең болып табылады. Өйткені ислам дінін қабылдаған парсы мен түркі жұрты араб тілінің қарқынды дамып, заманының әдеби-ғылыми тіліне айналып зор мәнге ие болуына, екінші жағынан, араб халифаларының араб тілінің аясын кеңейтудегі саяси ұстанымдарына байланысты парсы мен түрік тілдерінің жойылып кету қаупі туған еді. Сондай жағдайға түскен тілдері мен ұлттық құндылықтарын ойлай бастаған оқымысты зиялыларының арасынан парсы тілін жандандыруға Әбілқасым Фирдауси шығып, парсы тілінде «Шаһнаме» дастанын жырлады.

Түрік халықтарының ақылман ақын-ғалымдары да елінің ұлттық санасын оятып, ұлттық рухын көтеру мақсатында өз шығармаларын түркі тілінде жазды. Олар түркілік тамырын тарихтың терең тұстарынан іздестірді. Сондықтан түрік халықтары үшін тарихтың жаңа беттері ашылды.

Оған XI ғасырда өмір сүрген түрік халықтарының рухани қос жұлдыздары Жүсіп Баласағұнның 1069–1070 жылдар аралығында он сегіз айда жырланған «Құтты Білік» және 1072–1078 жылдарында жазылған Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат-әт-түрік» атты екі ұлы шығармалары дәлел.

Жүсіп Баласағұн түркілік сананың оянуына өлең жолдарын арнап былай өрнектейді:

Бұл кара жер мыстай қызыл болғанша,
Жасыл от, гүл, дала тозып оңғанша,
Түркі құты, мың жасасын, кесірсіз,
Көре алмастың көзі отпен тесілсін.

Бұл өлең жолдары ақынның саяси даналығы болып есептеледі. Сонымен қатар, Афрасиаб тұлғасын түркінің тарихымен ұштастыра жырлап, түркілердің өз тарихына талғампаздықпен қарауға да үндейді. Өйткені сол заманда

қоғамның тұрмыс-тіршілігінің және саяси ерекшелігі елін қорғай алатын ерлерін ел ынтымағының негізгі терегі деп білетін. Сондықтан болар елін қорғайтын ерлері барында тіреуі, қазасы қасіреті болып табылатын еді. Сол үшін Жүсіп Баласағұн ғасырлар тозаңынан өшпес алтындай Алып Ер Тоңаны тарих беттеріне жарқырата алып келді. Ол:

Назар салсаң, бұл түріктің бектері,
Жаһанның әз бектері, асыл тектері.
Түрік бектері ішінде атын асырған,
Алып Ер Тоңа ер еді, құты тасыған.
Білімі-даңқы ұлы, көптің сарасы,
Білімді, ойлы әрі халық ағасы.
Зерек, дана көңілі сара, сері еді,
Жұтты жалған елге тұтқа ер еді!
Тәжіктер оны Афрасиаб атаған,
Елдерге ол көп ізгілік жасаған.
Қажет білсең білім, ақыл, даналық,
Қолға алуға дүниені қаратып.
Тәжіктер де хатқа мұны түсірген,
Кітапта жоқ болса кімдер түсірген!?

Афрасиаб түріктердің Алып Ер Тоңа екендігін Махмұд Қашғарида өз кітабында растайды. Ол Алып Ер Тоңа өлгеннен кейін араға XVII ғасыр салып, халық аузынан жазып алған төрттаған түрінде жырланған «Алып Ер Тоңа жоқтау» жырларының үзінділерін кітабында жариялады. Онда батырын аңсаған халық:

Алып Ер Тоңа өлді ме?
Жалған дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар! –

деп жоқтау айтқан. Осыған қарап Алып Ер Тоңа (Афрасиаб) өлімі туралы айтылған екі нұсқаның біріншісі тарихи деректер негізінде Афрасиабты ирандықтар соғыс майданында жеңе алмаған соң оны достық пейілмен алдап патша сарайына шақырып, қонақ асы дастарқанында кесесіне у қосып өлтіреді. Екіншісі, Фирдауси «Шаһнамесінде» келтірілген

Кейхұсрау патшадан жеңіліп, қашып жүріп қаза табады. Әрине, бұл ұлттың беделін ойлаған ақынның шайырлық түйсігінен аса алмаған қиял деуге болады.

Қорыта айтқанда, Алып Ер Тоңа түркілік тарих бастауындағы басты кейіпкер. Оның бір қыры – саяси тарихымызға бастау болса, екінші қыры – түркі халқының батыр патшасына мұра қалдырған жоқтау өлеңі түркі әдебиеті тарихының бастау тарихы бола алады ма? Әрине егерде Афрасиаб бен Алып Ер Тоңа тарихи екі кейіпкеріміз бір тұлға екеніне дерек және дәйекпен дәлелдей ала білсек!

Сұрақ:

- 1. Афрасиаб туралы парсы, түркі әдебиеттер не деп жазған?**
- 2. Афрасиаб туралы түркі әдебиеттер не деп жазған?**

Сұрақ: «Әвеста» кітабы туралы жалпы не білеміз?

Жауап: Түркі халықтарының тарихы, мәдениеті археологиялық, фольклорлық дүниелер мен жазба шығармалар арқылы зерттеліп келе жатыр. Осы мақсатта жазба деректердің бірі, Иранның көне жәдігері Зәрдөшт (Зорогруштра) дінінің «Авеста» атты кітабы болып табылады. Ғылыми зерттеулердің қорытындысына қарағанда аталған кітаптың түрлі тараулары бірнеше ғасыр аясында жазылыпты. Көне дәуірде шығарманың жалпы көлемі 815 бөлім, жиырма бір кітаптан тұрады екен. Бірақ оның тек қана алты бөлімі қазіргі заманға жеткен. Олар: Гаһан, Иэсна (Гаттар тағы басқа діни өлеңдерден тұрады), Иэшттер, Вэндидад, Виспурд, шағын Авеста. Алты бөлімнің ретіне көре Гаһан бөлімі әвестаның ең көне жазбасы болған. Ал Гаһанның бір бөлігі Зәрдөштқа аян болып, оның ауызымен жырға айналған.

Авестаның жазылуын заман өлшеміне салғанда ол үш кезеңде жазылыпты. Авестаның алғашқы көне бөлімінің мазмұны Зәрдөшттің өмір сүрген заманынан бұрынырақ шамамен 2800 жыл бұрынғы уақытқа сәйкес келеді. Бірақ

Зәрдөшт өлгеннен кейін хатқа түскені байқалады. Бұл бөлім хатқа түсіп жатқан кезде оның көне мазмұнына жаңа ой-пікірлер қосылып, Авестаның бастапқы мазмұнында біраз өзгерістер болғанын байқатады. «Авестаның» екінші Иәсна бөлімінің гаттар тарауы Зәрдөшттің тәңірлік (минуй) әндеріне арналған. Бұл бөлімнің мазмұны Гаһан бөлімінен кейін жырланған болса да, оның жазылуы Гаһан бөлімінен бұрынырақ хатқа түскені үшін Авестаның ең көне бөлімі болып саналады. Авестаның үшінші бөлімі алдыңғы екі бөлімнен кейінірек жазылып жаңа Авеста болып табылады. Оның құрамына: Иәсна, жаңа Иәшттер, Виспурд, Вәндидад және шағын Әвеста енеді. Дегенмен бұл жаңа бөлімдердің ой-пікірлері көне жазбалардан алынған болса да, оның мазмұндары бір-бірімен қатты араласып кеткені үшін көне және жаңа мазмұндарды бір-бірінен ажырату мүмкін емес. Бірақ Әвестаның тілін екі диалектіге бөліп қарауға болады. Біріншісі Зәрдөшттің өз сөзі, ол Гаһан диалектісі. Екіншісі Авестаның Гаһаннан өзге бөлімдері жазылған жаңа диалектісі деп аталады.

Түйіндеп айтқанда «Авеста» кітабы б.з. дейінгі VI–V ғасырларда жазылған ежелгі Иран халқының киелі кітабы болып есептеледі. Сондықтан қазіргі заманның өзінде Иранның әйгілі тарихи шаһары Исфәһанда Зәрдөштті пайғамбар деп оның дінін ұстанғандардың ғибадатханасы һәм отханаларының есігі өз табынушыларына ашық тұр. Онда зәрдөшттер күнделікті ғибадаттарын орындап, Мұғтары (дінбасылары) діни уағыздар айтып, Зәрдөшт дінін түсіндіріп, насихаттап жатады.

«Әвеста» кітабының мазмұны және тарихилығы жайында не білісіз?

Жауап: «Авеста» мазмұны жақсылықтың құдайы – Әһурамәза және жамандықтың жаршысы – Әһримән, жаннат-тозақ, адамзаттың бұл әлемде атқаратын міндеттері туралы, сондай-ақ, ұлттық дастандарды қамтиды. «Авестаның» сөзі негізінде «Әуиәснак» сөзінен шыққан, орнықты, берік ірге

деген мағнадағы сөз. Ол мағна берік аят, орнықты шарифат деген мағнаны меңзейді. Ғалымдардың пікірінше тағы бір мағынасын білім, таным деп көрсеткен. Сондай-ақ «Авеста» сөзі үнділердің ең көне діни кітабының есімі «веда» сөзімен түбірлес болып келеді. Сондықтан «Авеста» кітабы «Білім кітабы» немесе «Даналық кітабы» деніледі. Тәбәри және одан бұрынғы араб тарихшылары өздері жазып қалдырған тарихнамаларында «Авеста» сөзін «Истақ», «Әфсқақ» түрінде тіркелген. Парсы дәри тілінде «әвеста, әста, вәст, әст» түрлерімен хатқа түскен. Өйткені ежелгі «Әуиәснак» сөзінің «данак, тәванак» жұрнақтары парсы дәри тілінде алынып тасталады. Оның дұрыс айтылуы ғалымдардың пайымдауынша «Әвиәсна» болу керек. Бірақ ақындар сөздің қисынын келтіру үшін оны қысқартып жырларына «Әвеста» түрінде келтірген. Соның салдарынан «Әвеста» сөзі кеңінен қолданылып кетті.

«Әвеста» кітабының жазу таңбасы мен тәржімасы туралы қысқа мәлімет беріңіз?

Жауап: «Авестаның» жазылу графикасы «Базәнд» деп аталады. Оның тарихи түбіріне көз жүгірткенде «зәнд-azanti» түбірінен алынған рапорт, тәржіма мағнадағы сөз болғаны айтылады. Әвеста кітабы алғаш рет пәһлеви дәуірінде «зәнд» тіліне тәржіма болған екен. Ал «Базәнд»сөзі «Пат зәнд» сөзінің қысқартылған түрі, қайта рапорт беру, қайталап тәржімалау мағыналарды білдіреді.

«Әвеста» кітабы және Ескендір туралы рауаятын жазыңыз?

Жауап: Зәрдөшттердің діни рауаяттарына қарағанда: «Мысыр тағында отырған римдік Ескендір сорлы кезбе, дінсіз, оңбаған, жаман іс пен сөздің иесі әһримәннің бұйрығымен иран еліне шабуыл жасап Әвеста мен Зәнді алып өртеді. Тәнсер Мазандаран патшасына жазған хатында Ескендір Иран астанасы Естәһр қаласын жаулап алған соң он екі мың сиыр терісінде жазылған әвеста жазбаларын

алып, оның ішіндегі медицина, астрономия, философия сынды ғылыми мәтіндерін грек тіліне аудартып грек еліне жіберді. Ал, түпнұсқалық жазбаларын өртеуге бұйырды». Бұл оқиғаға қарап Ескендір Филиппұлы: Македония (291–323) Батыс өркениеті өкілі ретінде адамзат өркениетіне орны толмас жамандық жасап тарих жадында қалдырған.

«Авеста» мәтіндерінің жинақталуы жайын жазыңыз?

Жауап: Ескендір Филиппұлынан кейін Әшк династиясының патшасы Вэлхш (51–78) авеста мәтіндерін жан-жақтан жинақтап, оны қайта құрастырып, ежелгі дінді жаңартты. Вэлхш патша Белаш есімімен аталады. Әшк династиясында бұндай атаумен бес патша болған. Сол үшін ғалымдар арасында Әвеста кітабын қайта жинап, құрастырған қайсысы екендігінде түрлі көзқарас бар. Мәселен Дар Месттер I-Вэлхш патшаға тоқтайды. Өйткені ол діндар адам болған дейді. Ал басқа ғалымдар оның ішінде Артор Кристенсэн оны III-Вэлхш (148–191) деп болжайды. Тарихи деректерге қарағанда I-Вэлхш біздің заманымыздың 51–78 жылдар аралығында билік құрған. Оның патшалық еткен дәуірден пәһлеви графикасымен таңбаланған теңгелер табылғанына қарап ғалымдар сол кезеңде Ескендір әулеттерінің билігі тоқтатылып, Грек графикасының орнына пәһлеви жазуы қолданыла бастады дейді. Сол себептенде Әвеста кітабында сол дәуірдің еншісі болу ықтималы өте жоғары болып тұр. Сондықтан қазіргі қолда бар әвеста кітабының нұсқасы Әшк пен Сасани династиясының патшалық еткен дәуірде әр жерде қалған мәтіндері мен ел есінде қалған әңгімелері жинақталғаны анық. «Авеста» кітабының жинақталып, ретке келуі соңғы рет һижри жылнамасы бойынша 5–6 ғасырларда (шамамен 11–12 милади ғ.ғ) іске асып қазіргі заманғы нұсқасын құрады. Зерттеуші ғалымдар Сасани династиясы дәуірінен 345700 сөзден тұратын 21 кітап жинақталғанын айтады. Бірақ тарих өткелінен аман қалып мұра болып қалғаны 83000 сөзден тұрады. Бұл Әвеста жайында авестатанушы ғалымдардың парсы тіліндегі қортындысы болып табыла-

ды. Иран елінде Әвеста кітабын пәһлеви тілінен қазіргі парсы дәрі тіліне аударып, түсінік жазған Паризи Бастани мен Жәлел Достха зерттеушілердің орны ерекше екенін айту керек.

Авеста «Тұран»және Тұрандық Афрасиаб жайлы не дейді?

Жауап: Түрік халықтарының өмір сүріп, салтанат құрған ежелгі аумағын «Тұран» деп атап жазған да «Авеста» кітабы. Сол дәуірдегі Тұранды басқарып, иран еліне жорық жасаған, Иранды жеңіп сонда билік еткен Тұран патшасы Афрасиаб есімімен де аталғанын кітаптан кездесеміз. Мәселен, «Әвестаның» мәтіндерінде Афрасиаб (2 рет), тұрандық Афрасиаб (1 рет), жауыз Афрасиаб (1 рет), тұрандық жауыз Афрасиаб (4 рет), аса қайратты Афрасиаб (5 рет) жазылған.

Афрасиаб есімі иран тілдерінде қалай аталған?

Жауап: Афрасиаб есімі иран тілінің үш кезеңінде бірінші мыңжылдықта – әвеста тілі, екінші мыңжылдығында – пәһлеви тілі, X ғасырдан басталатын үшінші кезеңінде парсы дәрі тілі түрлі фонетикалық ерекшелігімен жазылып жүрді. Мәселен, «Авеста» кітабында Франграсиан (Frangrasyan), Пәһлеви жазбаларында Фрасиак, Фрасиаб деп жазылса, Әбілқасым Фирдауси (940–1030) «Шаһнамесінде» Афрасиаб түрінде жазылғанын көреміз. Афрасиаб сөзінің лексикалық мағынасын ғалым Юсти: «Үрей тудыратын адам» деп берген. Ирандықтар Тұран патшасын ең мықты палуан әрі ұлы қолбасшы кейпінде тани отырып, оны Афрасиаб атымен атаған өздері болған.

Афрасиаб тұлғасы иран тарихының аңыз бен ақиқатқа негізделіп жазылған жазбаларында ежелгі кезеңінен аталып келеді. Мәселен, Афрасиаб Тұран әскерінің ұлы сардары болып, Иран патшасы Мәнучерді әкесі Тұрдың кегін алу мақсатында кескілескен шайқаста күйретіп шегініс жасауға мәжбүр етеді. Кейін Мәнучердің ұлы Наузәрді тағынан тайдырып, оны бірнеше соғыста жеңіліске ұшыратып, өлімінен

соң Иран тағына 12 жыл отырады.

Рауаяттарға қарағанда жүз қырық жыл ғұмыр кешкен Афрасиаб Иран патшасы Кейқауыс және оның ұлы Кейхұсрау дәуірінде де Иран-Тұран елдерінің тарихи оқиғаларының дәл ортасында басты кейіпкерлердің бірі болып өзіндік орнын байқатады.

Әбілқасым Фирдауси «Шаһнаме» дастанындағы Афрасиаб бейнесі?

Жауап: Әбілқасым Фирдауси (941–1030) «Шаһнаме» дастанын жырлаған да Иран елінің Пәһлеви тілінен мұра болып қалған көптеген жазбаларын пайдаланды. Солардың қатарында Афрасиаб туралы да жеткілікті деректер болған. Фирдауси жырының иран еліне қарсы шабуылдар жасаған ең мықты кейіпкері ретінде Афрасиаб тұлғасын таңдаған. Иран-Тұран тіркестерінде Тұранның мәртебелі патшасы, ұлы қолбасшы бейнесінде Афрасиабты көреміз. Сондықтан 981–982 жылдар шамасында жырланған «Шаһнаме» түрік халықтары үшін терең зерттелуге тиіс өте маңызды шығарма екенін айта аламыз.

Парсы мен түркілік сананың ояну кезеңдері туралы не білесіз?

Жауап: Афрасиаб жайында «Авеста», «Шаһнаме» туындыларынан және басқа парсы, түркі тілінде жазылған көптеген деректерде хатқа түскенін ескерсек, Афрасиабтың тарихта айтарлықтай айрықша орны бар тұлға екенін сезу қиын емес. X–XI ғасыр Иран мен Түрік халықтары үшін ұлттық болмысқа бет бұрудағы аса маңызды кезең болып табылады. Өйткені Ислам дінін қабылдаған парсы мен түркі жұрты араб тілінің қарқынды дамып, заманының әдеби-ғылыми тіліне айналып зор мәнге ие болуына, екінші жағынан, араб халифаларының араб тілінің аясын кеңейтудегі саяси ұстанымдарына байланысты парсы мен түрік тілдерінің жойылып кету қаупі туған еді. Сондай жағдайға түскен тілдері мен ұлттық құндылықтарын ойлай

бастаған оқымысты зиялыларының арасынан парсы тілін жандандыруға Әбілқасым Фирдауси шығып, парсы тілінде «Шаһнаме» дастанын жырлады.

Түрік халықтарының ақылман ақын-ғалымдары да елінің ұлттық санасын оятып, ұлттық рухын көтеру мақсатында өз шығармаларын түркі тілінде жазды. Олар түркілік тамырын тарихтың терең тұстарынан іздестірді. Сондықтан түрік халықтары үшін тарихтың жаңа беттері ашылды.

Оған XI ғасырда өмір сүрген түрік халықтарының рухани қос жұлдыздары Жүсіп Баласағұнның 1069–1070 жылдар аралығында он сегіз айда жырланған «Құтты Білік» және 1072–1078 жылдарында жазылған Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат-әт-түрік» атты екі ұлы шығармалары дәлел.

Жүсіп Баласағұн түркі және Афрасиаб туралы өлең жолдарын жазыңыз?

Жауап: Жүсіп Баласағұн түркілік сананың оянуына өлең жолдарын арнап былай өрнектейді:

Бұл қара жер мыстай қызыл болғанша,
Жасыл от, гүл, дала тозып оңғанша,
Түркі құты, мың жасасын, кесірсіз,
Көре алмастың көзі отпен тесілсін.

Бұл өлең жолдары ақынның саяси даналығы болып есептеледі. Сонымен қатар, Афрасиаб тұлғасын түркінің тарихымен ұштастыра жырлап, түркілердің өз тарихына талғампаздықпен қарауға да үндейді. Өйткені сол заманда қоғамның тұрмыс-тіршілігінің және саяси ерекшелігі елін қорғай алатын ерлерін ел ынтымағының негізгі терегі деп білетін. Сондықтан болар елін қорғайтын ерлері барында тіреуі, қазасы қасіреті болып табылатын еді. Сол үшін Жүсіп Баласағұн ғасырлар тозаңынан өшпес алтындай Алып Ер Тоңаны тарих беттеріне жарқырата алып келді. Ол:

Назар салсаң, бұл түріктің бектері,
Жаһанның әз бектері, асыл тектері.
Түрік бектері ішінде атын асырған,
Алып Ер Тоңа ер еді, құты тасыған.

Білімі-даңқы ұлы, көптің сарасы,
Білімді, ойлы әрі халық ағасы.
Зерек, дана көңілі сара, сері еді,
Жұтты жалған елге тұтқа ер еді!
Тәжіктер оны Афрасиаб атаған,
Елдерге ол көп ізгілік жасаған.
Қажет білсең білім, ақыл, даналық,
Қолға алуға дүниені қаратып.
Тәжіктер де хатқа мұны түсірген,
Кітапта жоқ болса кімдер түсірген!?

Махмұт Қашғари шығармасындағы Афрасиабтың жоқтауы туралы жазыңыз?

Жауап: Афрасиаб түріктердің Алып Ер Тоңа екендігін Махмұд Қашғарида өз кітабында растайды. Ол Алып Ер Тоңа өлгеннен кейін араға XVII ғасыр салып, халық аузынан жазып алған төрттаған түрінде жырланған «Алып Ер Тоңа жоқтау» жырларының үзінділерін кітабында жариялады. Онда батырын аңсаған халық:

Алып Ер Тоңа өлді ме?
Жалған дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар! –

деп жоқтау айтқан. Осыған қарап Алып Ер Тоңа (Афрасиаб) өлімі туралы айтылған екі нұсқаның біріншісі тарихи деректер негізінде Афрасиабты ирандықтар соғыс майданында жеңе алмаған соң оны достық пейілмен алдап патша сарайына шақырып, қонақ асы дастарқанында кесесіне у қосып өлтіреді. Екіншісі, Фирдауси «Шаһнамесінде» келтірілген Кейхұсрау патшадан жеңіліп, қашып жүріп қаза табады. Әрине, бұл ұлттың беделін ойлаған ақынның шайырлық түйсігінен аса алмаған қиял деуге болады.

Алып Ер Тоңа(Афрасиаб) туралы қорытынды ойлар:

Umay Günay: Тарихтағы ең ескі түрік дастаны,

түріктердің ең алғашқы мемлекеті сақтардың дәуірінен қалған Алып Ер Тоңа және Шу дастандары болып табылады. Шаһнамада Афрасиаб атымен аталған Алып Ер Тоңа орта Тяньшяньда құрылып, б.з.д. IV ғасырға дейін билік құрған Сақ мемлекетінің билеушісі. Бір халықтың басқа бір халықтың қаһарманына өз дастанында орын беруі үшін, ол қаһарманның шынымен ақ ұлы болуы керек.

Қашғари М.: Алып Ер Тоңа түрік тарихындағы алғашқы қаһарман. Түріктердің қағаны Афрасиабтың түрікше аты Тоңа Алып Ер. Тоңа: жолбарыс тектес бір аң. Ол пілден күшті. Бұл сөздің түпкі мағынасы сол. Әйтсе де, бұл сөз түріктерде әуелгі мағынасы өзгерген күйде қолданылады. Бұл сөз көбінесе адамдарға лақап орнында айтылады. Мысалы: Тоңахан, Тоңа Тегін, тағы сондайлар секілді. Түріктердің ұлы ханы Афрасиабты Тоңа Алп ер деп атаған. Жолбарыс секілді күшті, қайратты, батыр адам дегендегісі.

Жеменей И.: Түрік халықтарының өмір сүріп, салтанат құрған ежелгі аумағын «Тұран» деп атап жазған Әвеста. Сол дәуірдегі Тұранды басқарып, иран еліне жорық жасаған, иранды жеңіп сонда билік еткен Тұран патшасы Афрасиаб есімімен де аталғанын кітаптан кездесеміз. Мәселен «Әвестаның» мәтіндерінде Афрасиаб (2 рет), тұрандық Афрасиаб (1 рет), жауыз Афрасиаб (1 рет), тұрандық жауыз Афрасиаб (4 рет), аса қайратты Афрасиаб (5 рет) жазылған.

Мырзахметұлы М., Жеменей И.: Әсіресе Махмұт Қашғари түрік халықтарының исламнан бұрынғы өлең түрінің үлгілерін ұсынды. Мысалы, Алып Ер Тоңа туралы жоқтау өлеңін:

Алып Ер Тоңа өлді ме,
Жалған дүние қалды ма?
Енді жүрек жыртылар... –

деп оқығанда түркілердің саяси тарихы мен әдебиетінің түп тамыры тереңде жатқанын лезде аңғарамыз. Әсіресе аталған

төрт тағанға зер салып карағанда қазақ әдебиеті ежелгі түркі әдебиетінің нағыз мұрагері екеніне көз жеткіземіз. Бұл тоқтамға анығырақ қанық болу үшін қазақ халқының ұлы шайырлары Д. Бабатайұлы мен А. Құнанбайұлының төрттаған үлгілеріне назар салғанын анық көре аламыз. Абай өлеңінің:

Әбілет басқан елер ме,
Сөзге жуық келер ме?
Түзеу сөзге сенер ме,
Түзелмесін білген ер, –

деген шумақтың өлең өрнегі Алып ер тоңаның жоқтау шумағымен бірін-бірі қайталап тұрғандай әсер қалдырады.

Немат Келімбетов: Алып Ер Тоңғаның өмірі туралы ең ескі деректерді Геродот тарихынан көреміз. Сақтар б.з.б.д. 53–625 жылдар аралығында ең мықты мемлекет еді.

Х.Сүйіншәлиев: «Диуан лұғат-е-түрік» – сөздік қана емес, ол сонымен бірге ХІ ғасырдағы Орта Азия тайпалары жайлаған өлке халықтарының тарихы мен сол халықтардың әдебиеті туралы көптеген мәлімет берерлік маңызды дерек. Әсіресе мұнда халық ауыз әдебиетінің алатын орны өзгеше.

Р. Бердібай: Алып Ер Тоңғаның өліміне айтылған жоқтау халық арасында ауыздан ауызға тарап Қашғарлы Маһмұттың шығармасына мысал ретінде кірген. ««Бұл мысал жоқтау өлеңнің түркілер арасында қадим замандарда туып қалыптасқанын, негізгі жанрлық шарттары сақталып келгенін сипаттай алады. Өлең қайғылы оқиғаның аса ауыр екенін хабарлап болып, онан соң батырдың тіршілікте танытқан қасиеттерін мінездеп береді. Алып Ер Тоңғаның «аш арландай аларып, қадалғаннан қан алып» өзіне дұшпанды беттетпеген ерлігін мадақ етеді».

Жеменей И.: Афрасиаб есімі иран тілінің үш кезеңінде бірінші мыңжылдықта–Әвеста тілі, екінші мыңжылдығында-

пәһлеви тілі, Х ғасырдан басталатын үшінші кезеңінде парсы дәрі тілі түрлі фонетикалық ерекшелігімен жазылып жүрді. Мәселен «Авеста» кітабында Франграсиан (Frangrasyan), Пәһлеви жазбаларында Фрасиак, Фрасиаб деп жазылса, Әбілқасым Фирдауси (940–1030) «Шаһнамесінде» Афрасиаб түрінде жазылғанын көреміз. Афрасиаб сөзінің лексикалық мағынасын ғалым Юсти: «Үрей тудыратын адам» деп берген. Ирандықтар Тұран патшасын ең мықты палуан әрі ұлы қолбасшы кейпінде тани отырып, оны Афрасиаб атымен атаған өздері болған.

Х. Сүйіншәлиев: «Өзбек әдебиетшісі Э.Р. Рустамов былай дейді: «Мақтау одалары жанр түрінде түрік тілдес халықтардың ауыз әдебиетінде тіпті ерте заманда өмір сүрді. Түрік хандары мен билерінің ерте заманның өзінде-ақ ақылшы, ертекшілер ұстағандары мәлім. Бұлар талай-талай дастандарды біліп, жатқа айтып қана қоймай, өз өмірлеріне арнап мақтау өлең-одалар да шығарып айтып келеді». Бұл пікірлерін дәлелдеу үшін зерттеуші Махмуд Қашқари еңбегіне жүгінеді. Сол сөздікте ода (мақтау) өлеңдердің көп келтірілгендігін растайды. Соның бірі ретінде Туна Алып туралы айтылған 11 буынды, төрт жолдан тұратын 10 шумақ элегияны атап көрсетеді. Бұдан кейін ол: «Бұл элегияларды оқыған, білімді адамдар жазғандығын Маһмұт Қашғаридың өзі ескерткен еді. Сондықтал ол ерте кездің өзінде-ақ түріктердің жазба поэзиясы болғаны анық. Ол араптың қасыда (ода) мен марсиясына (жоқтау) ұқсамайды» дейді..

Жеменей И.: Афрасиаб тұлғасы иран-түркі тарихының аңыздарына негізделіп жазылған, жазбаларында ежелгі кезеңінен аталып келеді. Мәселен, Афрасиаб Тұран әскерінің ұлы сардары болып, Иран патшасы Мәнучерді әкесі Тұрдың кегін алу мақсатында кескілескен шайқаста күйретіп шегініс жасауға мәжбүр етеді. Кейін Мәнучердің ұлы Наузәрді тағынан тайдырып, оны бірнеше соғыста жеңіліске ұшыратып, өлімінен соң Иран тағына 12 жыл отырады.

Рауаяттарға қарағанда жүз қырық жыл ғұмыр кешкен Афрасиаб Иран патшасы Кейқауыс және оның ұлы Кейхұсрау дәуірінде де Иран-Тұран елдерінің тарихи оқиғаларының дәл ортасында басты кейіпкерлердің бірі болып өзіндік орнын байқатады.

Bahaddin Ögel: Әрине бұл Иран дастаны болғаны үшін басты қаһарман Афрасиаб емес. Ол тек қана дұшпан әскерлерінің мықты қолбасшысы. Біз Иран дастанында кеңінен суреттелген осы бір ханның тарихи тұлға ретінде қаншалықты маңызды екендігін байқаймыз.

Ескі түріктерде ортақ және ауқымды бір дастанның болғандығына күмән жоқ.

Қашғарлы Махмұт пен Жүсіп Баласағұн ең мықты қаһарман ретінде Алып Ер Тоңғаны жазғандарына қарағанда 10–11 ғасырларда Алып Ер Тоңға дастаны кеңінен тараған және танымал болғандығын байқаймыз. Екеуінің де бір бірінен хабарсыз Алып Ер Тоңғаны Иран дастанындағы Туран қаһарманы Афрасиаб деп атағандары кездейсоқтық емес. Алып Ер Тоңға туралы Жүсіп Баласағұн былай дейді.

Назар салсаң, бұл түріктің бектері,
Жаһанның өз бектері, асыл тектері.

Түрік бектері ішінде атын асырған,
Алып Тоңға Ер еді, құты тасыған.

Білімі- даңқы ұлы, көптің сарасы,
Білімді, ойлы әрі халық ағасы.

Зерек, дана көңілі сара, сері еді,
Жұтты жалған елге тұтқа ел еді!
Тәжіктер оны Афрасиаб деп атаған.
Елдерге ол көп ізгілік жасаған.

Қажет білсең білім, ақыл даналық,

Қолға алуға дүниені қаратып.

Тәжіктер де хатқа мұны түсірген,
Кітапта жоқ болса кімдер мұны түсінген!?

Жақсы айтқан хас батыр, ер кешегі,
«Не бір берік түйінді ерлер шешеді!»

Өнер керек жаһанды ұстап, ұғуға,
Гүр арыстан керек құлан қууға.

Жиһангерге қасиет керек мың, түмән,
Сүйенсе оған, білмейді елі мұң, күмән.

Жаудың бойын қылышымен бұқтырып,
Түзесе елін әділ заңмен ұқтырып.

Şeşen age: Қашғарлы Махмұт Алып Ер Тоңға немесе басқа дастандардан үзінділер алып қана қоймай, Ұлы Ескендірдің Түрік қағаны Шумен кездескендігі туралы айтылған «Алтын хан» оқиғасын да (Шу дастанында) хатқа түсіріп алған.

10 ғасырда Араб тарихшысы Месуди түріктер мен түрік билеушілері туралы айтқанда түрік жұртының Қытай мен Хорасан арасын мекендегендігін, осы жерлерде көптеген қала салдырғандықтары туралы айтады. Сонымен бірге Афрасиабтың осы жердегі түріктердің билеушісі және хандар ханы екендігін, барлық түрік мемлекеттерінің билеушісі екендігін, басқа хандардың оған бағынышты екендігін айтады. Иранға үстемдігін жүргізген Афрасиабтың да хан әулетінен екендігін айтады.

Mustafa Aksoy: Жүсіп Баласағұнның бұл айтқаны орынды. Өйткені Афрасиаб туралы деректердің көбі бізге Шаһнама арқылы жеткен. Түрік билеушілері туралы деректердің түріктер арасында да ұмытылмағандығын осы түрікше шығармаларда да кездескендігінен білеміз.

Bahaddin Ögel: «Тоңға Алып» немесе «Тоңға Алып Ер» ержігіт, жаужүрек адамдарға айтылатын, кең тараған теңеу сияқты көрінеді. Бұл сөздің тек бір жерде ғана Афрасияб екендігін айтқан Құтты білік, бұл сөзді басқа жерлерде батырлар үшін айтылатын жалпылама бір сипаттау сияқты қолданады. «жігіт және алып ер не дейді, есті», басқа жерде бір батырды мадақтағанда былай дейді: «Ақылды, дана, батыр және алып жүректі».

Фердаусидің Шаһнама атты шығармасында Афрасиябтың аты Тұран–Иран соғысымен бірге айтылады. Осы Тұран–Иран соғысындағы Афрасияб, Тұранның қолбасшысы Пешенктің ұлы. Парсылардың түріктерге істеген қорлығы туралы әкесінен естігеннен кейін өш алуға бел буады. **(Gömeç)** Шаһнамаға қарағанда Афрасияб бірнеше рет бүкіл Иранды, тіпті Араб мемлекеттерін басып алады. Бірақ кейін иран батырларынан Рүстеммен соғысқа төтеп бере алмай өз елін де жоғалтып алады. Соңында Кейхұсрау тарапынан өлтіріледі **(Mustafa Aksoy)**.

Сүлейменнамада Афрасияб Оғыз намадағы сияқты жыртқыш аңға ұқсатылады.

Сүлейманнамада Афрасиябтың баста Иранды басып алғандығы, кейін Анадолыны алып Синоп қамалына қазыналарын қойғандығы және осы жерлердегі мыс қазбаларына ие болғандығы Анадолы жерінен айрылып қалған Рұм Кайсары тарапынан өз. Сүлейман патшаға наразылық ретінде айтылады. Рұм Кайсары Афрасиябты былай деп көрсетеді: (суреттейді) «Афрасияб Тұран патшасы... Ол арыстандай айбатты, Зал ұлы Рүстем оның жанында қорқақ қояндай болып қалады». Сүлейманнамада Шаһнамадағыдай емес Афрасиябтың ирандықтарға жеңілуі туралы сөз де болмайды. Ол тек қана Алланың елшісі, «әлемнің билеушісі», құдіретті тағы мен жүзігі бар Әз. Сүлейменге ғана жеңіліп, мойынұсынады **(Mustafa Aksoy)**. Афрасияб Үндістандағы Буддадан бұрын өмір сүрсе де Орта Азиядағы түрік буддисттер оны, Орта Азия және Бұқара

жағындағы зәрдөштікі (отқа табынушылықты) жайғысы келген ирандықтарға қарсы соғысқан билеуші ретінде көріп, оған осындай әлеуметтік сипат берген. Осының бәрі ол туралы естеліктердің ғасырлар бойы ұмытылмағандығының көрінісі **(Mustafa Aksoy)**.

Жувейнидің «Тарих-е Жаһангоша» атты шығармасында ұйғырлардың шығу тегіне байланысты аңыздардағы Бөгі хан, ол тарихтағы Мойун (Мойын) Чор қағанның ұлы, Афрасиябпен бір кісі деп жазылады.

Бөгі қаған да түрік тарихындағы және түрік мәдениетіндегі маңызды тұлғалардың бірі. Түріктердің осы билеушісіне де Афрасияб дегендері көңіл аудартарлық.

З.В. Тоғаннан бастап көптеген тарихшылар Афрасиябтың сақтардың билеушісі екендігін айтады. Тоңға Алып Ер атымен аталатын осы ұлы қаһарман Сақ мемлекетін шырқау шыңға шығарып, құлдырау кезеңіне де апарған. Ол өлгеннен кейін оның ұлдары Орта Азияда сақтардың билігін ұстап тұрған. Кейін ол билеуші әулеттердің атасы болып кеткен. **(396 Togan, «Boz kurt...», s.36)**. Ирандықтар Афрасиябтың інісі Барсхан тарапынан өлтірілген Иран ханзадасы Сияуыш үшін ғасырлар бойы жылдың белгілі күндерінде қаза тұтса, түріктер Анадолы мен Әзірбайжанда ирандықтар тарапынан өлтірілген Алып Ер Тоңғаға жоқтау айтқан **(Zeki Velidi Togan)**.

Афрасиаб пен Алып Ер Тоңғаның бір тұлға еместігі туралы көзқарас:

С. Гөмеч Афрасияб пен Алып Ер Тоңғаны бір бірінен ажырату керек дейді. Егер екеуі бір адам болса Жувейни де Қашғарлы сияқты бір мағлұмат берер еді. Яғни, Афрасияб пен Тоңға Тегін немесе Тоңға Алып Ер бір кісі емес. Бәріміз білетіндей Селжұқтар да оның бесінші нәсілінен өздерін Афрасиябқа апарады **(Ebu'l-gazi Bahadır Han)**. Афрасияб барлық түріктердің атасы ретінде қабылданғанына қарағанда оның VIII ғасырдың алғашқы жартысында өлген Тоңға Тегінмен бір байланысы болуы мүмкін емес **(Gömeç)**.

«Қашғарлы айтқан Алып ер Тоңға 714 жылы Бес – Балық соғысы (713 yılında), Kök Türkçe yazılı belgelerden anladığımızı göre; «Kök Türk ordularının Baş-Balık

üzerine bir seferi vardır ve burada altı kere savaşmıştır». Çin kaynaklarından edindiğimiz bilgiler,

713 yılında Beş Balık'a ordunun idaresinin Kargan'ın oğulları İni İl Kağan, Togan Tigin ve

Kargan'ın eniştelерinin elinde olduğunu gösteriyor. Ancak bu savaşların izi Türk Milletinin

hatırasında derin bir yer etmiş. Türk Milletinin büyük bir yasa boğulduğunu görüyoruz. 714 senesinde

Beş Balık'ın kuzeyindeki bir yerin muhasarası sırasında, bir gün Tonga Tigin tek başına ата binerek

şehrin surlarının dibine kadar sokulmuştu. Etrafta saklanan ve pusu kuran Çin askerleri onu yakalayıp

öldürdü. Onun esir edildiğini sanan Kök Türk askerleri çok uğraşmış, fakat öldüğünü anladıkları

zaman her şeyden vazgeçerek, üzüntüye boğulmuşlardır. Hatta bu sefere katılan eniştelерinin, Tonga

Tigin'i kaybettiği için memleketine dönmeğe cesaret edemediği ve karısı ile birlikte Çin'e sığındığını

öğreniyoruz. Belki de o, Tonga Tigin'in ölümünden kendisinin sorumlu tutulacağını ve Kargan'ın

hışmina uğrayacağını sandığından ülkesine geri gitmemiştі) (**Gömeç**) кезінде аты аталған тарихи тұлға Қапған Қағанның

(401Kök Türklerin ünlü başbuğu Kargan Kagan zamanında, Türk milleti tarihinin en parlak yıllarının bir kısmını yaşamıştır. Kargan Kagan, tarihte 'Turan' dediğimiz bütün Türklerin bir olması

ülküsünü gerçekleştiren hükümdarlardan birisidir. (**Gömeç**) ұлы Тоңға Тегін » деп жазған Талат Текін мен ойы бір жерден шыққан С.Гөмеч өз ойын былай деп жазады: Күлтегін мен Білге Қағанның жазуларындағы (**Nihal Atsız**) Тоңға

Тегіннің інісі Іні Іл қағанның аты аталмағанына қарамастан, Тоңға Тегіннің аты аталған. 714 жылы өлген Тоңға Тегінді жоқтау салтанатының Күлтегіндікі сияқты 715-жылы 1 жыл өткеннен кейін жасалғанын көреміз. Осы кезде яғни, Толға

Тегіннің жоқтау салтанаты кезінде Оғыздар қатты соққы алды. Қысқаша айтқанда кейбір ғалымдар айтқандай Орхун жазуларында жоқтау айтылған Тоңға тегін мен Афрасияб бір кісі емес. Бірақ, Тоңға Тегін мен Қашқарлы айтқан Тоңға Алып Ер біздің ойымызша бір кісі болуы керек.

Көктүріктер арасында аты жер жарған Тоңға Тегіннің жауынгершілігі мен батырлығы өзі өлгеннен кейін де түріктер арасында жайылып, аңыз сияқты Қашқарлының заманына дейін келген. Гөмечтің ойынша Маһмұт Қашқарлы түріктер арасында жайылып кеткен осы шығарманы естігені үшін өз шығармасына жазып алған. Тіпті Шығыс Түркістанда Бездекліктегі құлаған ғимарат қабырғасында және киімдерінде қан болған суреттің жанында «Тоңға бол» деген жазуы бар минятюра сол Тоңға Тегіннің суреті болуы мүмкін (**Gömeç**).

Сонымен бірге кейбір ғалымдардың әркезде Иранның үстемдігінің түріктерге өткендігі, Афрасиябтың інісінің Соғдыны билегендігін жазғандары, Бумын (тұмын) Қаған мен інісі Истеми Қағанды еске түсіреді. Батыс Түркістан жерінде Иранның үстемдігінің түріктерге өтуі 6 ғасырдың екінші жартысынан кейін Ақғұндардың жойылып, иранның Византиямен соғыса бастаған кезіне сәйкес келеді. Бәріміз білетіндей Тұмын қаған хандығын құрып, мемлекетін мойындатқаннан кейін өзі Өтікендегі орталыққа орналасып, інісі Істеміні Төлөстердің батысындағы Он-оқтардың жеріне жібереді. Бұл жер де бәріміз білетіндей Соғды жері. Яғни жоғарыда айтылған ойларға қарағанда Афрасияб пен Тұмын қағанның бір байланысы болуы мүмкін екендігін айтқан С. Гөмеч кейін Ирандықтардың Оғыз ханға да Афрасияб деулері мүмкін екендігін айтады. Оның ойынша Афрасиябты 10 ғасырдан кейін барлық деректерде көре бастауымыздың себебі де осы болса керек (**Gömeç**).

Сақ (Шу) дастаны

Маһмұт Қашғарлы «түркімен» сөзін түсіндіргенде Шу дастаны туралы мынадай мағлұмат береді.

«Түркмен: бұлар оғыздар. Оларда мынадай хикая бар: Зұлқарнайын Самарқантан асып, түрк қалаларына қарай беттеген кезде, түркердің Шу есімді бір жас хақаны болған екен. Ол үлкен қосынның иесі болған. Баласағұн жанындағы Шу қаласын Шу басып алғанда өзі салдырған. Баласағұндағы сарайының алдында күн сайын бектер мәртебесіне үш жүз алпыс рет дабыл қағылып тұрған. Батыр, хақан Шуға Зұлқарнайынның жақындап қалғандығы жөнінде хабар жеткізіп «Зұлқарнайын жақындап келіп қалыпты. Онымен соғысамыз ба, не істейміз?» деп сұрапты.

Қаған Шу Хожанд дариясының бойына қарауыл қойып, әрі Зұлқарнайынның өзеннен өткенін хабарлау үшін сол өзен жаққа таңдаулы қырық тарханнан шолғыншы жіберіп отырса керек. Олар жасырын жөнелтілген. Шолғыншылардың кеткендігінен хан қосынындағылардың бәрі бейхабар, ешкім білмейді екен. Оларға қарағанда хақанның көңілі жай, жүрегі орнықты екен. Хақанның жорыққа, сапарға шыққанда қоса алып жүретін күмістен құйылған хауізі бар екен. Оған су толтырғаннан кейін қаз, үйрек жүзіп, сүңгіп ойнайды екен. «Зұлқарнайынмен соғысамыз ба, қайтеміз?» – деп сұрағандарға: хауізін көрсетіп: «Қаз, үйректерді қарандаршы, қалай сүңгиді екен?» деп жауап береді. Хақанның жауап орнына айтқан сөзі адамдарды ойлантып тастайды. Олар бұдан «Хақан Зұлқарнайынмен ұрыспақшы да емес, өзі бір жаққа шегінбекші де емес» деген дүдәмал ойға қалады. Зұлқарнайын дариядан өтеді. Шолғыншылар оның дариядан өткенін хақанға түнделетіп келіп хабарлайды. Хақан сол түнде дабыл қақтырып, Шығысқа қарай жолға шығыпты. Хақанның әзірліксіз жолға шыққандығынан халық ішінде алаңдау туып, әбігер болады. Ылау тапқандары асығып-аптығып, мінгесіп-ұштасып хақанның соңынан еріпті. Әбдірегендіктен, сасқандықтан бірі-бірінің ылауына мінісіпті. Таң атқанда үлкен бір сайға келіп кіреді. Ол кезде Тараз, Испіжап, Баласағұн қалалары салынбаған уақыт. Бұлардың бәрі кейін салынған. Ол жерлерде киіз үйлерде тұратын көшпенділер өмір сүретін. Хақан өзінің қосынымен

түнделетіп аттанғанда, жиырма екі адам олармен бірге келуге ылау таба алмай, бала-шағаларымен сол жерде қалып қояды. Олардың есімдерін кітаптың басында көрсеткенбіз, малдарына басатын таңбаларына дейін тоқталған болатынбыз. Мәселен «қынық, салғұр», тағы басқалары. Осы жиырма екі ауыл осы жерде тұра берсек деп кенесіп тұрғанда, олардың қасына екі кісі келіп қосылады. Олардың бала-шағалары да қастанында бірге екен. Жүктерін арқаларына артып алып, қосынның соңынан кетіп бара жатқан беттері болса керек. Арып-ашып, шаршаған, қиналған, жүк артып терге малшынған. Осы екі ауыл, қалып қойған жиырма екі ауылға қосылып, тілдеседі. Екі түгін оларға: «Ай, адамдар! Зұлқарнайын да бір жолаушы, ол бір жерде тұрмайды, біздің жерде де тұрып қалмай өтіп кетеді. Біз бәрібір өз жерімізде өзіміз қаламыз», деседі. Олар екі ауылға «Қал ач – Осы жерде қалындар, осы жерде тұрып қалындар» – депті. Кейін олар «Қалач» деп аталып кеткен. Қалачтардың түп негізі солар. Олар екі тайпа жұрт.

Зұлқарнайын келгенде олардың ұзын шаштарын, түркерге тән қасиет белгілерін көріп, жөн сұратып сөйлеспестен ақ «түрк мәненд» дейді. «Түркерге ұқсайды» дегені екен. Содан кейін осы атау солардың аты болып қалған. Негізінде олар жиырма төрт рулы жұрт. Әйтсе де, ежелгі әдетпен жиырма екі ата қалған екеуін өздерінен бөлек санайды. Сол себепті олар оғыз деп есептелмейді. Бұл сөздің жөні де солай.

Хақан Шу Шынға өтіп кетеді. Зұлқарнайын оның соңына түседі. Ұйғырларға жақын жердің бірінде Шу хақан Зұлқарнайынға бір бөлек қосын жібереді. Зұлқарнайын қарсы қол салады.

Бұл шайқас «Алтүн қан» деген бір тауда болған еді. Қазір ол тау «Алтүн хан» деп аталады. Зұлқарнайын мен хақан Шу сол жерде бітімге келеді. Одан кейін Зұлқарнайын ұйғыр қалаларын салдырады; сол жерде біраз тұрып қалады. Зұлқарнайын қайтып кеткеннен кейін Шу хан қайтып келеді де, Баласағұнға қарай ілгері басады. Содан соң өзінің атымен

аталып кеткен Шу қаласын салдырады. Сол жерді ырымдап тылсымдатады. Күні бүгінге дейін ләйлектер сол тылсым сиқырлы қала маңынан асып кете алмайды. Шаһар тұсына келіп тоқтап тұрып қалады. Әрі қарай өте алмайды. Сол тылсым күні бүгінге дейін бұзылмай сақталып келеді.»

«Шу батыр» эпостық жыры – Жетісулық сақ тайпаларының тарихымен сабақтас жатқан, ерліктің тарихи шындықпен өзектес жатқан тарихи қазына. Өйткені бұл ерлік жырында тарихта болып өткен шындықтың бедерлі ізі жатыр. «Шу батыр» дастаны біздерге қытай деректері түрінде өлең үздіктері арқылы жетіп отыр.

Баласағұн қаласының маңынан салынған Шу қамалы жырға қосылған. Жауға деген ерліктің көрінісі мен алысатын жауы – табғаш екені:

Таудың арғы бетінде
Табғаш жатыр біәді аңдып...
Кеше шайқас кезінде,
Қан ішетін қорқақты
Биік таудан асырдық.
Көктен тілеп күш қуат,
Тәңірі бізді қолдады.
Тізе бүкпей тік тұрды
Көк бөрінің ұлдары, –

деген өлең жолдары табғашқа қарсы соғыстың жеңісі мен жеңісті жеделдеткен «көк бөрінің» ұлдары мен олардың көк тәңіріге сиындағы монотеистік танымына шейін белгі беріп суреттелуі жай нәрсе емес.

Шу батырдың грек басқыншысы Ескендірге қарсы қойылған айласы, 40 батырдың жеңісі, Ескендірдің жеңілісі де жырда эпостық жыр дәстүрімен берілуі себепті:

Шайқасқа шықты Шу батыр,
Бермеу үшін намысты.
Лек-лек жасақ тоғысты,
Аспан мен жер қағысты, –

деп кәдімгі батырлар жырындағы жекпе-жек соғыстың жанды суретін көз алдымызға келтіреді.

Шу батырдың көк сарайы, көк бөріні кие тұтып, көк байрақты көтеруі- бүгінгі көк туымыз соның жалғасындай сезіледі.

Дастандағы көк сарайдың арнайы жырға қосылуы шындықтан тыс кетпеген – Түрік қағанатына келген Византия империясының елшісі Менандр Протектордың: «... Түрік жеріндегідей әсем, тіпті, есіктеріне дейін алтынмен апталған, түрлі-түсті жібекпен көмкерілген ғажайып көк шатырларды ешқашан көрмегенмін», – деп таңдана жазуы – сол дәуірдегі тарихи шындықтың алтын сынығындай көп сырдың бетін ашып тұр.

Сақ (Шу) дастаны туралы қортынды ойлар:

Ali Öztürk: Түріктердің тарихтағы ең ескі аталары сақтар болып табылады. Көктүрік дәуірінде өмір сүрген Византия тарихшысы Менандер Көктүріктерді сақ деп атаған деген дерек келтіреді. Азияда үстемдіктерінен айрылғаннан кейін Үнді мемлекетіне қарай жылжыған сақтарды үнді тарихшылары сақ, ғұн және түрік деп жазады. Ескі ибрани тілінде Чу (Су-Шу-Со) атауы, Маһмұт Қашғари жазған Сақ (Шу) дастаны, Көктүрік дастандарындағы және Көктүріктердің ең ескі аталары ретінде белгілі болған Со-Су арасында байланыс бар.

Ahmet Kabaklı: Көбінесе аңыздар арқылы бізге жеткен алғаш түрік мемлекетін құрған Сақтар дәуірінен Алып Ертоңға және Шу атты екі аңыз бізге келіп жеткен. Сақтар дәуірі туралы тарихтан емес осы екі дастаннан көбірек мағлұмат аламыз. Бұл мемлекетті Ғұндар құлатқан деп білеміз. Өйткені б.з. дейінгі 177-жылы тарих сахнасында олардың алғаш рет Ғұндардан батысқа қарай қашып бара жатқандарын көреміз. Тек қана Алып Ертоңға мен Шаһнама дастандары ғана сақтар туралы мардымды мәлімет бере алады.

Алып Ертоңғаның тарихта болған адам екендігі шындыққа жатады. Сақтардың (тіпті Сақ атауының) Искиттермен байланысы болуы мүмкін деп те ойлауға бола-

ды. Кейбір тарихшылар, б.з.д. (VII–II) бес ғасыр бойы үкім сүрген осы императорлықтың Европадағы бөлігіне Искит, Хазер жағалауы мен Орта Азиядағы халыққа да Сақ (немесе Шу) деген атау берілген.

Ali Öztürk: Батыстан келген жау әскерлерінің ығыстыруымен түрік қағаны Шу шығысқа қарай шегінеді де осы оқиғаның дамуы кезінде сақ дастаны да пайда бола бастайды. Батыстан келген жау Ирандықтардың Азияда сақтарға жасаған шабуылдары мен жойқын соғыстары болса керек. Шындығында да Шулардың б.з.дейігі 116 жылы Қытайға басып кіріп, қағанат құруларының да себебі осы ирандықтардың сақтарға жасаған шабуылдары нәтижесінде болған еді. Ирандықтардың сақтарға жасаған осы жорықтары Сақ дастанының пайда болуына ғана емес, сонымен бірге Алып Ер Тоңға және Оғыз Қаған дастандарының да негізін қалауға себепкер болған.

Kazım Yetis: Сақтардың екі дастаны бар, олар Алып Ер Тоңға және Шу дастандары. Шу дастаны туралы ғалымдар «Диуан Лұғат түрік» кітабында түрікмен және қолаш сөздерінің түсінігін беру кезінде айтылған әңгімелер дастанның бір бөлігі болуы мүмкін деген пікірге тоқтайды. Бұл жерде ұлы Ескендір немесе одан бұрын өмір сүрген Арияни (Aryani) корольінің шығысқа жасаған жорығында сақтармен олардың ханы Шудың оқиғасы айтылады.

Ali Öztürk: Дастанда түріктердің ең ескі кезеңдері туралы айтылады. Кейбір рулардың (тайпалардың) атауларының қалай пайда болғандығы туралы да айтылады. Қаған шығысқа қарай шегінгеннен кейін артта қалып қойған 22 кісіге 2 жанұя тағы қосылады да, олар Қалаштардың атасы ретінде көрсетіледі. Сол сияқты Оғыз Қаған дастанында да Қалаштардың қалай пайда болғандықтары туралы оқиға бар.

Сұрақтар:

1. «Авеста» кітабы туралы не білеміз?
2. Түрік халықтарының ежелгі дәуір әдебиетіндегі жыр дастандарын атап көрсетіңіз?

3. Авеста «Тұран» және Тұрандық Афрасиаб жайлы не дейді?

4. Жүсіп Баласағұнның түркі және Афрасиаб туралы өлең жолдарын жазыңыз?

5. Маһмұт Қашғарлы шығармасындағы Афрасиабтың жоқтауын талдаңыз?

Білімгерлер өздерінің ой қорыту және талдау қабілетін сынау үшін берілген сұрақтар:

1. Түрік халықтар әдебиет тарихын не үшін /ежелгі және ортағасыр/деп екі дәуірге бөліп қарастыруға тура келді?

2. Афрасиаб жоқтауы араға он жеті ғасыр өткеннен кейін хатқа түскенін қалай түсінуге болады?

3. XI–XII ғасырларда түркілік сананың оянуына қандай тарихи, саяси және мәдени факторлар әсер етті.

4. Афрасиаб пен Алып Ер Тоңа бір тұлға еместігі анықталса түркілер ежелгі дәуірде екі бөлек ірі тұлғаға ие болғанына қалай қортынды жасай аламыз?

Көне түркі жазба ескерткіштері

Күлтегін жазуынан:

«биікте Көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда екеуінің арасында адам баласы жаралған. Бұдан кейін бүкіл адамзат баласына Білге қаған мен Күлтегін батырдың ата-бабалары билік жүргізген». Түгел түркінің басын қосып, қуатты мемлекет орнатқан Бумын қағанмен Істемі қаған мадақталады. «Күлтегін» жырының авторы Түрік қағандығының бүкіл әлемді аузына қаратқан айбарлы да абыройлы дәуірін зор мақтаныш сезіммен жырлайды. Сондай-ақ «Соңындағы інісі ағасындай болмады, Ұлдары әкесіндей болмады. Біліксіз қағандар отырған екен, Жалтақ қағандар отырған екен», «Бек ұлдары – құл болды, Пәк қыздары – күң болды». Міне, содан кейін ақын Күлтегін: «Бастыны – еңкейтті, Тізеліні – бүктірді», – «Жалаңаш халықты тонады, Кедей халықты

бай қылдым. Аз халықты көп қылдым. Тату елге жақсылық қылдым», – деп ақын Күлтегін аузынан зор мақтаныш сезіммен жыр төгеді.

Көне түркі жазба ескерткіштері жалпы сипаттамасы туралы не білесіз?

Жауап: **Көне түркі жазба ескерткіштері**, *түркі руникалық жазба ескерткіштері* – VII–XIX ғасырлардағы көне түркі ойма жазулары мен қолжазбалары, көне түркі әліпбиіндегі әр алуан мәтіндер. Көне түркі жазба ескерткіштері арқылы



қазіргі түрік халықтарының көне тілін, тарихын, этногенезін, географиясын, рухани мәдениетін, жазба дәстүрін, әдет-ғұрыптары мен дүниетанымын білуге болады.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің табылған аймақтары:

Көне түркі жазба ескерткіштерін табуға жылдар бойы археолог ғалымдар көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесінде табылған жазба ескерткіштердің аймақтары әзірше төмендегідей белгіленді: Сібірдегі Енисей, Лена өзендерінің аңғарлары, Моңғолиядағы Орхон, Онгин, Селенга өзендерінің алқабы, Орта Азия мен Қазақстандағы Талас пен Сыр бойы, Ертіс пен Іле аймақтары жатады.

Иссык жазба ескерткіші – сақ дәуірінен қалған жазба ескерткіш (б.з.д. 5–4 ғ.). 1970 ж. Іле өңірінің тау бөктеріндегі Есік қаласы іргесіндегі Сақ заманынан қалған үлкен қорымнан алтынға малынған жауынгер мөйіті және оның түрлі заттары, соның ішінде жұмбақ жазуы бар күміс тостаған табылған. Оның сырт жағына руна тәріздес 26 таңба ойылып жазылған. Ескерткіштің құндылығы – біріншіден, ертедегі Қазақстан жерін мекендеген сақ тайпаларының тілі яғни көне түркі тілі екендігін, екіншіден, бұдан 2500 жыл бұрын түркі тектес тайпалардың әліпбилік жазуы болғанын дәлелдейді. Үшіншіден, аталған ескерткіштің табылған кезеңі Қорқыт дастаны мен Афрасиабтың жоқтау жырының жырланған заманымен шамалап жақын кезеңдерге саяды. Бұл түркінің ауызша әдебиеті мен жазба әдебитінің бастау кезеңі бір-біріне жақын болғанын байқатады.

II тарау

ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ИСЛАМДЫҚ ОРТАҒАСЫРЛАР ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНА КІРІСПЕ

Ислам әлемінде VIII–XV ғасырлар аралығында дүниеге келген ғылыми жаңалықтар мен әдеби туындылар әлем мәдениеті мен өркениетінің даму барысына жаңаша қарқын мен бағыт алды. Соның ішінде түркінің ұлы ғалымдары мен ақындарының туындылары Ислам өркениетіне мол үлес қосты. Сол себепті исламдық ғылым мен әдебиетін тану түркі дүниесі үшін бүгінгі заманның зәру тақырыбы. Өйткені қазіргі түріктестес Түркия, Қазақстан, Өзбекістан, Қырғызстан, Түрікменстан, Әзірбайжан және Кипр мемлекеттерімен бірге автономиялық Татарстан, Алтай, Саха тағы басқаларының исламның дамуына қосқан үлестері, олардың адамзат тарихына жасаған ортақ еңбектері саналады. Сол үшін ислам тарихын зерттеп, зерделеу – көкірек көзі ояу әрбір азаматтың міндеті. Ол қазіргі түркі ұрпақтарына ислам дүниесімен танысып алуларына, әрі өзара сыйластықтарын арттыра түсулеріне сеп бола алады.

Түрік халықтарының ортақ әдебиеті б.з. дейінгі VI–V ғасырлар аралығында (кейбір болжамдарға қарағанда б.з.д. II мың жылына дейін) басталады. Мәселен Афрасиб жоқтауы ауыздан ауызға өтіп, ғасырлар өткен соң оны Махмұд Кашғари ел аузынан жинап «Диуан-е лұғат түрік» атты кітабына енгізді. «Төрттік» түрінде жырланған жоқтау түріктестес халықтарының көркем әдебиетінің бастауы болып саналады. Кейін Қ.А. Йасауидің «хикмет» шығармасындағы төрттіктер арқылы өз жалғасын тапты. Қазақ хандығы дәуірінде хәм одан кейінгі кезеңде қазақ ақындары мен жыраулары төрттік формасының өміршең екендігін көрсетті. Оны Дулат Бабағайұлы, Абай Құнанбайұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы сынды ақындардың шығармаларынан молынан көруге болады. Қазақ әдебиеттанушы ғалымдары «төрттік» кейде «төрт таған» немесе «төрт тармақ» деп те айтып жүр.

Зерттеулерге қарағанда Парсы тілдес ақындар түркі «төрттігінің» формасын алып, өздеріне тән уәзіндік өлшеммен төрттіктер жырлай бастады. Оны «рубаи» деп атады. Рубаи төрттік деген мағынаны білдіретін араб сөзі болғанымен жырлану өлшемі арудтық болғаны үшін түркінің төрттігінен ерекшеленіп тұрады. Иран ақыны Омар Хаямның (1123–1197) рубаилары әлемге танымал болған. Сол үшін кейде қазақ ғалымдары қазақтың көне мирасы болған төрттікті жансақ түрде рубаи деп жазады. Түркілердің ежелгі дәуір әдебиеті түркі даласына ислам діні енгенге дейін ерлік, әдет-ғұрып, жоқтау сияқты тақырыптар төңірегінде көбінесе аталған төрттікпен жырланып келді.

Түркілердің ортағасырлық әдебиеті VIII–XV ғасырлар аралықты қамтиды. Оның бастау кезеңі араб мұсылман халифаты әскерінің түркі даласына ислам дінін тарату үшін қадам басқан VIII ғасырдың бастапқы жылдарынан басталады. Халифат әскері талай рет түркі даласына жорықтар жасады. Ол жөнінде араб тарихшылары өз еңбектерінде жазған. Соның бірі Нәрсәхидің «Бұхара тарихы» атты кітабы. Соған қарағанда түркілер әу-баста іле-шала ислам дінін қабылдай қоймаған. Алайда, түркілердің әскері мұсылман халифатының көмегімен шапқыншы қытай әскерін жеңіп, күйреткен 751 жылдан кейін түркі халықтары Ислам дінін емін-еркін қабылдай бастады (751 жылғы оқиға жөнінде араб тарихшысы Ибн Әсир жазбаларымен қоса қытай деректерінде де айтылады). Сол оқиға түркілерді өз еркімен Ислам дінін қабылдауға ерекше әсер етті. 751 жылы бүгінгі Қазақ жерінде орын алған оқиғаны Ибн Әсир «Ислам тарихы» атты он екі томдық еңбегінде былай суреттейді: «Бұл жылғы (751) оқиғалар ішінде Фарғана әміршісі Ахшид пен Шаш әміршісінің арасында келіспеушілік туындады. Ахшид Қытай импреторынан жәрдем сұрады, император да жүз мың жауынгер көмекке жіберді. Бұл жауынгерлер келді. Шаш патшасын қысымға алып, қоршады. Шаш патшасы осыған орай Қытай императорына бағынуға келісті. Өзіне және адамдарына ешқандай жамандық жасалған жоқ. Әбу Мүслім

қытайлардың келгенінен хабардар болды. Олармен соғысуға Зияд б. Салихты жөнелтті. Тараз (Талас) өзенінің жағасында бір-бірімен қарсыласты. Мұсылмандар қытайларға қарсы жеңіске қол жеткізді. Олардың елу мыңдайын өлтіріп, жиырма мыңдайын тұтқындады. Қалғандары қытайға қашып кетті. Бұл оқиға 133 жылдың Зилһижже айында орын алды» (607-б.). Содан бастап түркі даласында әдебиет, жаңа түрлерімен қоса жаңа мазмұндағы тақырыптармен де молая түсті. Бұл бастау араб, парсы, түркі мәдениеттерінің тоғысында өзіндік тарихи-саяси ерекшелігімен дараланып тұрды.

Күрделі күрмеудің бірі – араб тілі исламның бастапқы ғасырларда үстемдік құрып парсы мен түркі тілдері оның көйленкесінде қалып қойғандығы еді. Бұл үрдіс екі-үш ғасырға созылып, тіпті парсы-түркі тілдері қолданыстан шығып, жойылып кету алдында тұрды.

Сол кезеңде араб тілінің үстемдік құруының бірнеше себебі болды. Оның бастысы – құран кәрім Алланың сөзі араб тілінде болғандығы. Онымен қатар тағы да үш себеппен байланысып тұрды. Біріншіден – Мұхаммед (с.ғ.с.) Алла тарапынан пайғамбарлыққа тағайындалған соң игі істерінің бірі аударма саласына ерекше көңіл бөлгендігі. Пайғамбар сол заманның өркениетті Грек, Иран, Үнді елдеріндегі әр түрлі саладағы шығармаларды араб тіліне тәржімалауды бұйырды. Пайғамбар іргесін қалаған аударма ісі одан кейінгі уақытта да өз жалғасын тауып, 850 жылға дейін сол дәуірдің тамаша ғылыми һәм әдеби туындылары араб тілінде сөйлеп үлгерді. Араб тілі Құран кәрімнің негізінде өзге де ғылыми дүниелермен байып өз заманының ғылыми сөздік қорын молайтып, мол қазынаға айналды. Сондықтан ұлы ойшылдар мен ғалымдар араб тілін қажетсініп тұрды. Әбунәсір Әл-Фараби, Харезми, Ибн Сина, Зәкерия Разимен бірге жүздеп саналатын түркістандық, ирандық ғалымдар араб тілінде оқып, жазды. Екіншіден – Ислам халифатының тізгіні арабтардың қолында болғандықтан саяси билікке жақын жүрген түркі мен парсы шенеуніктері де араб тілін үйренуге ден қойды. Үшіншіден – экономиканың да қарқынды дамуы

араб тілінің пайдасына шешіліп тұрды.

Араб, парсы мен түркілер арасында ғылымның қарқынды дамуы әрі сол елдердің бір-бірімен жақынырақ қарым-қатынаста болуларына негізгі тірек Ислам діні болды. Араб, парсы және түркі сахарасындағы қалаларда ғылым мен мәдениетке арналған барша халықтарға қызмет көрсететін орталықтар ашылды. Яғни – медреселер, мешіт жанындағы дәрісханалар, ханқаһлар, кітапханалар мен кітап дүкендері, жұмыс істеп жатты. VIII ғасырдың соңына қарай Бағдат қаласында жүзден аса кітап сататын дүкен мен кітапты көшіретін орталықтар, Сондай-ақ көптеген мешіттердің жанында кітапханалар болған. Ирактағы Маусыл қаласында 950 жылы ауқатты бір жанның қаржылай көмегінің арқасында үлкен орталық кітапхана салынды. Кітап оқушылар кітаппен бірге қажетті қағазын сол жерден ала алатын еді. Жалпы орталық кітапханалар барлық мұсылман қалаларда тәулік бойы толассыз жұмыс істеп жатты. Ислам өлкелерінде ғалымдар мен ақындар үлкен құрметке ие болғандықтан олар ерекше ықыласпен білімге сусындаған талапкерлерді қаланың ортақ алаңдарында ашық алаңқайда жинап сабақ өтуді үрдіске айналдырған еді. Сол заманда құлдықта болған адамдар бостандық алып, ұл-қыздарын алты жасынан бастап мешіт жанындағы медреселерге беріп оқыта алатын болды, жалпыға арналған медреселерде оқу тегін болған, кейбір медреселерде оқу ақысы болған жағдайда өте мардымсыз ақы төленетін болғандықтан бәріне білім алу мүмкіндігі жасалған еді. Исламның сол бір алтын дәуірінде Иранның Рей, Ирактың Бағдат, Маусыл шаһарлары мен бірге Бәсре қаласы, Түркістанда Мәрв, Харезм, Тараз, Баласағұн тағы басқа қалаларда білім ошақтары көп болған. Үш елдің аумағында жүздеген медресе, кітапхана, кітап дүкендерінің болғаны кітап оқушы қауымның санын арттырып отырды. Бұның өзі үш ел арасына сауда жасап жүрген саудагерлерге кітап үлкен табыс көзіне айналғанды. Сондықтан сол дәуірде сауда керуендерінің ең құнды тауары кітап болған. Соның арқасында үш елде де исламдық және ислам қағидаларына

негізделген сопылық әдебиет дами түсті. Орта ғасырда ғылым мен әдебиеттің дамуы өте қарқынды жүрді. Сол үшін қазіргі заманда дүниежүзінде араб тілінде 630 мыңнан аса қолжазба бар. Парсы тілінде екі мыңға жуық, түркі тілінде он мыңдаған қолжазбалар әлем елдерінің түрлі қолжазба қорларында сақталып келе жатыр.

Ислам тарихында бір шындыққа ат үсті қарауға болмайды. Ол аталған үш елдің ғылымымен бірге қоғамдық ортасында да араб тілінің үстемдігі еді. Бұл үрдіс Үммеие халифаты (661–750) билік құрған жылдары айрықша ушығып тұрды. Әсіресе Үммеие саясатында арабтардан өзге халықтарды кемсіте «Әжәм», – деп атағаны парсы жұртына ауыр тиді. Сол себепті ирандық ұлтшылдар арабтардың ұлттық саясатына қарсы шықты. Сондайда халифаға қарсы иран көтерісшілерді басқарған Әбу Мүслим Хорасани жеңіске жетіп, Үммеие династиясын халифаттан құлатып, Аббас әулеттерінің халифат тағына отыруына сеп болды.

Аббас халифаты (750–1258) мұсылман өзге ұлттарға ымырашыл саясат ұстанды. Дегенмен араб тілінің ықпалынан иран елінде парсы тілі ұмыт болып бара жатқан шақта тілі парсы, діні Ислам сүнни ханафи болған Саман әулеттері халифаттың нұсқауы бойынша Хорасан мен Мауароннарде (892–1005) әмірлік тізгінін ұстады. Хорасанда әмір болған Мансұр ибн Саман парсы тарихы мен мәдениетіне айрықша көңіл бөлгені соншалық оның басқаруымен ежелгі иран тарихының деректері жинақталып, жаңа парсы дәрі тіліне проза түрінде аударылды. Бұл жинақ аталған әмірдің құрметіне «Шаһнаме Мәнсұри» деп аталды. Бұл кітап иранның ежелгі дәуір патшаларының өмірін баяндайтын шығарма еді. Әмір Мәнсұрдың өлімінен кейін ол қолжазба ер жеткен ақын Әбілқасым Фирдаусидің қолына тиді. Ақын «Шаһнаме Мәнсұри» жинағын өзі қосқан қосымша тарауларымен прозадан поэзияға айналдырды. Ел құрметіне бөленген бұл нұсқа «Шаһнаме Фирдауси» атымен бүгінге дейін әлем жұртшылығына әйгілі болып келе жатыр. Шаһнаме жыры иран жұртшылығының парсы тіліне

құмартуға себеп болып, парсы тілінің жандануына мықты негіз қалады. Фирдаусидің де мақсаты парсы елінің ұлттық санасын ояту еді. Ақынның көздеген мақсатын өзі жырлаған мына өлең жолдарынан байқай аламыз:

Отыз жылдай тауқымет шегіп, ана тілімді тірілттім,
Сол арқылы парсыларды өз тіліне жүгінттім.
Замананың желі менен бораны да жоя алмас,
Әсем, зәулім сарайды мен сөзден салып құбылттым.

Фирдауси осындай ұлттық биік армандары үшін қазіргі кезде «ианның ұлттық» шайыры болып танылады.

Фирдаусидің «Шаһнаме» жыры парсылармен қатар түркі халықтарының да қызығушылығын парсы тіліне оятты. Сол себепті түркі ғалымдары мен ақындары парсы тіліне жүгіне бастады. Сөйтіп түркі тілі араб пен парсы тілдерінің ықпалында өз болмысынан алыстап кете берген заманда түркінің Қара хан әулеттері билікке келіп (840–1212), түркінің ұлттық болмысын сақтап қалу жолы тек қана елінің тіл, дін, діл бірлігі екендігін алға тартты. Сол себепті Қара хан мемлекетінің дінін «Ислам сүнни ханафи» етіп жариялады. Түркі тілінде шығармалар жазылуын ескертті. Бұл кезеңде Жүсіп Баласағұн дидактикалық «Құтты білік», Махмұд Кашғари «Диуан лұғат түрік», Қ.А. Йәсауи сопылық сарындағы «Хикмет» туындысын түркі тілінде жырлап шықты. Сөйтіп олар түркілік сананың ояну жаңа кезеңінің бастау бұлақтары болып тарихқа енді. Сол кездегі саяси билік пен зиялы қауым өздерінің көздеген мақсатына жеткеніне тарих куә. Өйткені түрік халықтары қазіргі уақытқа дейін Ислам сүнни ханафи мәзһабта түркі тілі мен әдет-ғұрыптарын сақтап келеді. Сол кезеңдегі әдеби шығармалар әдебиеттің ұлттық идеологияны іске асырудағы маңызды құрал екендігін де дәлелдеп берді.

Фирдауси өз шығармасымен парсы жұртының ұлттық санасын оятып, елеулі қызмет жасады десек, Қ.А. Йәсауи түркілермен қоса Ислам әлемінің мәдени-саяси кеңістігіне өлшеусіз үлес қосты. Қ.А. Йәсауи шығармасының артықшылығы да оның исламдық мазмұнында болды. Қ.А.

Йасауи бастаған исламдық сопылық әдебиеті Баһаеддин Нақышбэнд, Қажы Бекташ, Ашық Паша (1272–1333), Жүніс Әмре (1238–1320) сынды ұлылармен Орталық Азия мен Анадолыда Түрік халықтарының рухани тұтастығын күні бүгінге дейін қамтамасыз етіп келеді.

Исламға негізделген әдебиет пен ғылыми салалар қарқынды түрде дами бастағаны соншалық 750–1050 жылдар аралығындағы кезең ислам өркениеттінің «ренесанс-қайта өрлеу» дәуірі іспеттес европада өріс алған келешектегі ғылымның ғажайып жетістіктеріне негіз қалап берді. Оған араб, парсы мен түркі ойшылдары бірлесе отырып өлшеусіз үлес қосты. Әдебиет түрлі жанрда, ғылым түрлі салада үлкен табыстарға қол жеткізді. Мұхаммед ибн Мұса Хarezми (770–850) алгебр мен логаритм ғылымын дүниеге алып келді. Әбунәсір Әл-Фараби (870–940) философия, логика, музыка секілді салалардың жаңа биігін қалады. Әбу Рейһан әл-Бируни (973–1048/50) тарих, математика, астрономия, жағрафия, топография, физика, медицина, геология, минерология, т.б. ғылыми салаларда энциклопедист ғалым ретінде адамзат ғылымына орасан зор үлес қосты. Әбу Әли ибн Сина (980–1037) терең ойлы философ, медицина ғылымының данышпаны. Оның медицина саласында жазған «Қанун» атты еңбегі ХХІ ғасырдың табалдырығында орыс тіліне аударылып, 12 том болып 30000 данамен жарық көруі исламияттың ғылымдағы жарқын табысы дей аламыз. Сол кезеңдерде Ислам әлемінде ғылымның асқан даму барысын зерттеген Жорж Сартон исламның ғылыми кезеңін жетіге бөліп, әр кезеңді оның бастауына ғылыми жаңалық алып келген бір ғалымның атымен атады. Онда: 1. Жабыр ибн Һәйян кезеңі VIII ғасырдың екінші жартысы, 2. Мұхаммед Хarezми кезеңі IX ғасырдың бірінші жартысы, 3. Зәкерия Рази кезеңі IX ғасырдың екінші жартысы, 4. Мәшуди кезеңі X ғасырдың бірінші жартысы, 5. Жужжани кезеңі X ғасырдың екінші жартысы, 6. Бируни кезеңі XI ғасырдың бірінші жартысы, 7. Омар Хәйям кезеңі XI ғасырдың екінші жартысы,-деп көрсетті. Адамзат ғылымына нұрын шашқан аталған кезеңдерде

араб, парсы, түркі ғалымдары қай ұлттың өкілі екендігіне қарамастан ислам дінінің өркендеуіне жүрек қалауымен де санасының таңдауымен де аянбай қызмет жасады. Соның арқасында бір жағынан әлемдік ғылымның қарқынды дамуына негіз қалаған болса, екінші жағынан үштік өздерінің де әлем өркениеті керуенімен ілесіп жүре берулеріне мүмкіндік жасап қойды. Соның ішінде түркі халықтары түркілік санамен бірге исламның тарихын, дүниетанымын ақындары мен ғалымдарының шығармалары арқылы тани білді. Сондай-ақ әлем әдебиетіне ықпалын тигізе білді. Оған дәлел ортағасырда шығармаларын түркі тілінде жазып түркілік әдебиетке бастау бұлақ болған: Жүсіп Баласағұн, Махмұд Кашғари, Қожа Аһмет Йасауи шығармалары. Әрі XV ғасыр аясында әлемге мәшһүр болған ең соңғы даналары Әлішер Науаи, Ұлықбек, Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр есімдерімен сабақтасады.

Түркістан өлкесінде туып-өскен ұлы даналардың Ислам өркениетіне қосқан үлестері үш топта көрініс тапты. Бірінші тобы – шығармаларын араб тілінде жазғандар. Олар: Мұхаммед ибн Мұса Хarezми (770–850), Әбунәсір Әл-Фараби (870–940), Әбу Рейһан әл-Бируни (973–1048/50), Әбу Әли ибн Сина (980–1037). Екінші тобы – туындарын парсы тілінде жазып мұра қалдырғандар. Олар: Низами Гәнжи (1141–1209), Маулана Жәлаледдин Руми (1207–1273), үшінші тобы – еңбектерін Түркі тілінде жазған түркі ақындары мен ғалымдары. Олар: Жүсіп Баласағұн «Құтты білік», Махмұд Кашғари «Диуан лұғат түрік», Қожа Аһмет Йасауи (1041–1167) «Хикмет», Әлішер Науаи (1441–1501), Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр (1483–1530), Мырза Хайдар Дулат (1499–1551). Айтып отырған бұл тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болады. Сондықтан ІХ–ХV ғасырлар арасында Ислам өркениетінің ұлы жетістіктері араб, парсы және бүгінгі түрік тектес халықтарының ортақ рухани қазнасы болып саналады.

Ислам өркениетін, ислам тарихын рухани билік және саяси билік тұғырынан бес кезеңге бөліп қарастырымыз.

Мұхаммед (с.ғ.с.) (570–632) Меккеде дүниеге келіп, Алла тарапынан пайғамбарлыққа тағайындалып, дүниеден өткенше (610–632) рухани билігін орнатты. Пайғамбардан соң ислам дүниесінде саяси биліктің төрт кезеңі басталды. Оны тарихта Ислам халифаты деп білеміз.

Бірінші кезеңі – Ислам тарихындағы ең маңызды кезеңі. Ол кезеңде төрт халифа пайғамбардың орынбасары ретінде ислам дүниесіне билік жүргізді. Олар: Әбубәкір (632–634), Омар (634–644), Осман (644–656), Әли (656–661) – (оларға Алланың рәһметі жауғай). Қазақ жырларында оларға «шәдіяр» дейді, ол «төрт жар, дос» деген мағынаны білдіреді. Бұл кезеңде Құран кітабының жинақталып, қалыпқа келуі, ішкі алауыздықтың жойылуы, Рим мен Иран империяларының күйреуі ең басты табыстар болып табылады. Бұл кезең (632–661) жиырма тоғыз жылға созылады.

Екінші кезеңі – Үммейе халифаты (661–750), үшінші кезең – Аббастар халифаты (750–1258), төртінші кезең – Османлы халифаты (1258–1923) және Орта Азия түркілері. Жалпы түркілер білім мен ғылым саласына шектелмей Ислам дінін саяси тартыстардың қыспағынан аман-есен алып шығуға айтарлықтай ерлік жасап, қанды шайқастарда ұлы жеңістерге жетелеп отырды. Түркілер арасынан исламның нығаюы мен даму жолында аянбай тер төккен көптеген тұлғаларды атауға болады. Ислам діні әлемнің төрт тарапына қанат жайып, беки түсуіне әрі өрлеуіне: Қара хан Боғра, Сейфеддин Құтз, сұлтан Бейбарыс, II сұлтан Мұхаммед фтиһ (жеңімпаз) ерекше үлес қосып, исламның жаңа бір белеске көтерілуіне негіз қалады.

Түркілік ортағасырда Исламдық әдебиетіне қорытынды

Түркілік ортағасырда Ислам қағидалары негізінде өмірге келген этикалық-дидактикалық, қоғамдық қатынастарды реттеу мазмұндағы дастандар мен сопылық сарындағы хикметтер, моральдік-философиялық трактаттар, ғибраттық ма-

қал-мәтелдер, қазақ ақын-жырауларының толғау-жырларынан өзінің логикалық, тарихи, көркемдік жалғастығын тапты. Түркі қағандығы дәуірінде шығарылған ерлік эпосының бірі – «Қорқыт ата кітабы». Ал, бұдан кейінгі Қарахан мемлекеті тұсындағы немесе ислам дәуірі (8–11 ғ.) деп аталатын тарихи кезеңдегі түркі халықтарының қоғамдық-мәдени даму тарихындағы *Қайта өркендеу* – Ренессанс дәуірі деуге болады. Аталған дәуірде Бүкіл түркі қауымын әлемге танытқан Әбу Наср әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райхан әл-Бируни сынды ғалымдар: әл-Фарабидің «Риторика», «Поэзия өнері туралы», ибн-Синаның «Данышнамесі» («Білім кітабы»), әл-Бирунидің «Хикметтері» («Даналық сөздері»), шығармаларымен *Қайта өркендеу* – Ренессанс дәуірінің негізін қалады. Оның жалғасы түркілік сананың оянуына жол ашты. Түркілік сананың құрушылары ретінде жаңа ойшылдар: Маһмұт Қашғари, Жүсіп Баласағұн, Аһмет Иүгінеки, Қожа Аһмет Иасауи, Сүлеймен Бақырғани, т.б. биіктен көрінді. Олар түркінің жаңа толқыны кейпінде өзерінің ғылыми және көркем туындыларында гуманистік идеяларды, адамгершілік пен қайырымдылықты, т.б. ізгі қасиеттерді түркі тілінде жазып көтерді. Маһмұт Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы»), Баласағұнның «Құтты білігі», Иасауидің «Диуани хикметі» («Ақыл кітабы»), Бақырғанидың «Бақырғани кітабы», т.б. толық дәлел бола алады.

Бұл үрдіс Алтын Орда дәуірінде (13–15 ғ.) Қыпшақ даласындағы түркі халықтарының әдебиеті мен мәдениеті мүлдем жаңа сапалық дәрежеге көтерілді. Бұл кезде мемлекет астанасы болған Сарайшық қаласына Батыс пен Шығыстың аса көрнекті ғалымдары, сәулетшілері, ақындары, өнер қайраткерлері, т.б. жиналған еді.

Алтын Орда дәуірі әдебиеті тұсында әл-Харезмидің «Мұхаббат-наме», Сайф Сараидің «Гүлістан беит-турки», («Түркі тіліндегі Гүлістан»), Құтбтың «Хосрау – Шырын», Дүрбектің «Жүсіп – Зылиха» дастандары ерекше мәшһүр болды. Сондай-ақ, Насреддин Рабғузидің «Қиссасул әнбия»

деп аталатын прозалық шығармасы да кең тараған болатын. Қыпшақ тілінің сөздігі – «Кодекс куманикус» атты кітап та заман талабы бойынша өмірге келген туынды еді.

Қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірін танып-білуде тарихи тақырыпқа жазылған көркем шежірелер де ерекше маңызды рөл атқарады. Сан ғасырлар бойы атадан балаға ауызша да, жазбаша да рухани мұра болып келе жатқан мұндай шежірелерді қазақтың зиялы ойшылдары, ақындары мен жыраулары жақсы білген. Қазақ халқының тарихы мен әдебиетіне тікелей қатысты түркі тіліндегі осындай жәдігерлердің ішінен Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и Түрк» («Түрік шежіресі»), Қадырғали Жалайыридің «Жамиһ-ат тауарих» («Шежірелер жинағы»), Зәһир әд-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабыр-наме», Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашидиі» ерекше орын алады. Қадым замандардағы сақтар мен ғұндардың аңыз-әпсанаға айналып кеткен ерлік тарихынан, көк түріктердің ежелгі қаһармандық шежіресінен сыр шерткен жыр-дастандар бергін келе, қазақтың батырлық жырларының идеялық және көркемдік тұрғыдан қалыптасуына тікелей ықпал етті.

Қазақ тарихында исламдық түркі тарихы деп саналатын VIII–XV ғасырлар аралығында түркі халықтарының ортақ әдебиет пен мәдениеті дүниеге келді. Осы ортағасырлық дәуірде түркілердің дүниетанымы мен философиялық ой-өрісінің жаңаша қалыптасуы мен жетілуіне әсер еткен ойшыл ақындар көп болды. Солардың бір қатары: Маһмұт Қашғари (1029–1101), Жүсіп Баласағұн (1016–1116), Қожа Аһмет Йасауи болды.

PS: Бұл еңбекте «түркілік» деген сөз X–XI ғасырларда тілі бір, діні бір түркі мемлекетін қалыптастыруға көптеген саяси-мәдени іс-қимыл жасалды. Оған мысал: біріншіден Қара хан билігі Ислам дінін ресми түрде мемлекет дін ретінде жариялауы, екіншіден Баласағұн, Йасауи, Қашғари сынды ғұламалар арнайы түркі тілінде шығармаларын жазғандықтары, үшіншіден әдеби-

тарихи шығармалардың барлығы Ислам дінін насихаттау мақсатында еңбектің кіріспе бөлімін Алла, пайғамбар мен сахабаларға арнап жазғандықтарында жатыр. Сондай жүйелі еңбек арқасында түркілік идея біздің заманымызға жетіп, Мұстафа Шоқай сынды Алаш қайраткері «Түркістан мемлекетін» құру идеясына жан салып күресті. Әрине, біртұтас түркі мемлекеті құрыла қоймаса да түркілік ұғым қалыптасып қазіргі заманға дейін Орталық Азия Республикалары, Түркия мен өзге елдердің құрамында автономиялық Республикаларда түркі тілі сөйленіп, Ислам дінінің сүнни ханафи мазһабы ұстанады. Бұл түріктектес халықтарының ынтымақ пен бірлік тірегі болып қаланды. Бұндай тіл мен діннің бір тұтастығы ғасырлар бойы түркінің саяси-мәдени қайраткерлерінің ерен еңбегі. Соның нәтижесінде тарих барысында түркілер арасында XV-ші ғасырға дейін ешқандай діни қақтығыс болған жоқ. қазіргі кезде де мұсылман сүнни мазһабын ұстанып келе жатқан Орталық Азия және Түркия елдерінде тарихи ынтымақ сақталып келеді. Түркілік ұғымды қалыптастырудың тарихи негіздері де бар. Өйткені Сақ пен Ғұн тайпаларының бірлестіктерінің тілі, салт-дәстүрі бір болғандары үшін де қытай жылнамалары мен түркітану ғалымдар оларды «түрік» атауымен атаған. Тағысы «түрік» сөзі ер, қайсар, батыр сынды мағнасы оның өрісті рухының асқақ болғанын білдіреді.

«Исламдық түркі әдебиеті» деген терминге байланысты ортағасырда түркінің ақын-ғұламалары Ислам дінін түркілер арасында енгізу жолын өз шығармаларында Ислам тарихы мен дүниетанымын кеңінен насихаттау деп тапты. Сол себепті Жүсіп Баласағұн өзінің дидактикалық еңбегінде Аллага, пайғамбарға, төрт сахабаға мадақ жолдары арқылы сондай-ақ мінәжат жырлау арқылы Ислам дінінің негіздерін жаппай оқырмандарына танытты. Қожа Аһмет Йасауи өз туындысын толықтай ислам дінінің руханият пен дүниетанымына арнады. Махмұт Қашғарида өз туындысын Аллага мадақпен бастағаны Ислам дінін на-

сихаттау түркі тіліндегі қалыпты дәстүріне айналғанын байқатады. Олардан кейін XV–XVI ғасырларға дейін бұл дәстүр түркі ақындарының шығармаларында өз жалғасын тапты. Бұл идея түркілердің исламдық әдебиетін қалыптастырды. Оның жалғасы қазақ әдебиетін де би-жай қалдырмады. Өйткені қазақ жыраулары XIX ғасырда батырлық, жашықтық, аңыз-әпсаналық, салт-дәстүр, дастандар қатарында діни дастандар да жырлап, қазақ санасының діни өрісін кеңейті.

Сұрақтар:

1. Көне түркі жазба ескерткіштері жалпы сипаттамасы туралы не білесіз?
2. Көне түркі жазба ескерткіштерінің табылған аймақтарын атаңыз?
3. Қазақстан жеріндегі көне түркі жазба ескерткіштері мен зерттеушілерін атап жазыңыз?
4. Сақ (Шу) дастанын баяндап беріңіз?
5. Афрасиаб пен Алып Ер Тоңа бір тұлға еместігі туралы Götmiş айтқан көзқарасын жазыңыз?

Білімгерлер өздерінің ой қорыту және талдау қабілетін сынау үшін берілген сұрақтар:

1. Түрік халықтарының ежелгі дәуір әдебиеті тарихын қысқаша баяндаңыз?
2. Парсы мен түркілік сананың ояну кезеңдері туралы әңгімені оқығанда қандай ой түйдіңіз?
3. Жаратылыс дастаны туралы пікіріңіз?

Маһмұд Қашғари (1029–1101)

Махмұд Қашғари - түркі ғалымы, әйгілі «Диуан-е лұғат-е-түрк» атты еңбектің авторы. Толық аты жөні Маһмұд ибн әл-Үсейін ибн Мұхаммед. Туған жері қазіргі Қырғызстан жеріндегі Ыстықкөл жағасындағы (кей деректе Шу

бойындағы) Барсхан қаласы.

Маһмұд Қашғаридың әкесі белгілі қолбасшы, Барсханның әмірі болған. Ол кейін Қарахан әулеті билеген мемлекеттің (952–1212) мәдени, саяси орталықтарының бірі Қашғарға ауысқан. Маһмұд осында дәріс алған, ұзақ жылдар тұрған. Оның лақап есімін қай жерден шыққанын көрсететін дәстүрмен «Қашғари» деп қойған.

Ғалымның туған, қайтқан жылы белгісіз. Белгілісі ол Қашғарда алған білімін одан әрі толықтыру мақсатымен, Бұқара, Нишапур, Бағдад қалаларында болып, түркі, парсы мен араб елдеріндегі білім ордаларынан сусындады. Сондықтан түркі тілінің сыртында араб, парсы, тілдерін жетік меңгереді. Өз заманының аса білімдар филологы, тарихшысы, этнографы, географы ретінде танылады.

Маһмұд Қашғари түркітану ғалымының негізін салушы:

Маһмұд Қашғари түркінің тұңғыш тіл маманы, түркі тілінің оқулығын жасаған, грамматикасын түзеп, жалпы түркі әлемінің тіл өнерінің өрісін кеңейтіп, өркенін өсірген ғұлама. Түркітану тарихында ол тұңғыш тарихи салыстырмалы әдісті қолданып, түркі тілдері тарихи диалектологиясының негізін салды. Оның осы тілдерді салыстырмалы түрде зерттеу тәсілі бүкіл Шығыс тілшілеріне ортақ зерттеу тәсілі ретінде өзінше бір мектеп болып қалыптасты.

Түркі жұртының бай тарихы, географиялық жағдайы, әдебиеті мен өнері, этнологиялық ерекшеліктері «Диуани лұғат ат- түрк» еңбегінде нақты тарихи деректілік сипатпен жазылған. Ол көптеген ұлыстардың, тайпалардың тіл ерекшеліктерін саралап, түркі тілінің бітімін ежіктей түсіндіреді, тұрмыс салтын, әдет ғұрпын баяндайды, сол кездегі бір қатар қаламгерлердің, ғұламалардың, тарихи адамдардың аттары мен өмірбаяндық деректерін, түркі халықтарының байырғы жырларын, мақал мәтелдерін береді. Сонымен қатар ол көне дәуірдегі түркінің әлемдік қартасын жасап, онда Барсхан, Баласағұн, Тараз, Екіөгіз, Қашғардан бастап, түркі дүниесінің ежелгі шаһарларын, елді мекендерін түгел дерлік көрсетеді. Маһмұд Қашғари түркітану ғалым

ретінде туған жұртының тұңғыш энциклопедиялық анықтамалық еңбектің де иесі. Ол зерттеулерінде түркі тілтану ғылымының негізін қалап, әлемнің көне картасын, оның ішінде түркі халықтарының мекен-жайын белгілеп дөңгелек карта сызған ғалым.

Маһмұд Қашғари шығармасы да терең оймен өрбіген Аллаға мадақ жолдары өмір философиясына ұласып, әрбір адам атаулысы тіршілікте дүниеуи құндылыққа өзін құл етпей имани түйсікпен өмір сүруге ұмтылсын дегенге үндейді.

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Алланың атымен /бастаймын/!

Аттың түйіп құйрығын
Тәңірдің күтіп бұйрығын.
Алуға өмір сыйлығын,
Із тастап, кейін шегіндік.

* * *

Атымен тәңірімнің білім жидым,
Өмірдің көңіліме сырын түйдім.
Гүліме таудың таза суын құйдым,
Мәртебем сонан менің биіктепті.

* * *

Жаны кедей адамның құлқыны бір тоймайды,
Оны ешқашан күшпенен толтыруға болмайды.

* * *

Дүниеге құнықсаң сені орға жығады,
Данышпандар шыныққан оның мәнін ұғады.

* * *

Қан майданға қасқайып кір, жігітім,
Елдің ақта саған артқан үмітін.

* * *

Ұлым, саған әдепті мирас етіп қалдырамын,
Жағалаған, жайқалған білімдінің бал құрағын.

* * *

Қарт адамға көрсетпегің ірге күш,
Ауырлыққа халықпенен бірге түс.

* * *

Бегім жүзін жасырды да,
Жүзеге ісін асырды да,
Ұлы Аллаға бас ұрды да,
Содан күні тез туды ғой.

* * *

Менен ұлым, ақыл ап, жақсы жолға жаратқын,
Елдің дана ұлы боп, білімдіні таратқан.
Іске асығыс кіріспе, иінін біл тұрақты,
«Жағамын» деп асыққан өшіреді шырақты.

* * *

Қайрап отыр қылышты, жіті бағып жауынды,
Тура келсе, қарсы қой қалың қолды, қауымды.
Тек қорықпа, қоршап ал, тура қарсы бардағы,
Қолға түсір батырын, быт-шыт бөліп-жардағы.
Ойнат қылыш басына, соқ шығарып талқанын,
Күшігендер жем көріп, ту заңғардан шүйілер,
Есті кісі айтқанға, ақылға тез иілер.

* * *

Сен қуанба, түйе, жылқы, күлікке,
Алтын, күміс, таза мата, мүлікке.
Мал-мүлікті «жау» деп еске түйесің,
Санаң болса, жауды қалай сүйесің?
Жиған малың «топан суы» деп ойла,
Домалатар қойтастай қып иесін.

Құдай беріп, қонса бақыт – әркім де,
Домалатар тасын тауға әр күнде.
Ел бұзылды байлық қуып, мал жиған,
Күшігендей өліксеге қонжиған.
Сақтайды жұрт малын жемей қаржылап,
Сараң алтын жия берер зар жылап.
Туыс емес – малдың қамын жасады,
Жақынымен иттей ырылдасады.
Алланы алдап, байлығы үшін қу жанның,
Баласын да буындырар туғанның.

* * *

Көрші ағайын туысқа,
Аса құрмет қылайық,
Тарту алсаң – дайында
Қарымтасын лайық.
Біреу күле қараса –
Жылы жүзбен таста көз,
Сақта тілді жаманнан,
Жақсы ой тілеп, баста сөз.
Басқан қиын іс түссе,
«Өтеді» деп сіркесін.
Заман ісін біліп тұр,
Соған қарай күрескін.
Қайыр қылсаң – тиеді,
Адам құл ғой қарынға.
Қалған малың құриды,
Кірсең қара орынға.

* * *

Тап-тату бол досыңмен – өзгермесін ол адам,
Үй тауығын аяла, қырғауыл қумай даладан.
Әмірімен тәңірімнің кең әлем бұл байланған,
Оның бәрі жұлдыз-аспан, күндіз-түн боп байланған.

* * *

Алла соққан бұ ғалам,
Шыр айналып дөңгелер.
Жұлдыздары жыпырлап,
Күнді аударып, түн келер.

* * *

Алла аспанды жаратты,
Ақық сеуіп таратты,
«Таразыны» бар етті,
Күнді аударып, түн келер.

* * *

Бір Иемді мақтаймын,
Білім жинап, сақтаймын,
Жақсылықта жақтаймын,
Бар көңілімді бағыштап.

Жүсіп Баласағұн (1016–1116) Һәм «Құтты білік» жайында

Жүсіп Баласағұн – философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларында сауатты болған. Оның жан-жақты білімгерлігін әдебиет пен мәдениет тарихында «Құтадғу білік» («Құтты білік – Бақытқа өрлеу білімі») атты дастаны арқылы аңғаруға болады. Жүсіп Баласағұн бұл дастанын һижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1069–1070 жылдары он сегіз айда жазып бітірген. Дастанды Қарахан мемлекетінің (942–1212) негізін салушы Сатук Бұғра ханға (908–955) арнаған. Сол үшін хан өз жарлығымен Жүсіп Баласағұниға «хас һажиб» – «арнайы кеңесші-мемлекет хатшысы» деген лауазым берген. Кезінде «Құтты білік» дастаны Шығыстың әр елінде әр түрлі аталып кеткен. Бір елде – «Мемлекет тәртібі», екіншісінде – «шаһтардың

әдеп-қағидалары», үшіншісінде – «мемлекеттіктің дәстүрі») деген атпен мәлім. Бұл атаулардың бәрі – «Құтты білік» дастаны, негізінен, мемлекетті басқару мәселесіне арналған шығарма екенін растай түседі. «Құтты білік» дастаны 6645 бәйіттен (екі жолдық өлең) тұрады. Демек дастанда 13290 өлең жолы бар. Соның бәрі 85 тарауға бөлініп берілген. Дастанның кіріспесі қара сөзбен, ал негізгі бөлімдері аруз өлең өлшемінің ықшамдалған мутакариб деп аталатын түрімен жазылған. «Құтты білік» дастаны орта ғасырларда бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған түріктерінің тілінде жазылған түркілердің рухани ортақ мұрасы.

«Құтты білік» дастанының қолжазба нұсқалары жайында:

Дастанның бізге жеткен үш нұсқасы бар. Біріншісі, Герат қаласындағы 1439 жылы көне ұйғыр жазуымен (қазір ол Вена қаласындағы Корольдік кітапханада сақтаулы), екіншісі, 14 ғасырдың 1-жартысында Египетте араб әрпімен (Каирдың Кедивен кітапханасы қорында) көшірілген. Ал Наманган қаласынан табылған үшінші нұсқа 12 ғасырда араб әрпімен қағазға түсірілген. Бұл қолжазба Ташкенттегі Шығыстану институтының қорында сақтаулы тұр. Ғалымдар осы үш көшірме нұсқаның әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерді жинақтай отырып, «Құтты білік» дастанының ғылымының негізделген толық мәтінін жасап шықты.

«Құтты білік» дастанының аудармалары жайында:

Венгер ғалымы Герман Вамбери (1832–1913) «Құтты біліктің» бірнеше тарауын неміс тіліне аударып, 1870 жылы Инсбрук қаласында жеке кітап етіп бастырып шығарды. Кейін бұл шығарманы зерттеу, ғылыми мәтінін дайындау және аударма жасау ісімен орыс ғалымы В.В. Радлов (1837–1918) жиырма жыл бойы (1890–1910) айналысқан. «ештен кеш жақсы дегендей» Түркия ғалымдары 1942–43 жылдары «Құтты біліктің» үш нұсқасын да Стамбұлдан үш том кітап етіп шығарды. Оны Қаримов өзбек тіліне (1971), Н.Гребнев (1971) пен С.Иванов орыс тіліне (1983), бір топ аудармашылар ұйғыр тіліне (1984), А. Егеубай қазақ тіліне (1986) тәржімалады.

«Құтты білік» дастанының мазмұны жайында:

Қарахан әулеті билік жүргізген дәуірде ұлан-ғайыр өлкені алып жатқан осы мемлекеттің басқару тәртібін белгілейтін ережелер, сондай-ақ, қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын тиісті заңдар жоқ еді. Міне, елдегі осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» дастанын жазды.

«Құтты білік» дастаны белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған.

Жүсіп Баласағұн дастанда патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлері мен елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, тәуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың, т.б. қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады. Ақын мәселені әмірші-патшаның өзінен бастайды. Ел-жұртты басқаратын адам – ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, білім мен өнерге жетік, қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақтамайтын жан болуы шарт екенін айтады. Ел басқарған әкімдерді күншілдік, ашкөздік, сауықсайранға құштарлық, қатыгездік, кекшілдік сияқты жаман қылықтардан сақтандырады. Бұдан кейін ақын патшаның көрер көзі, естір құлағы «хас хажиб», яғни бас уәзір міндеттерін тізбектеп, асқан білгірлікпен айтып шығады. Арнайы кеңесші халықтың талап-тілектерін патшаға, ал патшаның айтар ой-пікірін, жарлықтарын халыққа жеткізіп отыруы тиіс.

Сондай-ақ «Құтты білікте» елшіге қойылатын талаптар егжей-тегжейлі сипатталып жазылған. Елші ерекше зерек, өзі көрікті, көп тіл білетін, шешен, жақсы аңшы, құсбегі, жұлдызшы (астролог), түс жори білетін, музыкант сияқты көптеген қасиеттерге ие жан болуы қажет. Ақын сөзімен айтқанда, «елші ердің төрт құбыласы тең болсын, елде – кісі, сыртта – бүтін ел болсын!» – дейді. Дастанда осылайша елдегі барлық лауазым, кәсіп иелеріне қойылатын моральдік-этикалық талаптар сипатталып көрсетілген.

«Құтты білік» дастанының бейнелі төрт тұлғасы жайында:

Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қажетті жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күнту патшаны көрсетеді. Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшіншісі, ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық-әлеумет рөлі уәзірдің баласы Ұғдүлміш бейнесінде жырланады. Төртіншісі, қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Ордгүрміш бейнесі арқылы әңгіме болады.

«Құтты білік» дастанындағы ой иірімдері жайында:

Ортағасырлық Шығыс ойшылдарына тән үйлесім – танымды көркем және ғылыми әдістермен ұштастыра қолдану Жүсіп Баласағұн ғибратында суреткерлік, ойшылдық, ғұламалық, философиялық қасиеттердің үйлесім табуынан, ғылым даналығының біртұтастығынан көрінеді. Түркі мәдениетінің нәрлі бұлағынан сусындап, мұсылман өркениетінің қуатты ықпалымен толысқан ойшыл өз шығармасында адамның қоғамдағы орны мен қызметін түсінуге ұмтылып, мінсіз қоғам жайындағы өзінің биік философиялық мұраттарын баяндайды. Шығармада дін, этика, өнер және даналықтың мәні сараланған. Жүсіп Баласағұн ақиқатқа жету жолын адам мен әлемнің, ұлы ғалам мен микроғаламның үйлесімді болуы туралы қағидаға негіздейді. Төрт құдірет – от, су, ауа, жер жайлы ежелгі дәуірдің философиялық түсінігіне сүйене отырып, ойшыл әлем осы төрттағанның үйлесімінен жаралған деп санайды. Осындай тағы бір төрттаған Жүсіп Баласағұнның қоғам туралы ойларында, яғни қазіргі түсініктегі әлеуметтік философиясында әділет, бақыт, ақыл және қанағат ретінде бейнеленіп, «Құтты біліктің» төрт кейіпкерінің бойына жинақталған. Ғалам мен микроғаламның тұтастығы, барабарлығы туралы ой Жүсіп Баласағұн дүниетанымының өне бойынан байқалады. Бұл жалған дүниені ақыл тезіне салып түзетуге болатынына да

сенген ғұлама әлемдік үйлесімділік негізінде әділетті адамзат қоғамын құруды армандады. Сондықтан ол ғылым мен білімге зор мән берген. Мұнан өзге Жүсіп Баласағұн шығармашылығына ізгілікке құштарлық пен іңкәрлік, сопылық танымдағы Алланы сүйу, әлем мен адам сырына терең бойлауға ұмтылушылық белгілер тән».

Құтты білік» дастанының көркемдік табиғаты һәм бейнелі кейіпкерлері мен қажеттілігі жайында:

«Құтты білік» дастанының сюжеттік желісі негізінен шығарманың бас қаһармандарының өзара әңгімесінен, сұрақ-жауаптарынан, бір-біріне жазған хаттарынан тұрады. Төрт түрлі ізгі қасиеттің символдық көрінісі ретінде бейнеленген негізгі төрт қаһарман қоғамның көкейкесті мәселелері туралы әңгімелеседі. Мұндай сұхбатта олар ел басқарған әкімдер қандай болуы керектігін, оқу-білімнің қажеттігін, әдептілік пен тәлім-тәрбие мәселелерін дидактикалық-философиялық тұрғыдан сөз етеді. Мәселен, ақын әдептіліктің алуан түрін жырлай келіп, солардың ішіндегі ең бастысы – тіл әдептілігі деген түйін жасайды. «Құтты білік» дастанының авторы метафора, аллегория, гипербола, меңзеу, астарлап сөйлеу сияқты көркемдік құралдарды аса білгірлікпен пайдаланады. Дастанның әдеби, тілдік, тарихи тұрғыдан ғылымдағы мәні ерекше. Бұл дастан бертін келе қазақ халқының этникалық құрамын қалыптастырған ру-тайпалардың ортағасырлардағы тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін, әдет-ғұрпын, сөз өнерін, тілін, т.б. зерттеп білу үшін аса қажетті, құнды мұра болып табылады.

Құтты білік» дастаны тұңғыш әдеби-саяси көркем туынды жайында:

«Құтты білік» дастанын Қарахан әулетінен шыққан Табғаш Қара Боғраханға арнады.

«Құтты білік» поэмасы түрік тілінде жазылған тұңғыш саяси әдебиет ретінде оның айтудағы жазу тәсілі жөнінен өте маңызы зор шығарма. Құтты білік» дастаны энциклопедиялық шығарма болғанымен саяси бағыты оң бойынан байқалып тұрады. Өйткені бұл еңбектен кейін са-

яси әдеби шығармалар түркі халықтар арасында ғасырлар бойы үнсіз қалды. Тек қазақ әдебиті хандық дәуір мен Алаш әдебиеті дәуірінде әдеби туындылар халықтың тағдырын саяси кимылдардан бөле жара қарамай дүниеге алып келіп жүрді.

«Құтты білік» дастанындағы Ой белестері:

Баласағұн жақсылық пен жамандық жайында: «Егер ол мейірімділер күшті, ал қатыгездер әлсіз болса, біз ауыр ойлардан тұнжырамас едік. Егер әлемде әділдік заң болса, тағдырымыздың қатыгездігіне наразы болмас едік», «Ақылшырақ, қара түнді ашатын, Білім-жарық, нұрын саған шашатын», «Кісі ізгісі – қайырымды кең кісі, Ел сарасы, кісіліктің белгісі.», «Жақсылыққа жақсылық қып жетесің, берер саған құдай өзі есесін», «Тірілер тірі болса-табысады, тілеулесіп, бір хабар алысады», «тірі – өлер, алар ажал талғамас, Бек пе, пайғамбар ма – таңдамас», «Бұл дүние жолы әрі дін жолы, жөн-жобадан жаңылмағын біл де оны!», «Қаласаң бұл дүниені, жолы осы, Ақырет жолы қусаң егер, ол да осы», «ақыл қайда болса, ұлылық толады, білім кімде, сол білікті болады».

«Құтты білік» дастанын дүниетаным бағыты жайында:

Бұл шығармада түрлі қоғамдық топқа жататын адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті адамгершілік, әдептілік мәселелері көтеріледі. Сондай-ақ білімді адамдар өмір сүретін мінсіз қоғам нормалары жайлы, әлеуметтік мәртебесі әрқилы қоғам мүшелерінің мінез-құлық ережесі, сондай-ақ басқарушы және бағынушылар арасындағы ара қатынас қағидалары баяндалады. Бұл еңбегінде ойшыл бақытты, рахатты, салауатты өмір сүруі үшін және қоғамның ахлақтық негізі үшін әдептік ұстанымдарды белгілейді.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінің» дүниетанымдық және құндылықтық бағдары Ислам діні мен ахлағына негізделген. Ахлақ – бұл исламдағы моралдық, адамгершілік, тәлім-тәрбиелік, өнеге-үлгілік ұстаным.

Аллаға иман мен исламдық ахлақ туралы әңгіме:

Дұға оқып, «Сақта» деп хан жалынды,

Қолын жайып, Жаратқанға табынды...

Кем-кетікке мал таратты, сүйер деп,

Үміттеніп, шарапаты тиер деп –

Бұл – Құдайға құлшылық етудің шынайы жүректен шығып, кіршіксіз амалмен іске асатындығы туралы ойшылдың шынайы сенімінен туындаған ой. Жаратушыға деген сүйіспеншілік пенденің ниеті мен амал-әрекетінен туатындығы айдан анық. Ниет тазалығы және амалдың айқындылығы құлшылықтың мәні мен мағынасын байытып, мұсылманның иманын күшейтеді. Ниет – адам пейіліндегі мақсат. Құлшылық атаулының қабыл етілуі ниетке байланысты. Дін құлшылық пен ғибадатты қажет етеді.

Бек кісіге – керек ұят, ақыл, ар,

Зұлмат күш жоқ, ақыл – арды жапырар.

Ұятты бар адамдар пәк, момын да,

Ұятты іске тигізбейді қолын да.

Кімге тәңір берсе ұят, намысты,

Оған қоса бергені құт, даңқты!

Баласағұн шығармасындағы білім мен ғылым жайында:

Білік – түпсіз, шетсіз-шексіз бір теңіз,

Қанша сімір сарқылмайды, білсеңіз!

Біліммен ер басын алып жүреді,

Ал, білімсіз басын оққа тігеді.

Білім алып, биіктей бер адам бол,

Ел ішінде мал атанған надан мол.

«Құтты білікте» білім өмір мәні және қоғамың мәдени, рухани деңгейінің өлшемі ретінде көрсетіледі. Ойшылдың пікірінше, білім мен парасат адам мен қоғам өмірінде кездесетін зұлымдықтардың алдын алу үшін қажет. Білім адамның өз болмысын танып білуге, иманын жетілдіруге, өмірдегі өз орнын табуға және қайырымды болуға жол ашатын жарқын жол.

«Құтты білік» дастан қазақ мәдениетінің қайнары:

Баласағұн шығармасындағы даналық сөздері қазақ мәдениетімен халықтық мақал-мәтелдері арқылы ұштасып кеткенін байқау қиын емес. Бұл орайда естен шығармауға

тиіс бір нәрсе бар. Ол – Жүсіп Баласағұнды биік ой шыңына жеткізген оның қоғамдық отасы, ел қазынасы яғни елдің рухани қазынасы оның шығармасында көрініс тапқан. Демек қазақ мәдениеті Жүсіп Баласағұн өмір сүрген кезеңнен де бұрын қалыптасқан халық мәдениетінің мұрагері іспетте. Қазақ мақалдары мен Жүсіп Баласағұнның «Кұтты білігінің» өлеңдегі даналық сөздерін салыстырып көрелік.

Жүсіп Баласағұн:

Ақылы болса, пайдасын ер көп көрер,
Білім білсе, әзіз тірлік өткерер.

Қазақ:

Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар!

Жүсіп Баласағұн:

Тірі – өлер, ақыры жер жастанып,
Жақсы кісі өлсе, жақсы ат қалар.

Қазақ:

Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді.

Жүсіп Баласағұн:

Тілді бақ, басың аман болады,
Сөзді қысқарт, жасың ұзақ болады.

Қазақ:

«Басқа пәле тілден келеді»,
«Андамай сөйлеген ауырмай өледі».

Жүсіп Баласағұн:

Кісі көңілі түпсіз теңіз, ойласаң,
Білім-інжу түбінде, анық, қоймасан.

Кісі інжуді шығармаса теңізден,
Тас не, інжу не, пайдасы на түбінде ?

Қара жердің қатында алтын тас болар,
Егер шықса, бек басында тәж болар. –

Қазақ (Асан қайғы):

Таза мінсіз асыл тас көл түбінде жатады,
Таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады.

Жүсіп Баласағұн:

Сабыр етсе кісі өз тілегін табар,

Сабыр мен тұрған ер ақ құс тұтар.

Егер ашу-өкпең келсе, қатулан, сабыр қыл,

Сабырлы кісінің сүйініші алдында.

Қазақ:

«Сабыр түбі-сары алтын»,

«Сабырсыз қалар ұятқа, сабырлы жетер мұратқа».

Ашуды ақылға жеңдір».

Жүсіп Баласағұн:

Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді,

Сөз қалады, таяқ табы кетеді.

Қазақ:

Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді.

Жүсіп Баласағұн:

Күміс көрген адам көңіл бұрмаса,

Көзі тұнып, дымы құрып тұрмаса.

Ондай жанды періште деп қараңдар,

Шынында періштеге балаңдар.

Алтын көрсе ердің өзі жұмсарар,

Күргіреген кердің сөзі жұмсарар!

Қазақ:

Алтын көрсе періште жолдан таяр.

Жүсіп Баласағұн:

Ішпек-жемек-әуелгісі бұлардың,

Қатын алмақ-бірі, рахат-құмардың.

Үшіншісі-тән саулығың, тірлігің,

Бұл үшеудің ұстау қажет бірлігін.

Адамның білген-түйгендері оның өскен ортасына байланысты екенін негізге ала қойсақ, Жүсіп Баласағұн қазақ даласында өмір кешкен халқынан нәр алған ойшыл ақын екен деп түйсек жансақ қортынды болмас. Өйкені ойшыл ғалым, зерделі ақын Асқар Егеубай, Жүсіп Баласағұн шығармасында: «Қазіргі қазақ тіліне тән, етене жақын сөзді, сөз орамдарын, атаулар мен терминдерді, антропонимдерді шығарманың кез келген бәйітінен тізбелеп келтіруге әбден

болады», – деген түйіні Жүсіп Баласағұнның мәдени өрісі, рухани әлемі қазақ халқының өткен тарихымен тамырлас екендігін айқындай түседі.

Баласағұн шығармасындағы мадақ жанры жайында:

Жүсіп Баласағұн шығармасында Аллаға иман, пайғамбарға сенім, сахабаларға құрмет, елін ойлаған қағанға ізет көрсетіп мадақ жанрының төрт түрін ортағасырлық түркі әдебиетінде қалыптастырады. Кейін қазақ әдебиетінде де Ислам дінін дәріптеу мақсатында қазақ жыраулардың жырларында Аллаға, пайғамбарға, сахабаларға мадақ қалыпты тақырыпқа айналды.

Шейх Аһмет Құдайдад Тарази 1436–1437 жылдары жазған «фонун-әл бәлағе» (көркем сөз өнері) атты ортағасырлық түркі әдебиеті теориясы туралы еңбегінде мадақ жанрын төрт түрге бөліп, мысалдар айтып түсіндіреді. Олар: Аллаға мадақ (Тауһид), пайғамбарға мадақ (нәт), сахабаларға мадақ (мәнақеб), патшалар, әмірлер, елеулі тұлғаларға мадақ (мәдһ). Осы төрт түр мадақ Жүсіп Баласағұн шығармасында жекелеген тақырыппен көрініс тапқан. Ретімен оқып шығайық.

Әзиз уа ұлы тәңірдің құдіреттілігі(тәуһид)

Алла атымен айттым сөздің әлібін,
Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім!
Құрметі көп, шүкіршілік мың да бір,
Еш зауал жоқ, хаққа лайық кіл қадір.
Жаратты ол: жасыл көк, ай, күн түнді,
Қара жер, ел, заман, уақыт, бұл күнді.
Тіледі де, жаратты бар болмысты,
«бұл!» – деді де, бірден бәрін болғызды.
Жаралғанның бәрі мұңлық, мұңы көп,
Ием ғана, жалғыз шері, мұңы жоқ.
Ей, ерікті, мәңгі мұңсыз, құдайым,
Бұл ат жалғыз саған ғана лайық!
Ұлық-сен, толы құдірет-күш еңсең,
Сенен бөлек жоқ өзіңмен түсер тең!

Саған өзге кіріге алмас, дарасың,
Әуелгі де соңғы да өзің, сарасың.
Жалғыздығың қосылмайды еш санатқа-
Еркің сенің жетті күллі тарапқа.
Күмәнсіз, сен-мәңгіліксің, ғажапсың,
Қатынасыз, сыртындасың санақтың.
Іш пен тысты бірдей білген асылсың,
Көзден-жырақ, көңіліме жақынсың.
Барың анық, күн мен айдай нұрлысың,
тегің жұмбақ, Ақыл жетпес, сырлы ың.
Бірегейсің, еш қоспасыз бір мүсін,
Жараттың сен нәрселердің күллісін.
Жараттың сен кішісін де, ірісін,
Өтер бәрі, өзің мәңгі тірісің!
Жаралғанға түгел танық жаратқан,
Қос дүниені анық қолға қаратқан.
Ұқсасы жоқ, десен, ойлап қарайық,
Қандайлығын біліп болмас, халайық.
Жатпайды-ояу, ұйықтамас, жүгірмес,
Меңзер белгі жоқ, келбеті білінбес!
Кейінде-алда, не солында, онда жоқ,
Асты, үстінде, отырар онда жоқ.
Тұрағы жоқ, бәрін өзі жаратты,
Бар әлемді өзіне жай санапты.
Сыры жақын, ей, ділі әзіз, жаны адал,
Сенің барша сурет, ізің танымал!
Жараттың мың тіршілікті, ел, жерді,
Құрлық, құдық, тау, дала, көл, белдерді.
Жасыл көкті безендірдің жұлдызбен,
Қара түнді жарық еттің күндізбен!
Қанша ұшқан, жүрген, тынған, інде өскен,
Ішіп-жемі сенен болып күн кешкен.
Көу үсті мен жер қонының арасы,
Мұқтаж саған, жоқ өзгеше шарасы.
Хаққа бүтін сенсең, ділді табындыр,
Көңілің сенсе-ақылыңды бағындыр!

Қандай деме, көңіліңді баққайсың,
Бәріне де көншіп, тыныш тапқайсың.
Хақ қайда деп, қандай деп те сұрама,
барлық жерде ол, біл мұны сынама!
Мұңсыз ием! Мен бір мұңлық құлыңмын,
Кұнамды кеш, мейіріңе жылындыр!
Табындым мен, сенде үміт, сенем де,
Қолыңды бер, мұңға батқан жерімде!
Сүйтіп мені, пайғамбармен тең еткін,
Қиямет күні қолын беріп, деметкін.
Оның әділ төрт досна мың сәлем,
Жеткіз түгел: бармын, қолдап тұрса мен...
Ұлы күні жүзін көрсет, жебесін,
Жақсы сөзбен қолдан тұтып, демесін.
Саған лайық өзім мақтау таппадым,
Сөзді кестім. Өзінді өзің мақтағын!

Пайғамбар алейһис-сәламға мадақ (нәт)

Рақымды ием, пайғамбарын жіберді,
Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.
Түнек түнде шамы болды халықтың,
Саған, жұртқа нұрын шашты ол жарықтың!
Ол құдайдың елшісі, ерім білгейсің,
Сен, содан соң, тура жолға кіргенсің!
Ата-анасын қиып мұнда келді ол,
Үмметіне тілек, бағыт, берді ол!
Кірпік ілмей, нәр де сызбай жүдеді,
Жалғыз сенің тілеуіңді тіледі!
Сені тілеп, бейнет шекті күні-түн,
Риза болсын, мақта: ақта үмітін!
Қара, Хақтан, күндіз демей, түн демей,
Сені өтінді, өзге жайлы үндемей.
Үмбеті үшін-күллі қайғы-бейнеті,
Үзілмесін деп рахат, зейнеті.
Мейірбан боп атадан да анадан,

Хақтан дәйім тілеп, сені қалаған.
Елге деген рақымы ол құдайдың,
Қылығы хош, құлқы түзу, шырайлы.
Жібек мінез, ақылды аппақ пейілді,
Жаны жұмарт, қолы ашық, мейірлі.
Қара жерде, жасыл көкте әзір-ді,
Оған құрмет берді Тәңір жаны ізгі.
Бастаулардың басы еді, оңдысы,
Болды, кейін, пайғамбардың соңғысы!
Пейіл бұрдым енді оның жолына,
Сүйдім сөзін, сендім дәлі оңына.
Иалла, менің көңілімді күзеткін,
Қияметте пайғамбармен бір еткін!
Қияметте көрсет толық жүзін,
Қолым тұтушы бол Иалла өзін

Төрт сахабаға мадақ (мәнакеб)

Төрт серігі бар еді оның сенетін,
Әрбір істе ақыл-кеңес беретін.
Қайын ата-екеу, екі күйеу баласы,
Игісі елдің, кісілердің сарасы.
Бәрінен Әбубәкір еді әуелі,
Құдайға түзу тілі де, һәм ділі!
Пида қылды малы, тәні-жаны,
Рәсулының ризасы еді күткені.
Сосын Фаруқ еді кісі сарасы,
Тіл-ділі сай, халқының асылы.
Еді жәрдемші Хақ дінге ол,
Шариғатын түсіндіруші еді ол.
Үшінші-Осман, мүләйім, ибалы,
Кеңпейілді, жомарт, ашық қолы.
Пида қылды, барын, малын һәм өзін,
Пайғамбар да оған берді қос қызын.
Содан соң – Әли, мәрт те жігерлі,
Ақылды, ер жігіт, батыл, жүректі.

Қолы ашық еді, жалынды жүрегі,
Білімді, тақуа, асқан оның даңқы.
Бұлар діннің, шариғаттың тұғыры,
Мұнапық пен дінсіз көтерер жүгі.
Бұл төртеуі төрт тұғырдай мен үшін,
Төрт тұғыр жарар шын тіршілік үшін.
Оларға мен мың-мың сәлем жолдадым,
Жеткіз үзбей, сен үздіксіз дәйім.
Сүйіндір менің солай көңіліне,
Қолым тұтушы қыл қиямет күні.

**Жайнаған көктем, текті де ұлық Бұғра ханға мадақ
(мәдһ)**

Еседі шығыстан көктем желі,
Көркем жаһан ашты жаннат жолы.
Қара жер, ағы кетіп жұпар шашты,
Безенбек болып, дүние көргін ашты.
Қаһарлы қысты қуды көктем лебі,
Жарқын жаз дәулет құрды, өктемдеді.
Көзін ашып, күн жарқырап оянды,
Балықтан-қозы, жұлдызына таянды.
Қу ағаштар жасыл тонын жамылды,
Безеніп: көк, қызыл, сары тағынды.
Жасыл торқа жердің өңін кіркізді,
Тауғаш қытай керуенін жүргізді.
Тау, дала, жер жасыл кілем төсенді,
Көкке оранып, қолат-қырлар безенді.
Мың-мың шешек гүлін ашты күлімдеп,
Дүние толып, жұпар шашты дүбірлеп.
Қалампырды самал желі таратты,
Киік жұпары кеуледі әлем, алапты.
Қаз-үйрек, құс, аққулар қалықтады,
Қиқулап биік-төмен шарықтады.
Қайсысы ұшып, қайсы бірі, қунады,
Бірі ойнаса, бірі суға қанады.

Көкшіл тырна көк төрінен үңіліп,
Сұңқылдайды түйелердей тізіліп.
Серігін іздеп үн шығарып ұлар құс,
Аңсағанын шақырғандай гөзәл қыз!
Қасы-қара, қандай қызыл тамағы,
Кекілік сайрап, күліп-күліп алады.
Қара шымшық шықылықтап баурайды,
Үні ерке қыз үнінен аумайды!
Шешектерге төгер бұлбұл мұң үнін,
Оқығандай ібрі сүресін күні-түн.
Елік-жайраң гүлзарларда сайраңдайды,
Арқар, тауешкі жұп-жұп тауда ойнайды.
Қабак түйіп, аспан жасын селдетті
Гүл жүз ашып, күлімдетті жер-көкті.
Өз-өзіне қарап жаһан бұл шақта,
Қуанып, сүйіп толды ғажап нұр-баққа.
Тілін ашты дүние мені тербетіп:
Көрмедің бе, – деді қаған келбетін?!
Ұйықтап жатсаң, ашқын енді көзіңді,
Естімеген болсаң, есті сөзімді:
Түмен жылда жүзім солған, түл едің,
Түл киімін шешіп, қайта түледің!
Бегім ұлы қаған болды, нұрланды –
Қабыл қылса, бердім, жанын – құрбандық!
Бұлт күркіреп, ұрды нәубат қайратты,
Жасын ойнап, қаған, туын жайнатты.
Бірі қыннан шықты, елді түзетер,
Бірі үнімен күлді, әлемді улетер!
Тұтты әлемді Тауғаш ұлы Бұғра хан,
Құтайсын аты, құтқа орансын қос жаһан!
Дін әзизі, сүйенші дәулеттің,
Милләтқа – тәж еді діндары шариғаттың.
Құдай берді тілегінді қалдырмай,
Хақ медеттің бола бергей, талдырмай.
Дүние жамалы, ей, ұлықтық ажары,
Шырақтың нұры – опасыз жау ажалы!

Заман саған берді дәулет, берді тақ
Берсін Тәңір тақпен бірге енді бақ!
Әлем тынды, қаған таққа отырды
Дүния түгел куә болып, қосылды.
Шар тараптан келді бектің құстары,
Үнді, Рүмнен, елдерден бек тысқары
Атын атап, мадақтасып, сайрасты.
Қуанысып сағынышпен жайрасты.
Түрлі шешек жерге көркем түр берген,
Тау, дала, жер жасыл – көкті бүркенген.
Қызмет жасар бірі оңды ділімен,
Есік ашар біреу жылы түрімен.
Тұтшік тұтар, қайсысы қол ұсынып,
Шашар жұпар кейі әлемге тұшшынып.
Сияпат жасар, бірі келіп шығыстан,
Батыстан бірі қызмет етіп тырысқан.
Қызметке келіп, құт есікте тұрады,
Есікте тұрған, құдай қызмет қылады!
Қызмет етер бүтін әлем, аумағы,
Иығы өсіп, бойын иер жаулары.
Жаһан даңқы жиіліп, күші тасар,
Көре алмаған көздерден ұйқы қашар!
Заң түзелді, жаһан тыншып жайлады,
Әділ заңмен аты аңызға айналды.
Көрейін десе, кім сәхидің өзін,
Келіп көрсін ұшбу осы қаған жүзін!
Жапасыз, опа, бақыт тілесе кісі,
Жүзін көрсін оның, ізгілік ісі.
Зарарсыз пайда көрейін десең егер,
Жақын кел, ісің қыл, көңіл бер.
Құлқы түзу, асыл жанды, жанашыр,
Көрем десең, келіп мұны қарарсың.
Ей, ізгі ер, қылқы пәк, ұрғы асыл,
Әлем сенсіз қалып, азып құрымасын.
Саған Хақ берді бақыт, ей құт иесі,
Шүкір қылып, атын айтып, жатта енді.

Мен айтайын елдің көне мақалын:
«ата орны, аты ұлына қалар!»
Орны қалды, аты қалды атаның,
Тағы басқа қосылсын, өссін атағың!
Мың-мың қолдар сиын беріп, табынды,
Менің сиым: «Құтадғу білік», қабыл қыл!
Олардың сиы келіп, кете барады,
Менің сиым сенде мәңгі қалады.
Жиылған мал шашылады, қалмайды,
Жазылған сөз кең жаһанды шарлайды.
Бұл кітапқа жазылды аты қағанның,
Бұл ат, ей әмірші, өшпестей атандың.
Уа, Құдайым, асыр дәулетін, бер тілек,
Бүтін істе болғын сен арқа тірек.
Жауын кетір, көбейтіп дос-жаранын,
Қайғыдан азат, шаттығын дәйім қылғын.
Нұрлы нөсер жаусын, шешек гүл ащсын,
Қу ағаштар көктеп, көкке ұlassын.
Аспан мәңгі айналсын да дамылсыз,
Құты тасып, дұшпан басы қағылсын!
Бұл қара жер мыстай қызыл болғанша,
Жасыл от, гүл, дала тозып оңғанша,
Түркілер бегі көп жасап, құт дарысын,
Көре алмастың көздерін шоқ қарысын!
Тағы нендей болса мақсат-тілегің
Дәйім Құдай арқа сүйерің!
Ел сүйініп, қуансын, мақтансын,
Лұқманның жасын жасап, шаттансын!

Жүсіп Баласағұн шығармасына қортынды: Жүсіп Баласағұн түркі елінің бақытты өмір сүру концепциясын жоғарыда кітапқа кіріспедегі Аллаға, пайғамбарға, сахабаларға, ханға мадақ жырларымен негіздеп берді. Адамзат қоғамына ең басты керегі Аллаға иман және оның пайғамбарына сенім, сахабаларына құрмет әрі Алланың жолын ұстанатын ханды қоғам бақытының іргесі екендігін ше-

гелеп береді. Ойшыл ақын елдің бұл өмірде бақытының бастауы хан екендігін шығармасына таңдаған төрт кейіпкердің бейнелері арқылы ұқтырады. Онда қоғамға қажет әділдік (патша), бақ-дәулет (патша уәзірі), ақыл-парасат (патша уәзірінің баласы), қанағат-ынсап (патша уәзірінің туысы). Бәрінің бастау қайнары хан.

Әдебиеттер:

1. Баласағұн Ж. Құтты білік / Аударған А. Егеубаев. – Астана, 2003 ж.
2. Юсып Хас Һажеб, «құтадғұ білік», Шынжан, «милләтләр нәшрияты», 1984 ж.1368 б.
3. Жүсіп Баласағұн, «Құтты білік», Аударған А. Егеубай. Шынжан, «ұлттар» баспасы, 1989 ж.1105 б.
4. Шейх Құдайдад Тарази «көркем сөз өнері», үш томдық, «нұрлы әлем» баспасы, Алматы, 2012 ж.

Қожа Аһмет Йасауи (1103, 1041–1166)

Қожа Аһмет Йасауи – сопы ақын ретінде бүкіл түркілердің ортақ ойшыл тұлғасы.

Ақынның хикметінде оның шыққан тегі туралы төмендегі өлең жолдары бар:

...Ысқақ баба жұрыны, шейх Ибраһим Құлыны,

Машайықтар ұлығы – шейхым Аһмет Йасауи.

...Иәсі оның арасы, жатыр гауһар парасы,

Машайықтар сарасы – шейхым Аһмет Йасауи.

Аһмет Бұқар қаласында Жүсіп Һамаданидан діни білім алғаннан кейін, Түркістанға келіп, сол кезде Орталық Азияда кең тараған сопылық, діни-тақуалық идеяларды сүнни ханафи мәзһәбі бойынша кеңінен насихаттап көшпенді түркілердің діни бірлігін қамтамасыз етті. Соның арқасында Орталық Азия тұтастай Ислам дініне ене бастады. Аһмет Йасауидың ержете келе Түркістанға келгені оның сопылық

тарикатқа тереңдей сүңги алуына жол ашқан болды. Оны Ақынның өлең шумағынан байқауға болады:

...Он жетімде Түркістанда тұрдым, міне

Он сегізде Шілтеменен шарап іштім,

Рузы қылды, Жәннат кезіп қорлар құштым,

Хақ Мұстафа жүздерін көрдім, міне...

Аһмет Йасауидың Түркістанда тұрып, рухани өрісі биіктей түскені үшін оны «Түркістан пірі» деген атаққа лайық көрген Шейх Аттар оған арнап «Түркістан пірі» атты өлең жазған. Шейх Фәридеддин Аттар Нишабури (1146–1221) Иранның Нишабур қаласында туған, сопылық әдебиет пен тарикатының ірі өкілі, атақты шығыс ақындарының қатарында әлемдік жұлдыздарының бірі ретінде Маулана Руми мен Хафиз ширази сынды ұлық шайырлардың деңгейінде даңқ пен абыройға бөленіп келеді. Сопылық әдебиеттің терең тұңғыйығына сүңги білу үшін Маулана Руми, Хафиз, Аттар мен Жами сынды сопы ақындардың шығармаларын оқып, түсіну басты шарт болса да олардың туындыларын толық ұға білу үшін дарын иесінің де өмір жасы жеткіліксіз болатын шығар. Сондықтан нағыз сопы ақындардың шығармаларынан тамшылаған нәр ала білген шәкірттер талай игі мінез-құлыққа қол жеткізе алады. Сондықтан болар Қожа Аһмет Йасауи шығармашылығы түркі-мұсылман әлеміне кеңінен танылып, Йасауи ше хикмет жазу дәстүрге айналды. Кіші Азияда Қажы Бекташ, Жүніс Әмре, Сүлеймен Бақырғани хикметтерінен Қожа Аһмет Йасауи сарыны байқалды. 12 ғасырдан бері түркі халқының дүниетанымына елеулі ықпал еткен Қожа Аһмет Йасауи сарыны Асан Қайғыдан Абайға, сондай-ақ, күні бүгінге дейінгі қазақ ақындары шығармаларында көрініс тауып келеді.

Диуани Хикмет шығармасының зерттелу тарихы мен мазмұнына шолу:

Аһмет Йасауидың «Диуан-е хикмет» шығарма алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шығады. Содан кейін Ыстамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше рет басылады. Соның бірі 1901 жылы Қазанда Тыныштықұлының

қазақтарға арнап шығарған нұсқасы болатын. Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармасында ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейін өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұхара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді. «Диуани Хикматтан» түркі халықтарына, соның ішінде қазақ халқына, ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады.

Қ.А. Йасауидың кесенесі жайында:

Қ.А. Йасауидың кесенесі туралы мәліметті Иранның әйгілі тарихшы ғалымы Шәрәфеддин Әли Йәзди «Зафарнаме», – атты кітабында нақты әрі айқын түрде жазып мұра қалдырған. Онда: «Темір Сейһуннан өтіп, Аһәнгәран, Жанас ауылының маңында қыстап шығу үшін әскерлеріне қыстық үйлер салдыртады. Содан Иасы ауылына барып, сондағы Йасауи бейітіне зиярат етеді. Шейх, имам Мұхаммед ханафия ұрпағынан екендігін айтады. Әмір Темір Шейхтің мұбарак мазарына арнап кесене тұрғызуды бұйырады. Ғимарат күмбезінің биіктігі және ішінің қалыңдығы бұйрықтағыдай болуы шарт деп көрсетілген. Күмбездің түрлі түсті таспен безендірілуі, есіктері балқытылған темірден, ал хауызы қайнатылған тастан қалануы тапсырылған. Мазардың тасы мәрмәр тас Тәбриз қаласынан әкелініп, тиісті көлемде, нақышталсын деп жұмыстарын Маулана Ұбайдолла Сәдрге тапсырады. Бір жылда аяқталсын деп бұйырады», – деп жазған. Аталған кітап Әли Йәзди 1424–1425 жылдары Әмір Темірдің бұйрығы бойынша парсы тілінде жазды.

Түркістан қаласында жерленген Қожа Аһмет Йасауи «Әзіреті сұлтан» аталып келген.

Қожа Аһмет Йасауи дүниетанымы:

«Диуани Хикмет», «Мират-ол Қулуб», «Пақырнама» сияқты мұраларынан Қожа Аһмет Йасауидың «сопылық ілімінің, дүниетанымы мен философиясының негізін моральдық-этикалық және сопылық хикметтер деп

жіктеуге болады. Йасауи іліміндегі парасат ұғымы адамның адамгершілік ахлақи мәртебесіне және «кемел адам» дәрежесіне жету мәселесін қарастырады. Қожа Аһмет Йасауидың дүниетанымдық тұжырымдамасының теория негізін шарифат пен мағрифат құраса, ал тәжірибелік негізін тариқат белгілейді. Қожа Аһмет дүниетанымының мәні – «адамның өзін-өзі тануы» арқылы «Хақты тануы». Бұл жолдың алғашқы мақамы (басқышы) – «тәуба», соңғысы «кұлдық» (Аллаға толық берілу). Бұл жолдағы адам «жаратылған – мен» екендігінің ақиқатына, жаратылыс сырына көзі жеткенде, өзінің адамдық парызы – «Алла мен адамның және адам мен қоғамның» арасында «көпір – жол» болу екендігін ұғынады.

Хикметтің философиялық мәні:

Йасауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам «кемелдікке» жетуі үшін қажетті білімді игеруі керек. Бұл білімнің қайнары – Құран. Қожа Аһмет Йасауи хикметтерінде адамның табиғаты Құранда айтылғандай – су мен топыраққа телінеді. «Асылың білсең су мен балшық. Құран кітабында адам болмысы балшық пен Алланың бір ұшқын демінен жаралған. Сол себепті сопылықта – адамның жаратылыс табиғаты, пәктік пен былғаныш. Нәпсіқұмарлық, менмендік, өркөкіректік – адамды адамшылықтан кетіретін қасиеттерді былғанышға теліді. Ал, Пәктік – рухани інгәрлікті (ғашық) іздейді. Сопылық мағынада ғашық сүйген жарына (Хаққа қауышуға) талпынады.

Қожа Аһмет Йасауи ілімі:

Қожа Аһмет Йасауи ілімінде Хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. «Дертсіз адам адам емес, мұны ұқ; махаббатсыз адам айуан жынысы, бұны тыңда». Осы хикмет жолындағы «дертсіз адам» адамдық сезімнен жұрдай, өз ұлтының, қоғамының, Отанының алдында жауапсыз, мұңсыз, қара басының қамын күйттейтін жан. «махаббатсыз адам» – илаһи затынан, яғни Алла тарапынан адамға берілген құдайлық сыйдан мақрұм қалған, өзінің адамдық қадірін бағалай алмайтын, парасаттылыққа ұмтылмайтын,

өзін қоршаған әлемге, адамға, табиғатқа, осының бәрін Жаратушының көрінісі екендігіне мән бермейтін жан. Дертті адамның Қожа Аһмет Йасауи іліміндегі алатын орны ерекше. Ол хикметінде «Білімің – шырақ, халің – пілте, көз жасың – жағатын май» болсын дейді.

Қожа Аһмет Йасауи түркі әдебиетінің Исламдық танымын қалыптастырушы:

Жергілікті халықтың салт-санасы мен сенім-нанымына, әдет-ғұрпына қайшы келмейтін діни-мистикалық мектептің негізін қалаған Қожа Аһмет Йасауи шығармашылығы сопылық ағымның түркілік дәстүріне даңғыл жол салды. «Ислам дінін тек араб тілі арқылы ғана тануға болады» деген түсінікті теріске шығарып, сопылық әдебиет ұстанымдарын көне түркі әдеби тілінде сөйлетті. Қасиетті кітаптың арабша мағынасын толықтай түсіндіру, шариғаттың қыр-сырын, дін қағидаларын қалың қауымға өз тілдерінде тереңнен таныту мақсатында хикметтерін жергілікті халыққа жақын айшықты поэзия тілімен жазды. Қожа Аһмет Йасауи түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Оның жазба әдебиет үлгісіндегі шығармалары түркі топырағында ертеден қалыптасқан суырыпсалмалық дәстүрдегі әдебиетке жаңа серпін, тың мазмұн алып келумен қатар, оны түр жағынан көркейтіп, кемелдендіре түсті. Сөйтіп, бұрыннан дидактикалық сипаты басым түркі әдебиеті философиялық ой тұжырымдармен толыға түсті. Ол фольклор мен жазба әдебиеттің өзара жақындасуының, толысып, көркеюінің дәнекері бола отырып, Шығармашылық әдебиетінде ертеден қалыптасқан, Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғамбарлар, әулие-әнбиелер жөніндегі әпсаналарды хикметтерінде ұтымды пайдаланды.

Сүлейман Бақырхани

Сүлейман Бақырхани түркі дүниесінің ойшыл сопы

ақыны. Оның қашан дүниеге келгені бимәлім, қай жерде туғаны туралы мәліметтер нақты емес. Сол үшін туған жері жайлы айтылған үш болжамды келтіргенді жөн санадық. 1. Түркістан қаласының маңындағы Өзкент елді мекенде. 2. Харезм уалаятының Бақырған кентінде. 3. Қарақалпақстан, Арал көліне таяу, Қоңырат қаласының жақын маңындағы жазықта.

Ал, әзірше Бақырхани қай жылы туды деген жайында ешқандай зерттеу мен зерделеу қортындысы жоқ. Бірақ өлген жылы 1186 жылында болғаны анықталған. Оның білім алған ошақтары Түркістан, Сайрам және Үргеніш медреселерінде болған. Сондай-ақ Қожа Аһмет Йасауидің тікелей шәкірті болған. Сопылар арасында сопылық жолдың жетекші ұстазына шейх, пір, ата деген лақап есімдер айтылып келді. Сопылық бағытта тәлім беруші шәкіртке «мұрат» болған үшін шәкірт «мүрид» аталады.

Бақырхани кезінде Йасауидің мүриді болып жүріп, зеректігімен оның назарына ілікті. Бұл жайытты Әлішер Науаи жазған. Онда: «Бір күні Қожа тамақ пісіруге бұйырғанда, аспаз отын жетпейтінін айтқан. Сол екен Қожа мүридтеріне отын жинап әкеліндер деп тапсырыпты. Әлгі шәкірттер отын жинап жүрген мезгілде жаңбыр жауып кетіпті. Шәкірттердің жиған отындары жауынның суына әбден малынып кетті. Ал, Сүлейман отынын тонына орап бәрін құрғақ күйінде алып келіпті. Қожа оның бұл тапқырлығына қарап: «Ей, бала, хакімдік іс жасадың», – депті. Содан достар арасында «хакім» атағына ие болған. Алдағы өмірінде өзінің терең білімі, таза ойы, әдепті мінез-құлқы, имани болмысы үшін адами санадан әулиелік санаға қол жеткізіп, рухани жетекші биігіне көтеріліп «ата» лақабына да лайықты тұлға ретінде «хакім ата» атанады. Сөйтіп Сүлейман Бақырхани сопылар арасында «Хакім Ата» есімімен де танымал.

Сүлейман Бақырханидің:

Асыл-текті әулеттен, білмен оны көп надан,
Алла білер ол, шейхым Аһмет Йасауи.
Ысқақ баба жарыны, шейх Ибраһим құлыны,

Шейхтердің ұлығы ол, шейхым Аһмет Иасауи.

Деген жыр жолдарында ұстазы Аһмет Иасауиді дәріптеп, аса жоғары бағалайды.

Ислам дүниесінде «сопы» деген сөз «Аллаға ғашық» жандарға тән атау. Сол үшін жалынды махаббат жырларын Алла іңгәрлігіне арнап жырлайды сопы ақындар. Сүлейман Бақырханида ғашықтар қатарында ұрпағына мұра қалдырған «Хикмет» жырларында Аллаға ғашық жүрегінің лүпілін жаңғыртып, сопылық әдебиеттің ең озық үлгісін көрсетеді. Ол Ислам шарифатын негізге ала тұра сопылық жол яғни тариқат мүмін жандарды адами кемелдікке жетелей алады деп санайды. Алланың ақиқатына жетуге, иманнан жырақта қалуда надандық кедергі екенін баса айтады. Сондай-ақ Хақ жолына түсуге ғылымды басты құрал деп біледі.

Ғалымдар ғылымменен қадір табар,
Надандар надандықпен әлсіз қалар.

* * *

Ей, достар наданмен бірге сырлас болып,
ішім күйіп, жаннан безіп кеттім міне.

Деп, – жырлаған өлең жолы ақынның ғылым мен жаһил болудағы ара салмағын айқындай түседі. Сүлейман ата Алланың сүйіктісіне айналу үшін дүниеуи құлдықтан арылып, тек бір Алланың құлы болғандығын ескертіп тұрады өз хикметтерінде. Аллаға мойынсынған жан қашанда Алланың құлы екенін ұмытпай, билік пен байлыққа құл болудан сақтандырады. Сол үшін әрбір адам, пенде екендігін естен шығармай ұдайы пенделігіне өкініп, яғни тәубесіне келіп, илаһи биігін іздеумен болуы тиіс.

Өкінішсіз дерғаһына құл бола ма екен?
Тәубеден соң құлдық ету керегін.

25 хикмет

Аулады ғашық махаббат көңілдірді,
Екі әлем көзгүсін ашты достар.
Риязатқа өзін салып жүргенге,

Пайдалы шаруаларын шашты достар.

Алла деген ғашықтардың ердің ері,
Не зиян қылар оған Мансұр дары,
Тәңірім, нәсіп қылар Мұса тауын,
Самаһ ұрып арсы жаққа ақты, достар.

Шибли, Жүнейд ғашығы үшін жанын берді,
Кім ғашық болса, (сол) самағ ұрды,
Белгілі Баязид үшбу ғашықта болды,
Сегіз жұмақ хорларынан кешті, достар.

Ер сол болады үшбу жолға қадам ұрса,
Жаннан кешіп, Алла деп жолға кірсе,
Мекен-мекеннен өтіп жүріп Хаққа жетсе,
Хаққа жеткен ғашық жаннан кешті, достар.

Барша жаран бұ мекенге қашан жетер,
Ғаліп кісі бұ сөздерге қашан иланар,
Құл Сүлеймен ғаріптереден үміт тұтар,
Мағрифаты іске толып тасты, достар.

26 хикмет

Ғашық жолына барша ғашық кірер болды,
Мендей құлар өзін лайық көрсе болмас,
Ғашықтықты барша қылған пәруандай,
Ғашық отына күйерінен қайтса болмас.

Бір тамшы кім ішсе де үшбу шарап,
Қылар сол мезетте жүрегін кәуап,
Көздерінен қан жасы ағар сорғалап,
Сүйіктісі үшін сүйген құлдар жатса болмас.

Көп жатады ғаліп құлдар түнде ұйықтап,
Пікір қылпып өлерін білмес түйіп,
Халық жатар жер үстінде көр қылып,

Үшбу дүние бағасына жетсе болмас.

Келген, достар, түні-күн анық тұрындар,
Ақиреттің ісін мұнда Хақтан сұраңдар,
Құлшықта түні-күн әзір тұрындар,
Фәни үшін бақи үйін салса болмас.

Бес күндік дүние үшін не істедің,
Ақиретке білесің бе нелер алдың,
Мәлім қылдым үшбу дүние өтерінен,
Мекен жырақ азықсыз жатса болмас.

Үшбу жолдың төтесі-дүр Алла жады,
Хаққа жетер ғашықтардың біл зары,
Ием Мәулім дидары-дүр құл мұраты,
Қожам таупық бермей жолға кірсе болмас.

Тарту қылған әр пендеге таупығыңды,
Адастырма үшбу жлда жолдасыңды,
Тілер сенен Құл Сүлеймен хақиқатыңды,
Ғашық болған дәйім жылар, күлсе болмас.

I хикмет

Ғалымдар ғылымменен болды әзіз,
Надандар надандықпен қалды әлсіз,
Құл не болар құзырында өкінішсіз,
Өкініште болып құлышылық қылмақ керек.

Алла жады көңілдерге пана болса,
Ашылар көңіл қашан Раббыдан жарлық болса,
Мүрит керек Баязидтей таза болса,
Ондай мүрит мақсатына жетпек керек.

Мүрит керек, көңілін түгел пірге берсе,
Одан кейін пір назары оған болса,
Бардан қашып, өзінді тапсыр мұнда пірге,

Ондай мүрит мақсатына жетпек керек.

Пір мүриттің қағбасы-дүр егер білсе,
Күдік жәй болар ол сауапты мүрит алса,
Қай мүрит пір сырына күмән келтірсе,
Қиямет күн доңыз секілді тұрмақ керек.

Болам деп жарандардың сұхбатында,
Қатты қорық «әл-Қариғат» аятында,
«қиямет күні» сағатында,
Көп жылаған барып онда күлмек керек.

Болам деп сыйынып келдім иләһіме,
Шайқы Ибраһим перзенті шайқы Аһметке,
Лайық болам деп келдім зор талапқа,
Бұ дүниені тәркі етіп кетпек керек.

Құл Сүлеймен кешкін енді жаннан рауан,
Кетсін енді батыныңнан ғапілет тұман,
Түні-күн өткізген сен тілде иман,
Бұдан өтіп, ол мекенге кетпек керек.

Жүніс Әміре (1238–1320)

Yunus Emre – (1238–1320) – Анадолыдағы Қожа Аһмет Йасауи жолын қуған сопылық мектептің негізін қалаушы, атақты түрік ақыны. Жүніс Әміре өз өлеңдерін XIII–XIV ғасырдағы Анадолы оғыздарының халыққа түсінікті қарапайым тілінде шығыстық аруз өлшемнің, II буындық түрік өлшеміне сәйкес жазған.

Жүніс Әміренің өмір жолы аңыз әңгімелерге толы. Аталары негізінде Хорасан өлкесінен Анадолыға келген деседі. Ал өзі Анадолыда туып өскен. Әрі Алланың сүйген құлы болғандықтан қатардағы отыншы болса да, Нажы Бек-

таш мектебінен өткен ұлық сопы ақын ретінде биік рухани шыңға көтерілді. Егде жасқа жеткен соң ұстаздық дәрежеге жетіп өзінің сопылық мектебін құрып, жүздеген шәкірттер тәрбиеледі. Балалық, жастық шағы қалай, қайда өткені туралы деректер жоқ. Бірақ Байәзид атындағы орталық кітапханада



«пайдалы жинақ» топтамасында: «Жүніс 720 нижри яғни 1320 милади жылында сексен екі жасында қайтыс болған», – деп жазған. Осы мәліметке қарап ақын 1240-шы жылы дүние салған. Жүніс Әміренің туған жері болжам бойынша Маниса, Анкара және Сакария төңірегіндегі бір ауылда болуы мүмкін. Бірақ жерленген жері кейінгі жылдары орын алған оқиғаларға қарап анық болған сияқты. Жүніс Әміренің мазары бүгінгі Ескішаһар қаласының Миһалышшық ауданына қарасты Ескішаһар-Анкара темір жолының бойындағы Жүніс Әміре атындағы ауылда орналасқан. Бұл ауылдың бұрынғы аты Сары ауыл болған, сол ауылда Жүністің мазары мен медресесі азаттық соғысы жүріп жатқан жылдары Грек әскерлері тарапынан өртеніп, тас-талқан болған. Аталған мазар Жүніске тән екендігінің нақтыланған жайы мына оқиға байланысты анықталған: «1948 жылында темір жолдың салынуына қатысты Жүністің мазары делінген жерде жол картасына енген екен. Ол жағдайды білетін мәдениет қайраткерлері үкіметке хабар беріп, «ең болмаса Жүністің

мазарын елу метрге темір жол сызығынан қашықтыққа оң жаққа қарай ауыстыруға» рұқсат сұрады. Үкімет бұл шаруаны ешқандай салтанатты жиынсыз өткізуге келісім берді. Белсенділер мен үкімет келісімі бойынша қабір ашылды. Ішінен бір қолы маңдайында, бір қолы жүрегінде тұрған бұзылмаған сүйек қаңғасы шықты. Жас шамасы да сексеннің төңірегінде болған. Сүйек пен бас сүйегінің суретке түсіргеннен кейін тиісті рәсім жасалып, аса зор құрметпен табытқа қойылды. Жерлеу кезінде ешбір жаққа ашық жариялап хабар берілмеген болса да бір ғажабы сол қайта жерлеу күні (06.05.1949) қалың бұқара Сандықлы, Болвадин, Қония, Болу, Анадолияның әр аймағынан бір түнде жиналып, бұрынсоңды болмаған көпшіліктің дұға-тілегімен Жүніс ақынның сүйегі қайта жер қойнауына берілді. Хлықтың бұндай зор құрмет көрсетуі ақынның рухани жетістігі іспеттес. Өйткені арадан жеті ғасыр өтсе де ақынның ғашық жүрегі халқының жүрегінде мәңгі ұшқын болып, жалындап тұра бермек екенін көрсетеді. Төмендегі өлең жолдарын оқығанда ақын «жан тазалығы» мәңгі өмірдің кепілі екендігін білгендей жазып мұра қалдырған.

Жан өлмейді

Жаны таза пендеге Аллаһ өзі дем берер,
Тура жолды тапқанға мәңгі өмірге жол берер.
Жан шыққанда кеудеден – соңында із, шаң қалар,
Денең жерге көміліп, кеңістікте жан қалар.
Кейбір дінсіз дүмшелер, мақтау сөзге мастанар,
Құдай нәсіп қылмаса тозағына аттанар.
Қайран көңіл айнадай нәзік болар, сырласым,
Мықтап ұста сен оны, қолдан түсіп сынбасын.
Абай болғын және де Тәңір берген кесене
Өздігінен толмайды ол, жақсылықпен еселе.
Өз ісіңе адал бол, Жүніс – арсыз демесін,
Өткеннен соң өмірден, қайдан қайтып келесің ?..

Қорқамын...

Уа, ағайын, дос-жаран, мен қорқамын өлімнен,
Арқалаған күнәм көп, көрім жақын төрімнен.
Барлық күнәм өлгенде, көз алдыма тартылар,
Ақыретті ойласам – өне бойым қалтырар.
Қызығына баттым да мына фәни-жалғанның,
Құлдық қылмай Құдайға, кір нәпсіге арбалдым.
Бет-пердеңді ысырсаң, Қайран Жүніс – күнәң көп,
Шын сыйынсаң Бір Алла кешіреді – күмән жоқ!

Сүйем сені

Күллі әлемге жайлы нұрын таратқан,
Жаннан артық сүйем сені Жаратқан!
Мен – мен емес сияқтымын, шегім бар,
Өзегімде менен өзге «менім» бар.
Дүниеде барсың Ием, сеземін,
Бір өзіңе зәру боп тұр өзегім.
Көре алмаймын ішімдегі «өзімді»,
Құр сұлдерім кезіп жүр бұл өмірді.
Күмәнсіз ғой Жаратқанның дерегі,
Бірақ діннің кім теріп жүр дәнегін?
Қай пендеге түссе Алланың назары,
Көгінде оның Бақ жұлдызы жанады.
Маған деген махаббатын Алланың,
Бағамдауға жетпейді ғой талғамым.
Асыл дінді мансұқтаудан тыйылам,
Бір Аллға шексіз сенем, сыйынам!

Нәпсі

Бір Аллаға сыйынған дос-бауырға жанасам,
Қайда барсам солармен бірге жүріп жол ашам.
Бір күні мен жан беріп, дүниемен қоштасам,
Мүмкін, сонда пейіште періменен достасам.
Таза, жұмсақ киіммен мәңгі жүру жоқ маған,
Құмнан төсек салынып, тас жастықты жастанам.
Жаман қара ниетті арқандасам деп едім,
Тыйып Нәпсі қалауын талқандасам деп едім.

Қасиетін Алланың терең ұғып, білмеп ем,
Тазартатын кез жетті жан мен тәнді кірлеген.

Сабақ ал...

Адам – пендем, бір сабақ,
Алғың келсе Өлімнен.
Тірлігінде пұл санап,
Босқа өтпегін өмірден.
Аруақтың көрдегі,
Қалды қандай амалы?
Осыны ойла сен де бір,
Тірлік етіп саналы.
Байлар қайда бұрынғы,
Байлығына сыйынған?
Оларға да бүгінгі,
Бейіттен жер бұйырған.
Ханзадалар қайда асты,
Хан сарайға сыймаған?
Көрге олар да жайғасты,
Құм төсегін жимаған.
Қай жақта жүр шашырап,
Сұлу қыздар – асыл жан?
Олардың да топырақ,
Айдай жүзін жасырған.
Кішік пенен ұлығым,
Теңеседі көмген соң.
Бегі қайсы, құлы кім,
Маңызы жоқ өлген соң.

Сәккаки атты қос түркі ақын

Түрік халықтарының орта ғасырларда ғұмыр кешкен көптеген ғұлама ғалымдары, ақындары мен шешендері – олардың ортақ рухани қазынасы іспеттес болып табылады. Мәселен, түркі тілінде өлеңдер жазған Сәккаки, Лүтфи

және Атаи жалпы түркі тілі мен мәдениетіне өзіндік үлес қосқан ақындар. Олардың шығармаларынан сол дәуірдің тілдік, дүниетанымдық, әдеби, көркемдік ерекшеліктеріне көз жеткізе аламыз. Сондықтан олардың өмірі мен шығармашылығын тану – бүгінгі ұрпаққа зәру тақырыптар қатарына жатады.

Ортағасырдағы түрік халықтарының әдеби ортасында Сәккаки атты екі ақын кездеседі. Мырза Хайдар «Тарих-и Рашиди» кітабында сол екеуінің бірін атап өткен. Ал өзбек ғалымы А.Һитмитов «Әдебиет теориясы» атты еңбегінде Сәккаки есімді екі ақын бар екенін жазады. Соның бірі – Мырза Хайдар жазған, Лүтфи және Ұлықбекпен замандас болып бір кезеңде тұрған ақын. Екіншісінің аты-жөні – Сәраж-ед-дин Әбу Жақып Жүсіп ибн Әбу Бәкір Әл-Хорезми Сәккаки деп аталады. Ол – «Мефтаһ-ол-олум» (ғылымдардың кілті) деген әйгілі шығарманың авторы. 1160-1228 жылдар аралығында өмір сүрген. Шағатай сарайында ғылыми кеңесші болған. Соңында Шағатай ханмен келісе алмай, оның қаһарына ұшырап, түрмеге қамалып, сонда өлген. Мазары Қорғаста екендігі туралы болжам бар дегенді айтады. Бұл туралы өзбек ғалымы: «...Орта Азиядағы теоретик ғалымдардан Әбу Нәсір Әл-Фарабиде (X ғ.) «Өлең және ұйқас жайында әңгіме» атты еңбегін, ибн Синадан (XI ғ.) «Наурыз турасында рисалесін» (трактат), Жаролла Әбу-л Қасым Зәмәшаридан (XIII ғ.) «Аруз өлшемдері» және Сәраж-ед-дин Сәккакиде «Мефтаһ-ол-олум» (Ғылымдардың кілті) қатарлы еңбектер болған» деп Сәккакиді Орталық Азиядағы түрік халықтары жазба әдебиеті өкілдерінің қатарына қойып, оған жоғары баға береді.

Сәраж-ед-дин Сәккакиде басқа Мырза Хайдар еңбегіне өзек болған Маулана Сәккаки бар. Ол туралы тарихи-әдеби деректерде көп мағлұмат жоқ. Ақынның өмірі жайлы өзінің «Диуаны» (Өлеңдер жинағы) және Әлішер Науаидың «Мәжалес-ән-Нәфаес» (Ұлылыр жиыны) және «Хұтпа-е Дэвавин» (Ххұтпа жинақтары) еңбектерінде Сәккаки жөнінде біршама мәліметтерге қанық бола аламыз. Науаи-

дан басқа Яқини атты бір ақын «Оқ пен садақ» деп аталатын еңбегінде Сәккакиді түрік ақындарының кеменгері және өз заманының жасампаз шайырларының бірі деп бағалайды.

Сәккаки – ақынның лақап есімі, оның шын аты мәлім емес. «Саккак» (пышақ жасаушы) сөзінен шыққан. Демек, шайыр қолөнер шебері отбасында туған деген ой туады. Сәккаки XIV ғасырдың екінші жартысында немесе XIV ғасырдың соңғы ширегінде дүниеге келгенін, оның 810 хижри (1407-08) жылы Әмір Темірдің немересі Хәлил Сұлтанға арнаған қасидасынан байқаймыз. Онда:

Тарихқа сегіз жүз дағы он жеткен Қадір түні,

Мемлекетке хан болар туылған айдың бірі, –
деп жырлаған бәйіттің дерегінен білуге болады. Өйткені, шайыр бұл қасиданы шамамен 30 жасында жазған.

Сәккаки шығармасының жайнаған дәуірі Ұлықбек билік құрған (1409-1449) жылдарға тура келеді. Тарихи деректерден анық білетініміз, ұлы астроном және мемлекет қайраткері Мырза Ұлықбек мәдениетті қолдаушы, жанашыр патша еді. Ол ғылым, өнер және әдебиет адамдарына қолдау көрсетіп жүретін. Осыған орай, Сәккаки де Ұлықбектен пана тауып, ғалымдар қатарына қосылып, шығармашылық істермен айналысуға мүмкіндік алған. Сәккаки өз қолдаушысына арнап жазған қасидасы бар. Онда Ұлықбекті асқақтата мадақтап, оның жауларын жер қылды. Ақын Ұлықбекті ұлықтай тұрып, өзінің осындай өнер сүйер патшамен замандас болғанын мақтан тұтқан:

Жылдар керек туғызар айналып кеп тағдырың,

Сендей дана шаһ, мендей түркі жырының ақынын...

Сәккаки өз диуанында Мырза Ұлықбек, Хәлил Сұлтан, Қожа Мұхаммед Парса, Арыстан Қожа Тарханға да қасида жазған. Ақын қасида жанрынан басқа ғазалдар да жазған. Бірақ ғазалдарының басым бөлігі біздің заманға жетпеген. Сәккакидің өзі түзеткен диуанының бірнеше қолжазба нұсқалары бар. Бірақ одан бізге жеткен тек қана 10 қасида мен 50 шақты ғазалдан құралған диуаны бар. Ақынның басқа да өлең жинақтарының нұсқалары толық емес. Мәселен,

Лондонда, Британия мұражайында шамамен XVI ғасырдың ортасында көшірілген бір нұсқасы сақталған. Ташкент қаласында Өзбекстан Республикасы пәндер академиясының Әбу Рейхан Бируни атындағы Шығыстану институтында 1937 жылы Шаисмаил ислами катиб (хатшы) тарапынан түпнұсқадан көшірілген қасидалар қолжазбасы сақтаулы тұр.

Сәккакидің XV ғасыр орта шендерінде дүниесі салғанын Науаидың Самарқанда болған (1456-1469) жылдарда Сәккакимен кездеспегенінен-ақ білуге болады. Өйткені, Сәккаки сол жылдары тірі болғанда Науаимен таныс болғандықтан онымен кездесіп, сұхбаттас болар еді.

Өзбек ғалымы Қ.Муниров: «Сәккакидың қасида жырлаудағы шеберлігіне қарағанда, ол өзбек қасидашыларының негізін қалаушы екеніне күмән келтіре алмаймыз» дейді. Сәккаки ұлы шайыр Лүтфимен қатар даңқ-абыройға бөленген. Бұл жайында Науаи «Хұтпалар диуаны» еңбегінде: «Ұйғыр сөз бейнелігімен түркі сөзінің кестелілігінен Маулана Сәккаки мен Лүтфидің бірінің шырын бәйіттері Түркістанда әйгілі болса, бірінің нәзік те балдай ғазалдары Ирак пен Хорасанда өмір нәріндей оқырманын қанаттандырып жатты» деп жазды.

Сәккакидың лирикасы ақынның адамзатқа деген махаббатын, өмірге деген сүйіспеншілігін жырлайды. Шайыр өз сезімдерін табиғат көрінісіне деген адамдық мейіріне бөленген түйсігіне, ішкі дүниесінің толқыны мен шабытына орай бәйіттейді.

Серуен құрған қайыңмен сұңғақ бойлы жан гүлзарында,
Ондай гүл болмайды сымбаты асқан өзіңнің гүл бағында.

Жүріп өтсең аралап, кербездікпен гүлзарларда,
Хур жүрмеген бұлайша, аралап жәннәт бағында.

Самал лебі аузыңнан аймалап тұрса түндерде,
Қызыл түске боялып, гүлзарда қуаныш сыйлап гүлдерге.

Тік қайыңдар көріп, сенің сұңғақ бойыңды,
Гүлзарыңда қайран қалып, қалшыып естен танды.

Сенің шат жүзіңнің бір ұшқыны жетер құлдарға,
Бойыңдағы шаштарың, райхан жапырағындай гүлзарда.

Гүл жүзінді көріп, өзін парша-парша қылар
Гүл болып шөптің арасында қайтіп қадыр табар.

Аузын көріп Сәккаки, әсемдік кенін көргендей,
Гүл ауаны тамашалап, гүлзарда қауыз ашқандай.

Сәккакидың ғазалдары тақырыптық көркемдік жағынан Әлішер Науаи және Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр, тағы басқа шайырлардың ғазалдарымен ұқсас келеді.

Сәккакидың бір артықшылығы – ғазалдармен шектеліп қалмай, өзі өмір сүрген дәуірдің қоғамдық мәселелерін өз өлеңдеріне арқау еткендігі. Мәселен, Сәккаки Ұлықбекке арнаған өлеңде:

Тобыр қой болса, сұлтан оған не шопан, не қасқыр
болғаны,

Қасқыр ұлыса, қойдың тынғаны, шопан жетсе, құтылғаны, –
деп әділ билеушіні шопанға, әділетсіз билеушіні қасқырға
теңейді.

Ұлықбек билік басына келгенде ақын тебірене былай
жырлайды:

Тыныштық келді, абыржу біржола әлемнен кетті,
Мәңгі думан құрып қалайық – шаттық келді

Адамның жаны бар ма, жоқ па, барлығы бұл ұлысқа тән еді,
Даналық пен ол тәнге Аллаға шүкір жан енді.

Ұлықбекке арнаған бұл өлеңде ақын қоғамдағы жағдайды,

яғни әділеттілік пен әділетсіздік тікелей патшаға байланысты екенін меңзейді. Яғни қоғамның абыржып өмір сүргені не тыныштықта тіршілік етуі билеушіге байланысты екенін айтады. Лүтфи мен Ұлықбекке замандас болған Маулана Сәккакидің өмірі мен шығармашылық жолы осылай болған.

Ғазал:

Көзден жүз гүл ұшты, реңін көріп гүл жүзіңнің,
Сағым өтті көзімнен көрініп, әппақ реңін.

Аулада шашыңның иісі жайылды,
бұрымын көргендер таң қалды,

Қараңғы түн келіп жеткенде,
Жаһан, Хотан хош иісіне толды.

Таң сәріде жыладым, еске алып кербез бойыңды,
Арнасынан көзімнің жас тамшылар ағылды.

Көргенде наурыз бұлтының жаңбырынан жүзінді,
Жер жүзінде көз жасым қызғалдақтар өсірді.

Таң мезгілде, қиялымда шашың сенің жайылды,
Айдаһардың елесіндей, ібіліске айналды.

Өз алдына гүл жүздерін жүзі пара етуде,
Көз жетпеген гүлзарында гүл тіршілік етуде.

Кені болған сұлулықтың, ауызыңды көргенде,
Ұқсап жатты Сәккакиға, бүршік атқан гүлдерге.

Маулана Лүтфи – ғазал жырлаған ақын

Маулана Лүтфи (1366–1465). Мырза Хайдардың

«Тарих-и Рашиди» кітабында Маулана Лүтфи жайында берілген қысқаша мәліметтерден, оның Әлішер Науаимен жақын шығармашылық қарым-қатынаста болғанын байқай аламыз. Лүтфиде өз заманының Науаи сынды ұлы ақындардың ілтисатына бөленген танымал ақындардың қатарында болған. Ол Шығыс әдебиетіндегі ғазал жанры шебер жырлаушы ақындар сапында тұрып көптеген інжу-маржандар ғазал тудырған ақын.

Қасида шығыс поэзиясында патшаларды, билеушілерді мадақтайтын өлең түрінің бірі болған. Замана барысында қасиданың мадақ тақырыбы махаббат тақырыбына ауыса бастап, шығыс поэзиясында ғазал атты жаңаша өлең жанрына жол ашты. Қасида мен ғазалдың ортақ тұсы бар. Ол екі жанрдың белгілеген бәйіттерінің санына қарамастан өлеңнің бастан аяғына дейінгі мазмұнының бір тұтастығы болып табылады. Сондықтан қасида мен ғазалдың бірінші бәйіті өлеңнің жалпы мазмұнын ау-баста аша алатындай деңгейде жырлануға тиіс. Әрине бұл міндетті орындау кез келген ақынға салмақ түсіреді. Сол себепті қасида мен ғазалдың бірінші бәйітін ақындар бір-бірінен сатып алуды дәстүрге айналдырған. Шығыс поэзиясында қасида мен ғазалдың бірінші бәйітін «мәтлә» деп атайды. «Мәтлә» бәйітті бір ақын екінші бір ақыннан сатып алса да, сыйға алса да оны әрі қарай ретімен жалғастыра жырлап алып кету оңай шаруа емес-ті. «Мәтлә» бәйітті асқан шеберлікпен жалғастырып орайымен жырлай алатын ақындардың бірі тіпті бірегейі Әлішер Науаи болған. Мәселен, Әлішер Науаи Маулана Лүтфидің бұрын оны ешкім аяқтай алмаған бір өлеңінің бірінші «мәтлә» бәйітін қолға алып оны сәтті жырлап аяқтағаны басқа ақындардың таңданысын тудырған. Лүтфи ақынның да өзіндік ерекшелігі болған. Ол замандас ақындарына қарағанда бірінші, яғни «мәтлә» бәйітті жырлауда өте тапқыр болған. Осы шеберлігі үшінде өзге ақындардың үнемі назарына ілігіп жүретін.

Маулана Лүтфидің түркі тілінде жырлаған өлеңдер жинағы оқырмандарының ықыласына бөленіп, олардың

қошаметіне ие болатын. Бұл орайда оның Маураннәһр, Шығыс Түркістан, Хорасанда түркі тілінде оқитын ғалымдар мен оқырман арасында кеңінен танымал болғанын айтуға болады. Маулана Лүтфидің өмірі мен шығармашылығы хақында өз замандастарының еңбектерінде көп мәлімет бар. Олардың қатарында Дәулетшаһ Самарқанди, Шәмседдин Сами, Хандмир, Абдолла Кабули сынды тарихшы, шежірешілерді атауға болады. Әсіресе, Лүтфиді өте жақыннан білген, онымен ұстаз-шәкірттік қатынаста болған Әлішер Науаидың шығармаларындағы Лүтфидің жайында берген мағлұматы аса құнды дерек болып есептеледі. Әлішер Науаи «Мәжалис-ән Нәфаис» атты еңбегінде Лүтфиді өз заманының «Сөз патшасы» деп атауы оның шығармашылық қуаты қаншалықты мықты болғанын білдіреді. «Әлем түсіндірме сөздігінен» Лүтфи Әлішер Науаимен қатар, белгілі сопы ақын Әбдірахман Жәмимен де жақын қарым-қатынаста болғанын аңқарамыз.

Маулана Лүтфи бастапқы дүниеуи және діни білімін медреселерде оқып жүріп алған. Кейінірек сопылық білімін жетілдіру мақсатында өз заманының көрнекті сопы шейхтерінің бірі және «Құран кәрімге» тәпсір жасаушы Шәһабеддин Хиябанидың алдынан дәріс алған. Терең білімінің арқасында Әбу Әли Ибн Синаның «Қанун» және «Шипа» атты еңбектерін қызыға оқыған.

Лүтфи жастық шағынан әдебиетке қатты көңіл бөліп, түрік тіліндегі әдебиетпен қатар парсы және араб әдебиеттеріне мұқият зер салып жүретін. Соның салдарынан Хафиз, Кемал Қожәнди және Нәсими сынды ақындардың өлендерімен танысады. Өмір Темір дәуірінен бастап Хорасан және Маураннәһрда болған саяси тартыстардың салдарынан пайда болған тарихи оқиғалардың дәл ортасында Лүтфи де болды. Өйткені, саяси ортаның істеріне Әлішер Науаи, Әбдірахман Жами, тағы басқа ғалымдар мен әдебиетшілер де қалыс қалмай араласып жүргенді. Сондай-ақ түркінің зиялы бекзада ортасында туған тіліне басымдау мән беріп, ғазалдар жазған.

Лүтфидің әдеби туындылары арасында ерекше орын алған шығармасының бірі 1411 жылы жазылған «Гүл және Наурыз» атты дастаны еді.

Лүтфи Шарафеддин Әли Йәзидидің «Зафарнаме» еңбегін парсы тілінен түркі тіліне аударды. Ондағы ерекшелік Лүтфи проза жанрында жазылған «Зафарнаме» шығармасын поэзия тіліне айналдырып, оны мәснауи жанрында жырлағаны болды. Бұл мәліметті Әлішер Науаи «Мәжалис-әл-Нәфаис» кітабында жазды. Профессор Е.Э.Бертельс ақынның бұл аудармасын Фирдаусидің мәснауи жанрында жырлаған «Шаһнамесіне» еліктеп жасалған аударма деп пікір айтқан. Лүтфидің тәржімалаған «Зафарнаме» жыры 1000 бәйіттен асып түседі, бірақ аударманың түпнұсқасы қазірге дейін табылмай келе жатыр.

Лүтфидің өлеңдер жинағы толықтай қазіргі уақытқа жеткен. Онда ақынның 280 ғазалы, екі қасидасы, 18 қитасы енген. Оның қолжазба нұсқалары осы заманда Ташкентте Бируни атындағы Шығыстану институтының қолжазба қорында, сондай-ақ Санкт-Петербург және Британия кітапханаларының қолжазба қорларында сақтаулы тұр. Стамбул қаласының Дар-әл-фонун кітапханасында «Лүтфидің тұйықтары» атты топтамасы сақтаулы. Тұйық – лексикалық – тауық, түйе тауық мағынада қолданылады. Әдеби термин ретінде Тұйық – төрттағанның төрт жолы да ұйқасты болып келеді.

Жалпы алғанда, жүз жылға таяу өмір сүрген Лүтфи ұзақ ғұмырының басым бөлігін әдебиет пен өнердің түрлі салаларына арнап, еңбек жазып өткізді. Мәселен, хотандық Молла Исмәтолланың «Тарих-и-Мұсиқон» (Музыканың тарихы) атты еңбегінде оның музыкамен де айналысқаны жазылады. Осындай тағы да басқа шығыс мәдениетінің тарихына қатысты әдебиеттерде Лүтфидің ахлақ, салт-дәстүрге байланысты «Мәшһүр-ул-Һәқайық» (Әйгілі шындықтар) атты кітап жазғаны айтылады.

Ғалымдар Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Шығыстануинститутының қорындағы Лүтфи шығармасының

сирек кездесетін ондаған қолжазба нұсқаларын Лондон және Париж қорларындағы қолжазбалармен салыстыра қарастырып, ақынның «Таңдамалы» шығармалар жинағын шығарды. Ол 1987 жылы «Ғафур Ғұлам» атындағы «Әдебиет және өнер» баспасынан «Сенсең, сүйемін» деген атпен жарық көрді.

Лүтфи шығармасында шығыс әдебиетіндегі белгілі жанрлар: ғазал, рубай, тұйық, қита және фәрд түрлері бар. Ақын көптеген өлеңдерін Шахрох мырзаға арнаған. Сондай-ақ Темір шаһзадалары, Байсұңқар мырза, Ескендір мырзаларға да арнап жырлаған қасидалары бар.

Лүтфидің өлеңдеріне өзек болған тақырып – махаббат. Ол – адамзат махаббатының сырт көрінісімен бірге ішкі құбылыстарын бейнелей білген шайыр. Яғни ақынның лирикасында кеңінен орын алған дүниеуи тақырыптармен қатар діни-сопылық тақырыптар да бір-бірімен ұштасып жатады. Содықтан оның өлеңдерінде шынайы бейнемен қатар тұспалдап жырлаған өлең жолдары да бар.

Ақын ғазалдарында Алла өзі жаратқан табиғат пен жанды тіршілік иелері арасында адамзатты мәртебесі биік жан деңгейінде бейнеленген. Адам – сол үшін де Алланың жаратқан әзиз жаны. Оның көркі де «Алланың бір ұшқыны» ретінде асқан сұлулыққа ие. Адамның асқан сұлулығынан болар, Алла оның жүзінен өзінің бейнесін көреді. Ақын жырларында осындай мазмұнға ие терең ойларды бейнелейтін тұстар аз емес.

Сылтау ғой ғашық қылуға, сұлулықтың әлемі,

Біздің көзге түссін деп, жаратқан-ау әдейі, – деп Жаратушы мен жаратылған адам арасындағы нәзік те сұлу байланысты жырлайды.

Маулана Лүтфи Маураннәһрде дүниеге келіп, Герат қаласында өмірден озды. Оның соңында қайталанбас айшықтарға толы, мұңлы сыр шерткен ғажайып ғазалдары қалды.

Лүтфидің ғазалдарынан:

1

Бізге қарап өтіңдер, әй, пері жүзділер,
Назар салып пақырға, патша сайлай өтіңдер.

Өте келе көңіліне талайлардың ілінер,
Сонша жазық пақыр үшін, демей жүріп өтіңдер.

Құлықты шектен шығармай, ізет жолын біліңдер,
Ат тұяғы басатын топырақ таптап өтіңдер.

Алымның анау бойымен, мәңгі еске алып өтіңдер,
Әй, ғашықтар, мазарымның үстінен ах ұрып, сендер, өтіңдер.

Болса да сізге әурелік, зекет болар,
Кезең-кезең ілтипат Лүтфиге етіп өтіңдер.

2

Сенсіз маған әй, сұлуым, не пайда?
Жаның егер болмаса, тәніңізден не пайда?

Тіліңіз де бұлбұлды сайратар рең болмаса,
Гүлзары мен көктемге одан келер не пайда?

Өнер емес кербездік, жапа шексең не пайда?
Соншалықты кербездік, өнеріңнен не пайда?

Жанға дауа болмаған, опасыз мейірден не пайда?
Күндей нұрын шашпаса, одан сізге не пайда?

Лүтаи мұндай құлынға болмаса ынтық не пайда?
Білдірмесең ілтипат, сенен маған не пайда?

3

Ей, ай жүзді түркілер, ғажап жан боп жетілдің,
Сарайында гүлзардың жайқалған гүл боп жетілдің.

Бойың болды керемет, көк жиекке жетілген,
Ақ қайындай шіркін-ай, кербездікпен жетілген.

Өркім сені көрсе де, Мысыр кетіп, ақылдан асып жетілген,
Бұл заманда сен ғана, Кән'ан Жүсіптей боп жетілген.

Саған ынтық ел болса, құлдықтан ғажап жетілген,
Ақылымен жақсының сұлтан болып жетілген.

Бейнесі мен рухты сен де көріп жетілдің,
Ілтипат пен бүлікті қатар қойып жетілдің.

Ей, арманым, ақ қайың, басыма көлеңке болып жетілдің,
Ұжмақтағы егілген тубадай боп жетілдің.

Сөздерінен Лұтаидің, ілтипатына төбең жетіп жетілдің,
Игілікке бөленіп, сөзшең жар боп жетілдің.

Атаи – ғазалшы ақын

Атаи (1440–1492). Ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында жеткілікті мағлұмат жоқ. Дегенмен, Әлішер Науаи (1440–1492) «Тәзкәреие мәжәлес-ан-нәфайес» (Ұлықтардың шежіресі) атты еңбегінде Атаидың Бәлх қаласында тұрғандығы, Исмайыл атаның перзенті екендігі, жұмсақ мінезді, қарапайым, жомарт жан болғандығы жайлы әңгімелейді. Ал «Нәсайем-ол-махаббат» (Махаббат самалы) деп аталатын кітабында Исмайыл ата Ахмет Ясауидің інісі Ибраһим атаның ұлы екенін да жазған болатын.

Хұсайын Ваез Кашефи (т.ж. беймәлім 1492 немесе 1498 ө.ж.) «Рәшәһәт-е әйнол-һәйат» (Тіршілік көзіндегі тамшылар) кітабында Исмайыл ата Хазиянда (Сайрам мен Ташкент арасында) тұрған. Оны Ахмет Ясауидің мектебін жалғастырушы Сейіт Атаидың мұрагері деп жазады. Атаидың Сайрам өңірінің перзенті бола тұра Бәлх және Ге-

ратта аз ғана уақыт тұрғандығы таңқаларлық жағдай емес. Өйткені, ақынның өмір сүрген кезеңі тақталастың салдарынан қоғам әбден әуре-сарсаңға түскен заман болатын. Қоғамның бұл хал-ахуалына байланысты ақындарда биліктің етегінде тұрақтайтын мекенін өзгертіп отыруға мәжбүр еді. Мәселен сол дәуірде Бабыр патша туған жерінен қудаланып, Кабулда таққа отырғанды.

Жоғарыда айтылған мағлұматтарға қарағанда, Атаи Ахмет Ясауидің ұрпағынан тараған ата тегі әйгілі шейх пен ақсақалдар болғандықтан оның лақап есімі «Атаи» атанған.

Өзбек ғалымы Еркеш Рүстемов ақын диуанының (Өлең жинағы) сыртқы мұқабасында және қолжазба нұсқасының соңғы парағының бетінде «Диуан-е шейхзада Атаи» деп жазылғанын айтады.

Атаидың өмір сүрген кезеңі Шыңғыс хан, Әмір Темір әулеттерінің біріне-бірі қарсы қанды қақтығыстармен қатар моғол-түрік халықтарының бір-бірімен жауласып жатқандығының салдарынан түркілік саяси жаңа жүйенің түрлі бағытында ұлт-ұлыс болып бөліне бастаған заманмен тұспа-тұс келді. Сол себепті сондай аласапыран заманда түріктердің бөлшектеніп бара жатқан дәуірінде өмір сүрген ұлы тұлғалар мен ғалым-ғұламалар түрік халықтарының ортақ рухани қазынасы болып есептелуі заңдылық. Сондай күрделі аралық кезеңде ғұмыр кешкен олардың әрбірі түркітөктес ұлттардың дүниетанымына, мәдени-әдеби тарихына негіз қалай білді.

Бұл кезеңде түркі тілінің негізінде қыпшақ-оғыз тілі қалыптасты. Араб-парсылардың саяси-мәдени үстемдігі салдарынан бұл халықтардың едәуір сөздері мен мәдени дәстүрлерін қабылдадық. Сондықтан да түркі тілінің құрамында араб-парсы сөздерінің көптеп кездесуі таңқалалық емес.

Атаи ғазалдарындағы мына шумақтарға назар салайық: «Атаиға босағанда орын бер», «Көзлерімнің жуйбарын селі әшгім қылды пәк», «Әй, Ай жүзің – пенделерге бақыт пен саадат», «Екі жаһан ғибадатдүр ме Атаи дүниеде?», «Сізге не

зиян болғай, егер болса маған суд», «Әр бірі тұрған жерінде қалды қайран пенделерің», «Сіздің біздің арманымызда әээлден құрбы жан-дүр», «Не болды, әй, көзі оттық, маған бір қоймады бауырын». Осы өлең жолдарында: (жуйбар-арық-парсыша), (әшг-көз жас-парсыша), (саадат-құт-арабша), (суд-пайда-парсыша), (әзәл-ұшы-қиырсыз уақыт кеңістігі, мәңгілік-араб) сөздер парсы мен араб тілдерінің түркі тіліне ықпалын көрсетеді. Екінші жағынан түркінің жазба әдебиеті тілінің қалыптасу барысын байқатады. Осыған қарап қазақтың ауыз әдебиеті тілі парсы мен араб тілдерінің қатты ықпалында болмағанын анық көреміз. Қазақ тілі парсы мен араб тілдерінен қабылдаған сөздері өз тілінің фонетикалық заңдарына бағындырып, қазақиландырып отырды. Бұның нәтижесінде қазақ тілі түріктөктес халықтар арасында ежелгі түркі тіліне ең жақын түркі тілі болып табылады.

Атаи – ғазал жанрының майталман ақыны болған. Сондықтан «Ғазал» сөзінің және ғазал жанрының шығу тарихына қысқаша тоқталайық. Ғазал сөзінің лексикалық мағынасы: сұлулармен көңіл қосу. Терминдік ұғымы: уәзінге құрылған ұйқасты өлең. Орташа бес, он екі немесе он сегіз бәйіттен тұрады, алғашқы бәйітін «мәтлә» деп атайды. Соңғы бәйітін «мәктә» дейді. Көбінесе соңғы бәйітінде ақынның есімі аталады.

Жалпы, Иран ғалымдары әрбір ғазалды тақырыбына қарай талдап: ғашықтық ғазал, ирфани (сопылық) ғазал, патриоттық ғазал, мадақтау ғазал, саяси ғазал, дидактикалық ғазал деген түрлерге бөледі. Бұның өзі ғазал жанрын әр қырынан тануға мүмкіндік береді. Демек, ғазалда ақын бір нәрсеге сүйіспеншілік сезіммен қарап, өлең мазмұнын түрлендіре алады.

Ғазалды әнге салып айтқанда: «Чаме» деп айтады. «Ғазал» сөзінің этимологиясы жайында тұрақты пікір айту қиын. Ғазалдың әдебиетте дербес жанр ретінде қалыптасуы жайында да түрлі көзқарастар бар. Ғазал жанры араб-парсы ақындары арқылы түрік даласына, оның ішінде қазақ еліне табан тірегені анық. Ал, қашан, кім арқылы түркі даласына

келіп енгені жайын зерделеп зерттеу – бөлек әңгіме.

Иран елінде ғазал жанры қатты дамыған. Олар Хақим Санаиды (1077–1150) «ғазалдың атасы» деп атайды. Оның бұлайша құрметке ие болуы ең алдымен ғазал мен сопылықты ұштастыруында. Бозбала кезінде ақын бір сұлуға ғашық болып, осы асыл сезім он жылға созылып, жыр болып төгілсе, араға уақыт түсе сұлу аруға махаббат сезімі сопылық илаһи махаббатқа айналды. Содан бастап Санаи өзінің Аллаға деген іңгәр сезімін ғазалдарына арқау ете бастады. Сүйітіп Аллаға махаббат сезімін жырлайтын сопылық ғазал жанры қалыптаса түсті. Санаидан кейінгі ақындар ғазалдың жаңаша мазмұнын дамытты. Солардың бірі тіпті бірегейі әлемге әйгілі ақын Хафиз Ширази еді.

Сондықтан Хафиз Ширази Санаидың мұрагері іспеттес. Хафиз Санаи негізін қалаған ғазалдың мазмұнын жаңаша жоғары көркемдікпен ұштап тереңдете түсті. Хафиздің мұраға қалдырған тамаша ғазал жырлары парсы әдебиетінде ғазал мектебінің тамаша үлгісін қалыптастырды. Сонымен қатар әлем әдебиетіне үлкен әсер етіп, елеулі үлес қосты. Әдебиеттанушы ғалымдар «Хафизден кейінгі шайырлар ғазал жанрында оның биігінен әрі көтеріле алмады» деген тұжырымдамасы поэзия әлемінде Хафиздің биік орнын көрсетеді.

Атаи ғазалды жырлаған бастапқы кезінде Хафиз, Кемал Хожанди, Омар Хайям сынды ғазал ақындарын үлгі тұтып, оларға еліктеді. Кейінірек өзіндік қолтаңбасы бар екендігінде дәлелдеді. Атаидың ғазалдарының мазмұнына үңілгенде, оның сыншылдық сипаты ақын ретінде басқалардан ерекшеленетінін көреміз.

Атаидың шығыс дәстүріне сай «Диуан» құрастырғанына қарағанда, ол ғазал жанрынан басқа рубай, қиталар да жазған болу керек. Оның қазіргі уақытта белгілі 260 ғазалы осы заманға жеткен. Ақынның ғазалдар диуаны Санкт-Петербург академиясының Шығыстану институтының қолжазба қорында (№22 сандық нөмірмен) сақтаулы тұр. Ғалымдардың пайымдауынша, аталған қолжазба нұсқасын

шамамен XVI ғасырда Сәфәви әулеттері билік еткен дәуірде әзірбайжандық хатшы көшіріп жазған. Ол қолжазбаны тәбриздық «Атабек» Фәтһәлихан қолында сақталып келгенін айтады.

Қолжазба 1927 жылы алғаш рет марқұм А.Н.Самойловичтың түсінік беруімен ғылыми айналымға түседі.

Өзбек ғалымы Фитрат Атаидың ғазалдарын А.Н.Самойлович жариялаған еңбекті пайдаланып, оны 1928 жылы «Өзбек әдебиетінен үлгілер» атты жинаққа енгізіп, Ташкент қаласында шығарды. Соның нәтижесінде ақынның ғазалдарын 1941 жылы жарық көрген «Өзбек әдебиет тарихының хрестоматиясы» атты жинаққа енгізген. 1948 жылы Хади Зәриф «Науаи замандастары» атты топтамасына 88 ғазалын енгізді.

Біздің әдебиетіміз бұл салада өте кенжелеп қалды. Дегенмен, «игіліктің ерте-кеші жоқ» дегендей өткен тарихымыз бен әдебиет жәдігерлерін жаңғырту кезек күттірмейтін аса қажетті рухани-мәдени мәселе екені айқын. Сондықтан «Мәдени мұра» бағдарлама бойынша өткен тарихымызды, мәдениет пен әдебиетімізді зерттеу жұмысы жаңаша қарқынмен жалғасады деген үміттеміз.

Атаи ғазалдарынан:

1

Керегі жоқ сенсіз маған, тән мен жанның шын айтамын,
әй Бегім,

Керегі жоқ бұл өмірдің, қолдамаса Қызыр бабам, әй Бегім.

Тірі жан деп ұғынарың ел де, сен де мені ойласаң, әй
Бегім,

Сенсіз мені тірі деуге мың күмән бар, сенемісің, әй Бегім.

Тіршілікте жүз күмән бар сенсіз менде, әй Бегім,

Сұлулықтың қазынасын айырбастап алғанбысың дүр мен

інжуге.

Сенсіз маған шаңырақтың керегі жоқ бұл ұлыста, әй
Бегім,

Мөлдір көзің, асыл жүзің дертке дауа болып жүрсін, әй
Бегім.

Шабыт келсе, мен бұлбұлмын, қауышамын гүлдермен,
Жаз маусымы маған сенсіз күздей болды, әй Бегім.

Бақ пен гүлсіз менің жүзім не болады құштар болсам, әй
Бегім,

Сенсіз маған керегі жоқ лала гүлдің, әй Бегім.

Тек сен ғана сұлулыққа әр беретін, әй Бегім,
Жұмақ бағы сенсіз маған Кәрбала-дүр, әй Бегім.

2

Сипаттадым жамалыңды гүл бақта,
Қызарды гүл жалындаған шоқ отта.

Армандайды көңілім лағыл тасты,
Ішің біліп оны да қалсын қанда.

Осы күйінде ғазиз жаныма сенсең,
Қажет емес жан, тән де маған сенсең.

Керегі жоқ о дүниеде жәннәттің маған,
Махаббат топырағы жетер көзбенен көрсең.

Жүсіптің көркіменен тұтқынға алма,
Бір күн болса да Жақыптың сына қамханасында.

Бұрымнан ұзын көңілім үзілмейді,
Аяғым қайда болса, басым да сонда.

Мәртебеме биік бол деп ел тілейді бірақ,
Сұңғақ бойыңа Атаи құл болған сонда.

3
Сүйіктім, сені тілеймін Хақ тағаладан,
Табалдырыққа табынып, басымды иіп алдына.

Тілеймін жаным азабын тартып қауышуға,
Сені мен мені әу баста жаратқан жақын болуға.

Болмас па екен болғандай Жүсіппен бірге,
Тағдыр бізді айырмас тұруға мекенде бірге.

Не болды саған отты көз бұрмадың бауыр,
Лағыл білектен қан жылайды жүрегінде.

Арманым бейнелейді болмысыңды шекер дәмде,
Атаи беталды адам жолымен күмәнсіз ойлануға.

Атаи ғазалдарының көркемдік табиғаты – Есімдері аталмай қалған, зерттеліп, зерделенбей қалған көптеген ортағасырлық түркі ғұламаларымыз бар екендігін білеміз. Солардың бірі – Атаи. Атаи өмірі мен шығармашылығына осы соңғы жылдарда көңіл бөлініп жүр. Алайда, Атаи өмірі туралы толық мағлұмат жоқ. Әйгілі Зәһиреддин Бабыр келтірген мәліметке қарағанда, Атаи сол кездегі Бәлхтың билеушісі Сұлтан Әбу Сайд мырзаның ең жақын адамдарының бірі әрі уәзірі болып сұлтан сарайында біраз тұрған екен. Алайда, Әбу Саид тақтан тайдырылып, оның орнына Сұлтан Хусейн мырза келгенде, бұрынғы билеушіге ең жақын адамы ретінде қуғын сүргінге ұшырайды. Сөйтіп, өзіне төнген қауіпті дер кезінде сезінген ақын қас-қағым сәтте шешімге келіп, ешкімге тіс жармастан, жасырын түрде өзі туған еліне кетіп қалады.

Ұлы шайыр Әлішер Науаи Атаидың есімін құдірет тұтып, үш кітабында құрметпен атайды. Өмірбаяндық де-

ректер беріп, шығармаларынан үзінді келтіреді. Есімін Лүтпіден кейінгі орынға қояды. Лүтпі (1366-1465) кім еді дегенге келсек, түркі халқының өкілдері Саккаки, Хорезми, Сайори, Сарай, Әлішер Науаи сынды шағатай әдебиетінің негізін қалаушы ірі өкілдерінің болғандығы әдебиет тарихынан белгілі. Науаи өзінің «Тәзкәреие мәжәлесан нәфайес» («Ұлылардың мәжілісі») атты еңбегінде Лүтпіні «өз заманының сөз патшасы» деп бағалаған. Осы шығармасында Атаидың Бәлх қаласында тұрғандағы, Исмайыл атаның перзенті екендігі, жұмсақ мінезді, иманжүзді, қарапайым, жомарт жан болғандығы жайлы мәлімет береді. Ал, «Нәсайем-ул-Мухаббат» («Махаббат самалы») аталатын шығармасында Исмайыл ата атақты сопы Қожа Ахмет Йассауидың әкесі Ибраһим атаның інісі болғандығын жазады. Егер қағазға түскен жазбаларға жүгінсек, Атаидың толық аты жөні Мәуләнә Хусейн шаих Атаи болып шығады. Мұндағы «мәуләнә» (қазақшасы Мәулен) – аса білімдар, ғұлама дегенді білдірсе, «шаих, шайхзада» оның аталар яғни ақсақалдар әулетінен екендігін көрсетеді. Сосын Хусейн азаң шақырып қойған өз есімі болса, Атаи ақынның поэтикалық есімі. Хусейн Ваяз Кашефидің «Рәшәһәт-е әйнол-һәят» («Тіршілік көзіндеі тамшылар») атты еңбегіндегі мәліметтерге сүйенсек, Исмайыл ата Испиджап (Сайрам) пен Шаштың (Ташкент) ортасындағы Хузьян деген жерде (Қазығұрттың Ташкент жақ бетіндегі Қаржан тауының маңындағы Тұрбат тұрағы) тұрғандығын, Ахмет Йассауидың мектебін жалғастырушы Сайд атаның халифаларынан да жақын ізбасары болғандығын айтады. Ал, Атаи Исмайыл атаның кенже баласы. Бұл келтірген мәліметтерді қорытындыласақ, Атаи түркі сопылық мектептің негізін қалаушы Ахмет Йассауиге өте жақын кісі болып шығады.

Ақын Атаидың әдеби лақабымен қоса өз аты жөнін толық келтіріп, өмірбаяннан аздап мәлімет берген басқа да белгілі ғалымдар бар. Оның бірі әйгілі «Бабырнаманы» дүниеге әкелген Зәһиреддин Бабыр болса, екіншісі, оның бөлесі, «Тарихи-ат-Рашиди» кітабының авторы ұлы бабамыз

Мұхаммед Хайдар Дулат. Мысалы, Бабыр өзі де сөз өнерінің үлкен шебері бола тұрып, Мәуләнә Хусейн шейх Атаи туралы аса жоғары пікір білдіріп, «Қалам ұстаудың ұстасы еді» деп ұлықтайды. Мырза Дулат болса, Шахрух билеген аймақ туралы құнды деректерді айта келіп, есімін ел ардақ тұтатын бес адамның тізімін ерекше атап өткен: Абрахман Жами, Дәуіт Хисари, Мәуләнә шейх Хусейн, Шамсуддин Бахрабанди, Бурханаддин. Осы тізімдегі есімдерді атап өткен басқа да ғалымдар бар. Мәселен, Васифи өзінің «Вадай ал-Вәкай» атты кітабында Атаи есімін екінші орынға қойып атап өтсе, Кәшефи өз еңбегінде Мырза Дулат тізімін сол күйінде дәл қайталайды.

Ортағасырлық дәуірде білім, ғылым іздеген түркі ғұламалары Шығыс елдеріне сапар шегіп, сонда тұрақтап қалып қоюы қалыпты жағдай еді. Осы орайда Әбу Насыр әл Фараби, Әбу Али ибн Сина, Әбу Райхан әл Бируни, Махмуд Қашқари т.б. секілді түркі ғалымдарының қай қайсысы да Шығыс қалаларында білімін ұштаған, соның арқасында үлкен жетістікке жеткен. Кейде саяси себептермен де мекенін өзгертуге тура келген. Сондықтан оқымыстылардың қоғамның хал-ахуалына байланысты мекен-жайын өзгертіп тұруы таңқаларлық нәрсе емес. Әлішер Науаи өзінің «Тәзкәреие мәжәлес-ан нәфайес» («Ұлылардың мәжілісі») атты еңбегінде Атаидың Бәлх қаласында тұрғандығын айтып өткен еді. Ал, Атаи өмір сүрген уақытта Бәлх қаласы мәдениеті мен ғылымы өркендеген атақты шаһарлардың бірі болатын.

Атаи аумалы-төкпелі дәуірде өмір кешті. Ақынның өмір сүрген кезеңі Шыңғыс хан мен Әмір Темір әулеттерінің біріне бірі қарсы қанды қақтығыстармен қатар, моңғол-түрік халықтарының бір бірімен жауласып жатқандығының салдарынан жаңа түркілік саяси жүйенің түрлі бағытында ұлт-ұлыс болып бөліне бастаған заманға тұспа-тұс келеді. Әмір Темір билік құрған дәуірде араб-парсылар тарапынан жасалып жатқан мәдени-рухани шабуыл шырқау шегіне жеткен еді. Осынау мәдени «басқыншылықтан» аман қалу

мақсатында тегі түрік оқымыстылары ұлттық мүддеге сай түрік тілін дамытуға орасан күш салды. Мәселен, Жүсіп Баласағұн, Махмуд Қашқари, Ахмет Йассауи, Жамал Қаршы, Ұлықбек, Атаи, Науаи, Ахмет ин Тарази, Өтеміс қажы, Хайдар Дулат т.б. сияқты тұлғалар түрік мәдениетінің, түрік әдебиетінің қаңлы-қыпшақ тілін де өріс алуына елеулі еңбек сіңірді. Әйтсе де ұзақ уақыт бойы шарқи дүниені уысында ұстап келген араб-парсы әлемінің саяси-мәдени үстемдігі өз әсерін қалдырғаны анық. Соның салдарынан едәуір сөздер мен тіркестерді, мәдени дәстүрлерді солардан қабылдадық. Түркі тілінің құрамында араб-парсы сөздерінің көптеп кездесетіні табиғи нәрсе болатыны сондықтан.

Атаи – ғазал жанрының майталман ақыны болған. Сондықтан «Ғазал» сөзінің және ғазал жанрының шығу тарихына қысқаша тоқталайық. Ғазал сөзінің лексикалық мағынасы: сұлулармен көңіл қосу. Терминдік ұғымы: уезінге құрылған ұйқасты өлең. Орташа бес, он екі немесе он сегіз бәйіттен тұрады. Бұл жанр Иранда қатты дамыды. Олар хакім Санайды (1077-1150) «Ғазалдың атасы» деп санап, ерекше құрмет тұтады. Оның былайша ілтипатқа ие болуы діни сопылық иллаһи философияны ғазалмен ұштастыра білуінде жатыр деп есептейді зерттеушілер. Сағди, Атаи да Хафиз, Кемал Хожанди, Омар Хайямды үлгі тұтқан.

Иран ғалымдары әрбір ғазалды тақырыбына қарай талдап: ғашықтық ғазал, ирфани (сопылық) ғазал, патриоттық ғазал, мадақтау ғазал, саяси ғазал, дидактикалық ғазал деген түрлерге бөледі. Бұның өзі ғазал жанрын әр қырынан тануға мүмкіндік береді. Демек, ғазалда ақын бір нәрсеге сүйіспеншілік сезіммен қарап, өлең мазмұнын түрлендіре алады.

Атаидың ғазалдарын оқи отырып, мазмұнына үңілгенде біз оның сыншылдық сипатының ақын ретінде басқалардан ерекше екендігін көреміз. Атаидың бізге белгілі 260 ғазалы ғана бар.

Қазақ ғалымдарының ішінде Атаи есімін жаңғыртуға өз үлесін қосқан көрнекті әдебиет зерттеушісі Мекем-

тас Мырзахметұлы, өлектанушы ғалым Қазыбек Тәжиев, шығыстанушы ғалым Ислам Жеменей бастаманы жүзеге асыруға мұрындық болды. Ислам Жеменей Атаи ғазалдарының көне шағатай-түркі тілінен түпнұсқалық негізін аударса, өлеңдерін өндеп, көркемдігі мен поэтикасын ретке келтірген талантты ақын Бақытжан Алдияр. Ақын ғазалдары үлкен сүйіспеншілікпен, ерекше ыждаһатпен қазақшаланған деуге толық негіз бар.

Атаидың ғазалдары көбіне-көп махаббат тақырыбына арналған. Көне түркі ғазалдарының ұйқас, буын, тармақ, шумақ түрлері қазіргі қазақ поэзиясынан өзгешелеу. Онда нағыз шығыстық бояу бар.

Енді, Атаи ғазалдарының көркемдік ерекшеліктеріне, ақынның өзгеге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасына тоқталмақпыз. Ғазалдарда қолданылған көркемдік тәсілдерді айқындап көрсетпекшіміз.

Атаи ғазалдарында көп қолданылған көркемдік құралдардың бірі – теңеу.

Екі гүл бар мен өсірген бақта ана,
Бірі – балдай, екіншісі – Шахдана.

Бірі – күндей шыға келген таң жарып,
Бірі – Хейбер шырағындай жап-жарық.

Бірі – арайлы ақ күмістей шырыным,
Шың ұшындай қос алмасы бірінің.

Біреуінің туған айдай қастары,
Екіншісі – ашық түннің аспаны.

Осы келтірілген өлең жолдарында *балдай, күндей, Хейбер шырағындай, ақ күмістей, шың ұшындай, туған айдай* деген теңеулер кездеседі.

Сенсіз ұлыс айналмай ма маң далаға, ей, Бегім,

Мөлдір көзің, асыл жүзің жанға дауа, ей, Бегім.

Бұл жолдардан *мөлдір көзің, асыл жүзің* деген эпитеттерді көреміз. Атаидың ғазалдарында эпитет қолданылған мынадай жолдар да бар:

Тән мен жанның керегі не сенсіз маған, ей, Бегім,
Өзің жоқта боп көрінер *өңсіз ғалам*, ей, Бегім...

Ақ мойныңа артылмады білегім,
Сондықтан да қан жылайды жүргегім...

Бірісінің – *шашы сұмбіл қап-қара*,
Бірі – өскен тал шыбықтай бақта ана...

Сондай-ақ, Атаи өз ғазалдарында жансыз табиғатты жандандырып суреттейді. Яғни кейіптеуді де қолданғанын көреміз:

Бақ ішінде сені көрсе қайың біткен таңданар,
Сендей сұлу болмадық деп күйініштен дал болар...

Бұйра шашың, сұңғақ бойың бізді ғашық еткелі,
Ай да саған ілтипат қып иіледі көктегі...

Бақ күлімдеп, кемелденер ақыл да,
Бір көз салсаң біздей ғашық пақырға...

Шығыс таңы күліп атып, нұрландырса маңайды,
Ол да сенің көз салады ақ жүзіне арайлы...

Мына бір жолдарда:

Сен – бір гүл ең, мен – бұлбұл ем, шабытты едім, ей, Бегім,
Сенсіз жазым күзге айналды анық менің, ей, Бегім.

Шаштарыңның әр талы өсіп тұрған бір-бір гүл,
Сен қайың бол қалқалы, мен болайын дүр бұлбұл...

Әдеби тілдегі ең басты құбылтулардың бірі – ауыстыру, яғни метафораны пайдаланғанын байқаймыз. Ақын сүйіктісін гүлге баласа, өзін бұлбұлға балайды.

Атаи ғазалдарында құбылтумен қатар айшықтаудың түрлерін де қолданған. Айшықтаудың түрі өте көп. Соның ішінде біз ақынның ғазалдарынан егіздеуді (психологиялық параллелизм) кездестіреміз:

Екі гүл бар мен өсірген бақта ана,
Бірі – балдай, екіншісі – Шаһдана.

Бірі – күндей шыға келген таң жарып,
Бірі – Хейбер шырағындай жап-жарық.

Бірісінің – шашы сүмбіл қап-қара,
Бірі – өскен тал шыбықтай бақта ана.

Біреуінің – бал татиды еріні,
Ал, бірінің – жауһар тектес көрігі.

Бірі – арайлы ақ күмістей шырыным,
Шың ұшындай қос алмасы бірінің.

Біріншісі – көктен түскен періштем,
Екіншісі – хас сұлу ғой келіскен.

Бірі оятар шаттық пенен күлкіні,
Ал, бірінің найза сынды кірпігі.

Біреуінің туған айдай қастары,
Екіншісі – ашық түннің аспаны.

Тек...

Атаи асырғанмен елден ой,
Бар болғаны қатардағы пенде ғой...

Атаидың ғазалдары сүйіспеншілік пен махаббатқа толы. Атаи ғазалдарында махаббаттың екі түрін жырлайды. Бірі – Аллаға деген махаббат болса, екіншісі – өзінің сүйгеніне деген махаббат. Осы сүйіспеншілік сезімін Атаи сөздерді үлкен бір суреткерлік шеберлікпен қолдану арқылы, түрлі тәсілдермен жеткізеді. Оны біз жоғарыда келтірілген мысалдардан көре аламыз. Атаи шын мәнінде, аса дарынды, талантты, майталман ақын.

Шейх Ахмет ибн Құдайдад тарази

«Көркем сөз өнері» – шығыс поэзия теориясы туралы тұңғыш шығарма

Есте жоқ көне заман тұсында түрік халықтары поэзиясында орын алған өлең теориясының терминін тұңғыш рет М.Қашғари өзінің XI ғасырда жазылған атақты «Түрік сөздері» кітабында «көг» деген аталыммен берген еді. М.Қашғаридың сөздігіне тіркеуге алған сөздердің мағынасын ашу үшін келтірген өлең үзіктерінің бәрі де – осы «көг» өлең уәзінімен айтылған деп білеміз. Бірақ біздер «көг» сөзінің этимологиялық мән-мағынасын бүгінге дейін аша алмай келеміз. Сөздіктегі Алып Ер Тоңа б.ж.с. дейінгі 626 жылы қайтыс болуынан кейін пайда болған жоқтау өлеңнің өзіне үш мың жылға таяу уақыт өтіп отыр. Бұдан шығатын қорытынды өлең құрылысының теориясы туралы ғылыми ұғымның әлемде тұңғыш рет Ұлы Тұран жерінде пайда болған құбылыс екендігін аңғарамыз.

Мұсылман әлемінде өлең құрылысының теориясы алғаш рет араб ғалымдары таманынан IX ғасыр ішінде жазылған еді. Исламияттың Иран мен Тұран жеріне VII-VIII ғасырларда таралуына байланысты араб тілі азам елдерінде мемлекет

тілі мен ғылым тіліне айналды. Осы себепті Иран мен Тұран халықтары поэзиясына араб өлең өлшемі яғни «ғаруз уәзіні» («мәт уәзіні») ырықсыз түрде ене бастады.

Ғаруз уәзіні, алдымен, Иран поэзиясына енуіне байланысты «ғарузи фарси» өлең өлшемінің жасанды түрі пайда болып, поэзия төрін еншілей бастады. Ирандықтардан кейін Араб халифатының боданына айналған Тұран түріктері поэзиясында да араб өлең өлшемі яғни ғаруз уәзіні үстем түсіп жатты. Осы үстемдік қазіргі кейбір түрік халықтары поэзиясында әлі күнге дейін созылып, өзгермей келеді. Мұның басты себебі – түрік, әзербайжан, өзбек, ұйғыр, татар т.б. халықтар тілінде араб, парсы сөздерінің үлесі мол болып немесе басым түсіп жатуында. Әрі ол халықтар тілінде араб, парсы сөздерін табиғи қалпында, қалай есітілсе солай қабылдануы себепті олардың поэзиясында ғаруз уәзіні яғни араб өлең өлшемі үстемдік етіп келе жатыр. Осы құбылыстың сырын анық аңғарған әзербайжан ақыны Р.Риза: «Жүздеген жылдар бойы әзербайжан поэзиясына ғаруз өлшемі үстемдік жүргізіп келді. Дыбыстау сөздің созылыңқы я қысқалығы негізінде құрылған бұл өлшемнің он тоғыз түрлі үлгісі бар еді. Ғаруз өлшемін қолдану ана тілімізді араб-парсы сөздерімен шұбарлады, кейде, тіпті, төл сөздеріміздің табиғи әуезін бұзды, сөйтіп әзербайжан тіліне орасан нұқсан келтірді», – деп ашына пікір білдіру арқылы бұл құбылыстың ұлттық тілдерге теріс әсері барлығын ғылыми тұрғыдан ашып беріп, шындыққа көзімізді жеткізуде.

Түрік халықтары поэзиясында орын алған осы өлең өлшемі «ғарузи түрки» деп аталып, әсіресе, шағатай тілі үстемдік еткен заманда дүниеге келген поэзия әлемінде толық көрінісін берді. Ғарузи түрки өлең өлшемі дәуірлеген кезеңде тұңғыш рет түрік өлең құрылысының негізін қалаушы Шейх Ахмет ибн Құдайдад Таразидің 1436-1437 жылдары жазылған «Фонун әл-бәлағе» («Көркем сөз өнері») деп аталатын ғылыми трактаты қазақ жерінде, Тараз қаласында дүниеге келді. Шейх Таразиден көп кейін Науаи мен Бабырдың ғарузи түрки өлең өлшемі туралы жазылған

зерттеу еңбектері жазылып танылғанын білеміз. Осы зерттеу еңбектерінен кейін солармен ілесе шыққан атақты ақын, тарихшы М.Х.Дулаттың «Жаһаннама» дастаны да тікелей ғарузи түрки өлең өлшемінің түрімен жазылуы көп нәрсенің сырын танып білуге бастайды.

Шағатай тілінде жазылған сопылық поэзия классиктерінің барлық туындылары да осы ғарузи түрки өлең өлшемі түрімен жазылған болатын. Осы өлең өлшемімен жазылған қазақ поэзиясының ең соңғы туындысы Кәминә Молла Мәди Меркішұлының «Тұһфа ва жумқурият» (Республикаға сый) деп аталатын шығармасы 1916 жылы Ташкент қаласында басылым көрді. Қазақ әдебиеті тарихында кітаби ақындар деп аталатын ХІХ ғасырдың екінші жартысында басылым көрген жүздеп саналатын қарасы мол өлең жинақтарының көбі осы ғарузи түрки өлең өлшемімен жазылып, жарық көріп, таралып жатты.

Қазақ поэзиясы тарихында ХVІ-ХІХ ғасыр ішінде орын алған ғарузи түрки өлең өлшемімен жазылған шығармалардың өлең құрылысындағы болмысын, ерекшелігін танып білу үшін Шейх Таразидің «Көркем сөз өнері» деп аталатын ХV ғасыр ішінде (1436-1437 ж.ж) дүниеге келген қолжазба трактаты біздер үшін таптырмайтын тікелей ғылыми тірек көзіне айналу үстінде тұр. Өйткені ертеде қазақ поэзиясында ғарузи түрки өлең өлшемімен жазылған ақындар шығармаларының өлең өлшемдерін ғарузи түрки өлең өлшемімен жазылғанын білсек те, олардың өлең құрылысындағы өзіндік ерекшеліктерді талдап, жіліктей алмай қиналатын едік. Енді, міне, Шейх Таразидің өлең құрылысы туралы жазылған теориялық ғылыми трактатына сүйеніп, кез келген шағатай тілінде жазылған поэзиялық туындылардың өлең уәзіні қандай өлең өлшемімен әрі оның қандай түрімен жазылғанын талдап, танып біле аламыз. Ол үшін қазақ тіліне кітап болып аударылып жарияланғалы тұрған Шейх Таразидің «Көркем сөз өнері» трактатын оқып, үйреніп, ондағы өлең құрылысындағы теориялық ұғымдарды, одан туындайтын шығыстық әдеби

терминдерінің мән-мағынасын, оның түрлерін жете танып, меңгеріп алу шарты алдымызға қойылмақ.

XV ғасыр ішінде Алтын Орда империясы құлап, оның құрамындағы түрік халықтары бірнеше хандықтарға бөлініп кетті. Осы кезеңнен бастап түрік халықтары әдебиеті ұлттық дербес даму жолына түсті. XV ғасырдан басталатын қазақ хандығы кезіндегі қазақ әдебиеті, әсіресе, оның ұлттық поэзиясы таза қазақ өлең өлшемі – бармақ уәзіні негізінде туындап жатты. Қазақ тіліне шеттен енген араб-парсы сөздері біздің тіліміздің дыбыстық айтылу табиғатына бейімделіп, қазақыланып кетуіне байланысты қазақ поэзиясына ғарузи түркі өлең өлшем түрі тұмсық сұға алмады. Ал шеттен енген араб-парсы сөздері басқа түрік халықтары тіліне сол айтылған қалпында қабылдануы әрі сырттан енген сөздің қабаты мол болып келуі себепті олардың ұлттық поэзиясында ғарузи түркі өлең өлшемі бүгінге дейін басым түсіп жатуы жай нәрсе емес.

Тараз қаласының тумасы Шейх Таразидің түрік халықтары поэзиясындағы өлең құрылысының теориялық негізін қалаған «Көркем сөз өнері» еңбегін араб, парсы, шағатай тіліндегі еңбегі қазақ әдебиеті тарихына зор жаңалық болып табылады.

Шейх Ахмет ибн Құдайдад Таразидің 1436-1437 жылдар аралығында жазған «Фонун әл-бәлағе» атты еңбегі өте тамаша дүние бола тұра өте күрделі, терең шығарма болып келеді. Шейх Таразидің бұл кітабы әдебиет пен мәдениетке аса мән беріп, оларды қолдап, қорғап жүретін Әмір Темір әулеттері билік құрған ғылыми рухы биік ортада, заманда жазылды. Әсіресе, өзі астроном, тарих пен әдебиеттің білгірі – Мырза Ұлықбек Мұхаммед Тарағай (1394-1449) өмір сүрген заманмен тұспа-тұс келгені шығармашылықтың бағы іспеттес болған. Сол үшін Шейх Тарази өз шығармасын Мырза Ұлықбекке арнап, ол туралы жүрекжарды лебізін айтып жазады. Автор еңбегінде: «Шабыт иелері мен көңіл білдірген жандардан бұл мөлдір дүр мен гауһар қазынадан нәр ала отырып, кемшіліктерін түзетуге ниет ете қойса, «жырлау-

шы авторға қайыр болғай» деген дұғасын оқып еске алғай дегім келеді. Ұлы Сұлтан Әмір Ұлықбек Гөрегени барлық ақыл иелері мен білім Сахабалар Әзіретіне мағлұм және белгілі болғандай, бұл – сөз өнерінің кені, әрі шешендік қазынаға жолашар еңбек. Әсіресе, бұл шарапатты кітапша патшаның мүбәрак /құт/ лақабымен сәнделген. Ол – салтанат теңізінің гауһары, әділет кенінің жауһары, жомарттық жаңбырының бұлтты, батырлық тоғайының жолбарысы, парасат аспанының айы, даналықтың патшасы, ұлы шаһаншаһ, данышпан шаһрияр, семсер мен қалам иесі, мейірбан кеңшіліктің кені, түрік, араб, әжәм халықтарының бұйрық берушісі. Дін мен дәуірдің жәрдемшісі – Әмір Ұлықбек Гөреген, Алла ғұмырын ұзақ қылғай, мәртебесі өсе бергей, бағы жалғаса бергей, салтанатын еселеп бергей... Әумин /36-бет/», – деп риясыз құрметін Ұлықбекке осылай білдірген.

Шейх Тарази бұл кітапты қашан, қалай және қандай мақсатта жазғанын өзі былай: «Алайда бірде-бір еңбекте өлеңнің барлық жанрлары бір-бірімен ұштастырылып, біртұтас қарастырылмаған. Сондықтан осыған пейілім ауып, асқан құмарлық әуестікпен көңілімнің пердесін ашып, қолыма қалам алып, қара сөз бен өлеңге ниет білдіргендерге оның жалпы заңдылықтары жайлы, түрлері жайында хабардар етпекпін. Кімде-кім сөз өнерін қаласа және шешендік қабілеті болса, осы еңбектен пайда көрмек. Бұл пікір маған теория іспетті не нағыз теория сияқты көрінді. Ұзақ уақыт осылай ойлана жүріп күн өткіздім. Ең соңында Расул (с.ғ.с.) хижретінен 840 (сегіз жүз қырық) жыл өткенде /1436-1437/ осы ғылымды бастадым. Парсы мен түркі сөздерін қосып, рисале /трактат/ құрастыруды аяқтадым. Оның атын «Фонун әл-бәлағе» атадым. Кейбіреулер оның атын «Ләтайеф-е Тарази» (یزارط فی اطل) десті (За-бет). Шабыт иелері мен көңіл білдірген жандардан бұл мөлдір дүр мен гауһар қазынадан нәр ала отырып, кемшіліктерін түзетуге ниет ете қойса, «жырлаушы авторға қайыр болғай» деген дұғасын оқып еске алғай дегім келеді», – деп түсіндіреді.

Шейх Ахмет Құдайдад Тарази шығармасының қолжазба

көлемі 139 парақтан (278 беттен) тұрады. Аталған еңбектің жалғыз қолжазба нұсқасы Ұлыбритания патшалығының Оксфорд қаласының Бодлеан кітапханасында сақталған. Оның көшірме нұсқасын өзбек ғалымдары алдырып, 1996 жылы араб жазуындағы мәтінді кириллицаға транскрипциялап, профессор Әбдіқадір Хаитметовтың көлемді кіріспесімен Ташкентте шығарды.

Сондай-ақ бұл еңбектің аудармасының бір бөлігі Кеңесбек Демештің қатысуымен, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебаевтың жазған пікірімен қоса «Қала мен дала» газетінің бірнеше санында жарық көрді. Қазіргі кітап Шейх Таразидің қолжазба нұсқасы мейлінше толық күйінде транскрипциясымен оқырман қауымға ұсынылып отыр.

Бұл туынды Ислам туының астында араб, парсы және түркілер тарих бойында жинаған биологиялық-психологиялық барлық күш-қуатын Илаһи құдіреттің жаршысы болуға барлық жан қуаты мен жүрек мейірін жұмсап шығарған шығармалардың түйіні.

Түйіндеп айтқанда – сөздерді әріпке жіктеп, үндестік үйлесімін фонетика заңдарына сай қарастыруы, шығыс әдебиетінің аруз ғылымына орай зерттеуі әрі бұл заңдылықтарды араб, парсы және түркі поэзияларынан мысалдармен дәлелдей отырып, әдебиет теориясынан түркі әлеміне мұра етіп қалдыруы үлкенолжа деп есептесек, әрине, Шейх Ахмет Құдайдад Таразидың он бесінші ғасырда жазып қалдырған «Көркем сөз өнері» атты еңбегінің баға жетпес маңызы өзінен-өзі түсінікті болады. Аталмыш еңбек қазақ әдебиетінің (поэзия мен проза) болмыс бітімін анықтап, одан әрі де тереңдей зерттеуімізге сара жол екенін айтқымыз келеді. Таразидің бұл еңбегі қазақ әдебиеті теориясына жаңа бір бастау болар деген сенімдеміз. Алайда, бұл ғылымды егжей-тегжейлі ұға алу мақсатында бұдан кейін де көптеген жұмыстар, көлемді талдаулар жасалатыны анық. Өйткені біздің әдеби мұраларымыз шығыстың түркілік бояуын көбірек сақтағандықтан, әдебиетіміздің өзіндік орнын

айқындауға септігін тигізер деген үміттеміз.

Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр

Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың саяси-әскери жетістіктерінің басты ерекшеліктері 1526 жылы Үндістанда негізін қаланған империясы ұрпақтары арқылы 1858 жылға дейін яғни 323 жыл бойы саяси билігін жалғастыра білді. Екіншіден саяси үстемдігін елдің мәдени-рухани табыстарға жетулеріне жұмсай білді. Осы екі бағытта біраз Бабыр өміріне тереңдей қарап, зер салайық.

Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың (1483–1530) шығармалары XII ғасыр аясында дүниеге келген Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Йасауи, Махмұт Қашқари сынды түркі әдебиетіне қалдырған мұралары әлем мәдениетінің өрісін кеңейте түсті. Өйткені Бабыр сол дәуірдің соңғы түркілік әдебиетінің кемеңгер ақыны Әлішер Науаимен қанаттас, шығармалары әлемнің көптеген тіліне аударылды.

Зәһиреддин Бабырдың тегі атақты қолбасшы, әлемді жаулауші әйгілі Әмір-Темірдің бесінші ұрпағы болып келеді. Ферғана өлкесінің астанасы – Әндіжан қаласында дүние есігін ашқан. Түркінің Берлас деген тайпасынан шыққан Бабыр – әкесі Омар Шейх Мырзадан небәрі 12 жасында айрылады. Бұл жайында Бабыр: «Тәңірі Тағаланың қолдауы, жаратылыс төресі әзіретінің шарапаты, шәдіялардың риясыз ниеті кеңістігінде сейсенбі күні, рамазан айының бесінде, сегіз жүз тоқсан тоғызда (1494 милади) Фарғана уалаятында он екі жаста патша болдым», – деп жазады «Бабырнама-1б» кітабында.

Бабырдың анасы Моңғолдың Шыңғыс ханнан тараған екінші ұлы Шағатайдың ұрпағы. Ферғана даласында ол кезеңде моңғол сөзіне – моғол есімі берілгендіктен, жалпылама халық Бабыр мен оның ұрпағына «моғол» атын берген. Бұл атау кейін Үндістанда Бабыр құрған империяның да атауына айналды. Бұл дұрыс емес. Ал шын мәнінде Ба-

быр «Берлас» атты түркі тайпасынан тараған ұрпақ. Әрине анасы моңғол текті болғаны үшін Зәһиреддиннің бет әлпеті-монғол мен Ортаазиялық кейіпке ұқсас, кең жауырынды, кара да аз қысыңқы көздері, аққұба жүзді болып келген. Ол өзінің түп нағашыларын аса ұнатпаған. Өзінің «Бабыр-наме» еңбегінде: «қашанда жаманшылық пен бұзағылық моғұл ұлысынан болып келген» /86б/немесе «Моңғолдар-періштелердің руынан болса да, олардың мәртебесі арта түспейді, тіпті, олардың алтынмен құйылған есімдері де адамға аса сенім туғызбасы хақ»- деп атап көрсетсе де оның құрған империясын европалықтар «моңғұл не моғұл», – деп атаулары шындыққа жанаспайды.

Бабыр кішкентайынан Әндіжанда тәрбие алды. Небәрі 12 жастағы баланы - мемлекеттік кеңес оның жастығына қарамастан - Әндіжанның патшалық тағына отыруды жөн санады. Сонымен қатар жас патшаны көршілер, сұлтандар, бектер мен хандар көптеген туыстары әлі тәжірибесі аз ханзаданы жолдан тайдыру үшін амал-әрекеттерін жасап бақты.

Осылайша билікке жастайынан араласып, саяси түйткілдердің бүге-шігесіне дейін меңгерген Бабыр талай белестер мен асуларды бағындырып, тарихта өз қолтаңбасын қалдырады. Әмір Темірдің ұрпақтары тұсында – XIV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың алғашқы ширегі әдебиет қарқынды дамыған. Бабыр сол кездегі Науаи, Жами сынды ірі ақындар өкілдерінің қатарында да орыны айрықша болды. Сол кездері саяси-экономикалық тұрмыс тұрақсыз болған дүрбелең кезең бола тұра әдебиет, өнер мен ғылым Әмір Темір ұрпақтарының назарынан тыс қалған емес.

Бабыр тәжік, өзбек, қырғыз елдерімен аралас-құралас жатқан жері Ферғана тағына аласапыран кезеңге толы дәуірде отырды. Ол бабаларынан мұраға қалған иеліктерді сақтап қалу үшін Амудария мен Сырдария аралығында бір орталыққа бағынатын мемлекет құрмақшы болған талпынысынан еш нәтиже шықпады. Себебі бір жағынан- Жетісу аймағындағы Моғолстан хандарының, екінші жағынан - өзіне бәсекелес атақты Мұхаммед Шейбанидың жорығына төтеп

беру мүмкін емес еді. Осы арада Бабыр өз елінен қуылып, Кабул мен Үндістанға жол тартады. Жат жердің өзінде Кабулды, Бадахшанды өзіне қаратып, патшалық құрып, ғимараттар, мектептер мен медреселер салдырады. Үндістанға жасаған бірнеше жорықтары нәтижесінде ол Ганганың аяғына дейінгі, Кабулдан Бенгалға дейінгі аралықты өзіне қаратады. Агра қаласын империясының астанасы етіп, қала ішіне су жүретін каналдар, монша, ғибадатханалар, кітапханалар салдырады. Өз жанына қаламгер, сәулетші, әнші, музыканттер мен тарихшы ғалымдарды жинайды және Орта Азия елдері һәм Ресеймен сауда – саттық қарым – қатынастарын арттыра түседі.

Атақ пен даңқ Бабырға 30 жылдан астам уақыт Орта Азия үшін болған күрестен кейін жетті. Көптеген қажыр мен еңбек, төзімділік пен байсалдылықты бір бойына сыйдыра білген ол- Орта Азия даласына да мықтап табан тірегісі келді, Темір империясының астанасы – Самарқандтан өз билігін жүргізкісі келіп Самарқандқа жорықтар жасады. Бірақ нәтижесіз болды. Өйткені Бабыр туған және он екі жаста сонда патшалық тағына отырған Әндіжанға алаңдап, оны уайымдап, қорғайын деп Самарқаннан да айырылғаны бар. бұл жайында: «Әндіжанға бола, Самарқан иелігін бердік, Әндіжан да иеліктен шықты. Бұл жерден қуылып, ана жерге жете алмай қалған – ғапыл дегенге сай болдық. Өте ауыр болды. Өйткені патша болғалы, бұншама нөкірден һәм уалаяттан айырыған емеспін. Өзімді білгелі, бұндай азап пен тауқымет көрмеген едім. 72б» -деп жазған.

Бабыр отбасылық қарым-қатынас ережелеріне мұқият қараған. Сондықтан текті жерден үйленген әйелдерінің ешқайсысын ренжіткен емес. Кабул гаремдерінде оның 18 баласы дүниеге келді. Тап осы жерде ол сұлу да ажарлы Маһим ханымды кездестірді. Кейінірек ол өзінің мұрагері – Һұмаюн мен қызы Дилдар Бегім, және ұлы Һиндалдың анасы болған ана.

Ал, кейін әскери жорықтарында Пәштун тайпасынан тарайтын Юсуф Зей руының қолбасшысының қызы Бибі

Мұбарикамен үйленеді. Бибі ақылды әрі сұлу болған. Бабыр оны ұдайы жорықтарда өзімен бірге ертіп жүрді. Сол үшін Ауғандар соғысқан кездерде Бабыр мен Ауғандар арасын шиеленісіп кетпеуіне күш жұмсайтын. Мәселен Ауғандар тұтқынға түскенде Бибі араша түсіп оларды босатып жіберуді Бабырдан «Мені шын ұнатсаң соларға рахым мейірімінді төге гөр!» – сұрайтын. Сондай-ақ елінің басына түскен ауырпалықтар мен қиыншылықтарды жеңілдетуге тырысатын. Бабыр оның ақылына таза көңіліне сеніп, өтініштерін орындап отырды. Бірақ, Бибі Мұбарика сұлуы бір қыздан кейін ұл бала көтере алмайтын жағдайы Бабырды қатты толқытты. Десекте Бабырдың бұл дүниедегі дәптерінің соңғы параған Бибі Мұбарыка жапты. Бұл жайын жазбамыздың соңында оқисыз.

Бұрын айтқанымыздай Бабыр Үндістанда Моғол империясының негізін қалады дегендер бар. Ал шын мәнінде Бабыр моғолдарға бар-жоғы «көрекен» ретінде қатысы бар еді. (көреген-Шыңғыс хан ұрпағынан туған қыздарға үйленгендерге «көреген» яғни хан әулетінің күйеу баласы атағына ие болу мәртебесін алу) Бабыр Моғол емес. Ол түркі Берлас тайпасынан шыққан жан. Сол үшін оның Үндістанда құрған патшалығын Бабыр империясы деп аталуы жөн. Бабыр Үндістанды жаулап, 1525–1530 аралығында 5 жылдай сонда билік құрды. Бабыр мен оның ұрпақтары Үндістан жерін билегенде -елдің мәдениеті мен сәулеті жарқырай түскенін зерттегендер айтқан. Иранның әйгілі инциклопедиялық коп томдық Мұхаммед Мүйін атты кітабында: «1526 жылы солтүстік Үндістан жерінде Бабырдың басқаруымен Жаңа Моғол Ұлы империясы дүниеге келді. Агра қаласында орналасқан Таж - Маһал, Маржан мешіті күні бүгінге дейін бірегей сәулет өнері ретінде Бабыр империясының даңқын асқақтап тұруына өз үлесін қосып келеді. Бабыр саяси істердің білгірі болғандықтан ол құрған мемлекет ұрпақтан-ұрпаққа өз жалғасын тауып, 1858 жылға дейін яғни 323 жыл бойы Үндістан елінде билігін жүргізген»,-деген қортынды жазған.

Иран елі Әмір Темір әулеттері билік құрған дәуірінде идеологиялық, діни және мәдени бағыттарда оң өзгерістерге ұшырады. Өйткені Әмір Темір шаһзадаларының басым көпшілігі ақын немесе ақынжанды, әдебиет сүйер жандар болған. Олардың парсы мен түркі тілдерін жетік меңгеруінің арқасында парсы тілі мен әдебиетінің де Түркістаннан -Үндістанға дейінгі аралықта кеңінен қолданысқа түскеніне септігін тигізді. Осының өзі түркілердің әлем әдебиетіне парсы поэзиясы арқылы да өз үлесін қосқанын айғақтайды.

Түркі мен парсы әдебиеті бірі-бірімен біте қайнасып ұштасып жатқандығы - Бабыр өз естеліктерін «Бабырнамені» түркі шағатай тілінде жазған болса, оның ізімен туған бөлесі Мырза Хайдар «Тарих и Рашиди» еңбегін парсы тілінде жазғаны Түркістан мен Мәураннәһрде түркі мен парсы әдебиеті тығыз қарым –қатынаста болғандығын байқатады.

Бабыр шығармашылығы – орта ғасыр түркі әдебиеті поэзиясын ғазал, рубаи жанрлары арқылы дамыта отырып, «Бабырнаме» туындысымен прозаының тамаша үлгісін танытқан. Бабыр ескі парсы, түркі-шағатай, үнді, тәжік тілдерінің білгері болған. Соның арқасында «Бабырнаме», «Мұфәссәл» (аруз жөнінде), «Рисале-и һарбия» (шайқас жайындағы трактат), «Рисале-и мусика» (музыка туралы трактат), «Мұбайын» (шариғатқа байланысты «Өсиетнаме»), және «Хатт-е Бабыри» (Бабыр жазуы) атты шығармалары бар. Әрі Қожа Ахмет Аһрардың «Рисалейе Вәлидие» атты еңбегін парсышадан - түркі тіліне тәржімалаған. Бабыр қаламгер-ғалым ретінде ғана емес, Үндістандағы «Бабыр империясының» негізін қалаушы, ержүрек қолбасшы, мемлекет қайраткер ретінде де тарихи ірі тұлғалар арасында ерекшеленіп тұрады..

Бабыр «Бабырнаме» естеліктерін қарапайым, тартымды түркі тілімен 1519–1530 жылдар аралығында жазған десекте кітап 1494–1529 жылдардағы оқиғаларды қамтиды. Еңбектің басты артықшылығы сенімді мәліметтер бергені үшін аса құнды болып танылады. Бұл еңбекте Бабырдың өмірімен кеңінен таныса отырып, көптеген пайдалы де-

рекерге тап боламыз. Сондай-ақ кітапта Орталық Азия, Ауғаныстан, Үндістан һәм Пәкістан елдерінің сол дәуірдегі тіршілік шарттары, тарихы, жағрафиялық ерекшеліктері мен экономикалық-әлеуеттік ахуалынан да мол мағлұмат бар. Бабырнаманың бір түркі және бірнеше парсы тіліндегі нұсқаларына қарағанда бәрі 1529 жылғы оқиғаны жаза бастаған бірақ аяқталмаған мәтінді көреді. Сонда Бабыр неге әңгімесін аяқтамай қойды? Екен деген сұрақ қояды. Немесе аяқталған жазбасының бір бөлігі жоғалып кетті ме? Деген туындайды. Бұл сұрақтардың жауабын келешек зерттеулердің еншісіне қалдырамыз.

Бабырдың 119 газел, 200-ден аса рубаи болған. Бабыр өмір сүрген кезеңде Әмір Әлішер Науаи, Шаһ Исмайыл Сәфәви (Хәтаи) сынды түркі ақындарымен терезесі тең болып XV–XVI ғасырдағы түркі әдебиетінің биік тұлғасы боп көріне білді.

Бабыр – табиғатынан жан-жақты дарын иесі. Себебі -ол семсер ұстауда, оқ атуда, тұлпар мінуде, адам жанын ұға білуде, жеке немесе топтасқан адамдарды басқара білуде аса қабілетті болған. Өмірінің қиын сәттерінің өзінде өзінің ұстанымына шексіз сенімділік танытып, Алланың жәрдемінен үміт үзбеген. Қатал да залым болмаған, керексіз жерде қан төкпеген, өртеп күйретуді ұнатпаған. Бірақ бір нәрсені қажет деп дйтгесе, ең қатаң шараларға барудан да бас тарпаған ерекше дарынды тұлға болған.

Бабырдың қаламынан туындаған өлеңдер жинағы, әдебиет теориясы, тарихи оқиғалар, жағрафиялық мәліметтер мен қолжазбалар әр ғалымның ізденісін қажет етіп тұрған құнды дүниелер болып табылады. Бабыр бөлесі Мырза Хайдар алғашқылардың қатарында «Бабырنامه» қолжазбасын оқып оны көшіріп жазған. Бірақ оның көшірген нұсқасы әзірше табыла қойған жоқ. Мырза Хайдар Бабырдың кітабын «Тарихтың оқиғалары», – деп атап, Бабырдың әкесінің өлген жайын «Бабырнамәдан» түркі тілінде айна қатесіз көшіріп жазған: «дүйсенбі күні, рамазан айының төрті. Омар Шейх кептер мен кептерханасымен бірге ұшып сұңқар болды.

Отыз тоғыз жасында еді» (Бабырنامه-76) шындығына келсек – Мырза Хайдар Бабырنامه шығармасын жақсы оқып «Тарих-и Рашиди» кітабын жазуға бел бұғанын байқаймыз.

Бабырнаманың аудармаларын сөз еткенде алғаш рет XV ғасырда Әбдірахмен хан парсы тіліне аударып «Вақеат-е -Бабери». (Бабыр дәуірінің тарихи оқиғалары) деп атап көрсеткен. кейін «Бабырنامه» атауымен дүние жүзінің 32 тіліне аударылған.

Қазақ тарихына қатысты «Бабырنامه» еңбегін қазақтың ойшыл-даңқты ақыны Абай Құнанбайұлы «Қазақтың қайдан шыққаны туралы» атты әңгімесінде пайдаланғаны мәлім. 1990–1993 жылдары ғана «Бабырنامه» еңбегінің қазақша нұсқасын оқуға мүмкіндік алдық. Ол тарихшы Байұзақ Қожабекұлы тарапынан іске асты. Қазақ тіліне өте құнды туынды қосылғны анық. Дегенмен Бабырнаманың түпнұсқадан аудармасын жасап жатырмыз.

«Бабырنامه» Үндістан мен Орталық Азия үшін құнды тарихи еңбек болып есептеледі. Өлемдегі шығыстанушы ғалымдардың «Бабырنامه» тарихнамесін пайдаланбағандары некен-саяқ.

«Бабырнаманың» әдеби стилі, көркем туынды ретіндегі жанрлық негізі жайлы ортақ пікір қалыптаспаса да, шығарманың басты кейіпкері – Бабыр өз образын сомдап қарастырғандығы үшін мемуарлық – ғұмырнамалық шығарнама қатарына жатқызамыз. Бабыр өзін бояусыз суреттейді. Ол шығармасында өзіне тән қасиеттерді мақал-мәтелдер, даналық сөздер арқылы беріп шеберлігін көрсете білген. Сол үшін Ғалымдар шығармасын ішкі жан дүниесін эмоциялық тұрғыда, тарихи-философиялық негізде сипаттайтын туынды деп есептеледі.

Бабыр шығармаларында кездесетін философиялық, психологиялық және лирикалық элементтері Бабыр өмір сүрген кезең үшін жаңашылдықпен тең. Себебі Бабыр туындыларында тек қана өз ойын шебер жеткізуді ғана емес, оқырманмен сырласу секілді тәсілдерді де қолдана білген. Бұл тәсіл Орта ғасыр жазбаларында кездеспеген жанрдың

бірі болатын. «Бұл жағдай жаныма қатты батты, көзімнің жасын тыя алмай, көп жыладым» не «менің өлгім келді» дегені жан дүниесіндегі шарасыздықты оқырманның алдына жайып салып, онымен сырласа кеткенін байқатады. «Үлкенді-кішілі бауырларым азды-көпті жамандық жасағанымен, оларға өшпенділік ойлау маған жат қылық көрінетін де, жамандыққа жамандық жасау әркімнің қолынан келеді деп көңілімді жұбататынмын» деген монологтарымен автopsихологиялық лирикалық кейіпкер бейнесін ашып көрсетеді. Мемуарлық (өмірбаяндық) т.б. жанр түрлерінде қарапайым түрде қолданылатын ішкі ой-монолог, диалог, түс көру, еске алу т.б. секілді көркемдік тәсілдер психологиялық прозада еріксіз күрделеніп, кейіпкердің ішкі жан дүниесіне тереңдей еніп, рухани әлемді қазбалай талдауға талпынады. Өйткені, жанрдың табиғаты мен стиль ерекшелігі соны талап етеді. «Бабырنامه» философиялық жағынан һәм психологиялық тұрғыдан да бейнелі шығарма. «Ата-бабаларымнан қалған иеліктен айрылған соң, басқа жерден бақ сынау шешімі келді», деген жолдарынан ғұламаның діттегені Үндістанды басқыншылық әрекеттерімен жаулап алып, жат жұртта ұлы империяны құрғандығы үшін үнді жұрты мен ұрпақтарының алдында ақталғысы келетінін сездіретін сияктанады.

Бабыр рухани әлеміндегі ең маңызды мүдде дидактикалық тағлымды шығыстық үлгімен шебер пайдалана біледі. Ол бейне бір жастарға осыдан жиреніндер деп тәлім айтып отырғандай: «Бұзықтық пен зинақорлық Сұлтан Махмұт мырзаға бақытсыздық алып келді, оның ұлдарының бәрі жас кезінде дүние салды» деп жазады [8, 48-б.]. Табаламаса да үндеу салғандай болып отыр. Тағы бірде шиенеліскен оқиғаны баяндай келіп: «Құсайын Бақидың жағдайын естіп, жолын торып, оны оп-оңай қолға түсірді. Бақиды өлтіріп, оның әйеліне үйленді, бірақ ол өз опасыздығының сазайын тартты. Адамға жамандық жасасаң, алдыңнан шығадының кері келді» деп, кеселді қылықты сынға алады. Шығармаларында ол кейіпкерлерінің азғын қылығын «Қожа

Абдолла – ұяттан безген, зинақор, бұзылған адам еді. Соның салдарынан ауруға ұшырап, үстін жара қаптап, ақыры аяқ-қолынан айрылып сал болып, біраз жыл қорлық көріп, ғұмыр кешті де, осы ауру оның түбіне жетіп, бұл дүниемен қоштасты» – деген жолдары арқылы әшкерелейді. Ізгілік атаулыны сүйіп, шығармаларында «Қайырымдылыққа жол сілтеген адам – жасампазбен бірдей бағаланады» дейді ол, ар-ождан мәселесін сөз еткен тұста. Бабыр осылайша келер ұрпақтың жүрегін оятып, оларды озат мақсат-мұраттарға тартуға ұмтылады.

«Бабырنامهда» молынан қолданылған өлең үлгісінің бірі – **ғазал** жанры. Классикалық түркі поэзиясындағы лирикалық жанрға жататын ғазал жанры Бабыр шығармасының ішіндегі ерекше дамытқан жанр болып табылады. Ғазал жанрының образдық жүйесін бірнеше ғасырлар бойы араб әдебиетінің өкілдері, кейіннен парсы және түркілер қалыптастырғаны белгілі. Бабыр сынды өз заманының озық өкілдері өздеріне дейін бірнеше ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрді, әдеби ережелерді ұстанды. Ирандағы Омар Хаям іспетті түркі поэзиясында Бабыр да ғазал, рубаи жазудың хас шебері атанды. Парсы-тәжік жазба поэзиясында ғазал жанырымен алғашқы болып өлең жазған Рудаки болса, Балхи, Дакики, Санаи, Қожа Хафиз, Сағди секілді Бабырдың поэзиялық мұрасы осы шығыс алыптарының шығармашылығын түркілік танымымен байытқан дәстүрлі жалғасы болып табылады. Бабыр, әсіресе, Науаи сынды көркем сөздің хас шеберінен үлгі алып, солардың ақындық дәстүрін дамытты.

Түркі поэзиясына Бабырдың тағы бір қосқан үлесі – төрттаған жанры /төрт тармақты/ парсыларда арудық өлшеммен жырланып, өзіндік ережеге сай «рубаи», -деп аталады./ Көлемі шағын мұндай лирикалық өлеңдер философиялық, танымдық, тәрбиелік, сүйіспеншілік мәселелері жөнінде сөз қозғайды. Бір сөзбен айтқанда, төрттаған – көлемі шағын болғанымен, мүмкіндігінше мол мәліметті жинақтап, тұжырымдап, оқушысын белгілі бір қорытынды ойға жетелейді. Мазмұн, пішін жағынан бол-

сын рубаи жанрын түркілік ортаға орнықтырып, мінсіз төрттағандар қалдырған Науайдан кейін Бабыр еді. Оның төрттағандарында нәзік сыршыл сезімге толған мағыналық ұйқас, сыртқы көркемдік бітіммен үйлесе келе ақын талантын айғақтай түседі

Бабыр төрттік түрінде өз жүрегіне жақын көретін аяулы асыл адамына деген өкпе-назын, онсыз жүрегінің жалғызсырайтынын жел бейнесі арқылы білдіруге тырысады. Бабыр өлеңдерінде көтерілген сан-салалы тақырыптарды жинақтай келе зерттеуші И.Ч.Хаккулов оның рубаиларын шартты түрде екіге бөледі. Біріншісі, дәстүрлі тақырыпта жазылатын төрттағандар, ал екінші, белгілі бір жайттарға байланысты жазылған рубаилар. Ғалым Бабыр шығармашылығында осы екінші арнаның басым түсетінін ерекше атап көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Бабыр қатардағы патша, қолбасшы, ақын, жазушы болмаған. Ол адамдық қасиетінің жоғарылығымен ерекшеленген. Бабырдай тұлғалы адамның биік болуы үлкен тектілікке де байланысты. Себебі, сондай даңқ пен мансапқа ие бола тұрып, шайтани нәпсіге жол бермей, тақуалық пен имандылықтың арқасында сенімін одан әрі шыңдай білді. Оның жақсы адами қасиеттері барлық зерттеушілердің назарынан тыс қалған емес. Оның ірі тұлға ретіндегі көрінісі саясат пен әдебиетте, ғана емес, парасатты сардар ретінде де соғыс майдандарындағы іс-әрекетіне аңғаруымызға болады. Сонымен бірге, адамзат тіршілігіне жасаған игілігі де сауда-саттық қатынастарда ұстанған саясатын да орын алды. Дос-жаран мен ағайын-жекжатқа барынша мейірлі болды. Тіпті жақын ағайындарының адамзатқа лайықсыз өрескел қылықтарын сынап білді. Мысалы, немере ағасы Махмұт мырзаның адамзатқа жат қылықтарын «Бабырнаме» кітабында бүркемелемей -ақ сынапты. «Ал өзінің бойын жамандықтан аулақ ұстап жүргені үшін де өзін жападан-жалғыз сезініп, бір Алламен сырласуға жүгініп, илаһи махаббатын сопылық сарындағы поэзиясына өзек етеді.

Өмірінің Ақырғы сапарына аттанар алдында өз билігін

ұлдарының үлесіне бөліп берді. Атап айтсақ: Үндістан өлкесінің ауқымды аймағын үлкен ұлы – Һұмаюнға берді. Сосын Пенжаб, Кабул, Кандаһар аймақтарын иеленген ұлдары - Һұмаюнға бағынуы тиіс деп-үкім шығарды.

Зәһиреддин Бабыр аласапыран саяси тартыстың ортасында жүріп, талай белестерді бағындырып, 1530 жылы желтоқсанның 26-сы күні небәрі 48 жасында Агра қаласында дүниеден озды. Бірақ, тағдырдың жазмышымен қазіргі Ауғанстан Ислам Республикасының астанасы Кабул қаласындағы «Бабыр бағы» деген саябақта жерленді.

Бабыр Агра қаласында қайтыс болғаннан кейін Кабыл қаласына жерленуі де жайдан жай болған жоқ. Бабыр Үндістанға сан рет жорық жасағанда солтүстік бағытынан өтуге мәжбүр болатын. Ол аймақ Ауғандардың Поштун тайпасының Юсып Зи руының билігінде болатын. Юсып Зи руы Пишавәр қаласының солтүстігінде орналасқан Суат шатқалын мекендейтін. Олардың арасында өте беделді Шаһ Мәнсур деген ақсақал болған. Бабыр Үндістанға жорықтарында аталған аймақтан аман-есен жүріп-тұруға аталған ақсақалдың Биби Мұбареке атты қызымен үйленіп, құдандылық жолмен ол аймақтың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Биби Мұбареке бір қыздың анасы болады. Тайпалық салт-дәстүрге орай Бабырды өз күйеуі ретінде қатты сыйлатын. Сол себептен Бабыр қайтыс болғанда оның мейтін түйеге артып, Агра қаласынан Кабылға жеткізіп, ерекше сән-салтанатпен жерлейді. Сосын Бабырдың алғашқы астанасы Кабылда үш айдай тұрақтап, кейін Делһи барып, сонда өз бауыры және Бабырдан туған қызымен өмірінің соңына дейін өткізеді.

Ауғныстанда тарихи орындар көптеп қалған емес. қалған тарихи жәдігерлердің бірі-Бабыр бағы. Аталған бақ көктем маусымында ұрмақ бейнесін суреттегендей көрген саяхатшыға жанат бағын елестетеді. Бабыр бағы жүздеген жыл бойы Ауғаныстанның жүрегіне орын алған жасыл көркімен көктем сайын сұлулық әнін жырлап тұрады. Талғампаз түркілер исламдық-шығыс өнерін

архитекторалық салада әлем жұртшылығына сұлулық жан дүниесінің келбетін тамашалауға шақырып тұр. Сондықтан әсемпаз саяхатшылар осы көрікті бакты көруге жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен Ауғаныстан астанасы кабулға барғысы келеді. Сондықтан Бабыр өзінің жасампаз іздерін әлемнің саяси тарихында,

Сәулет өнерінде, көркем әдебиеті мен ғылыми туындыларында келешек ұрпаққа мұра етіп қалдырды.

2008 жылдың тамыз айының 15-16-шы жұлдызында халықаралық Бабыр қорының бастамасымен Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың 525 жылдық мерей тойы өзінің туған әрі патшалық тағына отырған Ферғана өлкесінің астанасы болған Әндіжан шаһарында өтті. Бұл жиынға Жапония, Түркия, Қытай, Мысыр, Англия, Скотланд, АҚШ, Қазақстан, Ауғанстан, Түркменстан сондай-ақ өзбек елінің танымал ғалымдары қатысты. Сол күндері Бабырдың «Бабырнаме» тарихи шығармасының дүниеге келуіне 478 жыл толды. Оның өзі Бабырдың сондай бағалы еңбегінің бес ғасырға жуық адамзат тарихымен рухани әлеміне өлшеусіз үлес қосып келе жатқандығының белгісі іспеттес болып табылады.

2013жылы Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың туғанына бес жүз отыз жыл толды. Оның мерей тойына орай «Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың әлем мәдениеті тарихындағы орыны» атты конференция Ташкент қаласында осы жылдың маусым айы 10-11-ші күндерінде өтті. Аталған дәстүрлі мерекелік ғылыми жиынға «Бабыр» атындағы халықаралық қоры мұрындық болып, Өзбекістан ғылым академиясы мен Мәдениет министрлігі демеушілік жасап қатысты. Қазақстан, Үндістан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Пакістан, Мысыр, Венгрия, Ресей, Германия және Иран елдерінен ғалымдар қатысты.

Әдебиеттер:

1. Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр, «Бабырнаме», түркі тілінде, шығарушы топ: Недайәтолла Недайәт және әулеттері.

Ауғаныстан, Мазаршәріп қаласы, 1387 ж. 555 б.

Бабырдың туған өлкесі

Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың туған өлкесі Ферғана бейнесін «Бабырнаме» кітабының түпнұсқалық түркі тіліндегі жазбасынан оқырман қауымға ұсынғанды жөн көрдік. Аударманы мүмкіндігінше түпнұсқаға сәйкес бояусыз, қаз-қалпында беруге тырыстық, өйткені Бабыр тарихи оқиғаларды, өзінің ой-тұжырымдарын, өмірдің тыныс-тіршілігін, табиғаттың нығметтерін қарапайым сөздермен түсінікті етіп берген. Сол үшін де оның шығармасы оқырманға тартымды әрі ұғынықты болып келеді.

Мейірімді және қайырымды Алланың атымен

Тәңірі Тағаланың қалауымен, жаратылыс төресінің шарапатымен, шәдіярдның пәк талабымен сейсенбі күні, рамазан айының бесінде жыл санаудың сегіз жүз тоқсан тоғызында (1494)Фарғана уалаятында он екі жаста патша болдым.

Фарғана уалаяты бесінші ықлым (климат) қатарына жатады. Егістіктермен гүлденген сызықта орналасқан. Шығыста Кашғар, батыста Самарқан, оңтүстікте Бадахшанның шекаралық тауларымен шектеседі, солтүстігінде бұрынғы кезде Алмалық, Алматы, Йанги кітаптарда Отрар (Тараз болу керек. И.ж) делінген қалалар болған. Бұл кезде Моғол мен Өзбек(тердің шабуыл) салдарынан бұзылған. Мүлдем абат мекен қалмаған.

Шағын уалаят. Астық пен миуасы мол, төңірегі таумен қоршалған. Батыс тарапында Самарқан мен Хожәнд бар, тауы жоқ. Осы бағыттан өзге еш бір жақтан қыста жау келе алмайды.

Сейһун өзені Хожәнд суы деген атпен мәшһүр, шығыс пен солтүстік тарапынан келіп, осы уалаяттың ішінен өтіп, батысқа қарай ағады. Хожәндтың солтүстігінен, Фәнакеттің оңтүстік жағынан қазіргі уақытта Шахрохие атпен мәшһүр болған аумақтан өтіп, тағы да солтүстікке ойы-

сып, Түркістанға қарай беттейді. Түркістаннан өте жырақта бұл өзен түгелдей құмға сіңеді. Еш бір өзенге қосылмайды.

Жеті бөлек қалашығы бар, бесеуі Сейһун өзенінің оңтүстік жағында, екеуі солтүстік тарапында. Оңтүстік жағындағы қалашықтардың бірі - Әндіжан олардың дәл ортасында орналасқан. Ферғана уалаятының астанасы, астық пен ми-уасы мол, қауын мен жүзімі керемет. Қауын егістігіндегі бағында қауын сату рәсім емес. Әндіжанның Алмұртынан жақсырақ Алмұрт болмас. Мауароннәһрда Самарқан мен Кеш қорғандарынан басқа Әндіжан қорғанынан үлкенірек қорған жоқ. Үш дарбазасы бар, сарайы оңтүстік тарапында орналасқан. Тоғыз тоғаннан су кіреді. Ғажабы кірген су еш бір жерден шықпайды. Қамалдың айнала төңірегі ор, оның жиегінен дөңгеленген малта таспен төселінген даңғыл жол. Сондай-ақ қамалдың айналасын түгелдей маһаллелер қоршаған. Бұл маһаллелер мен қамал арақашықтығы ор төңірегіндегі даңғыл жол.

Мұнда аң құсы дағы көп болады, қырғауылы өте семіз. Әңгімелерге қарағанда бір қырғауылдың ішек-қарынымен бірге төрт кісі жеп таусалмайды.

Елі түрік. Қаласы мен базарында түркі білмес кісі жоқ. Сөйлеу мен жазу тілі бірдей. Өйткені Әлішер Науаидың шығармалары барлық жерге тарап, көптің тіліне айналған. Ел арасында сұлу өте көп. Сондай-ақ Әндіжаннан шыққан Хожа Жүсіп музыкада танымал. Ауада сасық иіс сезіледі. Содан күзде ел де безгек көп болады.

Тағы бір шағын қала Ош. Әндіжанның оңтүстік шығыс тарапында, шығысқа қарай ойысқан, Әндіжаннан төрт шақырым қашықтықта орналасқан. Ауасы таза, ағынды суы мол. Көктемі өте тамаша.

Оштың артықшылығы жайында әңгіме жетіп артылады. Қорғанның оңтүстік шығыс жағында бір тау көркімен үйлесім тауып тұр. Бәракуһ,- деп аталатын бұл таудың шыңында Сұлтан Махмұт хан бір құжыра салыпты. Бұл құжырадан жырағырақ осы таудың тұмсығында мен де жыл санаудың тоғыз жүз екісінде (1497) сәкілі құжыра салдым.

Алайда оның құжырасы биіктеу болса да менің құжырам өте жақсырақ жерде орналасқан. Өйткені қала мен маһаллелері түгелдей аяқ астында. Әндіжанның өзені Ош маһаллелерінің ішінен өтіп барып, Әндіжанға беттейді. Аталған өзеннің екі бет жағалауы бақтармен көмкерілген. Бақтар түгелдей өзенге қарап, көгілдір өте әсем түсін байқатады. Ошта өзге де ағынды сулар бар, көктемі өте керемет, қалың лала мен өзге гүлдер бүршік атып жатады. Бәракуһ тауының етегінде қала мен бақ арасында бір мешіт салыныпты. Мешіт Жауза аталады, тау тарапынан бір үлкен арық ағып жатыр. Осы мешіттің тысқары ауласы еңістеу. Онда жапырағы жайқалған көлеңкелі ағаштар, жанға рахат көгалда жайнап тұр. Жолаушылар мен жүргіншілер келе қалса, сонда дем алады. Ош бұзақыларының қалжыңы – сонда біреу келіп ұйықтай қалса, үлкен арық суынан бойына су шашатын. Омар Шейх Мырзаның өмірінің соңғы кездері аталған тау маңынан ақ-қызыл жолақты тас табылғанды. Одан пышақ сабы, белдік тоғасы тағы басқа нәрселер жасайтын. Өте жақсы тастын. Ал, Фарғана уалаятында Оштай ауасы таза қала жоқтың.

Тағы бірі – Мағинан. Әндіжанның батысында орналасқан. Әндіжаннан жеті шақырым қашықтықта. Жақсы қалашық. Нығметы мол: анар мен өрігі өте жақсы. Анарының бір түрі бар, «дане кәлан» (ірі дәнді) делінеді. Түркі тіліндегі «Бабырنامه» кітабынан.

Әлишер Науаи (1441-1513)

Түркі халқының ұлы ойшылы Әлишер Науаи (Низамеддин Мір Әлішер) әлем әдебиетіне, мәдениетіне үлкен үлес қосқан, адамдардың бақытты болуы жолында, халық тыныштығы, елдің тазалығы үшін күрескен ғалым және мемлекет қайраткері.

Науаи 1441 жылы 9-ақпанда Һират (қазіргі Ауғанистанның батысында Иран шекарасына жақын маңда орналасқан қала)

қаласында дүниеге келген. Атасы сол кездегі Темір әулеттері сарайында қызмет етеді. Әлишерді 4–5 жас шамасында мектепке оқуға береді, 10–12 жасында өлеңдер жаза бастайды.

15 жасында болашақ тақ иесі Үсейін Байқарамен (1397–1433) бірге Әбілқасым Бабыр (1422–1457) сарайында қызмет атқарады. Балалық шағынан бірге өскен досы Үсейін Байқара таққа отырғанда оның сарайында алғашқы ережелер, бұйрық дайындаушы, соңынан ақын болып қызмет атқарады. Сарайда қызмет еткенде халықтың тыныштығын, тазалығын сақтау үшін көп еңбек еткен, ғылым адамдарына етене жақын болып, көмектесіп жүрген істерімен танылады.

Қоғам қайраткері ретінде өз халқына қызмет етуі, қол ұшын беруі, қамқоршы болуы, пайдалы жұмыстар атқаруға тиіс деп санаған ұлы ойшыл өзінің де жазып қалдырған дүниелері мол.

Науаи жастардың ғылымды, өнерді иеленуі, ең жақсы адамгершілік қасиеттерге ие болуын үміт етіп, көп насихаттар берген. Тәрбие арқылы баланы кәмелеттік жасқа жеткізу мүмкін деп санап, бала әлі ненің жақсы, ненің жаман екендігінің байыбына бармайды, осы сәтте сан түрлі жаман әдеттерге бой ұрып кетуі мүмкін деп көрсетеді. Сондықтан баланың жас кезіндегі тәрбиесіне ерекше назар аударылуы тиіс дейді. Адам басқалармен қарым-қатынас барысында олардың арасында рухани, ағартушылық жолы қалыптасады, мұнда тәрбие басты құрал деп түсіндіреді. Науаидің пікірі бойынша жақсы тәлім-тәрбие алған адам Ескендір сияқты болуы мүмкін, ол үшін ханзада болуы шарт емес дейді. Тәрбие арқылы болашақ жас ұрпақ ұлтшыл, білімді, ең жақсы қасиеттерге ие адам болып кемелденеді.

Әдептілік адамды әсемдеп тұрады, әдепті адам қош көңіл, ашық жүзді болып, оған екіжүзділік, тәкаппарлық жат нәрсе екендігіне сендіреді. Кім әдепті болса, ол үнемі құрметті әрі өзі ізетті болатынын айтады. Ата-ананы, бауырларды, достарды құрмет ету әрбір әдепті адамның міндетті әрекеті болуы тиіс. Жағымды сөйлеу кез келген адам үшін жақсы қасиет. Жаман мінез-құлық тек өзіне ғана емес, өзге

жұртқа да зиянды болады. Адамдарды қанағатшылдыққа, жомарттыққа, шыншыл болуға, татулыққа, бір-біріне көмектесуге шақырады.

Науаи мемлекеттік қызмет атқарған кезде үнемі халықтың тыныштығын ойлайды. Ол 1487-1489 жылдары Каспий теңізі және түрікмен далаларына жақын орналасқан Астрабад қаласында (қазіргі Иран Ислам Республикасының солтүстігі, Гүлістан провинциясының орталық қаласы, Горган деп аталады) әкім болады. Ол халықтың тұрмысын жақсарту үшін бар күшін жұмсап, кез келген жұмыстың басы-қасында болатын, өз қаржысынан сарайлар, өткелдер, қабірлерге күмбездер, мешіттер, мектеп, медреселер, монша, емханалар салдырған. Жетім-жесірлерге, тұрмысы нашар адамдарға, ғалымдарға, тарихшыларға, ақындар мен мүсіншілерге қамқорлық танытып, қолдау көрсетіп жүрген. Науаи 1501 жылы 3-қаңтарда қайтыс болады.

XV ғасырда Хорасанның астанасы Герат қаласы білім мен ғылымның, әдебиет пен мәдениеттің ордасы болды. Сол кезеңде Хорасанды билеуші Шахрохтың өзі де әдебиет мен мәдениетті жанындай сүйді. Ол Герат қаласына көптеген әйгілі тарихшылар мен әдебиеттанушыларды, жағрафиятанушылар мен суретшілерді тартты.

Сол кезде қаланың басты құндылықтарының бірі Герат кітапханасы еді. Мұнда ғалымдардың жетекшілігімен көшірмемен айналысатын каллиграфтар, кітап қаттаушылар, мүсінші-суретшілер еңбек етті. Сонымен қатар сирек қолжазбалар мәтіні жинақталып, олардың көшірмелері жасалды. Бұл кітапханада әлемге әйгілі Фирдаусидің «Шаһнаме» шығармасының мәтіні дайындалды.

Шахрох Қытаймен, Үндістанмен сауда-саттық, мәдени қарым-қатынасты нығайту мақсатында елшілік-саяхаттарын ұйымдастырды. Осы елшіліктің делегация құрамында ежелгі Қытай мемлекетінің мәдени өмірін сипаттап, насихаттай білген суретші Әлишер Науаидың әкесі Ғияседдин де болды.

Қаланың дәл ортасында үлкен базар алаңы орналасқан. Онда Үндістан, Қытай, Араб, Ресей елдерінен келген

көпестер сауда-саттықпен айналысты.

Шахрох Герат қаласын барынша Самарқан дәрежесіне жеткізуді көздеді. XV ғасырдың 2-ші жартысында Шахрох Герат қаласын Шығыс елінің ең басты мәдени орталықтарының біріне айналдыруда бар күш-жігерін жұмсады. Болашақ ақын дүниеге келген өлке жайында Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр өз еңбегінде: «Әлемде Гератқа тең келер мекен жоқ» деп баға бергені де бекер болмас. Дегенмен Бабырдың сол заманда берген жоғары бағасы қазіргі заманда өз мәресінен әлдеқайда төмендеп Гераттың артқа шегінгені өкінішті сезімді әрбір білгеннің жүрегіне ұялатып келе жатыр.

Әлішер Науаидың ата-анасы болашақта Хорасанды өз билігіне алатын Сұлтан Үсейін Байқарамен отбасылық қарым-қатынаста болғанын айттық.

1447 жылы Шахрох қайтыс болғаннан кейін тақталастық, дау-жанжал ушыға түседі. Герат қаласы көп жылдар бойы Әмір Темір әулеттерінің ошағына айналады. Соның салдарынан ақынның отбасы мүшелері туған жерін тастап, тағдыр тәлкегіне ұшырайды. Гераттан Тафт қаласына қоныс аударуға тура келеді. Бұл жағдай Шахрохтың немересі Әбілқасым Бабыр 1452 жылы Герат тағына отырғанша созылады. Бабыр билікті қолына алған соң, Әлішердің әкесі Ғияседдинді Сәбзеварға әкім етіп тағайындайды. Бірақ арада көп уақыт өтпей Ғияседдин дүниеден озады. Ол кезде Әлішер 12 жас шамасында болатын.

Әбілқасым Бабыр Әлішер мен оның замандас құрдасы Үсейін Байқараны мектепке беріп, өз қамқорлығына алады. 1456 жылы өзімен бірге екеуін де Мәшһәд қаласына алып кетеді. Сол қалада кішкентай Әлішер «Зафар-наме» шығармасының авторы Шәрәфеддин Әли Йәздимен танысу бақытына ие болады. Осы кездесу сәтін ол келешекте жазған «Ойшылдардың бас қосуы» атты шығармасында бейнелейді. Ер жеткен Үсейін Байқара әскери жолды таңдаса, ал жас Әлішер ақындық жолды таңдап, шығармашылық жолға түседі.

Тарихшы Ғияседдин Хандемірдің (Науаи тәрбиесін

алған) «Қайырымды қасиеттер кітаптары» атты еңбегінің дереккөзіне сүйенсек: «Науаи мектепке 4 жастан бастап барады. Ол кішкентайынан дарындылығымен ерекше қабілеттілігімен көзге түседі. Ол 15 жасында «Науаи» лақап атымен (аудармасы «әуенді», «сазды») танымал ақындардың біріне айналады. Ол түркі, парсы тілдерінде ғажап өлеңдер жаза бастайды.

Әлішердің отбасы әдебиетті өте терең бағалайды. Ал поэзияға қадам басуына алғаш ұстаздық етіп, жол көрсеткен туысқан ағасы Әбу Саид да өлеңдерін «Қабули» лақап атымен жарыққа шығарады. Ал оның туған ағасы Мұхаммед Әли жақсы сазгер, әрі танымал каллиграф бола тұра, «Ғариби» лақап есімімен қалың жұртшылықты ақындық өнерімен таң қалдырады. Бір сөзбен айтқанда, Әлішер көріп өскен ақындар мектебі осал болған жоқ.

Әлішер мектепте оқып жүріп Фариддедин Аттардың «Құстардың ойлау жолдары» (Мәнтек әт-тейр) атты поэмаға қатты қызығушылығын білдіреді. Соның әсерінен бала дәруіш болғысы келеді. Сезіктенген ата-анасы оның бұл арманын құптамай, кітапты жасырып қоюға мәжбүр болады, бірақ ол кезде бала Әлішер поэманы түгелдей жаттап алған еді. Болашақта Әлішер осы поэманы негізге ала отырып «Құстар тілі» атты поэмасын жазады.

Ақын өз білімін Герат, Сәбзевар, Мәшһәд қалаларында жалғастырады. Мәшһәдта ол кейбір әйгілі ақындармен танысады, мәселен: Камал Торбати, Дәруіш Мансур т.б.

Ол 1464 жылы Мәшһәдтан туған жері Гератқа оралады, бірақ көп уақыт өтпей, туған өлкесінен кетуге мәжбүр болады. Оның себебін тарихшы ғалым Е.Э.Бертельс «сол кездегі Герат қаласын билеуші, жас ақынды қаладан ауылға қуып жіберген» деген де пікір айтады.

Жас ақын 1467 жылы атағы кеңге танымал Самарқан медресесіне келеді. Бұл жерден ол нағыз ғылым мен біліммен сусындаған ғалымдармен танысып, олардан көп нәрсеге үйренеді. Әлішер Самарқаннан танымал екі жақтаушысын табады: бірі – Әбу-Саид Герат сұлтанның

жездесі – Дәруіш Мұхаммед-Тархан, ендігісі – Самарқан хәкімі Аһмат-Хажыбек. Осы кісілердің көмегімен ол араб тілі мен заң саласының маманы Абуллайсы Фазлалаһтың медресесіне жұмысқа тұрады. Ол аталған медреседе атақты заңтанушы Мұхаммед Бәдәхшимен танысып дос болады. Ал Абуллайсының өзі Науаиды қатты жақын тартып, оны өзінің ұлындай қабылдайды.

Бірақ соған қарамастан, Әлішердің Самарқандағы өмірі айтарлықтай оңай бола қойған жоқ. Бірде ол өзінің естелігінде, қыс мезгілінде жылы су тапшы болып, ал оны моншадан сатып алуға ақшасының болмай қалған сәттерін есіне алады. Әлішер осы қиын-қыстау кезеңді кейіннен өзінің «Әбіржіген тақуалар» атты поэмасының 11-тарауында айтып кетеді.

Самарқанда ол Әли Шаши мен Жүсіп Бади (Әндіжан қаласынан келген) есімді ақындармен жақын қарым-қатынаста болады.

1469 жылы ақынның досы Сұлтан Үсейін Байқара Гератты жаулап алып, билік басына келеді. Ол Әлішердің өз Отанына оралуына себеп болады. 1469 жылдың 14 сәуір мерекесіне қарсаңында Науаи сұлтанның құрметіне орай «Ғилалия» («Айдың жаңаруы») касидасын тарту етеді.

Әлішер қарапайым халық арасында өмір бойы армандаған әділеттілік пен бейбітшілік орнату мақсатында Үсейін Байқараның мемлекеттік қызметіне алуына байланысты ұсынысын қабылдайды. Ол өзінің бойындағы бүкіл талантын халық игілігіне жұмсауға бел буады.

Ол осы беделінің арқасында көптен армандаған қайырымдылық жұмыстарын атқаруға мүмкіндік алады.

1469 жылдың күзінде Үсейін Байқараға қарсы Ядгар Мұхаммед патша көтеріліс ашады, Сұлтанның ұрыста жүрген уақытын пайдаланып, Герат ақсүйектері Хатиф пен Бахтияр қарапайым тұрғындардың салықтарын көбейтіп, нәтижесі халық наразылығын тудырып, олардың көтеріліске шығуын мәжбүрлейді. Патша бұл істің мәңжайын анықтауды Науаиға тапсырады. Ақырында ақын

қылмыскерлерді анықтап, тиісті жазаларын береді. Ақын халықтың шексіз алғысына бөленеді.

1473 жылы Әлішер Науаиға уәзірлік қызметі тапсырылып «әмір» деген шен беріледі. Науаи Хорасанды мәдениетті, өркениетті мемлекеттердің қатарында көргісі келеді. Әлішердің кезінде Герат қаласы жаңа құрылыстармен толыға түседі, мәселен ғалымдар мен ақындарға арнайы ауруханалар, мектептер, қонақүйлер, мешіттер, кітапханалар мен жатақханалар салдырады. Бұл құрылыстар ақынның жеке қаражатынан тұрғызылды.

Науаи әрқашан мұқтаж жандарға көмектесуді мақсат етті. Ол кейде Герат тұрғындарының патша қазынасына беретін салықтарын өз қалтасынан төледі. Науаи тұрғызған ханкаһ пен медреселерде ғалымдар мен ақындар тұрды. Ол жерде шығармашылық адамға барлық жағдай жасалынды. Мәселен осында тұрып тарихшы Мирханд «Жайнаған бағы» атты еңбегін жазып бітірді. Әлішер өзінің жекеменшігіндегі жері мен сауда орындарынан түскен табысты аталған құрылыстармен қоса, мемлекет әскерін қамтамасыз ету жолына сарп етті. Ал өзі бір адамға жетерлік азық пен киімді қанағат тұтты.

Ақын осы жайында 1481 жылы аяқтаған «Арнау» атты шығармасында жазды.

Ол ғалымдар мен ақындарға жағдай жасай отырып, өзі де шығармашылықпен айналысады. Ол ғажап лирикалық туындылармен бірге бірнеше әдеби еңбектер, лингвистика(тілтаным) саласында бірқатар трактаттар жазды. Жәми ұстазының әсерінің арқасында ақын шығармашылығының биік шыңы ретінде «Хамса» («бес» яғни «бес дастан» деген мағнаны білдіреді.) атты туындысын дүниеге әкеледі.

Бұл екеуінің достық қарым-қатынасының тарихы адамы ерекше сүйсіндіреді. Әбдірахман Жәми (1414–1492) ұлы ақын, ғалым, ойшыл ретінде күллі Шығыс мұсылман қауымына танылды. Ал Әлішер Науаи оның шәкірті әрі досы болу бақытына ие болды. Олар үшін әрбір кездесу

мән-мағынаға толы болды. Кейіннен ақын ұстазы Жәмиден алған әсерін соның рухына тарту еткен «Сүйініштер бестігі» кітабында жазады.

Әлішердің ағартушылық-рухани саясаты аксүйектердің наразылығын тудырды. Ол «Хамса» атты еңбегінде азғындық пен ұрлықтың саясатын сынады, бұл әрине сұлтанға жағымпазданып жүрген бектердің намыстарына тиді. Нәтижесінде Сұлтан Үсейін Науаиды жырақтағы Астрабад еліне жер аударды. Ақын туған елін, достарын, әсіресе ұстазы Жәмиді сағынып қатты қайғырады. Бұл жағдай ұзақ жылдарға созылады. Бірде Науаи өз еркімен келуге де бел байлайды, бірақ сұлтан бұл ойын құптамайды. Соңында өзінің туған еліне оралып, сол жерде өмірінің соңына дейін болады.

Аталған кезең ақын өмірінде ең қиын-қыстау кезеңдердің бірі болды. 1492 жылы 9 қарашада ұстазы әрі досы Жәми дүниеден озды.

Көре алмаған дұшпандары сұлтанды үнемі Науаиға қарсы қоюға, жазықсыз жәбірлеуге тырысып бақты. Бірақ ақын ешнәрсеге қарамастан соңғы күшін халықтың жағдайын жақсартуға арнайды.

Науаи осы жылдары өмірлік тәжірбиесінің өзіндік айнасы ретінде өскелең рухты «Сүйікті жүректер» атты кітабын жарыққа шығарады.

Өмірінің соңында ақын өмірдің мағынасын бұл әділеттілік пен бейбітшілік жолындағы күрес деген тәмсілмен жұбатады. Бұл ой оның романтикалық поэмасының пафосы ретінде «Құстардың тілі» атты еңбегінде көрініс табады.

1501 жылдың 3 қаңтар күні Әлішер Науаи дүниеден озды. Оны күллі Герат халқы болып соңғы сапарға шығарып салды.

Зәһиреддин Бабыр «Бабыр наме» атты еңбегінде: «Әлішер бек ешкімге ұқсамайтын ерекше жан еді. Өлеңдерді түрік тілінде, ол сияқты ешкім әдемі сөйлете алған жоқ... Ол өз өмірін жар сүймей, ұл-қыз сүймей өткізсе де, жалғыздықтың жүгін арқалай отырып, өмірін мән мағынаға толтыра білген

жандардың бірі» деп баға берген.

Науаи лирикасы-- Әлішер Науаи шығармашылықпен өте ерте айналыса бастады. Ол бастапқы кезде өзінің өлеңдерін екі диуанға жинады (өлеңдер жинағын): «Ғажап бастама» және «Сирек бітетін істер». Ал өмірінің соңына қарай, осы диуанға енген барлық өлеңдерімен бірге, кейіннен жазған өлеңдері қосылып «Сырлар қазынасы» атты жинақ жарық көрді. Ол төрт диуаннан тұрды. Әрбір өлең өз кезеңіне сәйкес қамтылып жазылды. Біріншісі «Ертегідей балалық шақ», екіншісі «Жастық шақтың даралығы», үшіншісі «Орта жастың таңғажайыптары», төртіншісі «Қарттықтың пайдалы кеңестері» атты еңбектері еді.

Осыған ұқсас өлеңдер жинағы басқа да көптеген шығыс ақындарымен қоса, Науаидың ұстазы әрі досы Әбдірахман Жәмиде де кездеседі.

Әлішер Науаидың өлеңдер жинағында Шығыс лирикалық поэзиясының барлық жанрлары кездеседі: ғазал, рубаи, туюқ, қасида, фәрд, қита, сағи-наме, мұстазад, мұхаммастар, т.б. Науаи лирикасында парсы мен көне түркі поэзиясының ең соңғы үлгілері пайдаланылды. Науаи өз тарапынан байланыстыра алмай жүрген ескі мен жаңаны, сюжеттілікте, образдарда, мазмұндарда және батыл да ғажап айтылған метафораларда шебер қолдана білді. Ақын ғазалдары жасандылықтан аулақ, керісінше жаңашылдыққа толы болды.

Әлішер Науаидың кейбір ғазалдары белгілі бір мазмұнға құрылған, яғни бәйіттермен, ойдың кезекпен дамуымен, композициялық қорытындылардың байланысуымен ерекшелінеді. Шығарма әдеттегідей махаббат тақырыбымен қатар, достық, табиғат, поэзия, қоғам, адам мен оның міндеттері туралы философиялық ойлармен көмкерілген. Сонымен бірге Науаи ғазалдарында қоғамның кері тұстарын, яғни дін басылардың екіжүзділігін, феодалдардың қатыгездігі мен ашкөздігін, билік басындағылардың халықтың мұң-мұқтажын ойламауын астарлы түрде шебер әшкерелеп жазады.

Науаи ғазалдары әдеттегі махаббат тақырыбына арнала отырып, оқырманын сезімді білдірудегі шынайылығымен, психологиялық тереңдігімен сүйсіндірсе, ал кейде батыл теңеу мен метафоралардың тентек боямаларымен суреттей түседі. Ақын махаббатты адамды рухани өсіретін, жаны мен ойларын ізгілікке жетелейтін сезім деген түсінік береді. Махаббат асқақтаған қуаныш пен қайғы-мұңға толы уайымды қатар сыйлайтыны белгілі, ал ол өмірдегі адам жанының бастапқы дамуы үшін аса қажет.

Науаи поэзиясы терең мазмұнымен, ойды белгілі формамен жеткізу шеберлігімен ерекшеленеді. Кейде ақын өлеңдері терең идеяларды ықшамдап беру үшін, нақыл сөздерге көбірек сүйенеді.

Науаи лирикасы – рухани әлемнің өзіндік күмбезі іспеттес. Ақын қарапайымдылықты, білім мен ілімге деген құштарлықты, үнемі халықпен бірге болуды дәріптейді. Ол адамдарды рухани жағынан өз-өзін үнемі жетілдіру керектігін және адами қасиеттердің биік шыңына жету тек өз қолдарында екенін жеткізгісі келді. Өтірік сөйлеу, сараңдық, жауыздықты бетке басты.

Науаи лирикасы махаббаттың ғана әнұраны емес, ол ақылды, әділетті, мейірімді адамның әнұраны, жалпы өмірдің әнұраны деп қабылдау керек.

Ақынның лирикалық мұрасы түркі тектес поэзияның дамуына үлкен үлесін қосты. Науаи өзінің бүкіл саналы ғұмырында лириканы жанр ретінде дамытуға және тәжірбие жүзінде ана тілін поэтикалық жағынан сөйлетуге және оған барлық мүмкіндіктердің бар екенін дәлелдеуге, көне түркінің әдеби тілін классикалық дәрежеге жеткізуге бар күш-жігерін сарп еткен ғалымдарымыздың бірі.

Әлішер Науаидың «Хамсасы» «Хамса» («Бестік») – Науаидың ең басты поэтикалық еңбегі. «Хамса» сөзі «бес» деген мағынаны яғни «бес дастан» деген ұғымды білдіреді. «Хамса» жанры XII ғасырда пайда болған, оның негізін салушы әзірбайжан ақыны Низами Гәнжауи (1141 - 1209). Ақын жеке көркемдік бірлікте жазылған бес поэманы

біртұтас бір шығармаға біріктірді, олар: «Сырлар қазынасы»; «Қысырау мен Шырын»; «Ләйлі мен Мәжнүн»; «Жеті ару»; «Ескендірنامه».

Поэмалар оқиғалар желісі жағынан әр түрлі болғанымен, идеялық жағынан, пафос тұрғысынан біртұтастанып кеткен. Низами «Хамсасындағы» барлық поэмалар гуманизм, ағартушылық, халықтық идеясымен сусындаған қарапайым адамдардың игілігіне бағытталған.

Низами «Хамсаны» тудыруда дәстүрдің негізін енгізді: бірінші поэма – рухани-дидактикалық, екінші, үшінші, төртінші поэмалар – ғашықтық-романтикалық, ал бесіншісі – Ескендір Зұлқарнайынның өмірбаянына арналды.

Низамидің алғашқы ізбасары Үндістан тұрғыны, ақын Әмір Хұсрау Дехлеуи (1253-1326) болды. Ол «Хамсаны» Алаеддин Мұхаммед шаһтың тапсырмасы бойынша жазды. Мұнда поэмалардың қоғамдық мағынасы біраз жұмсартылып айтылған.

Низами мен Әмір Хұсраудың ізімен «Хамсаны» Гераттық ақын Әбдіраһман Жәми де жазады. Жәми «Бестікті» дамытып, «Жетеуге» апарады, жеті поэма – «Жеті көк» («Һәфт аурәнг») деп аталды. Ол бір дидактикалық поэманың орнына, үш поэма туғызады: «Алтын шынжыр»; «Рақымдылар дарыны»; «Тақуалардың тәспілері», сонымен қатар «Ләйлі мен Мәжнүн», «Салман мен Абсал», «Жүсіп пен Зылиха», ал жетінші поэма – «Ескендірдің даналық кітабы» деп аталады. Жәми поэмалары тәрбиелік мәні зор дидактикалығымен, өнегелігімен ерекшелінеді.

Жәмиден алған әсердің негізінде Әлішер Науаи өз «Хамсасын» тудырады. Ақын кітабында өзінің суреткер, ойшыл, саясаткер ретінде өмірлік және шығармашылық тәжірбиесін айтады. Өз дәуірінің тұрмыс халі мен халықтардың әдет-ғұрпы, дін, ахлақ мәселесі, ақынның көзқарасы тұрғысынан берілген. Бұл шығармаларының ерекшелігі оқырманын дүниені шынайы қабылдауына, дүниелік дәмін сезінуге насихаттады.

Науаи алдыңғы ізбасарлардың шеберханасымен сусын-

дай отырып, өзінің шығармаларын өмір мен оның сансыз сұрақтарына жауап берерлік дәрежеде жазуға тырысты.

Ғасырлар бойы оқырмандар арасында «Бестікке» деген қызығушылық күн сайын арта түсті, сол себепті Науаи барлық назарын осы қиын жанрға арнады. Ақын оның тәрбиелік, эстетикалық, рухани мағынасын терең түсіне отырып, түркі тілдес оқырмандардың талаптарының өсуіне байланысты өзінің кітабын ана тілінде яғни түрік тілінде жазуды ұйғарды.

Әлішер Науаи «Бестікті» тез жазып бітіреді. Аталған ғажап туындыға бар-жоғы екі жыл (1483-1485) уақыт кетеді. Олар: «Тақуалардың зор сүйініші»; «Фархат пен Шырын»; «Ләйлі мен Мәжнүн»; «Жеті ғарыш әлемі»; «Ескендір бөгеті». Науаи «Хамсасының» қолжазбаларымен қатар ақын өмір сүрген уақыттағы шығармаларының нұсқалары да бізге жеткен.

Науаи түпнұсқасынан көшіріп алынған құнды тізімде бірінші поэмасының мерзімі 1483 жыл деп қойылған, ол Ташкент қаласындағы АН ӨзССР шығыстану институтында әлі күнге дейін (№5018) сақталынып тұр. Жалпы Науаидің шығармаларының санын 370-ке жуық делінеді. Науаидің екі басты артықшылығы болды: бірі – Науаи түркі халқын беріле сүйгені. Түркінің тілін, мәдениетін тіпті барлық болмыс-бітімін сүйгенін оның өмірі мен шығармашылығынан аңғаруға болады. Сол үшін Әлішер Науаи түркілердің ұлттық санасының оянуына өлшеусіз үлес қосты. Ол әр ұлттық санасының оянуына оның ұлттық тілі ірге қалайтынына сенетін. Сол үшін түркі тілін парсы тілінің ықпалынан шығаруды маңызды деп есептейтін. Түркілердің ұлттық намысын биік қою үшін де түркі тілін парсы тілін жоғары екенін үнемі тілге тиек еткен. Соның бір айғағы «Сөздердің соты түркі-парсы екі тілдің салыстыруында» атты еңбегі болып табылады.

Науаидің шығармаларының басым бөлігі түркі тілінде жазылды. Парсы тілінде бір ғана диуаны бар. түркі-парсы тілдерінде жырлай білгені үшін оған «қос тіл иесі» деген

ат қойған. Түркі лақабы «Науаи» болса, парсы лақап есімі «Фани-фәнаи» болған.

Екінші артықшылығы – ол адамзатты сүйді. Сол үшін адамзатқа игілік жасау жолында сөйлеген болса, сөздерін қағазға түсірді. Жазғандарын іске асырып жүрді. Ол қоғамды, адамдарды әсіресе басшыларды жақсы болуға шақыра отырып, өзі де таза, тақуа жолды таңдады. Пірі Жәми сияқты қарапайым тіршілікті таңдады. Барлық дарын мен қабілетін жақсы істерге жұмсады. Мешіт, медресе, су құбырлар, жолдар мен ғимараттар салғызды. Жамандар мен күншілдердің ғайбатына, қулығына, қастық пен жауыздығына мойымай өмірін тек қана жақсы ой, жақсы істермен өткізді.

Әлішер Науаидің насихаттарынан мысалдар:

Білім мен данышпандық адамның көркі.

Қанағат бұлақ суы сияқты алғанмен, таусылмайды.

Сабыр – ащы, бірақ пайда береді, қатты, бірақ зиянды жоғалтады.

Кеңпейілділік адамгершілік бағының жемісті терегі, ал ол теректің шырын жемісі адамгершілік өлкесінің толқын дариясы, сол дарияның асыл жауһары.

«Тақуалардың зор сүйініші»

Әлішер Науаи «Хамсасының» бірінші поэмасы 9 бөлімді кіріспеден, 20 бөлімді сұхбаттар (мақұлат) мен эпилогтардан тұрады. Ақын қоғамдық өмірдегі рухани тазалық, дін, философия мәселелерін қозғайды. Әрбір бөлім нақыл сөздермен көмкерілген.

«Тақуалардың зор сүйініші» – қатыгездік пен зұлымдықтың әшкереленіп, әділеттілік пен мейірімділікті ұлықтауға құралған пафос негізіндегі философиялық поэма. Науаи мейірімділікті әділеттілік, бостандық, махаббат, достық, сенімділік, шынайылық, пәктік заңдылығының аясында қарастырады.

Поэмада зорлық-зомбылық ұлы зұлымдықтың бірі ретінде сыналады. Ақын гуманист ретінде қоғамдық кедейшілікке,

өзара тартысқа, қанаушылыққа қарсылығын білдіріп, өзінің халыққа деген сүйіспеншілігін адамзаттың ең жоғарғы ақыл деңгейімен жеткізеді.

Маңдай алды көркем қалыпта, нақты әрі шынайы образдар жүйесі арқылы Науаи өз заманының зардаптары мен кеселдерін ашып көрсетеді. Ол билік басындағы бейберекетсіздік пен дін басындағылардың екіжүзділігін, байлардың сараңдығы мен ашкөздігін, оларға жағымпазданғандардың арам пиғылы мен өтірікке бейімділігін ойсырата сынайды.

«Тақуалардың зор сүйініші» зұлымдықты әшкерелей отырып, Науаи өз түсінігіндегі идеал адамның келбетін жасайды. Ол адамды рухани өсіретін достық, сенімділік, еркіндік, қайырымдылықты ұлықтайды. Өлеңнің әрбір жолы әдемілігі мен шынайылығы арқылы адам жүрегін жаулап алады.

Науаи поэмада сол дәуірдің тірі суретін көрсетеді. Науаи халықтың игілігі үшін әділетсіздікке, зұлымдыққа қарсы шығады. Оқырманын халыққа, қарапайым адамдарға қызмет ету әрбір перзент парызы екенін айтады. Ақын Сұлтан Үсейінді қоршаған кейбір зұлым адамдардың іс әрекеттеріне қарны ашады. «Хамсадағы» бірінші поэмада ол барлық қайырымдылық әрекеттері мен жоспарларын ең басты Адамдарға қызмет ету парыз екенін барынша шынайылықпен бейнелейді. Ол көтерген мәселелер осы күнге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Поэманың толық бір тарауы ағартушылыққа, мейірімділікке, қайырымдылыққа, адам өмірінің мәні мен бағытына арналған. Науаи әрбір айтқан теориялық сөздерін астарлы тәмсілдермен көркемдейді. Мәселен, Натәм Таи, бұлдырық құс, имам Фәхр-и Рази, Аюп халифасы, Ескендір қалдырған өсиет жайында әнгімелерде ақын астарлы һәм ашық түрде замандастарына барынша жеткізуге тырысады. Осы еңбекті жазу барысында барлық мақтау мен мадақты бір жаратушы Аллаға айта отырып, өз мақсаты мен міндетіне қол жеткізеді.

«Фарһад пен Шырын»

Ақын «Хамсасының» екінші бөлімі «Фарһад пен Шырын» деп аталады. Мұнда ақын алғашқы бөлімдегі теорияны іс жүзіне асырады, яғни шығармадағы басты қаһарманды сомдай отырып, мінсіз идеал тұлғаның нақты образын жасайды. Әлішер «Тақуалардың зор сүйінішінде» сомдаған идеал адамның портретін Фархаттың бойынан көрсетеді. Фархат образында оның білімге, шығармашылыққа деген құштарлығы мен халық үшін жасаған қайырымды істері нақты бейнеленеді. Фарһад – ақын қиялындағы кейіпкер, ол адам мен оның міндеттерін саналы түрде қабылдайтын қаһарман сұлбасы.

Шығарма мазмұнына қысқаша тоқталсақ, атакты әрі құдіретті Шын қағаны ұзақ жылдар бойы бір перзентке зар болып, күні-түні Аллаға мінәжат еткеннің арқасында, тілеген дұғалары қабыл болып Жаратқан оған Фарһад есімді ұл сыйлайды. Фарһад бала күнінен рухани жағынан өзінің нәзік мейірімділігімен ерекшеленеді. Әкесі оның дұрыс тәрбие мен білім алуын жіті қадағалайды. Фарһадқа білім нәрімен сусындатқан тамаша ұстаздарымен бірге, өзінің туа біткен табиғи қызығушылығының арқасында, Шын ғалымдарының, суретшілерінің, шеберлерінің алдына шығып, барлық жағынан басып озады. Бірақ Фарһад күні бұрын белгілі болған аянның негізінде, алдын ала ғашықтық дертіне ұшырау қаупінің төнетінін біліп үнемі мұнайып жүреді. Бала күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылады. Мән жайды түсінген әкесі бұл дертке дауа ретінде барлық күш-жігерін жұмсап, төрт бекініс салуды ұйғарады. Фарһад құрылыс барысында тас қашау, сәулетшілік, кескіндеме кәсіптерін меңгеріп алады. Бірақ өкінішке орай алдын ала белгілі болған дертін ұмыту мүмкін болмайды. Баласының бұл күйін көрген әкесі көңілін көтеру мақсатында өзінің мұрагері ретінде Фарһадқа бүкіл байлығын тапсыруды ұйғарады. Көп уақыт келісімін ала алмай жүрген әкесі, Фарһадты бұл ұсынысына зорға көндіріп, оған қазынаны табыстауға сапарға шығады. Дәл осы сапарында ол шыны

қобдишаға кез болады. Ол оның құпиясын ашу үшін, ең алдымен Греция еліне бару керек екен. Фарһад бұл ұзақ әрі қауіпті сапарға аттану үшін әкесінің келісімін ала алмай көп уақыт кідіреді, шарасы таусылған әкесі амалсыз келісімін береді. Бұл сапардың мақсаты шыны қобдишаның құпиясын сақтаушы атақты данагөй Сократтың алдына бару еді. Әрмен қарай, Фарһадтың батырға тән ерлігіне тәнті боламыз, айдаһармен шайқасып оны қалай жеңгенін, алпауыт Аһриманмен шыққан жекпе-жегінде жеңіске жетіп, Ескендір байлығын қолға түсіргенін көреміз. Одан кейін ол үңгірді тауып, Сократпен сөйлеседі. Фарһад туған жеріне орала салысымен қобдишаны ашып, оның ішінен Ескендірдің сикырлы тағдыр-айнасын көреді, Фарһад ол жерден өзінің дертіне айналған сүйген ғашығын да көреді. Сол сәттен бастап Фарһад белгісіз перизаттың ауруына шалдығады. Оның айнада көрген бейнесіне ешкім көмектесе алмайды, нәтижесінде туған жерден кетуге мәжбүр болады. Бастан кешкен әр түрлі оқиғалардан кейін Фарһад Шапұрға кез болады, соның болжамы бойынша Ескендір айнасынан ол Армен елін таниды. Фарһад және оның достары Армен еліне аттанады. Онда олар тау ішінен канал салып жатқан қарапайым халықтың үстінен түседі. Әбден тозған халықтың мұншалықты қиын күйге түскенін көрген Фарһад қатты күйзеліп, бейшара жандарға көмектесуге бел байлайды. Тау ішінен өзеннің арнасын бұрып халыққа каналмен су жібереді. Риза болған халық батасын жаудырады.

Фарһадтың адалдығы мен риясыздығы ешбір адамды бейжай қалдырмай, мән жайды естіп білген Шырын ханшайымның да жүрегінен орын алады. Науаи Шырын образы арқылы мінсіз әйел бейнесін жасайды. Рухани тазалығы, адамгершілігі мен білімі жағынан Шырын мен Фарһад бір-біріне тең.

Дастанда Шырын характері Фарһадқа жазған хатында толыққанды ашыла түседі. Фарһад Шырынмен жақын таныса келе оның ақылдылығына, сезімталдылығына, жүрегінің нәзіктігіне тәнті болады. Олар бір-бірі үшін жаралған жан-

дар екені даусыз еді.

Кенеттен оқиға желісі шиеленісе түседі, олардың бақытын қаламаған Иран билеушісі Хұсрау Парвиз кедергі болады. Ол да Шырынға сөз салады, бірақ қыз келісімін бермейді, ашуланған Хұсрау Парвиз Армен еліне қарсы соғыс жариялайды. Бірақ Фарһад Армен елін шебер жауынгерлігінің арқасында қорғап қалады. Өкінішке орай, Парвиз Армен елінің айбынды қорғаушысы болып жүрген Фарһадты аса зұлымдықпен қолға түсіреді.

Поэмада Фарһад пен Хұсрау кездесуі ең шешуші сәттердің бірі. Зұлымдық пен жауыздықтың орнын ізгілік пен мейірімділік басып, шығарма өз кульминациясына жетеді. Ғашықтарды жақтаушы, гуманист Әлішер Науаи жан-тәнімен деспотизмге (қатал әкімшілікке), зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке қарсы болды. Ол қарсылықты сүйікті қаһарманы Фарһадтың аузына салады, ол Хұсраудың шексіз рақымсыз патшалығын әшкерелейді.

Нәтижесінде Хұсрау жауыздың тіміскі арсыз әрекеттерінің кесірінен Фарһад қаза табады. Шырын ғашығынсыз өмір сүре алмайтынын біліп, ол да өзін құрбан етеді. Екеуінің трагедиялық қазасына күллі халықтың қабырғасы қайысады.

Шығарма соңында Фарһадты іздеп келген сүт ағасы Баһрам Шын әскерлерімен Армен халқын Иранның жәбірлеуінен құтқарады. Қарапайым халық мұраттарына жетеді. Науаи шығармасында Фарһад тағдыры қысқаша осылай сипатталады. Автор келесі «Хамса» бөлімдерінде жеке тұлғаға деген құрметсіздік, түсініспеушілік неге апарып соқтыратынын көрнекі түрде толықтыра түседі.

«Ләйлі мен Мәжнүн»

«Хамсаның» бұл бөлімі де ғашықтық тақырыбына арналған. Автор бұл шығарманы шығыстың әйгілі Ләйлі мен Мәжнүн аңызының негізінде жаза отырып, өз түсінігіндегі «махаббат» ұғымын біршама басқа қырынан аша түскен.

Ол алдыңғы Низами мен Әмір Хұсрауларды қайталаған

жоқ, керісінше дәстүрлі мазмұнға жаңа рең (трактовка) бере білді. Жалпы Науаи аталған зор бағалы еңбегіне арқау болған адам өмірінің құндылығы мен адамның бақытқа деген киелі құқығын барынша табиғи түрде байланыстыра білді.

Науаи қаламынан туған Шығысқа танымал Ғайс пен Ләйлінің ғашықтық тарихы, ұлы махаббат сезіміне, адамгершілікке, ізгілік пен әділеттілікті ұлықтауға, әйелдің бас бостандығын күйттейтін тақырыптардың әнұранына айналды.

Оқиға мазмұнына көшсек, тайпа басшысының жалғыз Ғайс атты ұлы болады. Әкесі баласының оқып білім алуына барлық жағдайды жасайды.

Тағдыр Ғайсқа ақылды әрі данагөй әкені ғана емес, «сөзге тірі рең бере білетін» сирек кездесетін шешендік қабілетті әк сыйлады. Науаи қаһарманы алғашқы өмірлік жолын бастамас бұрын ақын ретінде «сөз патшасының» ауыр жолын бастан кешіреді. Тумысынан табиғи болмысы нәзіктікке, сезімталдыққа жақын болды. Тағдыр оған болашақта «махаббат жұлдызы» болатынын сездіргендей еді. Ғайстың Ләйліні алғаш мектепте көріп, оған ес-түссіз ғашық болуы заңды құбылыс болса да, махаббат алдында оның дәрменсіздігін, әлсіздігін көреміз.

Жалғыз сүйеніші табиғи ақындық өнерінің арқасында ол өз-өзін жұбатып, жарасын таңа білді. Ол Ғайс жүрегінің тереңде жатқан сезімін білдіретін, Ләйліні дәріптеуден тұратын, тамаша ғазал – өлеңдер еді. Сол күннен бастап оны Мәжнүн деп атап кетеді.

Әкесі баласының жарасын жеңілдету мақсатында Ләйліні айттыруға адамдар жібергенімен, қыздың зұлым әкесі келісімін бермей, келгендерді қайтарып жібереді. Себебін «Ғайстың Ләйлі жайында жазған ғазалдары ар ұятымызға нұқсан болды, өлең қыздың абыройын түсірген» деген өтірік сылтаумен айыптайды. Науаи осы құдаласудан, Ләйлі әкесінің характерін аша түседі, яғни оның ақыл жағынан таяздығын, рухани жағынан терең ойлай алмайтынын, құбылған қулығын оқырманға шебер жеткізеді.

Ғайс өмірден баз кешіп, кең даламен, жабайы аңдармен дос болады. Амалы таусылған әке-шешесі баласын қажылыққа апарды. Ғайс Алла ризашылығы үшін барлығын ұмытқысы келіп қасиетті Қағбада дұға жасап ниеттенсе де, ешбір нәтиже бермейді. Керісінше Ләйліге деген махаббаты күн өткен сайын арта түспесе кемімейді. Ғайс амалсыз махаббатты таңдайды.

Тағдыр Ғайстың жолына поэмадағы жағымды кейіпкерлердің бірі білдей тайпаның ең беделді адамы Нәуфәлды кездестіреді. Нәуфәл Ғайсты жігерлі, қайсарлы, батыл болуға, мойымауға шақырады. Нәуфәл да қызды айттыруға адамдар жібереді, бірақ бұл жолы да әкесі келісімін бермейді. Нәйфәл күшпен алуды ойластырады, бірақ сезіктенген қыздың зұлым әкесі жеңілетінін біліп, Ләйліні өлтірмекші болады. Шарттылықтың әбден құлына айналған әке адами қасиеттерінен айрылады. Ол жалғыз қызы болса да, құрбандыққа шалудан еш қаймықпайды. Бүкіл оқиғаның драматургиялық жағы қатыгез әкенің көргенсіз эгоцентризмдік көзқарасында ол жалғыз емес. Сол кезде тайпаның көпшілігі өз көшбасшысының ойын құптап, оның қатыгездігіне жол бергенін, бірде бір жанның қарсы тұрмай, жүректері тас болып қатып қалған адамдардың бет бейнесін Науаи ерекше басып айтады. Адам өмірі оңай аяқ асты ету мәселесі көтеріледі.

Оны сезген Нәуфәл тайпасы қыз тірі тұрғанда кері шегінуді ұйғарады. Шындығында адамгершілік, рухани байлық тұрғысынан алғанда екі тайпа мен оның көшбасшыларының арасындағы айырмашылық жер мен көктей.

Поэма пафосы Ләйлі мен Ғайс образы арқылы толық ашыла түседі. Шынайы сүйгендер әрқашан рухани жағынан биік болатынын, бір-бірін ешқашан қиянатқа қимайтынын, біреуге қастандық жасамайтынын автор басты идея етіп ұстанады. Шығармадағы Ләйлі монологтары: оның Алладан тілеген дұғалары, Ғайсақа жазған хаты, анасына айтқан соңғы сөзі бәрі-бәрі қыздың нәзік әрі сұлу табиғатын аша түседі.

Ләйлінің соңғы сөзі, өлімі рухани әлсіздіктің белгісі емес, керісінше адал махаббаттың мәңгі өмір сүретінінің белгісі деп ұққан жөн. Ғайс да ғашығынсыз өмірді елестете алмай, ол да құрдымға кетеді.

Соңында Науаи махаббаттың жеңгенін, оның рухани жағынан еш нәрсеге тең келмейтінін көркемдік жағынан ұтымды суреттеп береді.

«Жеті ғарыш әлемі»

«Хамсанын» төртінші бөлімі «Жеті ғарыш әлемі» деп аталады. Поэманың басты кейіпкері Иран билеушісі Баһрам шах (Гур лақап есімі). Жан-тәнімен аңшылықты сүйетін және музыканы бағалай білетін Баһрам табиғаты эстет пен эгоист ретінде қарама-қарсы күрделі бейне. Бұл «Хамсасындағы» ең бір реалистік бейнелердің бірі. Оның реализмі басты кейіпкер Баһрам характерінің сан қырлы өзгеруінен байқалады. Алдыңғы екі поэмада жырланғандай мұнда да махаббат тақырыбы қозғалады. Бірақ нақтырақ айтсақ, Фарһад пен Ғайс махаббатты ұлықтап, зұлымдыққа қарсы тұрса, ал мұнда Баһрамның махаббаты тым басқаша сипат алады, бірде айналасындағылардың қайғысына ортақтасса, бірде сүйіктісінің өліміне қайғырады.

Поэма композициялық жағынан әрқилы. Науаи мұнда классикалық Шығыс әдебиетінде қолданатын әңгіме шеңберін кеңінен пайдаланады. Баһрам махаббаты шеңберінде жиһанкез кезбелердің Дилараммен айрылысып қатты қайғы қасірет шеккендігі жайында айтқан жеті ертегі жазылған. Поэма кіріспеден басталады, дәстүрге сәйкес Науаи ең алдымен сөзін Жаратушыға бағыштап, содан кейін Хорасан билеушісі – Сұлтан Үсейінге арнайды. Бұл қатарда поэма жайында Науаи аталған жанрдың негізін салушы ақындарды мадақтай отырып, өзінің осы «Хамса» жанрына өзіндік үлкен еңбекпен келгенін айтады. Сол мақсатқа жету үшін осы шыншыл еңбекті дүниеге әкелу арманына айналғанын ашып айтады.

Шығарма сюжетіне оралсақ, Баһрам Иран елін билігі мен күші арқылы әділетті әрі мейірімді басшы ретінде бағындырады. Бір күні саят құрған Баһрам атақты Мәни есімді суретшіні кездестіріп, Диларам жайында естіп оған сырттай ғашық болады. Көп кешікпей Баһрам мен Диларам кездеседі. Махаббат сезімі олардың жүрегін бірден жаулап алады. Баһрам халқының алдында жинаған бүкіл беделі мен абыройын ұмытып, махаббат қызығына басы айналып кетеді. «Махаббат әлде билік» деген екі оттың ортасында қалады. Әлбетте оның табиғаты Фарһад пен Ғайс тәрізді махаббат жолында байлық пен билікті құрбан ету емес еді, керісінше ол екеуін де қатар алып жүргісі келді. Баһрам табиғатында махаббат үшін дүниелік биліктен айрылып қалу қасірет болып көрінді.

Науаи Баһрам характерінде ең негізгі қасиеттерінің бірі құмарлығы мен әуесқойлығын тізгіндей алмайтындығы ерекше айтады. Аңшылық, музыка, шарап, одан кейін махаббат оның ең басты тілектерінің біріне айналды, ол өзін шектей алмады. Халқы кедейшілікке душар болады.

Соңында екеуі айрылуға бел буады, шах қызды ұмыту үшін өзінің күндерін жеті сарайда өткізеді. Сарайдың қасынан өтіп бара жатқан жеті жиһанкез шаһтың қонағы болып, өздерінің ертегі әңгімелерімен қызықтырады. Сол жерде жеті ертегі туындайды. Барлық ертегілер ең биік қасиеттерді ұлықтайды, мәңгілік өлмейтін оптимистік идеяны дәріптейді.

Шығарма кульминациясы дәстүрлі сюжетпен аяқталады. Науаи ешбір мистикасыз Баһрамның аңшылықта жүріп өзінің балшыққа батып өлген ақырғы сәтін шебер суреттейді. Поэма идеясын автор адам өмірі мен оның мақсатын нақты сипаттайтын штрихтармен бітіреді.

«Ескендір қамалы»

«Хамсанын» соңғы бөлімі қоғамдық-философиялық шығармаға арналған. Бұл туындыда аты аңызға айналған

Ескендір Филипұлының өмірбаяны негізге алынады. Белгілі әлемді жаулап алушы Ескендірдің бет-бейнесі Шығыс халқына ерекше әсер қалдырғаны соншама, оның есімі ғасырлар бойы көптеген аңыздар мен әңгімелерге негіз бола білді. Науаи алғашқы «Хамсасында» Ескендір образына жаулаушы ретінде тоқталып кетеді.

Поэма желісі Ескендірдің Аристотельмен сұхбатынан тұрады. Мұнда да билік пен махаббат тақырыбының трагедиялық сәйкессіздігі суреттеледі.

Қорыта келе, Науаи XV ғасыр перзенті. Сондықтан да, оның шығармашылығында ақын өмір сүрген ортаның сорақы олқылықтары, халықтың арман-қиялы, өмір, фәни, адамгершілік, саясат, ғылым, өнер турасындағы сүбелі ойлары кең орын алады. Әлішер Науаидың әдеби мұрасы 100 мың бәйіттен, яғни 200 мың жол өлеңнен тұрады. Сондықтан ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында деректер келешекте бұдан да кеңірек тың мағлұматтармен толықып, зерттеп зерделенеді..

Әдебиеттер:

1. И.Жеменей «Қос өзен», Павлодар, 2010ж.
2. Е.Э.Бертельс Навои, М., 1965 г.
3. История всемирной литературы, т. 3, М., 1985 г.
4. Г.А. Расулова «Алишер Навои – великий узбекский поэт и мыслитель» Ташкент, Узбекистан, 1991 г.
5. Өтеген Күмісбаев Ақиқат // 2008, № 11

Мырза Хайдар Дулат (1499-1551)

Мырза Хайдар Дулат тарихшы, ақын, қолбасшы, әмір, шебер қысқасы «сегіз қырлы, бір сырлы» түркі хәм Ислам әлемінің айтулы қайраткер тұлғасы. Ол 1499 жылы Ташкент маңындағы Өретөбе мекенінде дүниеге келіп, 1551 жылы қазіргі Үндістанның Кашмир өлкесінде қаза тапты.

Ол өзінің саяси-қоғамдық күрделі өміріне қарамастан әлем мәдениетіне екі шығарма жазып, мұра қалдырып кетті. Бірі – «Жаханнама» поэмасы, оны түркі тілінде жырлады. Екіншісі – «Тарих-и Рашиди» мемуралдық тарихи-әдеби шығармасы, оны парсы тілінде жазды.

«Тарих-и Рашиди» еңбегі тарихшылар мен зерттеушілер тарапынан өте көп сұранысқа ие болып келеді. Оның басты себебі кітапта Шыңғыс ханның Шағатай мен Жошы ұлдарының Түркістан кеңістігіндегі билігі мен олардың ұрпақтарының саяси-қоғамдық тағдыры тілге тиек болған. Сондай-ақ кітап түркі еліндегі ислам дінінің қалай дамып, қанат жаюына құнды дерек бола алатын шығарма. Әрі жағрафиялық, тілдік, пәлсапалық тағы басқа тұғырдан аса жоғары бағаланатын туынды. Аталған ерекшеліктердің барлығы кітаптың қазіргі заманға дейін ғылыми айналымынан түспей кәдеге жарап келе жатқандығына негіз болды.

«Тарих-и Рашидидің» парсы тіліндегі қолжазба нұсқалары:

– Британия мұражайында. Add 24090. 342 парақ. Нәстәһлик жазуымен жазылған. Әр парағы екі беттен тұрады. Әр беті 19 жол, кейде 18 жол болып келеді. Бет көлемі 18/11. Жазу аясы 14/7.5 см. Толық нұсқа қатарында.

– Иран, Тегран университеті, орталық кітапханасы. № 3218. Суретке түсірілген нұсқасы. Екі беттен тұратын 185 парақ. Әр бет 15 жол, жазу алаңы 14/7 см. Нәсх графикасы. Толық емес, негізгі көлемнің жартысына жуығын, яғни Әлаеддин Аттардың өмірбаяны басталған бетке дейінгі көлемді құрайды, дегенмен қолжазба нұсқасының бастапқы беттері жоқ.

– Өзбекстан, Ташкент, Әбу Рейхан Бируни атындағы шығыстану институты, парсы қолжазба нұсқаларының қорында. № 1430. 321 парақ. 23/13.5 см. Нәстәһлик графикасы. Толық нұсқа қатарында.

– Тәжікстан, Душанбе, жазба деректер институтындағы қолжазба қорында. № 475. Толық нұсқа қатарында.

Парсы тіліндегі қолжазба нұсқалар Ресейдің Санкт-

Петербург қолжазба қорында, Кашмир тағы басқа елдердің қолжазба қорларында бар екендігі айтылады. Менің жеке қорымда Санкт-Петербург, Лондон нұсқаларының текстологиялық нұсқаларының көшірмесі бар. Сондай-ақ Өзбекстан, Тәжікстан және Иран қорларындағы қолжазба нұсқаларының көшірмесі бар. Иран қорындағы фотосурет көшірмесін шығыстанушы ғалым – шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі Тегран сапарынан сарқыт ретінде арнайы маған алып келді. Асқан риза көңілмен ардақты ағамызға рақмет айтамын.

Жазба деректерге қарағанда алғашқы болып Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашиди» қолжазба нұсқаларын дерек ретінде пайдаланған «Мың жылдық тарих» атты кітаптың авторлары: Қазі Аһмет Тәтәви мен Асефхан Қәзвини.

Аталған кітап Жалаледдин Мұхаммед Акбәр шаһтың (1556-1605) бұйрығы бойынша 1585 жылы жазыла бастайды. Кітаптың атынан байқалғандай, бұл еңбек Ислам әлемінің жалпы мың жылдық тарихын – Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың дүние салған жылынан Акбәр шаһтың заманына дейінгі аралықты қамтитын зерттеу еңбек болып табылады. Бұл кітап авторлары алғаш рет Мырза Хайдарға өзге де аттастарынан анықтау үшін «Дұғлат» бізше «Дулат» деген лақап есімін жалғады.

Одан кейін Әмин Аһмет Рази 1593–94 жылдары бастап алты жыл көлемінде жазып аяқтаған «Һәфт иклим» атты кітабында Мырза Хайдардың еңбегін пайдаланды. Аталмыш екі кітапта парсы тілінде жазылған үшін парсы тіліндегі «Тарих-и Рашиди» жазбаларын пайдалану қиынға соққан жоқ.

Мырза Хайдардың жазбаларын ғасырлар бойы мұсылман шығыс елдерінде парсы тілдес зерттеушілер мен оқырман қауым кеңінен қолданып келді.

Парсы тілді зерттеушілерден кейін түркі тіліне тәржімалануы күн тәртібіне алынды. Соның арқасында түркі халықтары арасында да қолдану аясы кеңейе түсті.

Түркі тіліне алғаш аудармасы тарихшы ғалым һәм аудар-

машы Мұхаммед Садық Қашғари (1725-1849) тарапынан жасалды. Бұл аударма Қашғар әкімі Юнес Тәжібек ибн Искандербек ибн Әмин Хаже бұйрығы бойынша қолға алынды. Бұл аударма толық болмаса да түркі тіліндегі тұңғыш аударма болды. Аударманың қолжазба нұсқасы: Мәскеу қаласындағы Азия халықтары институтының шығыс әдебиеттер бөліміндегі қолжазба қорында № С569 (590о) сақтаулы тұр.

«Тарих-и Рашиди» еңбегінің тағы бір түркі тәржімасын Мұхаммед Нияз Ахунд Ниязи 1253 һижри жылында (1837–1838) Хотән әкімі Мұхаммед Әзиз Ванг бұйрығымен жасаған еді. Оның қолжазбасы жоғарыда аталған қолжазба қорында № D 0192 сақтаулы.

Мұхаммед Нияз ибн Әбдіғәфур «Тарих-и Рашиди» бірінші дәптерін 1837-1838 жылдары Хотән әкімі Мұхаммед Әзиз Ванг пәрменімен өлең мен қара сөз етіп түркі тілінде тәржімалағанын зерттеуші ғалымдар растайды. Бұл нұсқада өзге нұсқалар сияқты толық емес. Нұсқасы: № 120(590 ое). Мұхаммед Нияз түркі тіліне аударған деген болжаммен тағы бір нұсқа: № D 121 (590 of) санмен сақтаулы.

1747 жылы тәржімаланған «Тарих-и Рашиди» аудармасының тағы бір шағын нұсқасы: № С 570 (590of) санымен белгіленген. Оның 1322 һижри (1904–1905) жылында Қажы Жүсіп ибн Молла Ашур халифам ибн Құрбан Суфи ибн Дәулет Суфи көшіріп жазған нұсқасы бар.

Сондай-ақ Ресей Ғылым академиясы, Санкт-Петербург қаласындағы шығыстану институтының қолжазба қорында «Тарих-и Рашиди» түркі тәржімаларының толық және толық емес жеті қолжазба нұсқасы бар.

Парсы тілінен тікелей түркі тіліне аударылған толық нұсқасы Өзбекстан, Ташкенттегі Әбу Рейһан Бируни атындағы шығыстану институтының қолжазба қорында № 10191//II сақтаулы тұр. Ресей мен Өзбекстан қолжазба қорларындағы аталған түркі тіліндегі нұсқалар әзірше бір-бірімен салыстырып, артықшылық пен кемшіліктері, бір-бірінен айырмалары сарапқа салынып, текстология-

сы жасалған жоқ. «Тарих-и Рашидидің» парсы және түркі тілдеріндегі қолжазба нұсқаларының текстологиялық жұмыстары қолға алынып, канондық нұсқасын дайындау ғылыми тұрғыдан өте маңызы зор жоба екендігін ескергеніміз жөн.

Ағылшын ғалымы William Erskine 1854 жылы Лондонда баспадан шыққан «History of India» (Үндістан тарихы) атты зерттеу кітабында алғаш рет Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегінің бір бөлігін ағылшын тіліне аударып молынан пайдаланды. Оның аса маңызды тарихи жазба екендігін сезген Ерскин ұлы тарихшы Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашиди» туындысы жедел түрде тәржімаланып, жарық көру керектігіне кеңес береді. Сонымен бірге Ерскин Мырза Хайдарды – беделді, дарынды ғалым ретінде бағалайды. (Ағылшын тіліндегі екі томдық «Үндістан тарихы» атты кітаптың көшірме нұсқасын маған ғалым, мемлекет қайраткері Әділ Ахметов 2008 жылы арнайы қабылдауында тарту етті. Бұл еңбек мен үшін зерттеу жұмыстарымда өмірлік рухани нәр іспеттес. Осы жерде қадірлі Әділ ағамызға риясыз көңілмен ризалық сезімді білдіремін. Алла риза болғай сізге! Абзал жан). В. Ерскинның аудармасы кейінірек «Тарих-и Рашидидің» ағылшын тіліне толық тәржімалануына негіз болды.

«Тарих-и Рашиди» толықтай ағылшын тіліне аударылғанша бірнеше рет ағылшын ғалымдар тарапынан тарихи дерек ретінде пайдаланды. Атап айтқанда: доктор I.W. Bellew, ол 1873 жылы D.Forsyth басқарып барған Қашғар сапары тобының бір мүшесі болып барды. Сол сапардың нәтижесі ретінде «Шығыс Түркістан тарихы» атты еңбек жазып, оның бір бөлігіне Мырза Хайдардың жазбаларын пайдаланды. Сондай-ақ R.V.Shaw, ол Жаркент пен Қашғарда іс-сапарда болғанда «Тарих-и Рашиди» еңбегінен бір қысымын тәржімалап, 1876 жылы «Жағрафиялық қоғам» журналында жариялады. Одан соң Elliot «Үнді тарихы» атты зерттеуінде «Тарих-и Рашидидің» шағын бөлігін профессор Dowson аудармасымен енгізген. Moorcroft «сапарнама-

сы» атты еңбегінде де Мырза Хайдардың аты аталады. Ол 1822 жылында М.Хайдардың қолжазбасымен танысқан, егер оны пайдаланған болса, «Тарих-и Рашиди» қолжазбасын пайдаланған алғашқы ағылшын болып есептеледі.

Ағылшын тілінде толықтай тұңғыш рет 1895 жылы жарық көрді. Бұл аударманы Британия мұражайындағы үш қолжазба нұсқасы, Кембриж университетінің қорындағы бір қолжазба нұсқасы сондай-ақ түркі тіліндегі екі аударма нұсқалары пайдаланылды. Оны Едвард Денисон Росс (Eduard Denison Ross) тәржімалап, Иранның Хорасан және Систан аймақтарында бас консуль болған Н.Елиас (N.Elias) көлемді алғы сөз, һашийе (кітаптың жиегіне түсініктеме жазу) әрі қосымшалар жазып ғылыми һәм танымдық құнын арттыра түсті. Сонымен қатар Түркістан, Тибет, Кашмир территорияларының картасын дайындап кітапқа енгізіп, еңбектің тарихи бағасын жоғары деңгейге көтерді. Бұл еңбек кейін 1988 жылы қайта басылды. 1991 жылында тағы да Деһли қаласында баспадан шықты. Бұл басылымында аталған карта алынып тасталған делінеді.

Біздің қолда бар мәліметтерге қарағанда ағылшын тіліне толықтай екінші рет W.M. Thacrston тәржімалады. Бұл аударма Британия мен Ресей (Санкт-Петербург) қолжазба нұсқалары негізінде жасалды. Сөйтіп 1996 жылы Harvard университеті атынан жарық көрді.

Француздар да XIX ғасырдың орта шеңінде «Тарих-и Рашидиді» тарихи дерек ретінде пайдалана бастаған сияқты. Бұл жөнінде нақты біз білетін мәлімет бойынша Рене Гроссе «Көшпенді империясы – Аттила, Шыңғыс хан, Әмір Темір» (Lempire des steppes – Attila, Gengis-khan, Tamerlan. Par: Rene Grousset) атты зерттеу еңбегінде Мырза Хайдар жазбаларын жоғары бағалай отырып, тиісті тарихи кезеңдерге қатысты молынан пайдаланды.

Орыс ғалымы В.В.Вельяминов-Зернов (1830-1904) «Тарих-и Рашидиді» жазба дерек ретінде қазақтар туралы зерттеулерінде кеңінен пайдаланды. Неміс текті Ресей ғалымы В.В.Бартольд (1869-1931) «Орта Азия түріктерінің

тарихы» атты зерттеуінде «Тарих-и Рашидиді» пайдаланған. Тағы да басқа орыс ғалымдары Мырза Хайдар еңбегін пайдаланған сияқты. Бірақ оны толықтай орыс тіліне аудармай келді. «Тарих-и Рашидидің» орыс тіліне аударылуы тарих керуенінен кешігіп келсе де, орыс тіліне аударылуының сәті Кеңес Одағының құлап тынған XX ғасырдың соңғы жылдарына сай келді. Орталық Азия республикалары тәуелсіздіктерін тойлап жатқан кезде Мәскеу дайындаған орыс тілді және орыс тілі мен мәдениетіне қызмет жасаушы зиялылар «Тарих-и Рашиди» кітабын орыс тіліне аударылып, жариялануына қомақты үлес қосты. Осылайша «Тарих-и Рашиди» өзбек ғалымдары А. Орынбаев, Р. П. Джалилова, Л. М. Епифанова тарапынан орыс тіліне тәржімаланды. Ол кітап 1996 жылы Ташкенттегі «Фан» баспасынан шықты. Қазақ белсенділері де дәл сол аударманы тағы орыс тілінде 1999 жылында Алматы, «Санат» баспасынан шығарып, өздеріне тиісті қызметті атқара білді.

Мырза Хайдардың ғашық жүрегінің қуатымен кіжіну зіліне шыдас беріп «Тарих-и Рашиди» қолжазбасын парсы тілінен қазақ тіліне сөйлеттік. Аударма 2003 жылы Алматы «Тұран» баспасынан жарық көрді. Сондай-ақ осы жолдардың авторы «Тарих-и Рашидидің» парсы тілінен тікелей қазақ тіліне аударуымен қатар тұңғыш рет Мырза Хайдардың еңбегін «ғұмырнамалық әдеби шығарма» екендігін анықтап, профессорлар: Әбсаттар Дербісәлі, Мекемтас Мырзахметұлының ғылыми кеңесшіліктерімен 2007 жылы Әдебиет және Өнер институтының ғылыми кеңесінде сәтті қорғап шықты. Аталған докторлық диссертация сол жылы «Мұхаммед Хайдар Дулат – тарихшы, қаламгер» деген атпен Алматы, «Зерде» баспасынан оқырман қауыммен қауышты.

Едвард Денисон Росстың (Eduard Denison Ross) ағылшын тіліндегі аудармасын Осман Қаратай түрік тіліне тәржімалады. Ол аударма 2006 жылы Истамбулда «Selenge» баспасынан көпшілік оқырманға жол тартты.

Өзбек тілінде «Мұхаммед Хайдар Мырза – Тарих-и Ра-

шиди» деген атпен Ваһаб Раһманов пен Янглиш Эгамова аудармасы арқылы Ташкенттегі «Шарқ» баспасынан 2010 жылы жарық көрді.

Түркі тіліндегі аудармасы «Мырза Мұхаммед Айдар Аязи – Тарих-и Рашиди» деген атпен Аманбек Үсейінбекұлы Жалиловтың алғы сөзі, талдау мен түсінігі бойынша баспаға дайындаған нұсқасы Ташкент «Өзбекстан» баспасынан 2011 жылы жарыққа шықты. Түркі тіліне Хаже Мұхаммед Шәріп 1837-1838 жылдары парсы тілінен аударған.

Ұйғыр тілінде Мұхаммедтұрды Мырза Ахмет баспаға дайындаған нұсқасы «Мырза Мұхаммед Айдар Көреген – Тарих-и Рашиди» атымен 2011 жылы Үрімжі «Шынжаң халық» баспасынан жарық көрді. «Тарих-и Рашидидің» бұл басылымына Молла Мұхаммеднияз Бенни Әбділғәфурдың түркі тіліне аударған нұсқасы негізге алынған. Оның қолжазба нұсқасы Санкт-Петербург қолжазба қорында № С.0759 нөмірмен сақтаулы тұр.

Ескерту: кеңес дәуірінде қазақ тарихы мен әдебиетін зерттеуде қазақ ғалымдары орыс ғалымдарының зерттеулеріне сүйене отырып жұмыс жасауға саяси тәуелділіктің кесірінен мәжбүр болды. Өйткені түрлі отарлық пиғылдың салдарынан қитұрқы саясаттың бұғауында қазақ ғалымдары түркі, парсы, араб, қытай тағы басқа тілдерді үйреніп, қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты жазба деректерді тікелей зерттеп, зерделеуге мүмкіндік ала алмады. Сондықтан шығыстану саласы кенжелеп қала берді. Сөйтіп, қазақ ғалымдары орыс тіліндегі азды-көп мәліметті меже тұтып туған елінің тарихи ақиқатына қол жеткізуге елеулі еңбек етті. Дегенмен тарихи тұлғалар, жер-су аттарын жазуда орыс немесе өзбек жазуындағы траскрипцияға жүгінді. Сол үшін «Айдар» есімі орыс траскрипциясымен «Хайдар» жазылды. Араб бен парсы тілін білмегендіктен «дұғлат-дулат» түркі хәм қазақ тайпасының аты жаңсақ түрде «дулати», – деп жазылып келді. Өйткені «и» парсы жұрнағы «лық, тық...» міндетін атқарады. Сондықтан «дулати», – деп жазсақ «дулаттық» деген мағынаны білдіреді. Бұл қазақ тілінің граматикасы-

на сәйкес емес. Ал Тараз мекен есімі болғандықтан «та-рази» яғни «тараздық» мағнасымен тілдік ережемізге оғаш келмейді. Дөкейлер егіске салып шындық ауылынан қашқақтап «дулати» деген жалған лақап есімді айту мен жазудан жалығар емес. «Дулати» әлемнің тарихи деректер мен зерттеулерінде де жазылған емес.

- 1) Әуелі мадақ – Жаратушыға, естіндер!
Өз ісін одан жасыра алмас ешкім де!
- 2) Жасыра алмас ақылы қанша асса да,
Бар сырын бұғып, көкірегіне басса да,
(қайсы бір жанның ақылы оған жетсе де,
Кімде-кім оны ел-жұртқа жұмбақ етсе де,)
- 3) Тәңір алдында пенденің бәрі тең болар,
Болса да мекен қара түнек пен кең дала.
- 4) Нендей бір болмыс жаһанда жатса жаралып,
Құдіреті Хақтың байқалар одан ап-анық.
- 5) Әлемнің әрбір жансызы менен жандысы,
Әуеде ұшқан, қырында жортқан аң-құсы,
- 6) Қанатын қағар құдіретімен Алланың,
Жосылар, шабар құдіретімен Алланың.
- 7) Тікенек, шалғын, дарақтар менен сән гүлдер,
Гүлденер тек бір Алланың ғана әмірімен.
- 8) Көк шығып жерге, айналаң тегіс жайқалар,
Сейіліп қайғың, жаның да бір сәт жай табар.
(Көңіл де шірікін, қайғыдан бір сәт жай табар)
- 9) Тірлікте әрбір нәрсенің бар ғой кемелі,
Кемелін тауып бәрі де қайта өледі.

- 10) Көктем де, күз де кемел бір шаққа жетеді,
Кемелден тауып зауалын, қайта өшеді.
 - 11) Жаралған әрбір болмыстың хикмет мәні бар,
Хикметтен барлық Хақ құдіреті танылар.
(Нендей бір хикмет еткісі келсе де құдіреті оның танылар.)
 - 12) Бұл хикмет хәлді басынан кешер адам да,
Жетеді бірде кемелге, бірде зауалға.
 - 13) Ғанибет болар жетпесе егер зауалға,
Толатын еді бұл жаһан сансыз адамға.
 - 14) Ей, досым, опа таппассың мынау жалғанда,
Бар болса оның мейірімі кәне, алданба!
- Әзіреті пайғамбар салалла Аллаһу алайһи-с-саламды суреттеу және сайланған төрт серігінің сипаты.***
- 15) Мұстафа Хазрет – құдайдың құлы бір туар,
Ол көсем еді жаһанның күллі жұртына.
 - 16) Ол көсем сайлап мұсылмандардан бір жанды,
Сыддық Әбу Бәкір оның сұхбаттасы болғанды.
 - 17) Сыйлаған соң исламға Хақ жеңісін ерекше,
Бақыт тауып Омар дағы болған еді себепкер.
 - 18) Және ибн Аффан сынды ар-ұяттың қайнары,
Ашылған гүлзар бағындай пәк жүзі оның жайнады.
 - 19) Және Хайдар – иесі Зұлфақардай семсердің,
Пәруәрдігер ол жанды арыстаным деуші еді.
 - 20) Олар да опа таба алмай кетті жаһаннан,

Мендей бір байқұс сорлыда нең бар, о, жалған!

- 21) Ақсүйек, шаһ, дәруіш те, қараша да қаңғырған,
Ешқашанда құтылмаған жазмышынан, тағдырдан.
- 22) Жаралғалы аппақ әлем, айналасы жаһанның
Құртпақ болған не бір асыл әулеттерді, қаһарлы.
- 23) Қай жамағат шаттық көрді, қайыр тапты жалғаннан,
Бір-біріне бір хайыр іс етгірмеген, алданған.
- 24) Енді ғана ыстық отан еткен кезде бір жерді,
Міскін адам онда мәңгі жайлы өмір сүрмеді.
- 25) Бұл бір ғажап ғапылдық қой адамзатқа,
Мейірін төгер ол мехнатты бір абатқа.
- 26) Сәт сайын, тағдырды көреді ол көз алды,
Достарын әкетіп жатқан сұм ажалды.
- 27) Қайда олар, қай жаққа аттанды достары?...
Оларды көрсе де жемейді өз қамын.
- 28) Осылай күн де өтер, түн де өтер әманда,
Есен бе жамағат, бәрі де аман ба?
- 29) Ертең-ақ көрерсің қалың көп ішінен
Орны бос қалғанын тағы бір кісінің.
- 30) Бәрінде бастан кешкемін, күмән болмасын,
Таң рауан атқанша мән-жайды ұғарсың...
(Егер бұл басыңнан өтпеген болса еш,
Ұғарсың мән-жайды, таң көрмей осы кеш.)

Бұл қам көңілдің өзінің басынан өткен жайт. Әзіреті ханның қызметіне лайықты болып, бұл «Жаһаннамені»

айтқанымның себебі.

- 31) Бұл жуырда болған жай, кел жақын, ей, жігіт,
Мүбәрәк жаныңда болса егер бір күдік.
- 32) Сол жайлы хикаят, тағылым айтайын,
Опасыз тағдырға шағымымды айтайын.
- 33) Баян етейін басымнан өткен бір жайды,
Көңіліме содан орнаған еді мұң қайғы.
- 34) Ойлы көзіңмен алатын болсаң назарға,
Өтуде өмір, бейхабар жүрміз одан да.
(Ойлы көзбенен қарашы осы шағыңа,
Өту де өмір, бейхабар жүрміз тағыда.)
- 35) Хабарың болсын бұл жайдан, тыңда сабырмен,
Ол уақыттарда жас жігіт едім, жалынды ем.
(Мұқиат тыңда, бұл жайдан болсын хабарың,
Ол уақыттарда жас жігіт едім саналы.)
- 36) Бір уәләятта неше жыл тұрғын болған ем,
Ол маған ыстық отандай еді, тоңбап ем.
- 37) Ерекше жолдас-жарандарменен дос едім,
Ағайын-туыс, бауырлармен де кешегі.
- 38) Жақсы шаңырақ, рахат бір өмір кешеді,
Тоқ көңіл ойын күлкіге еріп, ілеседі.
- 39) Сейілдеп сұлу даланы көктем-күзде де,
Қай жерден болсын жас көңіл сауық іздеген.
- 40) Отырып бір сәт, қыдырып кейде жаяулап,
Қырларда кезіп, шалғында әсем аялдап,

- 41) Мәжіліс құрып қалаған жерде жас көңіл,
Шарап ішпекке жиылушы еді жас небір.
- 42) Бір болған шақта көңілді еді әрқашан,
Шаттыққа толы дос-жарандардың ортасы.
- 43) Жиылып бақта келсе де салқын кәрі күз,
Алаңсыз ойнап-күлуші едік бәріміз.
- 44) Аяққа түсіп жапырағы әрбір сол күздің,
Думанның шағы деуші едік біздер ол кезді.
- 45) Достармен болу бір ғанибет қой, мұны біл.
Бірақта оған таптырмас уақыт бұл өмір.
- 46) Тәкаппар мінез жас жігіт едік ол шақта,
Сүруші ек дәурен уайым мен мұңнан алшақта.
- 47) Ойланбаушы едік – ғаламның сыры неде? – деп,
Зырлайды уақыт, қинайды тағдыр неге? – деп.
- 48) Неше жыл бойы бөленіп нұрлы шапаққа,
Өткіздік өмір қайғысыз, қамсыз, рахатта.
- 49) Ақыры тағдыр бұйырып басқа жалғыздық,
Бір жүрген едік, сан тарау жолға салғызды.
- 50) Әрқайсымызға жан қайғы, күйік-мұң салып,
Айрылысудың қасіретімен құрсандық.
- 51) Мұң менен жат жұрт опат қып көбін жалғаннан,
Қасірет шегіп сарқылды түгел арманда.
- 52) Дос-жарандардан ажырап жалғыз тұл қалдым.
Баянды етсін ғұмырын Алла бұл ханның.

- 53) Жаһанда мынау теңдессіз асыл жан еді,
Бабаларынан әулетті, текті хан еді.
(Атадан текті мұрасын жалғар хан еді)
- 54) Қызметінде болдым сенімді ескі бір құлы,
Гүл қандай болса, дәл сондай болар бұлбұлы...
- 55) Өлтіріп ханын, Әндіжанды алып еңселі,
Жаһанға күллі иелік етсем деуші еді.
- 56) Бар еді бірақ Қашғар жақтарда бұрында
Әржақтан келіп жиылған өңкей зұлымдар.
- 57) Түндерде елді тонауды ғана білетін,
Кенттерді кезіп, иттерше ұлып жүретін.
- 58) Мұсылмандарды зәбірлеп, тонап, мал талап,
Өлтіріп тіпті, кететін мүлкін арқалап.
- 59) Кісіні көрсе зымырап қашып, таятын,
Бастарын алып, қалдырады екен аяғын.
(Кісіні көрсе қашады, қулау жүздері,
Бас ала қашып, суытады екен іздерін.)
- 60) Қашғарда ол кез Әбу Бәкір ер хан еді,
Ұлы Рүстемнен еш кемі оның жоқ еді.
- 61) Ал оның барша қол астындағы ел мен жер,
Тұтқында болып азапқа түсті сергелдең.
- 62) Құл болды халық, зынданда өлді қорланып,
Ал қалғандары жер қазып жүрді зорланып.
- 63) Кейбіреуінің аяғын кесті, зарлады,
Аяусыз және кестірді аяқ қолдарын.

- 64) Кейбірін тіпті езгілеп ұстап, әтектеп¹,
Онымен қоймай мал-мүлкін талап әкеткен.
- 65) Мұсылман жұрты тап болды азап-сорына,
Қиянат шегіп залым патшаның қолынан.
- 66) Осының бәрі патшаны іске жұмылтқан,
Қосылып оған кішік те, түгел ұлық та.
- 67) Жасанып Қашғар патшалығына аттанды,
Хайбардай ол жұрт бейхабар мүлдем жатқан-ды.
- 68) Хабардар болды, келерін білді залымның,
Қалың қол еніп, ақыры қамал алынды.
- 69) Әлемнің ханы алған соң оның қаласын,
Шаһарын тастап, Тибетке қашты ол шарасыз.
- 70) Соңына түскен әскер ақыры жеткен-ді,
Басын алып қашқынның, мерт еткен-ді.
- 71) Қашқардай және Қотанды ол хан алды да,
Әділетпенен отырды өзі тағына.
- 72) Нығайды ұлыс осы хан билік құрғанда,
Тұтқында болған кісі қалмады зынданда.
- 73) Мүліксіз, малсыз дәулетті адам болмайды,
Қазынасы да байлыққа ешбір толмайды.
(Мал-мүлкі тасып, дәулеті оның болмады,
Қазынасы да байлыққа ешбір толмады)
- 74) Ерте-кеш мен де құзырында болдым бұл ханның,
Қызметін қылдым салып бар жігер-ынтамды.
- 75) Ниетпен ізгі болған соң ырыс, бақ-құтты,

- Болғандай едім Аязы сынды Махмұдтың.
- 76) Ілтифаты оның шадыман етті көңілді,
Сәт сайын одан басыма мадақ төгілді.
- 77) Ұмытып шердің барлығын, тағдыртарлығын,
Шаттыққа толы шырын кесесін нәр қылып,
- 78) Жүруші едім тыныш күн кешіп көңілді,
Құтылғандайын қиындығынан өмірдің.
- 79) Мынадай бір уақиға болдысол күнде,
Бір кісі келіп Бадахшан жақтан желпінген
- 80) Хабарын айтты: «Бетімен кетті бұл ұлыс,
Бұзықтықтың да шегіне жетті бұл ұлыс.
- 81) Ол елді мықтап қолына алмаса хан барып,
Пақыр мен ғаріп тұрғандай тұтқын болғалы.
- 82) Ол уәләятты алардай өзбек басынған,
Ел біліп соны, жіберді мені осында.
- 83) Бұл ханнан басқа ешкімде үміт қалмады,
Күніміз сөніп, қараңғы қапас орнады.
- 84) Бұл хабарды хан есітіп бірден аттанды,
Бұйырды құлға – жөнел!- деп, салып «аттанды».
- 85) Сен бұрын бар, хабар алсын ел тегіс,
Жырақ жатқан бұл елге тез жетеміз.
- 86) Аттанып кеттім әміріменен Алланың,
Сапарға шықтам пәрменіменен патшаның.
- 87) Бұл байқұс жетім осыдан жиырма жыл бұрын,

Болыпты онда, сүріпті онда бір ғұмыр.

- 88) Осындай жайды салған ем ойдың көшіне,
Өткен істерді түсіргім келіп есіме.
- 89) Қинады тағдыр, жолға да салды қаншама,
Осы ғой оның істейтін ісі баршаға.
- 90) Әр ісіменен әркімге жапа шектіріп,
Жапасыменен көрсетіп талай тепкіні.
- 91) Сонау бір шақта, дос жарандардың қасында,
Жүргенмін біраз себептерменен осындай.
- 92) Көп жүріп сол кезде таныдым бәрін де,
Бәрі де көзіме аян боп көрінген.
- 93) Сол бір бақ әдемі, дала да, үйлер де,
Тұр әлі өзгермей, мызғымас күйге енген.
- 94) Сол жамағатпен бірге болдым мен неше күн,
Шын жүрегіммен досы едім сол бір мекеннің.
- 95) Бірінің ізін таба алмай сол сәт сасқанмын,
Көздерім сөніп, жаһанды түнек басқан-ды.
- 96) Құлазып көңілім, зарлы оймен көзді бұладым,
Қайғырып қатты, егіліп ұзақ жыладым.
- 97) Бәрі де ұмыт, **айырылысудың*** оты өшкендей,
Бойыма келіп тұтасты бәрі дес бермей.
- 98) Жүзімде қайғы, дерттеніп дертті мұңменен,
Қайғымен болды бар ісім күндіз-түнде де.
- 99) Қаншама күндер осындай халден өрттеніп,

Күйзеліп жаным қайғыны шекті мерттеніп.

- 100) Езілген мұңдар көңілден кетпей күндіз де,
Бермейді маза түнде де көзді ілгізбей.
- 101) Осылай күйіп, өртеніп әр түн жатамын,
Ферагтың* ыстық отына әр түн батамын.
- 102) Таңды ұрып таңға, жұмылмай бір сәт көздерім,
Жатқандай бірге қасымда сол бір кездерім.
- 103) Бар еді бір жан күйімді осы білетін,
Жолдасым еді, қасымда бірге жүретін.
- 104) Оған да бұл түн ұйқысыз күйлер жеткен-ді,
Маған да ұйқы қашқанын мағлұм еткен-ді.
- 105) Жатыпты бейқам, сол сәтте оны білдім де,
Дедім мен оған: - Басыпты ұйқы сені де.
- 106) Ал маған бұл түн келмеді ұйқы, сезбедім,
Ұйқы жоқ мүлде, ұйықтаған тек сол көздерім.
- 107) Дүние шіркін дөңгелетті де бастарын,
Кетті ғой бәрі, ал мені мұнда тастады.
- 108) Ажырап мүлде олардан, зарлап аңсадым,
Отырмын ояу, болса да уақыт таңсәрі.
- 109) Әбіржіп біттім мұңменен ойдан езілген,
Мазам да қашты, ұйқы да ұшты көзімнен.
- 110) Опасыз мынау жалғанға еріп сеніммен,
Үміттенуге болмайды екен өмірден.

Сұрақтар:

1. Махмұт Кашғари өмірі мен шығармашылығы жайында жазыңыз?
2. Жүсіп Баласағұн өмірі мен шығармашылығы жайында жазыңыз?
3. Қожа Аһмет Иасауи өмірі мен шығармашылығы жайында жазыңыз?
4. Атаи – исламдық ортағасырлар әдебиеті
5. Сүлейман Бақырхани- исламдық ортағасырлар әдебиеті
6. Жүніс Әмре өмірі мен шығармашылығы жайында жазыңыз?
7. Әлішер Науаи- өмірі мен шығармашылығы жайында жазыңыз?
8. Зәһиреддин мұхаммед Бабыр – өмірі мен шығармашылығы жайында жазыңыз?
9. Мырза Хайдар дұғлат – өмірі мен шығармашылығы жайында жазыңыз?

Білімгерлер ой қорыту және талдау қабілетін сынау үшін берілген сұрақтар:

1. Түрік халықтарының ортағасырлық әдебиеті туралы не ойлайсыз?
2. Исламдық әдебиетіндегі төрт мадақ түрінің мақсаты, мән-маңызын баяндап беріңіз?
3. Түрік халықтарының ортағасырлар әдебиетіне Ислам дінінің әсері қай деңгейде болды?

Мұрын жырау

(Қырымның қырық батыры) жыры

Мұрын жырау Сеңгірбекұлының шығармашылығын зерттеудің басы 1942 жылдың 12-ші қаңтары күні Ғылым Академиясының басшысы, ғұлама ғалым Қ.И.Сәтбаевпен белгілі филолог ғалым, тілші Н.Т.Сауранбаевтың

Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы, ғалым Н.Д.Оңдасыновқа жазған мәлімдеме хатынан басталады.

Мұрын – Маңғыстау өлкесі, Бозашы түбегінде 1859 жылы өмірге келген. Жыраудың кіндік қаны тамған жер – Иткелді суы. «Мекенімді сұрасаң, Бозашы деген түбекте, Иткелді судың басы еді» деп басталатын жыраудың Нұрыммен кездесудегі толғау жыры бұған куә. Кейде Қоңырорпада туған деген нұсқасы да кездеседі. Байырғы тұрғындардың бекіте түсуіне қарағанда, «Иткелді» атауы бертінде «Қоңырорпаға» айналған. Бүгінгі ұрпақ Қоңырорпаға тоқтауда.

Мұрынның әкесі Сеңгірбек, атасы Айғыр, тетелес ағасы Төлеген өз өмірлерін ұсталыққа, зергерлік кәсіпке арнаған. Туған әкесі Сеңгірбек Мұрынды жас кезінен қасында ұстап, ұсталық, зергерлік өнерге баулиды. Бірақ, Мұрын бала кезінен сөз, ән-күй өнеріне қатты құмар еді. Оның бұл қасиетін елден бұрын байқаған анасы Қалдықөз (Қалдықыз) еді. Тек байқап қоймай, баласының халық қазынасы: өлең-жырларға, ән-күйге, аңыз-ертегілерге қаныға түсуіне игі ықпал етеді және анасы да бұларды көп білетін, ырғақ-сазымен айтып отыратын. Сөйтіп, болашақ ұлы жырауға оларды үйретуден жалықпайтын. Ұлын жеті-сегіз жасынан жиын-тойларға ертіп барып жүретін. Осылардың арқасында бала Мұрын сөз өнеріне біржола беріле бастайды. Шешесі Төлегеннен соң көпке дейін балалы болмай, он жылдан кейін көрген ұлының атын Тілеген деп қойған. Мұрын жыраудың 10 жас үлкен ағасы Төлеген дәулескер домбырашы болған. Атақты Айжан қызбен домбыра тартысқан. Құрманғазымен кездескен, артына «Айжан қыз», «Шашбауақпай» атты тамаша күйлерін қалдырған Айжан ауылының қонысы – Жем бойы. 1868 жылдан бастап патшаның отарлау саясатына қарсы шығып көтерілген бұл ел 1875 жылы Тәжікстанға қоныс аударады. Солардың ішінде Айжан қыз, Қалнияз ақынның ауылы да кетеді. Бір жағынан, жауынгер сарбаз, патшаның Дәукескен қамалын алуда көзге түскен ер, екінші жағынан, Махамбет сияқты жорық ақыны әрі сазгер Қалнияз Шопықұлының елін, жерін сағынған өлеңдері бізге

кейінірек баласы Қортан жырау арқылы жетті. Қалнияздың «Жорық күйі» дейтін күйі мен Айжан қыздың «Шашбауқақпай» күйін 1986 жылы Қабиболла Сыдиықов Тәжікстан қазақтарына барған іссапарынан жазып алып келді. Айжан өте сұлу, кербез адам болыпты. Қыз күнінде киген сәукелесін келін болып түскен соң да тастамаған. Домбыраны көбіне таң құлан иектеніп атқан кезден бастап тартады екен. Онысын бұл уақыттағы саз тұнық шығады, әуені алысқа кетеді деп түсіндіреді. Төлеген солай Айжанмен бір жұма домбыра тартыстық, саусақ біткенде мұндай береннің енді болуы екіталай деумен өткен.

Мұрын 16 жасында Дәметкен деген қызға үйленеді. Араға жыл айнала бергенде әкесі Сеңгірбек қайтыс болады. Енді отбасының күнкөрісі Мұрынға түседі. Бірақ, Мұрындай жас жігіттің сөз өнеріне аңсары ауа береді, үй іші және шаруашылық қызмет-тіршілігіне «қолы тимейтін» болады. Өңі тұрмақ, түсінде де домбыра шертіп, жыр жырлап шығатын болған. Қабиболла Сыдиықов жазып кеткендей, өлең-жырсыз отыра алмайтын күйге жетеді. Тек анасы емес, әкесі Сеңгірбектің де ескілікті жыр-әңгімелерге үйірсектігі ұлының бойында өшпес із қалдырғаны жайлы біраз деректер келтіріліп жүр.

Патша өкіметінің отарлаушылық саясатына негізделген іс-әрекетіне көнбеген Маңғыстау халқы 1870-1873 жылдары көтеріліс жасағаны белгілі. Көтерілісті патша өкіметі күштеп басады. Көтерілісшілерге қару жасаумен шұғылданған, керек десеңіз найза, қылыш, мылтық жасауға дейін барған шеберге отарлаушылардың қандай көзқараста болары айтпаса да түсінікті. Түбектің бірқатар ауылдары Хиуа хандығы аумағына, өзбек, түркімен, қарақалпақ аумақтарына қоныс аударады. Күйзеліске ұшыраудың салдары осы болатын. Қарақалпақ жеріне әкесі Сеңгірбектің отбасы да ауған. Халық дүрбелеңге шыққан 1870 жылы бала Мұрын, болашақ ұлы жырау 11 жаста екен. Араға он жыл салып, 1880 жылы Бозашы түбегіне, туған жеріне оралады. 1897-1899 жылдары, қайтадан қарақалпақ жеріне көшіп барып, Хожеліде тұрады.

Хожеліде өткізген екі жыл ішінде екі ұлы қайтыс болады. Оның алдында Дәметкеннен көрген алты баласының үшеуі дүние салған-ды. Сөз жоқ, мұның бәрі өте ауыр қайғы. Рухы биік Мұрын жыраудың өзі қайғы-күйіктен шөккендей күйге түседі. Ел алдында жыр айтуға зауқы соқпай қояды да, туған жері Маңғыстауға қайта көшеді. Бұл жолғы қонысы Форт-Шевченко қаласы болып еді. Қала іргесінен тау-тастан үш бөлмелі үй және ұста дүкенін тұрғызып алады. 1907 жылы зайыбы Дәметкен дүние салып, жалғыз қызы Тұрлан екеуі ғана қалады. Одан кейін алған әйелі Жанша (Жансалқам) 1940 жылы дүние салады. Сосын, жалғыз қызы Тұрлан мен күйеу баласы Дүйсенбайдың қолында болады. Бұлар Форт-Шевченкодан 16 шақырымдай Асан дейтін жерді мекендеген. Теңіз беттегі аласа үй еді. Бұл үй Киров көшесінің 20-шы үйі аталынды. Даңқты жыраудың жарты ғасыр өмірі осында өткен деседі жергілікті өлкетанушылар. Мұрынның өз сөзімен айтқанда, «Осы кезден бастап, жыр, әңгімені тек әдейі шақырған жерде, әдейі жиналған құралдарда айтатын болдым».

Бір ескере кетер жай мынау: академияға Мұрынның өзі 1942 жылы Н.Ұйықбаев арқылы жолдаған өмірбаянында 1859 жылы, ал 1949 жылы жіберген материалдарында 1860 жылы 15 қаңтарда тудым деген дерек бар. Жыраудың бейіті басындағы құлпытаста Мұрын Сеңгірбекұлы 1860 жылы туып, 1954 жылы тамызда дүние салғаны көрсетілген.

КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалы төрағасының орынбасары Қ.Сәтбаев пен Қазақ филиалы Тіл, әдебиет және тарих институтының директоры Н.Сауранбаев Қазақ КСР Халық комиссарлары советінің Төрағасы Н.Оңдасыновтың атына 1942 жылдың 12 қаңтарында хат жазып, онда Мұрын жырау Сеңгірбековтің жырларын стенографияға түсіріп алуды өтінген. «1939 жылғы диалектологиялық экспедицияның есебі бойынша СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалына «Қырымның қырық батырын» айтатын көнекөз жыраудың есімі мағлұм болған еді. Бірақ, осы уақытқа дейін белгісіз себептермен, филиал тарапынан бұл жырларды жа-

зып алу мақсатында ешқандай шара қолданылған емес», деп басталады хат. Одан әрі былайша жалғасады:

«1941 жылдың ноябрінің басында Қазақстан Комунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары Бұзырбаев жолдастың мақұлдауымен СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы Қазақстанды зерттейтін қоғаммен бірлесе отырып, қазақ әдебиетінің тәжірибелі жинақтаушысы А.Хангелдин жолдасты Маңғыстауға жіберген болатын. Ондағы мақсат – аталған фактінің ақиқаттығына көз жеткізіп, мүмкін болған жағдайда жергілікті жердің өзінде-ақ сол жырларды толықтай жазып алу шараларын ұйымдастыру еді. Хангелдин жолдас Форт-Шевченко қаласында бір жарым ай болып, Алматыға оралғанда аталған жырау жайлы және оның жырлары хақында барынша толық мағлұматтар алып қайтты.

Ұзақ жылдар бойы ол осы жырды айта жүріп, бұрынғы Бұхара, Хиуа әмірлерінің қол астындағы Амудария мен Сырдарияның аралығын қоныс еткен елдерді, Каспий мен Қара теңіздің оңтүстік жағалауын мекендеген халықтарды аралап шығады. Өзін осы елдердің арасына танымал еткен ол есейе келе қазірге дейін жұрт ілтипатпен атайтын Мұрын жырау деген құрметті атаққа ие болады. Әйтсе де, қарғая келе Мұрын жырау бұрынғы даңқынан айырыла бастайды. Ол қазіргі соңғы буын өкілдерінің арасында тіптен белгісіз. «Қырымның қырық батыры» жайлы жырдың дүниеге келуі турасында Мұрын жырау қария мынандай жайды мәлімдейді: бұл жырлардың бірінші шығарушысы – осыдан шамамен 500 жылдай бұрын өмір сүрген Сыпыра жырау. Сыпыра жырау өзінің бұл туындысын жаңа ұрпақ өкілі Абыл жырауға аманат еткен. Абыл жырау болса өзінен кейінгі Нұрым жырауға, ал ол – төртінші буынның өкілі Мұрын жырауға аманат етіп қалдырған. Одан аталған жырларды үйреніп қалған бесінші буыннан әзірге ешкім де жоқ. Көзімен көргендердің (Хангелдин, Жақыпбаев жолдастардың) айтуынша, «Қырымның қырық батыры» ерекше құнды, көлемді мәдени мұра. Бұл тұрғыда мына жайлар осыған дәлел бола

алады:

«Қырымның қырық батыры» туралы жыр қырық тараудан тұрады, оның әрқайсысы жеке-жеке батырларға арналған. Сонымен бірге бір батыр екінші батырдың ұрпағы болып жырланады. Сондықтан қырық батыр жайлы жырлардың жиынтығы – тегі мен композициялық құрылымы жағынан өзара тығыз байланысты. «Қырымның қырық батыры» туралы жыр деп аталатын жырлар жиынтығы өзінің құрылысы жағынан қырғыздың белгілі «Манасын» еске түсіретін, бірақ көлемі бойынша одан еке есе үлкен, қалыпқа түскен тұтас бір мәдени дүние... Аталған мұра көлемі жағынан Шығыстың ұлы туындысы – «Мың бір түннің» өзін кейінге қалдырады. Бұл жырлардың мазмұны, сюжеті мен композициясы ерекше назар аударуға лайық. Шет жерлік басқыншылардың шабуылынан елін қорғаған батырлар ерлігі әр жырда да жырланады. Батыр мұнда халқының қорғаны, жат жұрт езгісінен азат етуші қаһарманы ретінде көрсетіледі. Ержүректілік, әділдік, ақылдылық, туған халқына деген махаббат секілді қасиеттер оларға тән болып келеді...

...Жырда мына батырлар негізгі қаһармандар ретінде көрінеді:

I

1. Ала тайлы Аңшыбай батыр
2. Оның ұлы Баба түкті Шашты Әзиз бен Ер Көкше және Ер Қосай.
3. Парпария батыр
4. Оның ұлы Құттықия батыр

II

5. Оның ұлы Едіге батыр
6. Оның ұлы Нұрадын батыр
7. Оның ұлы Мұса батыр
8. Оның ұлы Матай батыр
9. Оның ұлы Орақ батыр
10. Орақ батырдың ұлы Қарасай
11. Оның ұлы Қазі батыр

12. Оның ұлы Қарадөң батыр
13. Оның ұлы Жұбаныш батыр
14. Оның ұлы Сүйініш батыр
15. Оның ұлы Ертегіс батыр

III

6. Оның ұлы Ер Көгіс батыр
17. Оның ұлы Тама батыр
18. Оның ұлы Тана батыр
19. Оның ұлы Нәрік батыр
20. Оның ұлы Шора батыр
21. Ақжонас батыр

IV

22. Оның ұлы Кеңес батыр
23. Оның ұлы Жанбай батыр
24. Жаңбыршы батыр

V

25. Оның ұлы Телағыс батыр

VI

26. Шынтас батыр
27. Оның ұлы Төрехан батыр
28. Қарғабойлы батыр
29. Бозтуған батыр
30. Оның ұлы Манаш батыр
31. Оның ұлы Тұяқбай батыр
32. Айса батыр
33. Оның ұлы Ахмет батыр
34. Алау батыр
35. Тоған батыр
36. Темір хан батыр
37. Әділ батыр
38. Сұлтан керім батыр
39. Оның ұлы Шырман батыр

40. Қобыланды батыр.

Ұлы жырау XIX ғасыр белесінде Маңғыстау өлкесі, Орта Азия, Қазақстан аумақтарын қамтыған қоғамдық өмірдің күнгейі мен беткейі жыраудың жан-жүрегінен, ақыл-ойынан өтіп, қорытынды жасалған. Міне, осындай дүниежүзілік тарихи орта Мұрын жыраудың да азамат, ақын, күрескер ретінде қалыптасу ортасы болған. Бірақ, жырау естіп білгендерін бір құлағына кіргізіп, екінші құлағынан шығарып салушы жай ғана көптің бірі емес. Ол бұларды ақыл елегінен өткізіп, ақылына ақыл қосуға ұмтылған жырау.

«Қырымның қырық батыры» туралы эпопеялық туындысы Мұрынның бүкіл өмірі бойы төккен терінің, үздіксіз творчестволық ізденісінің жемісі. Ғасырлар бойы қырық бір батыр туралы жыр ел аузында шашыраңқы күйде айтылып келсе, аса дарынды тұлға болмаса, қырық бір жыр поэмалардың бәрін біртұтас эпопеялық шығарма деңгейіне жеткізу мүмкін емес еді. Міне, осындай аса күрделі де жауапты міндетті орындау Мұрын Сеңгірбекұлының үлесіне тиді.

«Қырымның қырық батыры» атадан-балаға ұласып келе жатқаны белгілі және өте көлемді жырлар топтамасының негізін салған Сыпыра жырау болғаны айтылады. Бұл пікірлер негізсіз емес. Қыпшақ елінде XIV ғасырда болған араб саяхатшысы Ибн Батута қалдырған жазбалардың бірінде Жайық бойындағы Сарайшық қаласында қарт жырау тұрғанын көрсеткен. Академик Әлкей Марғұланның пікірінше, Сарайшықта тұрған жырау осы Сыпыра жырау болуы керек. Ол өмірінің бірқатарын Маңғыстауда өткізіп, кейін Сарайшыққа қоныс тепкен. Оның өмір сүру дәуірі мен мекеніне қарағанда, ноғайлардың сол Жем мен Жайық, Үстірт пен Маңғыстау маңында болғандығын ескерсек, осы ұлы жырау ноғайлы жырларының негізін салушылардың бірі – Сыпыра жырау болуы әбден ықтимал («Қырымның қырық батыры», А., 2005, 11-бет)

Мұрын Сеңгірбекұлы – Сыпыра жырау сияқты та-

рихи тұлғаның ізін жалғастырған қайталанбас тұлға, ол «Қырымның қырық батыр» дастандарын жырлау арқылы «Қырымның қырық батыры» жырын түркі әдебиетінің жәдігері ретінде қазақ халқының жадында қалдырған бірегей туындының жырауы болып түркі тарихында өшпес орын алған тұлға болыпта қала береді..

ПАЙДАЛЫНҒАН ӘДЕБИЕТ:

1. Қазы Ахмет Тәвәви, Асефхан Кәзвини Тарих-и Әлфи – «мың жылдық тарих», «Фикр-руз», баспасы, 1378, -8676.
2. Рене Гроссе, «Көшпелілер империясы», парсы тіліне аударған – Әбдол Үсейін мейкәде, Тегран: Ғылыми «фәрһанги» баспасы, екінші басылым, 1365,-1016 б.
3. «Мағнавият Юлдузлари», баспаға дайындаған – М.М.Хайруллаев, өзбек тілінде Ташкент: «Әбдолла Қадири» баспасы, 1999, - 400б.
4. Ақселеу Сейдімбек, «Қазақ әлемі», Алматы: «Санат», 1997,464 б.
5. «Қазақстан Ұлттық Энциклопедия», 8-том, Алматы: 1976,-224.
6. Рашид-ед-дин Фәзлोलла Хамадани, түзетіп баспаға дайындағандар- М.Раушан, М.Мусәви, 1-том, Әлборз баспасы, Тегран: 1373, 817б.
7. Доктор Мұхаммед Мүйін. «Фарһәнг фарси», парсы тілінде, VI томдық, V-том, парсы тілінде, ПХ- басылым. Тегран: «Әмир Кәбир». 1373.
8. Мырза Хайдар Дұғлат. «Тарих-и Рашиди». Қолжазба нұсқасы, парсы тілінде, Тәжікстан жазба деректер институты, қолжазба қоры, #475.
9. Мырза Хайдар Дұғлат. «Тарих-и Рашиди». Өзбекстан Ғылым академиясы, Бируни атындағы шығыстану институты, қолжазба қоры.№1430.
10. Рахманқұл Бердібай Бес томдық шығармалар жинағы: «Гүлстанның бұлбұлдары», «Жұлдыздар жарығы», Алматы: «Қазығұрт», IV- том, 2005, 448 б.
11. М.Х.Дулат, «Жаһаннаме», аударып, түсініктеме жазған Ә.Дербісәлі, Алматы, 2007.
12. Қожа Ахмет Йасауи, «Хикмет жинағы», жинақты баспаға әзірлеген, алғысөзі мен түсініктерді жазып, сөздікті және қазақша жолма-жол аудармасын жасағандар – Мұхамедрахым Жармұхамедұлы, Мақсұт Шафиғи, Сәрсенбі Дәуітұлы, қазақша көркем тілге тәржімалаған – Есенбай Дүйсенбай, Алматы: «Жа-

лын», 1998, -656б.

13. Ақбота Ахметбек, «Қожа Ахмет Йассауи», Алматы: «Санат» 1998, 112б.

14. «Әвеста» ирандықтардың ежелгі әндері, баспаға дайындаған, зерттеген Жәлел Достха, Әвестаи және парсы тілінде, IV басылым, II томдық, Тегран: «Морварид» баспасы, 1377, 1206 б.

15. Әмір Низам-ед-дин Әлішер Науаи, фани диуани, баспаға дайындаған – Доктор Рокн – ед-дин Хомаюн Феррох, парсы тіліндегі диуаны, Тегран: «Әсатир», 1375,-347.

16. Атаи, «Ғазалдар», қолжазба көшірмесі, Ташкент: 1958ж.

17. Х.Сүйіншіәлиев, «VIII–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті», Алматы: «Мектеп», 1989,279 б.

18. И.Жеменей, «Хафиз және қазақ әдебиеті», Алтынсарин атындағы қазақтың Білім Академиясының Республикалық баспа кабинеті,2000,-122б.

19. Ахмет Иасауи – Өмірі шығармашылығы, дүниетанымы, өмірлік тәжірибелері», құрастырған Мехмет Шекер, Неджат Илмаз, түрік тілінде, Истанбул «Ұмыт» баспасы, 1996,-604б.

20. Х.Сүйіншіәлиев. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері.- Қазақстан баспасы, Алматы 1967, 17 бет.

21. Алма Қыраубаева, Ежелгі әдебиет. 2-ші том.-Алматы: Өнер. 2008.-3бет.

22. Ислам Жеменей, Қос Өзен: Қанаттас түркі, парсы ақындары: Оқу құралы, Павлодар, «Brand Print» баспасы,2010.-276б.

23. Мұхтар Әуезов, Әдебиет тарихы.-Алматы «Ана тілі», 1991.- 6 бет (Әбділдә Тәжібаев жазған алғы сөзден).

24. Бердібай Р., Эпос – ел қазынасы. Алматы: «Рауан» баспасы,1995, 350 б.

25. Ali Öztürk; Çağları _çinde Türk Destanları, s. 11

26. Бақытжан Әзібаева/ Қазақ дастандары. –Алматы: «Баспалар үйі» акционерлік қоғамы, 2009-288 бет. 5-ші бет.

27. Nihat Sami Banarlı, Resimli Türk Edebiyatı Tarihi, C. I, ist., 1971, s. 1.

28. Nihal Atsız, «Türk Tarihine Bakışımız Nasıl Olmalıdır», Türkler C. 1, Ank. 2002, s. 195.

29. Abdulkadir İnan, «Manas Destanı Üzerine Notlar»,Türk Dili

Arastırmaları Yıllığı Belleten ayrınbasım,s. 55-84.

30. Sabri Eyigün, «Farklı Göçmenlik Olguları Ve Göçmen Yazarlar», Türk Dili Dergisi, S. 639, ank, 2005, s 260.

31. Ali Öztürk; Çağları _çinde Türk Destanları, s.318.

32. B. Ögel, Türk Mitolojisi (Kaynakları Ve Açıklamaları _le Destanlar), C.I, s. 274.

33. «Mitoloji/Destanlar, Türk'ün Kendi Destanları, Türkler, C.1, Yeni Türkiye Yayınları, Ankara, 2002, 294-307.

34. Melek Erdem, «Türkmen Halk Edebiyatında Destan geleneği», Türkler Ansiklopedisi, Ankara, 2002. s. 202-221.

35. Nihat Sami Banarlı, Resimli Türk Edebiyatı Tarihi, C. I, ist., 1971, s. 1-49.

36. B. Ögel, Türk Mitolojisi, C.II, Ankara, 1995, s. 1-10.

37. Gömeç, «Atsız Bir Kahraman: Tonga Tigin», Türk Kültürü 33/390, Ankara 1995, s.639

38. Қашғари М., Түрік сөздігі. Үшінші том.- Алматы: «Хант» баспасы.- 1997, 551-554 бет

39. Мырзахметұлы М., Акар М., Жеменей И., Дәулетхан Ә., Қыдырәлі Д. Түрік халықтары әдебиетінің тарихы. Түркістан, ХҚТУ баспаханасы, 2005ж.-11-12 б

40. Gömeç, «İslam Öncesi Türk...», s.57-58; Gömeç, «Tonga Tigin'in Kimliği...», s.60.

41. Harun Güngör, «Eski Türklerde Din ve Düşünce», Genel Türk Tarihi, C.II. Yeni Türkiye Yayını,_st. 1995, 387-422

42. Günay, Umay, «Türk Destanları», www.turan.tc,23.02.2006, s. 2.

43. Ebu'l-gazi Bahadır Han, a.g.e., s.82; Ögel, a.g.e., s.57-58.

44. Gömeç,«Tonga Tigin'in Kimliği Üzerine», Türk Dünyası Tarih ve Kültür Dergisi, Sayı 170, İstanbul 2001,s.60.

45. Nihal Atsız, Türk Edebiyatı Tarihi, İstanbul 1943, s.40-51.

46. Mustafa Aksoy, «Destanlarda ve Tarihi Kaynaklarda Alp Er Tonga (Efrasiyab)», Türkler, Cilt III, Ankara 2002, s.556.

47. Zeki Velidi Togan, «Türk Destanının Tasnifi», Türkler, Cilt III, Ankara 2002, s.506.

48. Kazım Yetis, «Destan» _islam Ansiklopedisi, C. 9, s. 96.

49. Ahmet Kabaklı, Türk Edebiyatı, C.2, _stanbul, 1971, s. 4.

50. Sadık Tural, «Milli Destanlarımız Üzerine», s. 45.
51. Геродот. Геродот тарихы. 1973, 466бет.
52. Mengi M., Eski Türk Edebiyatı tarihi, Akçağ: Ankara, 2008, 16s.
53. M. Necati Sepetçioğlu, Karşılaştırmalı Türk Destanları, _st. 1990, s. 31.
54. Мұхаммед Риза Әкими, «Мұсылмандардың ғылымы», иран «Ислами фәрһанг» баспасы, алтыншы басылым, 1368 хижри шәмси жылы, 419 б.
55. Ислам Жеменей, «Мырза Хайдар Дулат» тарихшы, қаламгер. Алматы, «Зерде» баспасы, 2007 ж, 360 б.
56. Т.И. Сұлтанов, «Алтын Орда», ауд.-Р.Шаймерденов, Алматы, «Мектеп» 2004,-176 б.
57. Ислам Жеменей. Мұхаммед Хайдар Дулат тарихшы-қаламгер. – Алматы, 2007. 357 б.
58. Зейнолла Қабдолов. Сөз өнері. – Алматы, 1983.
59. Болат Шарахымбай. Атаий мұрасы отанына оралды немесе тағы да асылдың сынығы жайында бірер сөз. Қазақ әдебиеті. 2007. № 17-18.
60. Бақытжан Алдияр. Қан жылайды жүрегім.
- 61- П. Берікболова, «Ежелгі дәуір әдебиетінің жоғары оқу орнында оқытылуы» РНД-докторлық диссертациясы, қолжазба нұсқасы.
62. И. Жеменей «Қос өзен», Павлодар, 2010ж.
63. Е.Э. Бертельс Навои, М., 1965г.
64. История всемирной литературы, т. 3, М., 1985г.
65. Г.А. Расулова «Алишер Навои – великий узбекский поэт и мыслитель» Ташкент, Узбекистан, 1991г.
66. Өтеген Күмісбаев, Ақиқат // 2008, № 11
67. Turkiya.kz сайты, «Жүніс Әмре өлеңдері», - түрік тілінен аударған Алмат Исәділ, 26.02.2013 ж.

